

Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа қол қою туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қарашадағы N 1912 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа қол қою туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

Кеден одағының Кеден кодексі туралы ШАРТ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы
м е н Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы

2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын
қ а л ы п т а с т ы р у т у р а л ы ш а р т т ы ,

2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының комиссиясы туралы шартты негізге ала
о т ы р ы п ,

халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған принциптері мен нормаларын
н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ,

кеден одағының бірыңғай кеден аумағында кедендік реттеуді қамтамасыз ету
м а қ с а т ы н д а ,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Тараптар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Кеден одағының Кеден
кодексін (бұдан әрі - Кодекс) қабылдайды.

Кодекс ережелерінің кеден одағы кеден заңнамасының өзге ережелерінен басым
күші бар.

2-бап

Осы Шартты түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар
арасындағы даулар консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Дауларды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына жүгінгенге дейін

кеден одағының шеңберінде реттеуде Кеден одағының комиссиясы Тараптарға ж ә р д е м д е с е д і .

Егер Тараптардың біреуінің басқа Тараптарға жолдаған консультациялар мен келіссөздер жүргізу туралы ресми жазбаша өтініші келіп түскен күннен бастап алты ай ішінде Тараптар дауды реттемесе, Тараптардың кез келгені бұл дауды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарауға береді.

3-бап

Осы Шартқа ескертпелер жасауға жол берілмейді.

4-бап

Осы Шартқа осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

5-бап

Осы Шарт ратификациялауға жатады.

Осы Шарт мемлекет басшылары деңгейінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Мемлекетаралық Кеңесінің (кеден одағының жоғары органы) шешіміне с ә й к е с к ү ш і н е е н е д і .

Осы Шарт кеден одағының мүшесі болатын кез келген мемлекеттің қосылуы үшін а ш ы қ .

Минск қаласында 2009 жылғы 27 қарашада орыс тілінде бір түпнұсқа данада ж а с а л д ы .

Осы Шарттың түпнұсқа данасы осы Шарттың депозитарийі болып табылатын және Тараптардың әрқайсысына оның расталған көшірмесін жіберетін Кеден одағының комиссиясында сақталады.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
Еуразиялық	экономикалық	
қоғамдастықтың	мемлекеттер	
басшыларының	деңгейіндегі	
Мемлекетаралық	кеңесінің	
(кеден одағының	жоғарғы	органы)
2009 жылғы	27	қарашадағы

N _____ шешімімен қабылданған
Кеден одағының кеден кодексі
туралы шартқа қосымша

КЕДЕН ОДАҒЫНЫҢ КЕДЕН КОДЕКСІ І. ЖАЛПЫ БӨЛІМ 1 бөлім. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР 1-тарау

Негізгі ережелер

1-бап. Кеден одағындағы кедендік реттеу

1. Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың кеден одағындағы кедендік реттеу (бұдан әрі - кеден одағы) - тауарларды кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізуге, оларды кеден одағының бірыңғай кеден аумағы бойынша кедендік бақылай, уақытша сақтай, кедендік декларациялай отырып, тасымалдауға және кедендік рәсімдерге сәйкес пайдалануға, кедендік бақылауды жүргізуге, кеден төлемдерін төлеуге байланысты қатынастарды, сондай-ақ кеден органдары мен көрсетілген тауарларды иелену, қолдану және билік ету құқын жүзеге асыратын тұлғалар арасындағы билік қатынастарды қ ұ қ ы қ т ы қ р е т т е у .

2. Кеден одағында кедендік реттеу кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады, ал осындай заңнамамен реттелмеген бөлігінде - кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2-бап. Кеден одағының бірыңғай кеден аумағы және кеден шекарасы

1. Кеден одағының бірыңғай кеден аумағын (бұдан әрі - кеден одағының кеден аумағы) Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының аумағы, сондай-ақ кеден одағына қатысушы мемлекеттердің айрықша экономикалық аймақтары, континенталды қайраңында орналасқан жасанды аралдар, қондырғылар, ғимараттар және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің юрисдикциясында ғана болатын өзге де объектілер құрайды.

2. Кеден одағының кеден аумағының шектері, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің айрықша экономикалық аймақтары және континенталды қайранында орналасқан жасанды аралдар, қондырғылар, ғимараттар және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің юрисдикциясында ғана болатын өзге де объектілер құрайды, кеден аумағының кеден шекарасы (бұдан әрі - кеден шекарасы) болып табылады.

3-бап. Кеден одағының кеден заңнамасы

1. Кеден одағының кеден заңнамасы:
 - 1) о с ы К о д е к с т е н ;
 - 2) кеден одағында кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарынан;
 - 3) осы Кодекске және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық

шарттарына сәйкес қабылданатын, кеден одағында кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін кеден одағы Комиссиясының шешімдерінен тұрады.

2. Кеден одағының кеден заңнамасы кеден одағының кеден аумағында қолданылады.

3. Кедендік реттеу кезінде, осы Кодекспен көзделген жағдайларды қоспағанда, кедендік декларацияны немесе өзге де кеден құжатын тіркеу күні қолданыста болған кеден одағының кеден заңнамасы қолданылады.

Тауарларды кеден шекарасы арқылы кеден одағының кеден заңнамасымен белгіленген талаптарды бұза отырып өткізу кезінде тауарлардың кеден шекарасынан іс жүзінде өткен күні қолданыста болған кеден одағының кеден заңнамасы қолданылады.

Егер тауарлардың кеден шекарасынан іс жүзінде өткізілген күнін анықтау мүмкін болмаса, кеден одағының кеден заңнамасымен белгіленген талаптарын бұзушылық айқындалған күні қолданыста болған кеден одағының кеден заңнамасы қолданылады.

4-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі терминдер

1. Осы Кодекстің мақсаты үшін келесі терминдер және олардың анықтаулары пайдаланылады:

1) авария - өз салдары бойынша техникалық, технологиялық немесе өзге де сипаттағы көлік құралымен және (немесе) кеден бақылауындағы тауармен болған, кеден заңнамасымен қарастырылмаған, олардың сандық және (немесе) сапалы өзгерісін келтірген, осындай өзгерістер болған мезетте, оның иелегінде тауарлар болған меншік иесінің қасақана емес әрекеттерімен шақырылған, тасымалдаудың бірқалыпты табиғи өзгерістерін, сақтау және пайдалану (қолдану), сондай-ақ аталмыш жағдайдағы төтенше жағдайларды қоспағандағы оқиға;

2) әкімшілік құқық бұзушылықтар және қылмыстар - кеден органдары, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес әкімшілік процесс жүргізетін (өндірісті жүзеге асыратын) әкімшілік құқық бұзушылықтар және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кеден органдарының іс жүргізуіне жататын қылмыстар;

3) тауарларды кеден одағының кеден аумағына әкелу - кеден шекарасынан өтуге байланысты іс-әрекеттерді жасау, оның нәтижесінде, халықаралық почта жөнелтімдерінде жіберуді қоса алғанда, тауарлардың кеден одағының кеден аумағына келуі, оларды кеден органдары шығарғанға дейін өткізгіш құбыр көлігін және электр беру желілерін пайдалану;

4) тауарларды кеден одағының кеден аумағынан әкету - тауарларды, халықаралық почта жөнелтімдерінде жіберуді қоса алғанда, кеден одағының кеден аумағынан кез келген әдіспен әкетуге бағытталған іс-әрекеттерді жасау, кеден шекарасынан іс жүзінде өткізгенге дейін өткізгіш құбыр көлігін және электр беру желілерін пайдалану;

5) тауарларды шығару - кеден органдарының, мәлімделген кедендік рәсімге сәйкес мүдделі тұлғаларға тауарларды пайдалануға рұқсат беретін іс-әрекеті;

6) декларант - тауарларды декларациялайтын тұлға, немесе оның атынан тауарлар декларациялайтын тұлға ;

7) мүдделі тұлғалар - тауарларға қатысты мүдделері, кеден органдарының шешімдерімен, іс-әрекеттерімен (іс-әрекетсіздігімен) тікелей және жеке қозғалатын тұлғалар ;

8) тыйым салулар мен шектеулер - кеден шекарасы арқылы өткізілетін, тарифтік емес реттеу шараларын қоса алатын, тауарларға қатысты шаралар кешені, тауарлардың сыртқы саудасын қозғайтын және ұлттық мүддеден шыға отырып, енгізілетін шаралар, тауарлардың сыртқы саудасына тыйым салу мен шектеудің ерекше түрлері, экспорттық бақылау шаралары, оның ішінде әскери тағайындаудағы, техникалық реттеудегі өнімдерге қатысты шаралар, сондай-ақ кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарымен, кеден одағы Комиссиясының шешімдерімен және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес шығарылған, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық, ветеринарлық, карантиндік, фитосанитарлық және радиациялық талаптар ;

9) шетелдік тұлға - кеден одағына қатысу мемлекеттің тұлғасы болып табылмайтын тұлға ;

10) шетел тауарлары - кеден одағының тауарлары болып табылмайтын тауарлар, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес шетел тауарларының мәртебесін алған тауарлар ;

11) Кеден одағының комиссиясы - кеден одағының тұрақты іс-әрекет ететін, реттейтін бірыңғай органы ;

12) коммерциялық құжаттар - шот-фактуралар (инвойс), спецификациялар, тиеу және орау парақтары және сыртқы сауда және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын, сондай-ақ тауарларды кеден одағының кеден аумағы арқылы өткізуге байланысты мәмілелерді жасауды растайтын басқа да құжаттар ;

13) тұлға - жеке және (немесе) заңды тұлға, сондай-ақ егер өзгесі осы Кодекстен шықпаса, заңды тұлға болып табылмайтын ұйым ;

14) кеден одағына қатысушы мемлекеттің адамы (тұлғасы) - заңды тұлға, заңды тұлға болып табылмайтын, кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған ұйым, сондай-ақ кеден одағына қатысушы мемлекетте тұрақты тұратын жеке тұлға, оның ішінде кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген жеке кәсіпкер ;

15) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттары - кеден одағының шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шарттары ;

16) халықаралық почта жөнелтімдері - кеден одағының кеден аумағынан тыс жөнелту үшін қабылданған, кеден одағының кеден аумағына келіп түсетін, немесе осы аумақ арқылы транзитпен өтетін және Дүниежүзілік почта одағының актілерімен көзделген құжаттармен ілесетін почта жөнелтімдері ;

17) тарифтік реттеу емес шаралары - кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарымен, кеден одағы Комиссиясының шешімдерімен және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес шығарылған, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген, сандық және өзге де тыйым салуларды және экономикалық сипаттағы шектеулерді енгізу жолымен жүзеге асырылатын, тауарлардың сыртқы саудасын реттеу шаралары кешені;

18) салықтар - қосылған құн салығы және тауарларды кеден одағының кеден аумағына әкелу кезінде кеден органдарымен өндіріліп алынатын акциз (акциздер);

19) тауарларды кеден шекарасы арқылы заңсыз өткізу - тауарларды кеден шекарасы арқылы белгіленбеген орындарда немесе кеден органдары жұмысының белгіленбеген уақытында осы орындарда, немесе кедендік бақылаудан жасырып, немесе декларацияламай, немесе тауарларды дұрыс декларацияламай, немесе тауарлар туралы дұрыс емес мәліметтер бар құжаттарды пайдалана отырып, және (немесе) осындай өткізулерге қастандық жасауға тең, басқа тауарларға жататын жалған бірдейлендіру құралдарын пайдалана отырып өткізу;

20) почта байланысының операторы - кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына және Дүниежүзілік почта одағының актілеріне сәйкес почта байланысының қызмет көрсетуін қамтамасыз ететін тұлға;

21) тасымалдаушы - тауарларды және (немесе) жолаушыларды кеден шекарасы арқылы тасымалдауды және (немесе) кеден одағының кеден аумағы шегінде кедендік бақылаудағы тауарларды тасымалдауды жүзеге асыратын тұлға немесе көлік құралдарын пайдалануға жауапты болып табылатын тұлға;

22) тауарларды кеден шекарасы арқылы өткізу - тауарларды кеден одағының кеден аумағына әкелу немесе тауарларды кеден одағының кеден аумағынан әкету;

23) керек-жарақтар - тауарлар:

Су кемелерін, әуе кемелерін және жүру жолындағы немесе аралық аялдама немесе тұрақ пунктерінде пойыздарды бірқалыпты пайдалану немесе оларға техникалық қызмет көрсету үшін қажетті;

Осы керек-жарақтардың сатылатынына немесе сатылмайтынына қарамастан, әуе кемелерінің, су кемелерінің борттарында жолаушылар мен экипаж мүшелерінің, пойыздарда жолаушылар мен пойыз бригадасы қызметкерлерінің тұтынуы үшін арналған;

Көрсетілген керек-жарақтарды осы кемелердің бортында тұтыну мақсатынсыз, су кемелері, әуе кемелерінің жолаушылары мен экипаж мүшелеріне сатуға арналған;

24) кедендік декларация - белгіленген нысанда жасалған, тауарлар туралы, таңдалған кедендік рәсім туралы мәлімет бар және тауарларды шығаруға қажетті өзге де мәліметтер бар құжат;

25) кеден бажы - тауарларды кеден шекарасы арқылы өткізуге байланысты кеден

органымен өндіріліп алынатын міндетті төлем;

26) кедендік рәсім - кеден одағының кеден аумағында немесе одан тысқары кеден мақсаты үшін тауарларды қолдану және (немесе) иелену талаптары мен шарттарын анықтайтын нормалар жиынтығы;

27) кедендік декларациялау - декларанттың кеден органына тауарлар туралы, таңдалған кедендік рәсім туралы мәліметті және (немесе) тауарларды шығару үшін қажетті немесе осы Кодекске сәйкес белгіленген өзге де мақсаттар үшін өзге де мәліметтерді мәлімдеуі;

28) кедендік құжаттар - тек кедендік мақсаттар үшін жасалатын құжаттар;

29) кедендік операциялар - кеден одағының кеден заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында тұлғалармен және кеден органдарымен жасалатын іс-әрекеттер;

30) кеден органдары - кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдары;

31) кедендік бақылау - орындалуын бақылау кеден органдарына жүктелген, кеден одағының кеден заңнамасын және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында кеден органдарымен, оның ішінде тәуекелді басқару жүйесін қолдана отырып, жүзеге асырылатын шаралар жиынтығы;

32) межелі кеден органы - қызмет аймағында кеден органымен белгіленген тауарларды жеткізу орны бар, немесе кедендік транзиттің кедендік рәсімін аяқтайтын кеден органы;

33) жөнелтуші кеден органы - кедендік транзиттің кедендік рәсіміне тауарларды орналастырумен байланысты кедендік операцияларды жасайтын кеден органы;

34) кеден өкілі - кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес декларанттың немесе өзге мүдделі тұлғаның атынан және тапсырмасы бойынша кедендік операция жасайтын заңды тұлға;

35) тауар - кеден шекарасы арқылы өткізілетін кез келген жылжымалы мүлік, оның ішінде ақпарат тасымалдаушы, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің валютасы, бағалы қағаздар және (немесе) валюталық құндылықтар, жол чектері, электрлік және энергияның өзге де түрлері, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке теңестірілген өзге де өткізілетін заттар;

36) жеке пайдалануға арналған тауарлар - кеден шекарасы арқылы ілеспелі немесе ілеспейтін багада, халықаралық почта жөнелтімдерінде немесе өзге әдіспен өткізілетін жеке, отбасына, үйге арналған және кәсіпкерлік қызметті, жеке тұлғалардың мұқтаждықтарын жүзеге асыруға байланысты емес тауарлар;

37) кеден одағының тауарлары - кеден одағының кеден аумағындағы тауарлар:

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумағында толығынан өндірілген;

Кеден одағының кеден аумағына әкелінген және осы Кодекске және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес кеден одағының тауарлар мәртебесін алған;

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында осы тармақшаның екінші

және үшінші абзацтарында көрсетілген тауарлардан және (немесе) шетел тауарларынан жасалған және осы Кодекске және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес тауарлар мәртебесін алған;

38) көлік (тасымалдау) құжаттары - коносамент, жөнелтпе құжат немесе тауарларды тасымалдау және оларды осындай тасымалдау кезінде ілесетін келісімшарттың бар болуын растайтын өзге де құжат;

39) көлік құралдары - көрсетілген көлік құралдарымен бірге тасымалданатын болса, олар үшін техникалық паспортпен немесе техникалық формулярмен көзделген қосалқы бөлшектерді, керек-жарақтары мен жабдықтарды, олардың конструкциясында көзделген май құю ыдыстарындағы жанар-жағармай материалдары мен салқындату сұйықтарын қоса алғанда, су, әуе кемесі, автомобильдік көлік құралы, прицеп, жартылай прицеп, теміржолын көлік құралы (теміржол жылжымалы құрам) немесе контейнерді қосатын тауарлар санаты;

40) халықаралық тасымалдаудағы көлік құралы - жүктерді, жолаушыларды және (немесе) жүктерді тиеу, түсіру, өңдеу және қорғауға арналған оларда тұрған арнайы құралдар, материалдық-техникалық жабдықтау заттары, сондай-ақ, қозғалыс жолында көлік құралын жөндеу, оған техникалық қызмет көрсетуге немесе пайдалануға арналған қосалқы бөлшектер бар багаждарды халықаралық тасымалдауды бастау және (немесе) аяқтау мақсатында кеден одағының кеден аумағына немесе одан тыс шығарылатын көлік құралдары.

2. Кеден одағының кеден заңнамасындағы өзге де терминдері осы Кодекстің тиісті баптарында және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарында айқындалатын мағынада пайдаланылады.

3. Осы Кодексте пайдаланылатын, кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамаларының азаматтық және басқа салаларының терминдері егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамаларының бұл салаларында олар қалай пайдаланылса, сондай мағынада қолданылады.

5-бап. Кеден одағының кеден заңнамасымен белгіленген мерзімдерді есептеу тәртібі

1. Кеден одағының кеден заңнамасымен белгіленген мерзім, күнтізбелік күнмен немесе жылмен, күндермен немесе сағатпен есептеледі, уақыт кезеңінің өтуімен анықталады.

Мерзім, сондай-ақ, болуы мүмкін оқиғаны немесе жасалуы мүмкін іс-әрекетті көрсете отырып анықтала алады.

2. Егер уақыт кезеңімен белгіленген мерзімнің басталуын және аяқталуын анықтау үшін кеден одағының кеден заңнамасымен мерзімді есептеудің арнайы тәртібі белгіленбесе, кеден одағының кеден заңнамасында осы баптың 3-8-тармақтарында көзделген ереже қолданылады.

3. Уақыт кезеңімен белгіленген мерзімнің өтуі күнтізбелік күннен немесе оқиғаның

басталуы анықталған күннен кейін келесі күні басталады.

4. Жылдармен есептелетін мерзім, мерзімнің соңғы жылының тиісті айында және күнінде аяқталады.

5. Айлармен есептелетін мерзім, мерзімнің соңғы айының тиісті күнінде аяқталады.

Егер айлармен есептелетін мерзімнің аяқталуы, тиісті күні жоқ айға келетін болса, онда мерзім бұл айдың соңғы күнінде аяқталады.

6. Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге келген жағдайда, келесі жұмыс күні мерзімнің аяқталу күні болып есептеледі.

7. Егер мерзім қандай да бір іс-әрекетті жасау үшін белгіленген жағдайда, ол мерзімнің соңғы күнінде жиырма төрт сағатқа дейін орындалуы мүмкін.

Бірақ, егер бұл іс-әрекет ұйымда жасалатын болса, онда мерзім, бұл ұйымда белгіленген ережелер бойынша тиісті операциялар тоқтатылған сағатта аяқталады.

Мерзімнің соңғы күнінде жиырма төрт сағатқа дейін мекемеге (ұйымға) почта байланысымен тапсырылған жазбаша өтініштер және хабарламалар мерзімінде жасалған деп есептеледі.

8. Мерзім, жұмыс күндерімен есептелген жағдайда, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жұмыс істемейтін күн деп жарияланған, мереке күндеріне келмейтін, жұмыс күндері деп дүйсенбіден жұма күндері айтылады.

6-бап. Кеден органдары және оның негізгі міндеттері

1. Кеден органдары кеден одағының кеден аумағында келесі негізгі міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді:

1) кеден одағының бірыңғай сауда саясатын іске асыруға жәрдемдесу;

2) орындалуын бақылау кеден органдарына жүктелген, кеден одағының кеден заңнамасын және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің өзге де заңнамаларын орындауды қамтамасыз ету;

3) кедендік операцияларды жасау және оның ішінде, өзара әкімшілік көмек көрсету шеңберінде кедендік бақылауды өткізу;

4) кедендік төлемдерді, сондай-ақ арнайы, демпингке қарсы және өтемақылық баждарды өндіріп алу, оларды есептеу дұрыстығын және уақытында төлеуді бақылау, өз құзыреті шегінде оларды мәжбүрлеп өндіріп алу бойынша шаралар қабылдау;

5) өз құзыреті шеңберінде кедендік-тарифтік реттеу шараларын және кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты тыйым салулар мен шектеулерді сақтау;

6) өз құзыреті шегінде кедендік реттеу саласында тұлғалардың құқықтарын және заңды мүдделерін сақтау және кеден шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдету үшін жағдай жасау;

7) өз құзыреті шегінде кеден одағына қатысушы мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігін, адам өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

8) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды айқындау, алдын алу және жолын кесу;

9) өз құзыреті шеңберінде кеден одағының кеден аумағында интеллектуалдық меншік құқын қорғауды қамтамасыз ету;

10) кедендік статистиканы жүргізу.

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен кеден органдары шешетін өзге де міндеттер анықталуы мүмкін.

2. Кеден органдарының жүйесі, олардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі, сондай-ақ кеден органдарында қызмет атқару шарты кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады.

7-бап. Кеден органдарының құқық қорғау қызметі

1. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдары контрабанда туралы істер, кедендік төлемдерді төлеуден бас тарту туралы және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кеден органдарының іс жүргізуіне жатқызылған өзге қылмыстар туралы істер бойынша анықтау органы болып табылады.

2. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдары, бұл мемлекеттердің заңнамасымен, кеден органдарының іс жүргізуіне жататын қылмыстар болып табылатын, заңға қарсы әрекетті дайындайтын, жасайтын немесе жасаған тұлғаларды айқындау мақсатында жедел-ізвестіру қызметін, халықаралық шарттарға сәйкес халықаралық кеден ұйымдарының, шетел мемлекеттердің кеден және өзге де құзыретті органдардың сұрау салуларын орындауды жүзеге асырады.

Жедел ізвестіру қызметті кеден одағына қатысушы мемлекеттердің жедел ізвестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдары жүзеге асырады.

3. Кеден органына қатысушы мемлекеттердің кеден органдары әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша әкімшілік процесті жүргізеді (іс жүргізуді жүзеге асырады) және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тартады.

8-бап. Кеден органдары алған ақпаратқа қатысты

1. Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кеден органдары алған кез келген ақпаратты кеден органдары кеден мақсаты үшін, оның ішінде әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу және жолын кесу үшін ғана пайдаланады.

2. Кеден органдары, олардың лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес осы баптың 1-тармағында көрсетілген ақпаратқа рұқсат алған өзге де тұлғалардың мемлекеттік, коммерциялық, банктік, салықтық ақпаратты немесе заңмен қорғалатын құпияны, және осы Кодекспен және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа да құпия ақпаратты жариялауға, жеке мақсатта

пайдалануға немесе үшінші тұлғаларға, оның ішінде мемлекеттік органдарға беруге
қ ұ қ ы ж о қ .

Кеден органдары, оларға ұсынылған ақпаратты кеден органына қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік органдарына, егер де осындай ақпарат көрсетілген органдарға кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен жүктелген міндеттерді шешу үшін қажет болса, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік, коммерциялық, банктік және салықтық және өзге заңмен қорғалатын құпияны, және басқа құпия ақпаратты, сондай-ақ кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарын қорғау жөніндегі заң талаптарын сақтай отырып, береді.

9-бап. Кеден органының және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану

Кез келген тұлға, кеден органының немесе оның лауазым тұлғаларының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдануға болатын, кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасымен көзделген мерзімде және тәртіпте, кеден органының немесе оның лауазым тұлғаларының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдануға құқылы.

2-тарау

Ақпараттандыру және кеңес беру

10-бап. Кеден одағының кеден заңнамасы туралы ақпараттандыру

1. Кеден одағының кеден заңнамасы туралы ақпараттандыру кеден одағының кеден заңнамасының актілерін ресми және өзге де баспасөз басылымдарында жариялау жолымен, сондай-ақ олар туралы ақпаратты бәрінің назарына теледидар және радио, арқылы ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, сондай-ақ, ақпаратты таратудың өзге тәсілдері арқылы жеткізу жолымен жүзеге асырылады.

2. Кеден одағының комиссиясы және кеден органдары, олардың ресми веб-сайттарында жарияланған кеден одағының кеден заңнамасы туралы ақпаратқа тұлғалардың бөгетсіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

11-бап. Кеден органдарының кеңес беруі

1. Кеден органдары кеден одағының кеден заңнамасына қатысты мәселелер бойынша және кеден органдарының құзыретіне енетін өзге де мәселелер бойынша мүдделі тұлғаларға кеңес береді.

2. Кеден органдарының кеңес беруі ауызша және жазбаша нысандарда тегін жүзеге асырылады. Мүдделі тұлғаның жазбаша сұрау салуы бойынша кеден органы ақпаратты жазбаша нысанда қысқа мерзімде, бірақ кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасында көзделген мерзімнен кешікпей ұсынуға міндетті.

3. Кеңес беру кезінде кеден органдарының лауазымды тұлғалары кеден органының атынан кедендік декларацияларды және кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес кеден органының ұсынуына жататын өзге де құжаттарды тексермейді, сондай-ақ осындай кедендік декларациялар мен құжаттарды жасамайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды толтыруға байланысты кеңес, мүдделі тұлға ұсынған ақпаратты тексерусіз ауызша нысанда жүргізіледі.

4. Кеңес беру кезінде кеден органы лауазымды тұлғасының:

1) кеден органдарының құзыретіне енбейтін мәселелер бойынша кеңес беруге;

2) мүдделі тұлға ұсынған құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;

3) мүдделі тұлғалардың құжаттарында өкімші жазулар жазуға, кеден органдарына нұсқау беруге немесе кеден органдарына жүктелген функцияларды жүзеге асыру кезінде кеден органының немесе оның лауазымды тұлғасының кейінгі шешімдеріне кез келген әдіспен ықпал етуге;

4) заңнамаға сәйкес жария етуге жатпайтын мәліметтерді хабарлауға құқы жоқ.

5. Кеңес беру кезінде мүдделі тұлғаға ұсынылған ақпарат, тауарларға қатысты кедендік операцияларды жасау кезінде кеден органының немесе оның лауазымды тұлғасының әрекеттік (әрекетсіздік) жасауы немесе шешім қабылдауы үшін негіз бола алады.

6. Кеден органдарының кеңес беруді ұйымдастыру тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады.

3-тарау

Кеден органдарының сыртқы экономикалық қызметке қатысушылармен және кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын тұлғалармен өзара қарым-қатынасы

12-бап. Кеден өкілі

1. Кеден өкілі - осы Кодекстің 13-бабында белгіленген шарттарға жауап беретін, кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңды тұлғасы.

Заңды тұлға кеден өкілдерінің тізіліміне енгізілгеннен кейін кеден өкілі болып мойындалады.

Кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу және аталмыш тізілімнен алып тастау тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады.

2. Кеден өкілі декларанттың немесе өзге мүдделі тұлғалардың атынан немесе тапсырмасы бойынша кеден одағына қатысушы мемлекет аумағында, кеден органымен кеден өкілдерінің тізіліміне енгізілген, кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес кедендік операцияларды жасайды.

3. Кеден өкілдерінің декларантпен немесе өзге мүдделі тұлғалармен қатынасы келісімшарт негізінде құрылады.

4. Кеден органдары кеден өкілдерінің тізілімін жүргізеді және олардың мерзімдік жариялануын, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып қамтамасыз етеді.

Кеден одағының Комиссиясы, кеден органдары жүргізетін тізілімдер негізінде кеден өкілдерінің жалпы тізілімін құрастырады және оның мерзімдік жариялануын, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып қамтамасыз етеді.

5. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен кеден операцияларын тікелей жүзеге асыратын кеден өкілдерінің қызметкерлеріне біліктілік талаптар және олардың белгіленген талаптарға сәйкес келуін растайтын құжаттарды осындай тұлғаларға беру шарты анықталуы мүмкін.

6. Кедендік операцияларды жасау кезінде кеден өкілі үшін қолайлы жағдайлар жасалмауы немесе осы Кодекске сәйкес декларантпен немесе өзге мүдделі тұлғалардың кедендік операцияларды жасауы кезінде оларға қойылатын немесе ұсынылатын ең қатаң талаптар қойылмауы керек.

13-бап. Кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу шарты

Кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу үшін заңды тұлға келесі шарттарға сәйкес келуі керек:

1) бұл тұлғаның штатында, қойылған талаптарға сәйкес келуін растайтын құжаты бар кем дегенде екі қызметкердің бар болуы;

2) ұсынылатын тұлғалардың мүлігіне зиян келтіру немесе бұл тұлғалардың келісімшартты бұзу салдарынан болуы мүмкін өзінің азаматтық жауапкершілігіне келетін қатерді сақтау шартының бар болуы. Сақтандыру сомасының мөлшері кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады;

3) кеден бажының, осындай қамтамасыз етуді енгізу күніне кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленген валюта курсы бойынша кем дегенде бір миллион евро эквивалент сомасындағы салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсыну;

4) өзге талаптарға сәйкес келуі және кеден одағының кеден заңнамасымен белгіленген және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген өзге де шарттарды сақтау.

14-бап. Кеден өкілдерінің тізілімінен алып тастау үшін негіздеме

Кеден өкілдерінің тізілімінен алып тастау үшін мыналар негіздеме болып табылады:

1) осы Кодекстің 13-бабында көзделген кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу шарттарын сақтамау;

2) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен көзделген өзге де негіздемелер.

15-бап. Кеден өкілінің құқықтары

1. Кеден өкілі кедендік операцияларды жасау кезінде оған кеден органдарының өзара қарым-қатынасында өзінің мүддесін ұсынуға уәкілет ететін тұлға сияқты құқықтарға ие.

2. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде кеден өкілі:

Ұсынылатын тұлғадан кеден мақсаты үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді, оның ішінде коммерциялық, банктік ақпаратты және өзге заңмен қорғалатын құпияны, немесе басқа құпия ақпаратты талап етуге және осы Кодекспен белгіленген талаптарды сақтауды қамтамасыз ететін мерзімде осындай құжаттар мен мәліметтерді алуға;

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген тәртіпте, олармен ақпаратты автоматтандырып өңдеу, кеден мақсаты үшін қажетті деректерді электронды беру үшін пайдаланылатын, кеден органдарының ақпараттық жүйелеріне қол жеткізуге құқылы.

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай Тауар номенклатурасына сәйкес тауарлардың кейбір түрлеріне қатысты немесе кеден одағының кеден шекарасы арқылы көліктің нақты түрлерінде өткізілетін тауарларға қатысты кедендік операцияларды жасаумен, сондай-ақ жеке кедендік операцияларды жасаумен немесе кеден одағына қатысушы мемлекеттің бір (бірнеше) кеден органының қызметі шеңберінде қызмет аймағымен кеден өкілінің, өз қызметінің саласын шектеу құқы қарастырылған.

16-бап. Кеден өкілінің міндеттері

1. Кеден өкілінің міндеттері кедендік операцияларды жасау кезінде кеден одағының кеден заңнамасымен белгіленген талаптарға және шарттарға келісілген.

Кеден өкілінің міндеттеріне мәлімделген кедендік операциялардың талаптары мен шарттарын сақтауға байланысты кедендік операцияларды жасау, сондай-ақ кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес олар ұсынатын тұлғаға ғана жүктелетін өзге міндеттерді орындау кірмейді.

2. Ұсынылатын тұлғадан алынатын, мемлекеттік, коммерциялық, банктік ақпарат және заңмен қорғалатын өзге құпия, немесе құпия ақпарат жарияланбауы немесе кеден өкілі және оның қызметкері, өз мақсаттары үшін пайдаланбауы, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, өзге тұлғаларға берілмеуі керек.

3. Кеден өкілі, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен көзделген тәртіпте кеден органдарына есеп ұсынуға міндетті.

4. Кеден өкілінің кеден органдары алдындағы міндеттері ұсынылатын тұлғамен шартпен шектелмеуі мүмкін.

5. Міндеттер, барлық кеден өкілдері үшін бірдей болып табылады. Жеке кеден өкілдері үшін, айрықша (эксклюзивтік) құқықтарды және жеке сипаттағы өзге басымдықтарды ұсынуға тыйым салынады.

17-бап. Кеден өкілінің жауапкершілігі

Кеден одағының кеден заңнамасының талаптарын сақтамағаны үшін кеден өкілі, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

18-бап. Кедендік тасымалдаушы

1. Кедендік тасымалдаушы - осы Кодекстің 19-бабымен белгіленген шарттарға жауап беретін, кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңды тұлғасы.

Заңды тұлға, кедендік тасымалдаушылар тізіліміне енгізілгеннен кейін кедендік тасымалдаушы болып табылады.

Кедендік тасымалдаушылар тізіліміне енгізу және аталмыш тізілімнен алып тастау тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады.

2. Кедендік тасымалдаушы, кедендік бақылаудағы тауарларды, кеден одағының кеден заңнамасында белгіленген жағдайдарда және шарттарда кеден одағының кеден аумағы бойынша тасымалдауды жүзеге асырады.

3. Кеден органдары, кедендік тасымалдаушы деп мойындалған тұлғалардың тізілімін жүргізеді және олардың мерзімдік басылымда жариялануын, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, қамтамасыз етеді.

Кеден одағының Комиссиясы, кеден органдарымен жүргізілетін тізілімдер негізінде кедендік тасымалдаушылардың жалпы тізілімін құрайды және оның тоқсанына кем дегенде бір рет басылымда жариялануын, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, қамтамасыз етеді.

Кедендік тасымалдаушылардың жалпы тізілімінің нысаны және оны жүргізу тәртібі кеден одағы Комиссиясының шешімімен анықталады.

4. Кедендік тасымалдаушылардың мәртебесі кеден одағы Комиссиясының шешімімен анықталған нысан бойынша құжатпен расталады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжатты, заңды тұлғаны кедендік тасымалдаушылар тізіліміне қосқан, кеден одағына қатысушы мемлекеттің кеден органы береді.

19-бап. Кедендік тасымалдаушыларды тізілімге енгізу шарты

Заңды тұлғаны кедендік тасымалдаушылар тізіліміне енгізу шарты болып мыналар табылады:

1) бұл тұлғаның, кеден органына жүгіну күнінде екі жылдан кем емес мерзім ішінде жүктерді тасымалдау бойынша қызметті жүзеге асыруы;

2) кеден бажының, осындай қамтамасыз етуді енгізу күніне кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленген валюта курсы бойынша кем дегенде бір миллион евро эквивалент сомасындағы салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынуы;

3) егер де қызметтің осындай түрі, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес көрсетілген құжаттардың бар болуын талап еткен жағдайда, жүктерді тасымалдау бойынша қызметті жүзеге асыруға рұқсат құжаттарының бар

б о л у ы ;

4) меншігінде, шаруашылық иелігінде, жедел басқаруында, жалда тауарларды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарының, оның ішінде кедендік пломбалар мен мөрлер қойып, тауарларды тасымалдауға жарамды көлік құралдарының б а р б о л у ы ;

5) тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушыға сеніп берілген тауарға зиян келтіру немесе келісімшарттан туатын міндеттемелерді бұзу себебі бойынша болатын өзінің азаматтық жауапкершілігіне келетін қатерді сақтау шартының бар болуы. Сақтандыру сомасының мөлшері кеден одағына қатысушы мемлекеттердің з а ң н а м а с ы м е н а н ы қ т а л а д ы ;

6) кеден органына жүгіну күнінде кедендік төлемдерді, өсімпұлдарды төлеу бойынша орындалмаған міндеттемелердің жоқ болуы;

7) кеден органына жүгінгенге дейін бір жыл ішінде кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген, кеден ісі саласында құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту фактілерінің болмауы;

8) кеден одағының кеден заңнамасымен және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген өзге талаптарға сәйкес келуі және өзге де шарттарды сақтауы.

20-бап. Кедендік тасымалдаушылар тізілімінен алып тастау үшін негіздеме

Кедендік тасымалдаушылар тізілімінен алып тастау үшін мыналар негіздеме болып т а б ы л а д ы :

1) осы Кодекстің 19-бабының 2)-5) және 8) тармақшаларымен белгіленген, кедендік тасымалдаушылар тізіліміне енгізу шарттарын сақтамау;

2) осы Кодекстің 21-бабының 1)-3) тармақшаларында көзделген міндеттерді т а с ы м а л д а у ш ы л а р д ы ң с а қ т а м а у ы ;

3) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген өзге де негіздемелер.

21-бап. Кедендік тасымалдаушының міндеттері

К е д е н д і к т а с ы м а л д а у ш ы :

1) кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау кезінде, осы Кодексте белгіленген шарттарды сақтауға және талаптарды орындауға;

2) кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарлардың есебін жүргізуге және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес осындай тауарларды тасымалдау туралы, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, кеден органдарына есеп ұсынуға;

3) осы Кодекстің 227-228-баптарында көзделген жағдайларда кеден баждарын, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындауға;

4) тауарларды жөнелтушіден, оларды алушыдан және экспедитордан

алынған, мемлекеттік, коммерциялық, банктік ақпаратты және өзге заңмен қорғалатын құпияны, немесе басқа құпия ақпаратты жарияламауға, өз мақсаты үшін пайдаланбауға және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзге тұлғаларға бермеуге міндетті;

5) заңды тұлғаны кедендік тасымалдаушылардың тізіліміне қосқан кеден органына, кедендік тасымалдаушылар тізіліміне енгізу кезінде олар мәлімдеген мәліметтердің өзгергені туралы, осындай мәліметтердің өзгерген күнінен бес жұмыс күні ішінде хабар беруге міндетті.

22-бап. Кедендік тасымалдаушының жауапкершілігі

Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау кезінде өзінің міндеттерін орындамағаны үшін кедендік тасымалдаушы, осы Кодекстің 224-бабына сәйкес жауаптылықта болады.

23-бап. Уақытша сақтау қоймасының иесі

1. Уақытша сақтау қоймасының иесі - осы Кодекстің 24-бабында белгіленген, шарттарға жауап беретін, кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңды тұлғасы.

Заңды тұлға, уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізілгеннен кейін уақытша сақтау қоймасының иесі болып табылады.

Уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу және аталмыш тізілімнен алып тастау кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады.

2. Уақытша сақтау қоймасының иесі, кеден одағының кеден заңнамасында белгіленген жағдайларда және шарттарда, кедендік бақылаудағы тауарларды сақтауды жүзеге асырады.

3. Кеден органдары, уақытша сақтау қоймаларының иелері болып табылатын тұлғалардың тізілімін жүргізеді және олардың мерзімдік басылымда жариялануын, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, қамтамасыз етеді.

Кеден одағының Комиссиясы, кеден органдары жүргізетін тізілімдер негізінде уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін құрайды және оның мерзімдік басылымда жариялануын, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, қамтамасыз етеді.

24-бап. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу шарттары

1. Заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу шарты болып мыналар табылады:

1) меншігінде, шаруашылық иелігінде, жедел басқаруында, жалда уақытша сақтау қоймасы ретінде пайдалануға арналған және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасында белгіленген талаптарға жауап беретін үй-жайлардың және (немесе) ашық алаңдардың бар болуы;

2) сақтауда тұрған басқа тұлғалардың тауарларына зиян келтіру немесе басқа тұлғалармен жасалған сақтау келісімшарттың өзге шарттарын бұзу себебі бойынша

болатын өзінің азаматтық жауапкершілігіне келетін қатерді сақтау шартының бар болуы. Сақтандыру сомасының мөлшері кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады;

3) кеден органына жүгіну күнінде кедендік төлемдерді, өсімпұлдарды төлеу бойынша орындалмаған міндеттемелердің жоқ болуы;

4) кеден органына жүгінгенге дейін бір жыл ішінде кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген, кеден ісі саласында құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту фактілерінің болмауы;

5) кеден одағының кеден заңнамасымен және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген өзге талаптарға сәйкес келуі және өзге де шарттарды сақтауы.

2. Егер үй-жайларды және (немесе) ашық алаңдарды иелену жалға алу шарты негізінде жүзеге асырылған жағдайда, осындай шарт, уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу туралы өтінішті беру күніне бір жылдан кем емес мерзімге бекітілуі керек.

25-бап. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізілімінен алып тастау үшін негіздеме

Уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізілімінен алып тастау үшін негіздеме болып мыналар табылады:

1) осы Кодекстің 24-бабында белгіленген, уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу шарттарын сақтамау;

2) осы Кодекстің 26-бабында көзделген міндеттерді, уақытша сақтау қоймалары иелерінің сақтамауы;

3) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген өзге де негіздемелер.

26-бап. Уақытша сақтау қоймасы иесінің міндеттері

Уақытша сақтау қоймасының иесі:

1) тауарларды уақытша сақтау кезінде, осы Кодекспен белгіленген шарттарды сақтауға және талаптарды орындауға;

2) уақытша сақтау қоймасындағы тауарлардың сақталуын қамтамасыз етуге;

3) сақталатын тауарлардың есебін жүргізуге және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, кеден органдарына олар туралы есеп ұсынуға;

4) уақытша сақтау қоймасының қызметкері болып табылмайтын және кеден органының рұқсатынсыз сақталатын тауарларға қатысты өкілдіктерге ие емес бөтен тұлғаларды жібермеуге;

5) кеден органдары лауазымды тұлғаларының сақталатын тауарларға қол жеткізуіне қатысты кеден органдарының талаптарын орындауға;

6) уақытша сақтау қоймасы жұмыс істеуді тоқтатқан жағдайда, осы қойманың

жұмысты тоқтатуы туралы шешімді қабылдаған күннен кейінгі үш жұмыс күні ішінде уақытша сақтау орнына тауарларын қойған тұлғаларға осы шешімді жеткізуге;

7) осы Кодекстің 172-бабында көзделген жағдайларда кеден баждарын, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындауға;

8) заңды тұлғаны, уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізген кеден органына, уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу кезінде олармен мәлімделген мәліметтердің өзгергені туралы, осындай мәліметтердің өзгерген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

27-бап. Уақытша сақтау қойма иесінің жауапкершілігі

Тауарларды уақытша сақтау кезінде өз міндеттерін орындамағаны үшін уақытша сақтау қоймасының иесі, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

28-бап. Кеден қоймасының иесі

1. Кеден қоймасының иесі - осы Кодекстің 29-бабында белгіленген, шарттарға жауап беретін, кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңды тұлғасы.

Заңды тұлға, кеден қоймалары иелерінің тізіліміне енгізілгеннен кейін кеден қоймасының иесі болып табылады.

Кеден қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу және аталмыш тізілімнен алып тастау кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады.

2. Кеден қоймасының иесі, кеден одағының кеден заңнамасында белгіленген жағдайларда және шарттарда, кедендік бақылаудағы тауарларды сақтауды жүзеге асырады.

3. Кеден қоймасы иесінің декларантпен немесе өзге де мүдделі тұлғалармен қатынасы келісімшарттық негізде құрылады.

4. Кеден органдары, кеден қоймаларының иелері болып табылатын тұлғалардың тізілімін жүргізеді және олардың мерзімдік басылымда жариялануын, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, қамтамасыз етеді.

Кеден одағының Комиссиясы, кеден органдары жүргізетін тізілімдер негізінде кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін құрайды және оның мерзімдік басылымда жариялануын, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, қамтамасыз етеді.

29-бап. Кеден қоймасы иелерінің тізіліміне енгізу шарттары

1. Заңды тұлғаны кеден қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу шарты болып мыналар табылады:

1) меншігінде, шаруашылық иелігінде, жедел басқаруында, жалда кеден қоймасы ретінде пайдалануға арналған және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасында белгіленген талаптарға жауап беретін үй-жайлардың және (немесе) ашық алаңдардың бар болуы;

2) сақтауда тұрған басқа тұлғалардың тауарларына зиян келтіру немесе басқа тұлғалармен жасалған сақтау келісімшарттың өзге шарттарын бұзу себебі бойынша болатын өзінің азаматтық жауапкершілігіне келетін қатерді сақтау шартының бар болуы. Сақтандыру сомасының мөлшері кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады;

3) кеден органына жүгіну күнінде кедендік төлемдерді, өсімпұлдарды төлеу бойынша орындалмаған міндеттемелердің жоқ болуы;

4) кеден органына жүгінгенге дейін бір жыл ішінде кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген, кеден ісі саласында құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту фактілерінің болмауы;

5) Кеден одағының кеден заңнамасымен және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген өзге талаптарға сәйкес келуі және өзге де шарттарды сақтауы.

2. Егер үй-жайларды және (немесе) ашық алаңдарды иелену жалға алу шарты негізінде жүзеге асырылған жағдайда, егер кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен өзгесі белгіленбесе, осындай шарт, кеден қоймалары иелерінің тізіліміне енгізілу туралы өтінішті беру күніне бір жылдан кем емес мерзімге бекітілуі керек.

30-бап. Кеден қоймалары иелерінің тізілімінен алып тастау үшін негіздеме

Кеден қоймалары иелерінің тізілімінен алып тастау үшін негіздеме болып мыналар табылады:

1) осы Кодекстің 29-бабымен белгіленген, кеден қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу шарттарын сақтамау;

2) осы Кодекстің 31-бабында көзделген міндеттерді, кеден қоймасы иесінің сақтамауы;

3) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген өзге де негіздемелер.

31-бап. Кеден қоймасының иесінің міндеттері

Кеден қоймасының иесі міндетті:

1) кеден қоймасында орналасқан тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету;

2) тауарлардың кеден қоймасында сақталуына қатысты осы Кодекспен бекітілген шарттар мен талаптарды сақтау;

3) кедендік бақылауды жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4) кеден қоймасында сақталатын тауарларды есепке алуды жүргізу және кеден органына осы тауарлар жөнінде есеп ұсыну;

5) кеден қоймасының жұмысшылары болып табылмайтын және кеден органдарының рұқсатынсыз сақталып отырған тауарларға қатысты өкілеттігі жоқ бөтен тұлғаларды жібермеу;

6) кеден органдары лауазымды тұлғаларының сақталып отырған тауарларға қол

жетімділігіне қатысты кеден органдарының талаптарын орындау;

7) кеден қоймасының жұмысын тоқтатқан жағдайда, осы қойманың қызметін тоқтату туралы шешімді қабылдаған күннен кейінгі үш жұмыс күн ішінде осы шешім туралы кеден қоймасына тауарларды орналастырған тұлғаларды хабардар ету;

8) апаттың кезінде жойылудың немесе дүлей күштің іс-әрекетінің нәтижесінде жоғалтуды, немесе тауарларды кеден органдарының рұқсатынсыз беруді қоспағанда, тауарларды жоғалтқан жағдайда, осы Кодекске сәйкес, кедендік төлемдерді , салықтарды төлеу бойынша міндеттемелер пайда болған кезде кедендік кіріс төлемдерін, салықтарын төлеу;

9) заңды тұлғаны кеден қоймаларын иеленушілердің тізіліміне қосқан кеден органын кеден қоймасын иеленушілердің тізіліміне қосқан кезде онымен ұсынылған мәліметтердің өзгергені туралы осы мәліметтердің өзгерген күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде ақпараттандыру.

32-бап. Кеден қоймасының иесінің жауапкершілігі

Тауарларды кеден қоймасында сақтау кезінде өзін міндеттерін орындамағаны үшін кеден қоймасының иесі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

33-бап. Бажсыз сауда дүкенінің иесі

1. Бажсыз сауда дүкенінің иесі - осы Кодекстің 34-бабымен анықталған шарттарға жауап беретін кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңды тұлғасы.

Заңды тұлға бажсыз сауда дүкенінің иесі болып бажсыз сауда дүкені иелерінің тізіліміне енгізілгеннен соң есептелінеді.

Бажсыз сауда дүкенінің иелерінің тізіліміне енгізудің немесе осы тізілімнен алып тастаудың тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады.

2. Бажсыз сауда дүкенінің иесі бажсыз сауда кедендік рәсімі бойынша орналастырылған тауарларды кеден одағының кедендік шекарасынан шығатын жеке тұлғалармен бөлшектеп сатуда сақталуын және өткізілуін қамтамасыз етеді.

3. Кеден органдары бажсыз сауда дүкені иелерінің тізілімін жүргізеді және ақпараттық технологияларды қолдану арқылы олардың мерзімді жариялануын қамтамасыз етеді.

34-бап. Бажсыз сауда дүкені иелерінің тізіліміне енгізудің шарттары

Заңды тұлғаларды бажсыз сауда дүкені иелерінің тізіліміне енгізудің шарттары болып келесілер табылады:

1) бажсыз сауда дүкені ретінде қолдану үшін жарамды жеке меншікте, шаруашылық жағдайында, жедел басқаруда немесе жалға алынған және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген талаптарға жауап беретін орынның бар болуы;

2) бөлшектеп сатуға тіркеме немесе рұқсаттама құжаттардың бар болуы, егер

оларды алудың міндеттемесі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен қ а р а с т ы р ы л ғ а н б о л с а ;

3) кеден органына жүгінген күні кедендік төлемдерді, өсімдерді төлеу бойынша орындалмаған міндеттеменің болуы;

4) кеден органына жүгінген күнге дейін бір жылдың ішінде кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталған кеден ісі аясындағы құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылу фактілерінің болмауы;

5) кеден одағының кедендік заңнамасымен және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген өзге талаптарға сәйкес келуі және өзге шарттарды сақтау.

35-бап. Бажсыз сауда дүкені иелерінің тізілімінен шығарудың негізі

Бажсыз сауда дүкені иелерінің тізілімінен шығарудың негізі болып келесілер т а б ы л а д ы :

1) бажсыз сауда дүкені иелерінің тізіліміне енгізудің осы Кодекстің 36-бабымен бекітілген ш а р т т а р ы н с а қ т а м а у ;

2) бажсыз сауда дүкені иесімен осы Кодекстің 36-бабымен қарастырылған м і н д е т т е р д і с а қ т а м а у ;

3) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген өзге негіздер.

36-бап. Бажсыз сауда дүкені иесінің міндеттері

Бажсыз сауда дүкені иесінің міндеті:

1) бажсыз сауда кедендік рәсімі негізінде орналасқан және осы тарауға сәйкес саудаға өткізілмеген тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету;

2) осы Кодекспен бекітілген шарттарды және талаптарды сақтау;

3) кедендік бақылауды жүргізу мүмкіндігімен қамтамасыз ету;

4) тауарлардың бажсыз сауда дүкеніне түсуін және олардың берілген дүкенде саудаға өткізілуін есепке алуды жүргізу, сондай-ақ кеден органдарына осындай тауарлар туралы кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес е с е п т і л і к т і ұ с ы н у ;

5) кедендік төлемдерді, салықтарды төлеу бойынша міндеттердің туындауы кезінде осы Кодекстің 307-бабына сәйкес кедендік төлемдерді, салықтарды төлеу;

6) заңды тұлғаны бажсыз сауда дүкені иеленушілердің тізіліміне қосқан кеден органын бажсыз сауда дүкені иеленушілерінің тізіліміне қосқан кезде онымен ұсынылған мәліметтердің өзгергені туралы осы мәліметтердің өзгерген күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде ақпараттандыру;

37-бап. Бажсыз сауда дүкені иесінің жауапкершілігі

Тауарларды бажсыз сауда дүкендерінде сақтау және саудаға өткізу бойынша талаптарды, сондай-ақ бажсыз сауда кедендік рәсімінің талаптарын сақтамағаны үшін

бажсыз сауда дүкенінің иесі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

38-бап. Уәкілетті экономикалық оператор

1. Уәкілетті экономикалық оператор - осы Кодекстің 39-бабында көрсетілген шарттарға жауап беретін, осы Кодекстің 41-бабымен қарастырылған арнайы жеңілдіктерді қолдануға құқысы бар заңды тұлға.

2. Уәкілетті экономикалық оператордың мәртебесі кеден органымен уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізу туралы куәлікті ұсыну жолымен беріледі және осы мәртебені берген кеден органы қай елдікі болса, сол мемлекеттің аумағында мыйындалады.

Уәкілетті экономикалық оператордың мәртебесі аумағында осы тұлғаға мәртебе берілген кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаға беріледі.

Уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізу туралы куәлікті тапсырудың және оның тоқтатылуының және қайтарылып алуының нысаны және тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады.

3. Уәкілетті экономикалық оператор заңды тұлғаны уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне қосқан кеден органын уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне қосқан кезде онымен ұсынылған мәліметтердің өзгергені туралы осы мәліметтердің өзгерген күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде ақпараттандыруға міндетті.

39-бап. Уәкілетті экономикалық оператор мәртебесін беру шарттары

Уәкілетті экономикалық оператор мәртебесін алу үшін заңды тұлға келесі шарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кедендік төлемдердің, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді, кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес, осындай қамтамасыз етуді енгізу күніне бекітілген валюта бағамы бойынша бір миллион еуродан кем емес эквивалентті сомада ұсыну;

2) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталған, алайда кеден органына жүгінген күніне дейін бір жылдан аз емес мерзім ішінде сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру;

3) кеден органына жүгінген күніне кедендік төлемдерді, пайыздарды, өсімдерді төлеу бойынша орындалмаған міндеттеменің болмауы;

4) кеден органына жүгінген күніне кеден одағына қатысушы мемлекеттердің салықтар және алымдар туралы заңнамаға (салық заңнамасына) сәйкес берешектің (толық төленбеген төлемнің) болмауы;

5) кеден органына жүгінгенге дейін бір жылдың ішінде кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталған кеден ісі аясындағы құқық бұзушылықтары

үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылу фактілерінің болмауы;

6) кеден органымен анықталатын талаптарға сәйкес есепке алу жүйесінің болуы;

7) кеден одағының кедендік заңнамасымен және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген өзге талаптарға сәйкес келуі және өзге шарттардың сақталуы.

40-бап. Уәкілетті экономикалық операторлардың тізілімі

Кеден органдары уәкілетті экономикалық операторлардың тізілімін жүргізеді және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген нысан және тәртіп бойынша олардың жариялануын қамтамасыз етеді.

41-бап. Уәкілетті экономикалық операторға ұсынылатын арнайы жеңілдіктер

1. Уәкілетті экономикалық оператор келесі арнайы жеңілдіктер ұсынылуы мүмкін:

1) уәкілетті экономикалық оператордың үй-жайларында, ашық алаңдарында және басқа да аумақтарында тауарларды уақытша сақтау;

2) тауарлардың кедендік декларацияны ұсынғанға дейінгі осы Кодекстің 197-бабына сәйкес шығарылымы;

3) уәкілетті экономикалық оператордың үй-жайларында, ашық алаңдарында және басқа да аумақтарында тауарлардың шығарылымымен байланысты кедендік операцияларды жүргізу;

4) кеден одағының кедендік заңнамасымен қарастырылған өзге арнайы жеңілдіктер.

2. Осы баппен қарастырылған арнайы жеңілдіктер уәкілетті экономикалық оператордың осындай арнайы жеңілдіктерді қолдану жоспарланып отырған тауарлардың декларанты ретінде сөз сөйлеуге құқылы болған жағдайларда қолданылады.

3. Осы баппен қарастырылған арнайы жеңілдіктер қолданыла алмайтын тауарлардың тізілімі кеден одағының Комиссиясымен анықталады.

42-бап. Кеден органына алдын-ала ақпаратты ұсыну

1. Уәкілетті экономикалық операторлар, тасымалдаушылар, оның ішінде кедендік тасымалдаушылар, кедендік өкілдер және өзге де істің нәтижесіне мүдделі тұлғалар кеден органдарына кеден шекарасы арқылы өткізілуі жоспарланып отырған тауарлар, осындай тауарларды тасымалдайтын халықаралық тасымалдаудың көлік құралдары, кеден одағының кедендік аумағына әкелу немесе осындай аумақтан әкету уақыты және орны, кеден одағының кедендік аумағына келген немесе осындай аумақтан кеткен жолаушылар туралы электрондық түрдегі алдын-ала ақпаратты ұсынуы мүмкін.

2. Кеден органдары кеден одағына қатысушы мемлекеттердің немесе кеден одағына қатысушы мемлекеттердің біреуінің осы мемлекеттермен халықаралық келісім-шарттарына сәйкес, шет ел мемлекеттерінің кеден органдарымен (қызметтерімен) алдын-ала ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады.

3. Кеден органдарына алдын-ала ақпаратты ұсыну міндетті болған жағдайда, оның көлемі және кедендік мақсаттар үшін ұсынылу және қолданылу тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық келісім-шарттарына сәйкес анықталады.

4-тарау

Ақпараттық жүйелер және ақпараттық технологиялар

43-бап. Ақпараттық жүйелер, ақпараттық технологиялар және кеден органдарымен қолданылатын оларды қамтамасыз ету құралдары

1. Кедендік операциялар ақпаратты берудің электрондық әдістеріне, сондай-ақ оларды қамтамасыз етудің құралдарына негізделген ақпараттық жүйелерді және ақпараттық технологияларды қолдану арқылы іске асуы мүмкін.

2. Ақпараттық жүйелерді және ақпараттық технологияларды енгізу кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген сәйкесінше халықаралық стандарттарды және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етуді есепке алумен жүзеге асырылады.

3. Кеден органдарымен кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына және (немесе) халықаралық келісім-шарттарына сәйкес кеден органдарымен әзірленген, өндірілген немесе алынған ақпараттық жүйелер, ақпараттық технологиялар және оларды қамтамасыз ету құралдары қолданылады.

4. Кеден мақсаттары үшін ақпараттық жүйелердің, ақпараттық технологиялардың, оларды қамтамасыз ету құралдарын және ақпаратты сақтаудың бағдарламалық техникалық құралдарын қолданудың шарттары және тәртібі, сондай-ақ ақпаратпен алмасудың электрондық әдістеріне негізделген ақпараттық қарым-қатынасты ұйымдастыру кезінде оларға қойылатын талаптар кеден одағының кедендік заңнамасымен және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады.

5. Кеден одағының кедендік аумағында кеден органдарының қарым-қатынасын қамтамасыз ету мақсатында ықпалдасқан ақпараттық жүйелер және ақпараттық технологиялар құрылады.

44-бап. Кеден органдарының ақпараттық ресурстары

1. Кеден органдарының кедендік операцияларды жүргізу кезінде ұсынылатын құжаттар және мәліметтер, сондай-ақ оларды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар базасы аясында жинақталған ақпараттық ресурстары шектеулі қол жетімділікке ие. Ақпараттық ресурстарды жинақтаудың тәртібі және оларға қол жетімділік кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады.

Кеден органдарының ақпараттық ресурстары ретінде құрамына кеден органдарының ақпараттық жүйелерінде құрылатын, өңделетін және жинақталатын

мәліметтер базасы енетін құжатталған ақпараттың ұйымдасқан жиынтығы алынады.

Кеден одағының кедендік заңнамасына қатысты кеден органдарының ақпараттық ресурстары ашық және жалпылама қол жетімді болып табылады.

Жалпылама қол жетімді ақпараттық ресурстар кеден органдарының және кеден одағы Комиссиясының сайттарында орналасады.

2. Кеден органдарының жүргізуіндегі шектеулі қол жетімділікке ие ақпараттық ресурстарда орналасқан ақпаратты тұлғалармен алудың тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады.

45-бап. Ақпараттық процестерге және ақпараттандыруға қатысатын субъектілердің ақпаратын және

құқықтарын қорғау

1. Ақпараттық процестерге және ақпараттандыруға қатысатын субъектілердің ақпаратын және құқықтарын қорғау кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген тәртіпте жүзеге асырылады.

2. Ақпаратты қорғау құралымен қамтамасыз етілетін ақпаратты қорғаудың деңгейі ақпараттың деңгейіне сәйкес келуі тиіс. Ақпаратты қорғау деңгейінің белгілі бір деңгейге сәйкес келуі жүргізуінде ақпараттық ресурстары бар кеден органдарымен қамтамасыз етіледі.

46-бап. Кеден органдарының ақпараттық алмасуы

Кеден органдары арасында ақпаратпен алмасу кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық келісім-шарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Кеден органдары шет ел мемлекеттерінің кеден органдарымен, сондай-ақ халықаралық және өзге де ұйымдармен кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталатын тәртіпте және шарттарда халықаралық ақпараттық алмасуға қатысады.

5-тарау

Кедендік статистика

47-бап. Тауарлармен сыртқы саудадағы кедендік статистика

1. Тауарлармен сыртқы сауданың даму жағдайын, динамикасын және үрдісін талдау мақсатында, кеден органдары тауарлармен кедендік статистика мәліметтерін жинақтау үшін кеден шекарасы арқылы тауарларды тасымалдау туралы мәліметтерді жинау және ө н д е у ж ү р г і з і л е д і .

2. Кеден органдары тауарлармен сыртқы сауданың статистикасын кеден одағы Комиссиясының шешімімен бекітілген әдіснамасына сәйкес жүргізеді.

3. Кеден органдары тауарлармен сыртқы сауданың кедендік статистикасының м ә л і м е т т е р і н ұ с ы н а д ы :

кеден одағына қатысушы мемлекеттердің үкіметтеріне, мемлекеттік органына және өзге де ұйымдарына, кеден органымен осындай мәліметтер ұсынылған кеден одағына

қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген тәртіпте; халықаралық ұйымдармен, кеден органымен осындай мәліметтер ұсынылған кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық келісім-шарттарымен бекітілген т ә р т і п т е .

4. Кеден одағының Комиссиясы кеден одағының тауарларымен сыртқы сауданың кедендік статистикасының мәліметтерін халықаралық келісім-шарттарға сәйкес кеден одағына қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік органдарына және халықаралық ұ й ы м д а р ғ а ұ с ы н а д ы .

5. Кеден одағының Комиссиясы кеден одағының тауарларымен сыртқы сауданың кедендік статистикасының мәліметтерін кеден одағының Комиссиясының шешімімен анықталатын тәртіпте және мерзімде жариялайды.

Кеден органдары кеден одағына қатысушы мемлекеттердің тауарлармен сыртқы сауданың кедендік статистикасының мәліметтерін кеден одағына қатысатын мемлекеттердің заңнамасымен анықталған тәртіпте және мерзімде жариялайды.

6. Кеден органдары мемлекеттік, коммерциялық, банкілік және өзге заңмен қорғалатын құпиясы (жасырын сыры) немесе құпиялылық ақпараты жоқ тауарлармен сыртқы сауданың кедендік статистикасының мәліметтерін кеден органдарымен осындай мәліметтер ұсынылатын кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген тәртіпте және шарттарда мемлекеттік органдарды қоспағанда, оларды алуға мүдделі кеден одағына қатысушы мемлекеттерінің ұйымдарына ұсынуға мүмкіндіктері бар.

48-бап. Арнайы кедендік статистика

1. Кеден органдарына жүктелген тапсырмаларды шешуді қамтамасыз ету мақсатында, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген тәртіпте арнайы кедендік статистика жүргізіледі.

2. Арнайы кедендік статистиканың мәліметтері кеден органдарымен тек кедендік мақсаттар үшін қолданылады.

49-бап. Статистикалық мақсаттар үшін қолданылатын құжаттар және мәліметтер

1. Статистикалық мақсаттар үшін кеден одағының кедендік заңнамасына және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес тұлғалармен ұсынылатын құжаттар және мәліметтер қолданылады.

2. Статистикалық мәліметтер үшін қолданылатын мәліметтерге осы Кодекстің 8-бабы таралады.

6-тарау

Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауарлық номенклатурасы Тауарлардың жіктелуі

50-бап. Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауарлық номенклатурасы

Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауарлық номенклатурасы (бұдан әрі - сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы) сыртқы экономикалық қызметтің сыртқы сауда және өзге де түрлерін кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеудің іс-шараларын, кедендік статистиканы жүргізуді жүзеге асыру үшін қолданылады.

51-бап. Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасын жүргізу

1. Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы Дүниежүзілік кеден ұйымының және Тәуелсіз мемлекеттер достастығының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауарлық номенклатурасының сипаттамасының Үйлестірілген жүйесіне және тауарлардың кодталуына негізделеді.

2. Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы кеден одағының Комиссиясымен бекітіледі.

3. Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына өзгеріс енгізу туралы шешім кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдарының бекітілген тәртібіндегі негізде кеден одағының Комиссиясымен қабылданады.

Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы және оған өзгеріс енгізу туралы шешім кеден одағының комиссиясымен жарияланады.

4. Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының техникалық жүргізілуін Ресей Федерациясының атқарушы биліктегі мемлекеттік органы жүзеге асырады, кедендік реттеу аясында, оның ішінде:

1) Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының халықаралық негізінің өзгерісіне, түсініктемесіне және осы негізді түсіндіру бойынша басқа шешімдеріне мониторинг;

2) Кеден одағының Комиссиясына сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасын оның халықаралық негізге сәйкес келуі туралы ұсыныстар енгізу;

3) Кеден одағының Комиссиясына оның халықаралық негізінің кезекті нұсқасына көшу кезінде тауар позициясы, субпозициясы және бағыныңқы субпозициясы деңгейіне сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының кодтарының сәйкестік кестесін құру және жіберу;

4) Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасын және оған түсініктемені жариялауға әзірлеу және кеден одағының Комиссиясына жіберу;

5) Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасын техникалық жүргізу үшін қажетті өзге қызметтерді жүзеге асырады.

52-бап. Тауарлардың жіктелуі

1. Тауарлар кедендік декларациялануы кезінде Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы бойынша жіктелуге жатады.

2. Тауарлардың жіктелуінің дұрыстығына тексеріс жүргізуді кеден органдары жүзеге асырады.

3. Тауарлардың дұрыс жіктелмеуін анықтау жағдайында кеден органы тауарлардың жіктелуін өз бетінше жүзеге асырады және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталған форма бойынша шешім қабылдайды.

Кеден органдарының тауарлардың жіктелуі бойынша шешімдері осы Кодекстің 9-бабына сәйкес шағымдалуы мүмкін.

4. Осы Кодекстің 180-бабы 4-тармағымен анықталған жағдайлардан өзге коммерциялық, көліктік (тасымалдаушылық) және (немесе) өзге құжаттарда, сондай-ақ сарапшылық мекемелермен берілетін қорытындыларда, анықтамаларда, сарапшылар актілерінде көрсетілген сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы бойынша тауарлардың коды ақпараттық сипаттамаға ие.

5. Кеден органдары осы тарауға сәйкес тауарлардың жіктелуі бойынша алдын-ала шешім қабылдайды.

6. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталған кеден органдары тауарлардың жеке түрлерінің жіктелуі бойынша шешім қабылдайды және оның жариялануын қамтамасыз ете отырып түсініктеме алуы мүмкін.

Мұндай шешімдер немесе түсініктемелер кеден органымен қабылданған кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумағында тауарларды декларациялау кезінде міндетті болып табылады.

7. Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының біркелкі түсіндірілуін қамтамасыз ету мақсатында, кеден одағының комиссиясы тауарлардың жеке түрлерінің жіктелуі бойынша шешімдерді және түсініктемелерді қабылдайды және жариялайды.

Тауарлардың жеке түрлерінің жіктелуі туралы ұсыныстардың енгізілу, тауарлардың жеке түрлерінің жіктелуі бойынша шешімдердің және түсініктемелердің жоспарларын кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдарымен қарастыру және келістіру тәртібі кеден одағы Комиссиясының шешімімен анықталады.

Кеден одағы Комиссиясымен тауарлардың жеке түрлерінің жіктелуі бойынша шешімдер және түсініктемелері қабылданған соң, осы тауарларға қатысты осы баптың 6-тармағына сәйкес кеден органдарымен қабылданған шешімдер мен түсініктемелер олардың күшін жоюға немесе өзгерістер енгізуге жатады.

53-бап. Алдын-ала шешімді қабылдаудың тәртібі

1. Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы бойынша тауарлардың жіктелуі бойынша алдын-ала шешімді қабылдаудың тәртібі осы баппен, осы Кодекстің 54-57 баптарымен, ал көрсетілген баптармен анықталмаған бөлімі - кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады.

2. Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы бойынша тауарлардың жіктелуі бойынша алдын-ала шешім кеден одағына қатысушы

мемлекеттердің заңнамасына сәйкес анықталған кеден органдарымен анықталады.

3. Алдын-ала шешім тауарлардың шығуы жүзеге асатын кеден одағына қатысушы мемлекеттің кеден органымен қабылданады. Алдын-ала шешім оны қабылдаған кеден органы жатқызылатын кеден одағына қатысушы мемлекетінің аумағында тауарларды декларациялау кезінде міндетті болып табылады.

4. Алдын-ала шешім құрамында белгілі бір сапасы, үлгісі, артикулы және түрлендіруі бар тауардың әрбір атауына қабылданады.

5. Алдын-ала шешімнің нысаны кеден одағы Комиссиясының шешімімен анықталады.

6. Кеден органы өтініш берушімен алдын-ала шешімнің жоғалған жағдайында, өтініш берушімен бұдан бұрын алынған алдын-ала шешімнің көшірме нұсқасын ұсынады.

7. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдары осы Кодекстің 124-бабына сәйкес алдын-ала шешімді қабылдауға қатысты ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады.

54-бап. Алдын-ала шешімді қабылдау туралы өтініш

1. Алдын-ала шешім кеден органымен тұлғаның жазбаша түрде немесе электрондық құжат түрінде берілген өтініші негізінде қабылданады.

2. Тауарларды жіктеу бойынша алдын-ала шешімді қабылдау үшін өтініште келесі ақпарат болуы тиіс: толық коммерциялық атауы, фирмалық атауы, тауарлардың негізгі техникалық, коммерциялық сипаттамасы және тауарларды нақты жіктеуге әкелетін өзге де ақпарат. Қажет болған жағдайда алдын-ала шешімді қабылдау үшін қажетті фотолар, суреттер, сызбалар, бұйымдардың төлқұжаттары, тауарлардың сынамалары және үлгілері.

3. Өтініш берушімен ұсынылған мәліметтердің алдын-ала шешім қабылдау үшін жеткіліксіз болған жағдайында, кеден органы өтініш берушіні кеден органына өтінішті берген күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде қосымша мәліметті ұсынудың қажеттілігі туралы хабардар етеді. Қосымша ақпарат өтініш берушіні жазбаша түрде хабардар еткен күннен бастап күнтізбелік алпыс күннің ішінде ұсынылуы қажет. Мәлімет белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, алдын-ала шешімді қабылдау туралы өтініш қабылданбайды.

55-бап. Алдын-ала шешімді қабылдаудың және іс-әрекет етуінің мерзімдері

1. Алдын-ала шешім өтініштің кеден органында тіркелген күнінен күнтізбелік тоқсан күннің ішінде, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бұдан аз мерзім белгіленбесе, қабылданады.

Осы Кодекстің 54-бабы 3-тармағына сәйкес, қосымша ақпаратты ұсынудың қажеттілігі болған жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлімінде көрсетілген мерзім уақыты тоқтатылады және сұралып отырған мәліметтері бар соңғы құжат кеден

органымен алынған күннен қайта есептелінеді.

2. Алдын-ала шешім өзгертілмеген, қайтарылмаған жағдайда, немесе осы Кодекстің 56-бабына сәйкес оның іс-әрекетінің тоқтатылмаған жағдайында оны қабылдаған күннен бастап үш жыл мерзімінде іс-әрекет етеді.

56-бап. Алдын-ала шешімнің іс-әрекетінің тоқтатылуы, өзгертілуі немесе қайтарып алынуы

1. Кеден органы онымен немесе одан төмен тұрған кеден органымен қабылданған алдын-ала шешімнің іс-әрекетінің тоқтатылуы, өзгертілуі немесе қайтарылып алынуы туралы шешім қабылдай алады.

Алдын-ала шешімнің іс-әрекетінің тоқтатылуы, өзгертілуі немесе қайтарылып алынуы туралы шешім алдын-ала шешімнің іс-әрекетінің тоқтатылуы, өзгертілуі немесе қайтарылып алынуы туралы шешімнің шығарылған күнінен кейінгі күннен кешіктірілмей өтініш берушіге жіберіледі.

2. Алдын-ала шешімнің іс-әрекетін тоқтату туралы шешім өтініш берушімен алдын-ала шешім қабылдау үшін жалған құжаттар, шындыққа жанаспайтын және (немесе) толық емес мәліметтер ұсынылғаны кеден органымен анықталған жағдайда қабылданады.

Алдын-ала шешімнің іс-әрекетін тоқтату туралы шешім осындай алдын-ала шешімнің қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Алдын-ала шешімнің өзгертілуі келесі жағдайларда жүзеге асады: кеден органымен немесе өтініш берушімен алдын-ала шешімді қабылдау кезінде жіберілген кемшіліктер анықталған жағдайда;

Кеден органдарымен осы Кодекстің 52-бабы 6-тармағына сәйкес тауарлардың жеке түрлерін жіктеу бойынша шешімнің немесе түсініктеменің қабылданған жағдайында.

Кеден органының алдын-ала шешімді өзгерту туралы шешімі алдын-ала шешімді өзгерту туралы шешімде көрсетілген мерзімнен бастап күшіне енеді.

4. Алдын-ала шешім келесі жағдайларда қайтарылып алынады:

1) тауарлардың жіктелуіне әсер ететін, оларға қатысты алдын-ала шешім қабылданған сыртқы экономикалық қызметтің тауарлар номенклатурасына өзгерістер енгізу ;

2) Дүниежүзілік кеден ұйымымен кеден одағына қатысушы мемлекеттермен қолданылатын тауарлардың жіктелуі бойынша шешім қабылдау;

3) кеден одағы Комиссиясымен тауарлардың жеке түрлерінің жіктелуі бойынша шешімнің және түсініктеменің қабылдануы.

Алдын-ала шешімді қайтарып алу туралы шешім кеден одағы Комиссиясымен шешімді және түсініктемені жариялағаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде кеден органымен қабылданады және осындай шешімдермен бір уақытта күшіне енеді.

5. Алдын-ала шешімнің іс-әрекетінің тоқтатылуы, өзгертілуі немесе қайтарылып алынуы туралы шешім кеден органдардың назарына Алдын-ала шешімнің іс-әрекетінің

тоқтатылуы, өзгертілуі немесе қайтарылып алынуы туралы шешімнің қабылданған күнінен кейінгі күннен кешіктірілмей жеткізіледі.

57-бап. Алдын-ала шешімдердің жариялылығы

Алдын-ала шешім, мемлекеттік, коммерциялық, банкілік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны (жасырын сырды) немесе құпиялылық мәліметті құрайтын ақпаратты қоспағанда, кеден одағы Комиссиясының ресми сайтында жарияланады.

7-тарау

Тауарлардың шыққан елі

58-бап. Тауарлардың шыққан елі туралы жалпы ережелер

1. Тауарлардың шыққан елі болып кеден одағының кедендік заңнамасымен бекітілген критерийлерге сәйкес тауарлар толық өндірілген немесе толық өңдеуге (өңделіп шыққан) әкелген ел табылады. Оның ішінде, тауарлардың шыққан елін анықтау мақсаты үшін оларды бөлудің қажеттілігі туындаған жағдайда, тауарлардың шыққан елі ретінде елдердің тобы, немесе елдердің кедендік одақтары, немесе елдің аймағы немесе бөлігі қарастырылуы мүмкін.

2. Тауарлардың шыққан елін анықтау барлық жағдайларда, кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеудің тауарлардың шыққан еліне тәуелді болған кезде жүзеге асады.

3. Тауарлардың шыққан елін анықтау тауарлардың шыққан елін анықтау ережелерін реттейтін кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық келісім-шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Кеден органымен кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген тәртіпте тауарлардың шыққан елі туралы алдын-ала шешім қабылдануы мүмкін.

59-бап. Тауарлардың шыққан елін растау

1. Тауарлардың шыққан елін растауда кеден органы тауарлардың шыққан елін растайтын құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы.

2. Тауарлардың шыққан елін растайтын құжаттар болып тауардың шыққаны туралы декларация немесе тауардың шыққаны туралы сертификат табылуы мүмкін.

60-бап. Тауардың шыққаны туралы декларация

1. Тауардың шыққаны туралы декларация, онда тауарлардың шыққан елін анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтер көрсетілген жағдайда тауарларды шығаруға байланысты дайындап шығарушымен, сатушымен немесе жөнелтушімен жасалған тауарлардың шығуы туралы өтінішті білдіреді. Осындай декларацияның есебінде тауарларға қатысы бар коммерциялық және кез-келген басқа да құжаттар қолданылады.

2. Егер тауардың шыққаны туралы декларацияда тауарлардың шыққан елі туралы мәліметтер, қолданылуы тауарлардың шыққан елін анықтаудың ережелерінің мәселелерін реттейтін кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің халықаралық

келісім-шарттарымен қарастырылғанға қарағанда, өзге де өлшемдерге негізделсе, тауарлардың шыққан елі осы халықаралық келісім-шарттармен анықталған өлшемдерге сәйкес анықталады.

61-бап. Тауардың шыққаны туралы сертификат

1. Тауардың шыққаны туралы сертификат - тауардың шыққан елі туралы мәндес куәландыратын және егер шығару елінде сертификат тауарлардың шыққан елінен алынған мәліметтердің негізінде берілсе, аталған елдің уәкілетті органдарымен немесе ұйымдарымен немесе шығару елімен берілген құжат.

Егер тауардың шыққаны туралы декларацияда тауарлардың шыққан елі туралы мәліметтер, қолданылуы тауарлардың шыққан елін анықтаудың ережелерінің мәселелерін реттейтін кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің халықаралық келісім-шарттарымен қарастырылғанға қарағанда, өзге де өлшемдерге негізделсе, тауарлардың шыққан елі осы халықаралық келісім-шарттармен анықталған өлшемдерге с ә й к е с а н ы қ т а л а д ы .

2. Кедендік одақтың кедендік аумағынан тауарларды шығару кезінде тауардың шыққаны туралы сертификат, егер аталған сертификаттың келісім-шарттың шарттары бойынша, тауарларды әкелген елдің ұлттық ережелері бойынша қажетті болса немесе егер аталған сертификаттың бар болуы халықаралық келісім-шарттарда қарастырылған болса, кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің уәкілетті органдарымен немесе ұ й ы м д а р ы м е н б е р і л е д і

Тауардың шыққаны туралы декларация берген уәкілетті органдар немесе ұйымдар, олардың негізінде тауарлардың шыққаны расталатын оның көшірмесін және басқа да құжаттарды оның берілген күнінен бастап үш жылдан кем емес сақтауға міндетті.

3. Тауардың шыққаны туралы сертификат кедендік рәсім арқылы кедендік одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды орналастыру кезінде ұсынылатын кедендік декларациямен және басқа да құжаттармен қатар ұсынылады. Сертификат жоғалған жағдайда, оның ресми расталған көшірмесі қабылданады

4. Егер тауардың шыққаны туралы сертификат, кедендік одақтың кедендік заңнамасымен оны ресімдеуге және (немесе) толтыруға орнатылған талаптардың бұзылуымен ресімделген болса, кеден органы өздігімен тарифтік артықшылықтарды ұсынуға арналған негіз есебінде осындай сертификатты қарастырудан бас тарту туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

5. Кедендік бақылауды жүргізу кезінде кеден органы қосымша құжаттарды немесе нақтылайтын мәліметтерді ұсыну өтінішімен, тауардың шыққаны туралы сертификат берген уәкілетті органдарға немесе ұйымдарға жүгінуге құқығы бар.

62-бап. Тауарлардың шыққан елін растайтын құжаттарды ұсыну

1. Кедендік одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу кезінде тауарлардың шыққан елін растайтын құжат мына жағдайда, егер тауарлардың шыққан елі кедендік

одақтың аумағында болса, кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің кедендік заңнамасына және (немесе) халықаралық келісім-шарттарына сәйкес тарифтік артықшылықтар ұсынылады. Аталған жағдайда, тауарлардың шыққанын растайтын құжат, кеден органына кедендік декларацияны ұсынумен бір уақытта ұсынылады. Бұған қоса, тарифтік артықшылықтар кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің кедендік заңнамасына және (немесе) халықаралық келісім-шарттарына сәйкес анықталған нысан бойынша тауардың шыққаны туралы сертификатты ұсынудың қажеттілігіне негізделуі мүмкін.

Кедендік баждардың, салықтардың мөлшерлемелерін және (немесе) тарифтік емес реттеу шараларын қолдануға әсерін тигізетін тауарлардың шыққан елі туралы жарияланған мәліметтердің дұрыс емес болып табылатын белгілері анықталған кезде, кеден органдары тауарлардың шыққан елін растайтын құжатты ұсынуды талап етуге құқығы бар.

2. Аталған баптың 1-тармағының ережесінен тыс, тауарлардың шыққан елін растайтын құжат мына жағдайларда талап етілмейді:

1) егер кедендік одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлар, кеден органымен тауарлардың шыққан елі кедендік одақтың кедендік заңнамасына немесе кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кедендік одақтың кедендік аумағына әкелуге немесе оның аумағы арқылы тасымалдауға тыйым салынған ел болып табылатын белгілер анықталған жағдайларды қоспағанда, кедендік баждарды, салықтарды төлеуден толық босатыла отырып, кедендік тасымалдың кедендік рәсіміне немесе уақытша әкелудің кедендік рәсіміне жарияланды;

2) егер тауарлар осы Кодекстің 49-тарауына сәйкес жеке тұлғалармен кедендік шекара арқылы тасымалданса;

3) егер тауарлардың құны кедендік шекара арқылы тасымалданған, бір уақытта және бір амалмен және бір жөнелтушімен бір алушының мекенжайына жөнелтілген, Кедендік одақтың комиссиясымен орнатылған сомадан аспаса;

4) кедендік одақтың кедендік заңнамасында қарастырылған басқа да жағдайларда.

63-бап. Олардың шыққан елін анықтау кезінде кедендік рәсім арқылы тауарларды орналастырудың қосымша шарттары

1. Тауарлардың шыққан елін растайтын құжаттар болмаған жағдайда, егер оларды ұсыну тарифтік артықшылықтарды ұсыну үшін міндетті болып табылатын болса, осындай тауарларға қатысты аталған баптың 2 тармағының 1) тармақшасында жағдайларды қоспағанда, өзге де мемлекеттермен (мемлекеттердің топтары) ұсынылатын режимнен өзге (бұдан әрі - ең қолайлырақ ұлттың тәртібі), одан кем емес қолайлы тәртіпті ұсыну туралы өзара келісім-шарт міндеттемелері бар шетел мемлекеттерінің аумақтарынан шыққан (шетел мемлекеттерінің топтары) тауарларға қолданылатын мөлшерлемелер бойынша кедендік баждарды төлеуге жатады.

2. Басқа жағдайларда тауарлардың шыққан елін растайтын құжаттардың жоқ болуы немесе ұсынылған құжаттардың тиісті дәрежеде ресімделмеген белгілері табылған және (немесе) тауарлардың шыққан елін растайтын құжаттарды немесе нақтылайтын мәліметтерді ұсынғанға дейінгі жалған мәліметтер бар болған жағдайда:

1) егер кеден органымен тауарлардың шыққан елі ең қолайлырақ ұлттың тәртібін ұсыну туралы өзара келісім-шарттық міндеттемелер жоқ немесе аталған мөлшерлемелер бойынша кедендік баждарды төлеуді қамтамасыз ету ұсынылатын шетел мемлекеті (шетел мемлекеттерінің топтары) болып табылатын белгілер анықталса, ең қолайлырақ ұлттың тәртібін ұсыну туралы өзара келісім-шарттық міндеттемелер жоқ шетел мемлекетінің аумағынан шыққан (шетел мемлекеттерінің топтары) тауарларға қолданылатын мөлшерлемелер бойынша кедендік баждарды төлеуге жататын тауарларға қатысты;

2) кедендік рәсімге тауарларды орналастыру, егер тауарлардың шыққан елі, кеден органымен тауарларды шығаруға шектеу қойылған ел екенін көрсететін белгілер табылса, декларантпен орнатылған шектеулерді сақтауды растайтын құжаттардың ұсынуы немесе арнайы, демпингіге қарсы бажды немесе орны толтырылған бажды төлеуді қамтамасыз ету жағдайында жүзеге асырылады. Арнайы, демпингіге қарсы бажды немесе орны толтырылған бажды төлеуді қамтамасыз ету, әкелімдік кеден бажын төлеуді қамтамасыз ету үшін осы Кодекспен көзделген тәртіпте жүргізіледі;

3) кедендік ресімдеуге тауарларды орналастыру, егер кеден органымен тауарлардың шыққан елі, тауарлары кедендік одақтың кедендік аумағына әкелуге тыйым салынған елді көрсететін белгілер анықталған жағдайда жүзеге асырылмайды.

3. Осы баптың 2-тармағы 1) тармақшасында және 1-тармақта көрсетілген тауарларға қатысты тарифтік артықшылықтарды ұсыну режимі немесе кеден декларациясын кеден органымен тіркеген күннен бастап бір жыл өткенге дейін тауарлардың шыққан елі расталатын жағдайда ең қолайлырақ ұлттың режимі қолданылады. Бұл жағдайда әкелімдік кедендік баждың төленген сомалары осы Кодекстің 13-тарауына сәйкес қайтаруға (есептеуге) жатады.

8-тарау

Тауарлардың кедендік құны

64-бап. Кеден құны туралы жалпы ереже

1. Кедендік одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарлардың кедендік құны, кедендік шекара арқылы тасымалданатын тауарлардың кедендік құнын анықтаудың мәселелерін реттейтін кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің халықаралық келісім-шарттарына сәйкес анықталады. Кедендік одақтың кедендік аумағынан шығарылатын тауарлардың кедендік құны, кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес, тауарлар шығарылған кеден органымен анықталады.

2. Кедендік одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарлардың кедендік құны, егер тауарлар нақты түрде кедендік шекараны қиып өтсе және осындай тауарлар кедендік шекарадан өткеннен кейін алғашқы рет кедендік тасымалдың кедендік рәсімін қоспағанда, кедендік рәсім арқылы орналастырылады. Кедендік рәсімнің өзгеруі кезінде тауарлардың кедендік құны, егер кедендік одақтың кедендік заңнамасында осындай жағдайлар орнатылмаса, олармен кедендік шекараны нақты қиып өткеннен кейін кедендік рәсімге оларды орналастыру кезінде кедендік декларацияның кеден органымен қабылданған күні кедендік шекара арқылы тасымалданатын тауарлардың кедендік құнын анықтаудың мәселелерін реттейтін кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің халықаралық келісім-шартына сәйкес анықталған тауарлардың кедендік құны болып табылады.

3. Тауарлардың кедендік құны, декларантпен немесе декларанттың атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін кеден өкілімен, ал осы Кодекспен орнатылған жағдайда кеден органымен анықталады.

4. Аталған тараудың ережесі кедендік шекара арқылы тасымалданатын жеке пайдалануға арналған тауарларға таратылмайды.

65-бап. Тауарлардың кедендік құнын декларациялау

1. Тауарлардың кедендік құнын декларациялау, осы Кодекстің 27-тарауымен және осы тараумен орнатылған нормаларға сәйкес тауарларды кедендік декларациялаудың аясында декларантпен жүзеге асырылады.

2. Әкелінген тауарлардың кедендік құнын декларациялау, тауарлардың кедендік құнын анықтаудың әдісі туралы, тауарлардың кедендік құнының көлемі туралы, тауарлардың кедендік құнын анықтауға қатысы бар сыртқы экономикалық мәмілелердің жағдайлары және шарттары туралы мәліметтерді жариялау, сондай-ақ оларды растайтын құжаттарды ұсыну жолымен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген мәліметтер кеден құнының декларациясында жарияланады және кедендік мақсатқа қажетті мәліметтер болып табылады.

Кеден құнының декларациясының нысаны оларды толтырудың ережесі Кедендік одақтың комиссиясының шешімімен орнатылады.

Кеден құнының декларациясы тауарларға арналған декларацияның бірден бір бөлігі болып табылады.

Егер Кедендік одақтың комиссиясының орнатылған шешімімен кеден құнының декларациясы толтырылмайтын жағдайда, әкелінген тауарлардың кедендік құны туралы мәлімет тауарларға арналған декларацияларда жарияланады. Тауарларға арналған жарияланған декларацияларда тауарлардың кедендік құны туралы мәліметтердің дұрыс еместігін немесе жарияланған мәліметтердің дұрыс дәрежеде расталмағанын көрсететін белгілер анықталған жағдайда, кеден органы себепті түрде кеден құнының декларациясын ұсынуды талап етуге құқылы.

4. Тауарлардың жарияланған кедендік құны және оны анықтауға қатысты ұсынылатын мәліметтер, дұрыс, сандық жағынан анықталған және құжатпен расталған а қ п а р т қ а н е г і з д е л у і т и і с .

5. Декларант немесе декларанттың атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін уәкілетті өкіл, кеден құнының декларациясында жалған мәліметтерді көрсеткені және кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес, осы Кодекстің 188-бабында қарастырылған міндеттерді орындамаған үшін жауап береді.

6. Тауарлардың кедендік құнын анықтау кезінде осы кедендік құнға қатысты шешімді кейінге қалдырудың қажеттілігі туындайтын тауарлардың кедендік құнын анықтау кезіндегі жағдайда, сондай-ақ осындай жағдайлар үшін кеден құнын декларациялаудың және бақылаудың тәртібі Кедендік одақтың комиссиясының шешімімен орнатылады.

66-бап. Тауарлардың кедендік құнына бақылау жасау

Тауарлардың кедендік құнына бақылау жасау, тауарларды шығарғанға дейін және шығарғаннан кейін, оның ішінде тәуекелдерді басқару жүйесін қолданумен, кедендік бақылауды жүргізу аясында кеден органымен жүзеге асырылады.

Тауарлардың кедендік құнына бақылау жасауды жүзеге асырудың тәртібі Кедендік одақтың комиссиясының шешімімен орнатылады.

67-бап. Тауарлардың кедендік құнына қатысты шешім

Тауарлардың кедендік құнына бақылау жасауды жүзеге асырудың қорытындылары бойынша кеден органы Кедендік одақтың комиссиясының шешімімен орнатылған тәртіпте және нысанда декларанттың назарына жеткізілетін, осы Кодекстің 68-бабының ережелеріне сәйкес тауарлардың жарияланған кедендік құнын қабылдау туралы немесе тауарлардың жарияланған кедендік құнын түзету туралы шешім қабылдайды.

68-бап. Тауарлардың кедендік құнына түзету жүргізу

1. Тауарлардың жарияланған кедендік құнын түзету туралы шешім, егер кеден органымен немесе декларантпен, тауарлардың кедендік құны туралы жалған мәліметтер жарияланғаны, оның ішінде тауарлардың кедендік құнын анықтаудың әдісі дұрыс таңдалмағаны және (немесе) тауарлардың кедендік құнының дұрыс анықталмағаны анықталса, тауарларды шығарғанға дейінгі және кейінгі кедендік құнға бақылау жасауды жүзеге асыру кезінде кеден органымен қабылданады. Кеден органымен қабылданған тауарлардың жарияланған кедендік құнын түзету туралы шешім негізден және оны орындаудың мерзімінен тұруы қажет.

2. Оларды шығарғанға дейінгі тауарлардың кедендік құнын түзету туралы шешімді кеден органымен қабылдау кезінде, декларант жалған мәліметтерге түзету жүргізуді жүзеге асыруға және осы Кодекстің 196-бабында орнатылған тауарларды шығару мерзімінен аспайтын мерзімде есептелген түзетілген мәліметтердің көлеміндегі кедендік баждарды, салықтарды төлеуге міндетті.

Егер декларантпен тауарларды шығарған мерзімнен аспайтын мерзімде жалған

мәліметтерге түзету жүргізу жүзеге асырылмаса және қоса алынған кедендік баждар, салықтар төленбесе, кеден органы тауарларды шығарудан бас тартады.

3. Кедендік құнға түзету жүргізу туралы шешімнің кеден органымен қабылдануы кезінде тауарларды шығарғаннан кейін декларант жалған мәліметтерге түзету жүргізуді жүзеге асырады және түзетілген мәліметтердің көлеміндегі кедендік баждарды, салықтарды төлейді.

Осы шешіммен декларанттың келіспеу жағдайында тауарлардың кедендік құнға түзету жүргізу және төлеуге жататын кедендік баждарды, салықтарды қайта есептеу кеден органымен жүзеге асырылады.

4. Кедендік құнға түзету жүргізу және төлеуге жататын кедендік баждарды, салықтарды қайта есептеу, сондай-ақ оларды төлеудің мерзімі Кедендік одақтың комиссиясының шешімімен орнатылған тәртіпте және нысан бойынша жүзеге асырылады.

69-бап. Қосымша тексеріс жүргізу

1. Кеден органымен тауарлардың кедендік құны туралы мәліметтердің жалған болуы мүмкіндігін немесе жарияланған мәліметтердің тиісті дәрежеде расталмағандығын көрсететін белгілердің оларды шығарғанға дейінгі тауарлардың кедендік құнына бақылау жүргізу кезінде, кеден органы мерзімі және өткізу тәртібі Кедендік одақтың комиссиясының шешімімен орнатылатын осы Кодекске сәйкес қосымша тексеріс жүргізеді.

Бұл жағдайда кеден органымен декларанттың назарына жеткізілетін қосымша тексеріс жүргізу туралы шешім қабылданады. Кеден органының шешімі негізді және тауарлардың кедендік құны туралы мәліметтердің жалғандығын немесе жарияланған мәліметтердің тиісті дәрежеде расталмағандығын көрсететін нақты белгілердің тізімінен тұруы қажет. Жүргізілген қосымша тексерістің тәртібі, мерзімі, және нысаны Кедендік одақтың комиссиясының шешімімен орнатылады.

Кеден органымен қосымша тексерістің қорытындысы бойынша тауарлардың кедендік құнына қатысты шешім қабылданғанға дейін тауарлардың кедендік құнына бақылау жүргізу аяқталмаған болып саналады.

2. Егер қосымша тексеріс тауарларды шығару үшін осы Кодекстің 196-бабында орнатылған мерзімде жүргізіле алмаса, онда қосымша тексеріс жүргізу туралы шешім тауарларды шығарудан бас тартуға негіз бола алмайды. Шығару осы Кодекстің 88-бабының 2-тармағына сәйкес кеден органымен есептелген кедендік баждардың, салықтардың декларантпен ұсынылған кезінде жүзеге асырылады.

3. Тауарлардың кедендік құны туралы жарияланған мәліметтерге қосымша тексеріс жүргізу үшін, кеден органы декларанттан қосымша құжаттарды және мәліметтерді сұрауға және осы үшін жеткілікті болуы тиіс осы Кодекстің 170-бабымен орнатылған мерзімнен аспайтын мерзімде оларды ұсынудың мерзімін орнатуға құқылы.

Декларант кеден органымен сұралып отырған қосымша құжаттарды және мәліметтерді ұсынуға немесе олар бойынша ұсыну мүмкін болмайтын себептерді жазбаша түрде ұсынуға міндетті.

Декларант тауарлардың кедендік құнын анықтаудың олармен таңдап алынған әдістерін қолданудың құқыққа сай екендігін және олармен ұсынылған құжаттардың және мәліметтердің дұрыстығын дәлелдеуге құқығы бар.

4. Егер декларант кеден органымен сұралған олар бойынша ұсыныла алмайтын құжаттарды, мәліметтерді және (немесе) себептерді түсіндіруді ұсынбаса немесе осындай құжаттар және мәліметтер аталған баптың 1-тармағында көрсетілген қосымша тексерісті жүргізу үшін негізді жоймаса, кеден органы қосымша тексерістің қорытындысы бойынша өзінің өкіміндегі ақпараттардың негізінде және кедендік одақтың кедендік шекарасы арқылы тасымалданатын тауарлардың кедендік құнын анықтаудың мәселелерін реттейтін кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің халықаралық келісім-шарттың талаптарына сәйкес тауарлардың жарияланған кедендік құнына түзету жүргізу туралы шешім қабылдайды.

5. Егер қосымша тексерістің қорытындысы бойынша кеден органымен декларантпен жарияланған тауарлардың кедендік құнын қабылдау туралы шешім қабылданса, онда қамтамасыз етудің сомасын қайтару (есептеу) осы Кодекстің 90-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

2 бөлім

Кедендік төлемдер 9-тарау

Кедендік төлемдер туралы жалпы ережелер

70-бап. Кедендік төлемдер

1. Кедендік төлемдерге мыналар жатады:

1) әкелімдік кеден бажы;

2) әкетімдік кеден бажы;

3) кедендік одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу кезінде алынатын қосылған құн салығы;

4) кедендік одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу кезінде алынатын акциз (акциздер);

5) кедендік алымдар.

2. Арнайы, демпингіге қарсы бажды немесе орны толтырылған баждар осы Кодекспен көзделген тәртіпте кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің халықаралық келісім-шарттарына сәйкес орнатылады.

71-бап. Кедендік баждардың мөлшерлемелерінің түрлері

Кедендік баждардың мөлшерлемелері келесі түрлерге бөлінеді:

1) адвалорлық - салық салынатын тауарлардың кедендік құнына пайызбен

о р н а т ы л ғ а н ;

2) айрықша - табиғи көріністегі (саны, салмағы, көлемі және басқа да сипаттамалары) жеке сипаттамаға байланысты орнатылғандар;

3) аралас - осы баптың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген түрлерден тұрады.

72-бап. Кедендік алымдар

1. Кедендік алымдар, тауарларды шығаруға, тауарларды кедендік ілесіп алып жүруге, сондай-ақ осы Кодекспен және (немесе) кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен орнатылған басқа да іс-әрекеттерді жасағаны үшін кеден органымен өндіріп алынатын міндетті төлемдер болып табылады.

2. Кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен орнатылған кедендік алымдардың түрлері және мөлшерлемелері.

3. Кедендік төлемдердің мөлшері кедендік алым орнатылған, іс-әрекеттерді жасағаны үшін кеден органдарының шығындарының жобаланған құнынан аса алмайды .

4. Кедендік алымдарды төлеушілер, кедендік алымдарды төлеудің мерзімдері, оларды есептеудің, төлеудің, қайтарудың (есептеу) және өндіріп алудың тәртібі, сондай-ақ кедендік алымдардың төлеуге жатпайтын жағдайлары осы Кодекспен және (немесе) кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады.

73-бап. Аванстық төлемдер

1. Аванстық төлемдер, егер осындай төлемдерді төлеу кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен қарастырылса, нақты тауарларға қатысты кедендік төлемдердің нақты түрлері және сомаларының есебінде төленген және төлемшімен бірдейлендірілмеген ақша қаражаты (ақша) болып табылады.

2. Аванстық төлемдер, кедендік төлемдерді төлеу мақсатында бұл төлемдерді қолдану ұсынылатын аумақта кедендік одаққа қатысушы мемлекеттің валютасымен т ө л е н е д і .

3. Аванстық төлемдер есебінде төленген ақша қаражаты (ақша) аванстық төлемдерді төлеген тұлғаның мүлігі болып табылады және тұлғаның бұл туралы кеден органына өкім жасамайынша немесе өндіріп алуды аванстық төлемдерге айналдырмайынша, кедендік төлемдер есебінде немесе кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету есебіндегі ақша қаражаты (ақша) ретінде қарастырыла алмайды . Аванстық төлемдерді төлеген тұлғаның есебінен, кедендік декларацияның онымен және оның атынан жазылған ұсыным, кедендік төлемдер немесе кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету есебінен бұл тұлғаның өзінің ақша қаражатын (ақша) қолдануға білдірген ықыласы туралы куәландыратын өзге де іс-әрекеттерді ж а с а у ы қ а р а с т ы р ы л а д ы .

4. Төлемшінің талабы бойынша кеден органы аванстық төлемдерді қайтару үшін кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен орнатылған мерзімнен асырмай аванстық төлемдер есебінен төленген ақша қаражатын (ақша) шығындау

т у р а л ы е с е п т і ұ с ы н а д ы .

Есеп жазбаша түрде кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен орнатылған мерзімде және тәртіпте ұсынылады.

5. Аванстық төлемдерді қайтару осы Кодекстің 90-бабына сәйкес жүзеге асырылады. Аванстық төлемдердің талап етілмеген сомаларына өкім жүргізу кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

74-бап. Кедендік төлемдерді төлеу бойынша жеңілдіктер

1. Осы Кодекстің мақсаты үшін кедендік төлемдерді төлеу бойынша жеңілдіктер ретінде мына жайлар түсініледі:

- 1) тарифтік артықшылықтар;
- 2) тарифтік жеңілдіктер (кедендік баждарды төлеу бойынша жеңілдіктер);
- 3) салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктер;
- 4) кедендік алымдарды төлеу бойынша жеңілдіктер.

2. Тарифтік артықшылықтар кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің заңнамасына және (немесе) халықаралық келісім-шарттарына сәйкес ұсынылады.

Тарифтік жеңілдіктердің түрлері, тәртібі және оларды ұсынудың жағдайы кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес анықталады.

Салықтарды төлеу бойынша және кедендік алымдарды төлеу бойынша жеңілдіктер кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес анықталады.

10-тарау

Кедендік баждарды, салықтарды есептеу

75-бап. Кедендік баждарды, салықтарды салудың объектісі және кедендік баждарды, салықтарды есептеуге арналған база (салық базасы)

1. Кедендік баждарды, салықтарды салудың объектісі, кедендік шекара арқылы тасымалданылатын тауарлар болып табылады.

2. Тауарлардың түрлеріне және қолданылатын мөлшерлемелерге қарамастан, кедендік баждарды есептеуге арналған база, тауарлардың кедендік құны және (немесе) олардың табиғи көріністегі (саны, оны пайдалануға дейінгі тауардан ажырамайтын оның алғашқы орамасын есепке алғандағы және тауардың бөлшектік сауда үшін ұсынылатын салмағы, көлемі немесе басқа да сипаты) жеке сипаты болып табылады.

3. Салықтарды есептеуге арналған салық базасы кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес анықталады.

76 бап. Кедендік баждарды, салықтарды есептеу

1. Кедендік баждар, салықтар осы Кодекспен және (немесе) кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің халықаралық келісім-шарттарымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, өздігімен кедендік баждарды, салықтарды төлеушілермен

е с е п т е л е д і .

2. Кеден баждарын, салықтарды өндіріп алу кезінде, төлеуге жататын кеден бажы, салықтардың сомасын есептеу, онда кеден баждарын, салықтарды төлеуге жататын, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органымен жүзеге асырылады.

3. Төлеуге жататын кеден бажының, салықтардың сомасын есептеу, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден декларациясы берілген кеден органына, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің валютасында жүзеге асырылады.

4. Төлеуге және (немесе) өндіріп алуға жататын кеден баждарының сомасы, егер өзгесі осы Кодекспен айқындалмаса, кеден баждарын және кеден баждары мөлшерлемесінің тиісті түрін есептеу үшін базаны қолдану жолымен анықталады.

Төлеуге және (немесе) өндіріп алуға жататын салықтардың сомасы, аумағында тауарлар кедендік рәсімге орналастырылатын, немесе аумағында тауарларды кеден шекарасы арқылы заңсыз өткізудің фактісі айқындалған, кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес анықталады.

5. Осы Кодекстің 84-бабының 2-тармағының екінші бөлігімен белгіленген жағдайларда, кеден баждарының, салықтардың сомасы, олар төлеуге жататын, кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес есептеуге жатады.

77-бап. Кеден баждарының, салықтардың ставкасын қолдану

1. Кеден баждарын, салықтарды есептеу мақсаты үшін, егер өзгесі осы Кодекспен және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарымен көзделмесе, кеден органының кедендік декларацияны тіркеу күніне қолданыста болатын ставкасы қолданылады.

2. Әкелім кеден баждарын есептеу мақсаты үшін, егер өзгесі осы Кодекспен және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарымен көзделмесе, кеден одағының Бірыңғай кеден тарифімен белгіленген ставкасы қолданылады.

Әкелім кеден баждарын есептеу мақсаты үшін, үшінші елдерге қатысты әкетілім кеден баждарын қолдану мәселесін реттейтін, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес кеден одағының Комиссиясымен құралатын, тауарлардың жиынтық тізбесіне енгізілген тауарларға қатысты кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген ставкалар қолданылады.

Салықтарды есептеу мақсаты үшін, егер өзгесі осы тармақпен көзделмесе, тауарлар оның аумағында кедендік рәсімдерге орналастырылатын немесе оның аумағында тауарларды кеден шекарасы арқылы заңсыз өткізудің фактісі айқындалған, кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасымен белгіленген ставкасы қолданылады.

Салықтарды есептеу мақсаты үшін, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарымен белгіленген тәртіпте кедендік транзит рәсімі бойынша орналастырылған тауарлар кеден одағына қатысушы басқа мемлекеттің аумағында

болса, кеден одағына қатысушы осы мемлекеттің заңнамасымен белгіленген ставкалар қолданылады.

78-бап. Кеден баждарын, салықтарды есептеу мақсаты үшін шетел валютасын қайта есептеу

Егер кеден баждарын, салықтарды есептеу мақсаты үшін, оның ішінде тауарлардың кедендік құнын анықтау үшін, кедендік декларация ұсынылған кеден органына, кеден одағына қатысушы мемлекеттің валютасына шетел валютасын қайта есептеу талап етілген жағдайда, егер де өзгесі осы Кодекспен және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарымен көзделмесе, кеден одағына қатысушы бұл мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленген және кеден органының кедендік декларацияны тіркеу күніне қолданыста болған валюта курсы қолданылады.

79-бап. Кеден баждарын, салықтарды төлеушілер

Осы Кодекспен, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарына және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кеден баждарын, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттер жүктелген декларант немесе өзге де тұлғалар кеден баждарын төлеушілер болып табылады.

80-бап. Кеден баждарын, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттерді қалпына келтіру және тоқтату. Кеден баждарын, салықтарды төлеу жағдайлары

1. Кеден баждарын, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттер осы Кодекстің 81, 161, 166, 172, 197, 211, 214, 227, 228, 237, 250, 261, 274, 283, 290, 300, 306, 360-баптарына с ә й к е с т у ы н д а й д ы .

2. Кеден баждарын, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттер мына жағдайларда т о қ т а т ы л а д ы :

1) осы Кодекспен белгіленген мөлшерде кеден баждарын, салықтарды төлеу немесе ө н д і р і п а л у ;

2) бұл тауарларды пайдалану және (немесе) оған билік ету жөніндегі шектеулермен ұштаспаған, кеден баждарын, салықтарды төлеу жөніндегі жеңілдіктерді ұсына отырып , ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне тауарларды орналастыру;

3) авария салдарынан немесе ырық бермейтін күштің әрекеті салдарынан немесе тасымалдаудың бірқалыпты жағдайы кезіндегі табиғи шығын нәтижесінде шетел т а у а р л а р ы н ж о ю ;

4) егер кеден баждарының, салықтардың төленбеген сомасының мөлшері, кеден баждарын, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттердің туындау сәтіне қолданылатын кеден баждарын, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттер туындаған аумақта, кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленетін валюта курсы бойынша екі евро эквивалентінің сомасынан аспайды;

5) егер де кеден баждарын, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттер, тауарларды мемлекет иелегіне бас тартудың кедендік рәсіміне орналастыруға кедендік

декларацияны тіркегенге дейін туған жағдайда, тауарларды осы кедендік рәсімге орналастыру;

6) кеден одағына қатысушы бұл мемлекеттің заңнамасына сәйкес тауарларды кеден одағына қатысушы мемлекеттің меншігіне айналдыру;

7) кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес, тауарлардың құнын есебінен, өндіріп алуды тауарларға айналдыру;

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

81 - 95-баптардың мәтіндерін орыс тіліндегі нұсқадан қараңыз.

96-бап. Кедендік бақылаудағы тауарлар

1. Кеден одағының кедендік аумағына әкелінгенде тауарлар кедендік шекарадан өткен сәттен бастап кедендік бақылауда болады.

Қалыптасқан және кеден одағының кедендік аумағындағы, шетелдік тауарлар статусын иеленген тауарлар осы Кодекске сәйкес олар қалыптасқан сәттен бастап кедендік бақылаудағы тауарлар болып есептеледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарлар кедендік бақылаудағы болып есептеледі:

1) шартты түрде шығарылған, немесе кері импортты қоспағанда, ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне орналастырғанға;

2) шартты шығарылған тауарлар осы Кодекстің 200-бабының 4-тармағына сәйкес кеден одағының тауары статусын иеленуіне;

3) тауарларды мемлекет пайдасы үшін бас тарту кедендік рәсіміне орналастыруға немесе осы Кодекске және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасында сәйкес жоюға;

4) осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес кеден одағына қатысушы мемлекеттердің меншігіне айналдырғанға;

5) кеден одағының кедендік аумағына іс жүзінде әкетуге;

6) шетел тауарларын кеден аумағында қайта өңдеу операциялары нәтижесінде пайда болған қалдықтарды, оларды одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз етуге;

7) кедендік аумақта қайта өңдеу немесе ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімдеріне орналастырылған шетелдік тауарлар бөлігін өндірістік қалдықтар деп танылғанға дейін;

Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларды кеден органдары апат немесе еңсерілмейтін күш әрекеті салдарынан, қалыпты жағдайда тасымалдау (көлікпен тасымалдау) және (немесе) пайдалану (іске қосу), сақтау барысында табиғи азаю салдарынан жойылу фактісін (өтеусіз жоғалтылды) мойындағанда немесе халықаралық шарттармен және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасымен белгіленген өзге жағдайлар пайда болғанда кедендік бақылауда деп есептелмейді.

3. Кеден одағының тауарлары оларды кеден одағының кедендік аумағынан әкету

кезінде кедендік декларацияны немесе өзге кедендік декларация ретінде пайдаланылатын құжаттарды тіркеген сәттен бастап, кеден одағының кедендік аумағынан әкетуге бағытталған әрекетті жасауға және кедендік шекарадан өткенге дейін кедендік бақылауда болады.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тауарлар кеден одағының кеден одағының кедендік аумағынан іс жүзінде әкетілмеген осы Кодекстің 192-бабына сәйкес кедендік декларация қайта шақыртылған сәттен бастап кедендік бақылаудағы тауарлар болып есептелмейді.

5. Кеден органдары тұлғалардың кері әкелу немесе әкету міндеттемелерін, соның ішінде тауарларды өңдеу нәтижесінде алынған тауарларды, егер осындай тауарлар осы Кодексте көзделген кедендік рәсімдерге сәйкес міндетті түрде кері әкелуге немесе әкетуге жататын болса, бақылауды жүзеге асырады.

6. Кеден органдары көлік құралдарын тоқтатуға, сонымен қатар кеден органының рұқсатынсыз кеден одағы аумағын тастап кеткен теңіз, ішкі сулар және әуе кемелерін мәжбүрлеп қайтаруға құқылы. Бұл ретте шетелдік кемелерді және басқа мемлекеттердің аумағындағы кемелерді ұстау (қайтару) бойынша әрекеттері кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына және (немесе) халықаралық шарттарға сәйкес жүргізіледі.

Автомобильдік көлік құралдарын тауарлар мен құжаттарға кедендік бақылауды жүзеге асыру мақсатында кедендік бақылау аумағынан тыс жерде тоқтатқан жағдайда оларға кететін мұндай бақылау уақыты екі сағаттан аспау тиіс. Мұндай бақылауды жүзеге асырғандығы туралы акті Кеден одағы комиссиясының шешімімен белгіленген нысанда жасалып, бір данасы тасымалдаушыға беріледі.

97-бап. Кедендік бақылау аймағы

1. Кедендік шекара арқылы тауарларды өткізу орындары, уақытша сақтау қоймасының аумағы, бажсыз сауда дүкені және Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларымен белгіленген өзге орындар кедендік бақылау аймағы болып табылады.

Тауарларды кедендік қарау және (немесе) кедендік тексеріп қарау, жүктік және өзге операцияларды жүргізу үшін кедендік бақылау аймағының өзге орындары құрылады.

2. Кедендік бақылау аймағы, егер онда кедендік бақылауға жататын тауарлар үнемі болса немесе кедендік бақылау, жүктік және өзге операцияларды жүргізу уақытында уақытша құрылса.

3. Кедендік бақылау аймағын құру және белгілеу тәртібі, сондай-ақ кедендік бақылау аймағының құқықтық режимі Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларымен айқындалады.

98-бап. Кедендік бақылауды жүргізу үшін құжаттар мен мәліметтерді ұсыну

1. Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлға, декларант, кедендік бақылауды жүргізу үшін кеден органдарына қажетті құжаттар мен мәліметтерді электрондық және (немесе) жазбаша, ауызша түрде ұсынуға міндетті.

2. Кеден органы кедендік бақылауды жүргізу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді жазбаша және (немесе) электрондық түрде сұрауға және оларды табыс ету мерзімін белгілеуге құқылы.

Кеден органымен белгіленген мерзім сұратылған құжаттар мен мәліметтерді ұсыну үшін жеткілікті болуы тиіс.

3. Кеден органы кедендік бақылауды жүргізу үшін мекемелер мен банктерден кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жеке банктік операцияларды жүзеге асыру, ішкі экономикалық мәмілені жүзеге асыру бойынша ақша операциясы туралы құжаттар мен мәліметтерді алуға құқылы.

4. Кедендік бақылауды жүргізу мақсатында кеден органы тауарларды шығарғаннан кейін коммерциялық және бухгалтерлік құжаттарды, өзге де ақпаратты, соның ішінде тауарларды кедендік шекара арқылы өткізуге, оларды шығаруға және кеден одағының кедендік аумағында немесе одан тысқары жерлерде пайдалануға жататын ақпаратты электрондық нысанда сұрауға және алуға құқылы.

5. Кедендік бақылауды жүргізу үшін қажетті құжаттар, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен өзге мерзім белгіленбесе, тауарлардың кедендік бақылауда болуының аяқталған кезінен бастап бес жыл ішінде тұлғалар және кеден органдары сақтауға тиіс.

Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалар кедендік бақылау үшін қажетті құжаттарды кедендік операциялар жүргізілген жылдан кейін бес жыл бойы сақтауға тиіс.

99-бап. Тауарларды шығарғаннан кейін кедендік бақылау

Кеден органдары тауарларды шығарғаннан кейін тауарлардың кедендік бақылауда болуы аяқталған кезден бастап үш жыл ішінде кедендік бақылауды жүргізеді.

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен тауарларды шығарғаннан кейін бес жылдан аспайтын кедендік бақылаудың неғұрлым ұзақ мерзімі белгіленуі мүмкін.

Кедендік бақылау тауар шығарылғаннан кейін осы Кодекстің 16 және (немесе) 19-тарауларымен белгіленген нысандарда және тәртіпте жүргізіледі.

100-бап. Кеден одағының кедендік аумағына әкелінген тауар айналымы кезіндегі кедендік бақылау

1. Кеден органдары кеден одағының кедендік аумағына әкелінген тауарлардың айналымы кезінде кеден одағының кеден заңнамасының талаптары мен шарттарына сәйкес мұндай тауарлардың шығарылуын растайтын мәліметтерді тексеру мақсатында кеденді бақылау, соның ішінде тауарларда тауарларды кеден одағының кедендік аумағына әкелу заңдылығын растау үшін пайдаланылатын маркалаудың немесе өзге де

бірдейлендіру белгілерінің болуына тексеру жүргізеді.

2. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен кеден одағының кедендік шекарасы арқылы заңсыз өткізілген не кеден органдары кеден одағының кедендік аумағында осы тауарларды осы тұлғалар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты сатып алған тұлғалардан анықтаған кедендік баждарды, салықтарды төлемеуге немесе тыйымдар мен шектеулерді сақтамауға әкеп соққан кедендік рәсімдердің біріне сәйкес шығарылмаған тауарларға қатысты кедендік декларациялау, өзге де кедендік операцияларды жасау және кедендік баждарды, салықтарды төлеу мүмкіндігі белгіленуі мүмкін.

101-бап. Кедендік бақылауды өткізуге маманның қатысуы

1. Қажет болған жағдайларда кедендік бақылауды жүргізу кезінде нақты әрекеттерге қатысу үшін осы әрекеттерге мүдделі емес, кеден органына жәрдем беру үшін, соның ішінде техникалық құралдарды қолдану кезінде қажетті арнайы білімі және дағдылары бар маман тартылуы мүмкін.

2. Маман ретінде тұлғаны тарту, келісім негізінде жүзеге асырылады.

3 . М а м а н :

1) оның қатысуымен жүзеге асырылатын нақты іс қимылдарға қатысты материалдармен танысуға ;

2) ол қатысқан кедендік бақылауды жүргізу кезіндегі әрекеттердің нәтижелері бойынша ресімделетін құжаттармен танысуға және ол жасаған әрекеттер бойынша мұндай құжаттарға енгізілуге жататын өтініштер немесе ескертулер жасауға құқылы.

4 . М а м а н :

1) ол жасайтын әрекет бойынша арнайы білімді, түсіндірме беруді талап ететін әрекеттерге қатысуға ;

2) көрсетілген әрекеттерді жасау фактісін, олардың мазмұны мен нәтижелерін өз қолымен куәландыруға міндетті.

5. Маман алған коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де ақпаратты, сондай-ақ өзге де құпия ақпаратты ол жарияламауы, өзге де мақсаттарда пайдаланбауы, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға берілмеуі тиіс.

6. Кеден органдарында маманды тартумен байланысты пайда болған шығыстар, егер кедендік бақылауды жүргізу барысында кеден ұйымының кеден заңнамасын бұзушылықтар анықталса, оған немесе оның тауарларына қатысты кедендік бақылау жүргізілетін тұлғаның қаражаты есебінен өтеледі. Өзге жағдайларда қызмет көрсету үшін мұндай төлемді кедендік бақылау жүргізілген кеден органы кеден одағына қатысушы мемлекеттің бюджеті есебінен жүзеге асырады.

102-бап. Кедендік бақылауды жүргізуде жәрдем көрсету үшін басқа мемлекеттік органдардың мамандары мен сарапшыларын тарту

1. Кеден органдары кедендік бақылауды жүргізуде жәрдем көрсету үшін басқа мемлекеттік органдардың мамандары мен сарапшыларын тартуға құқылы.

2. Басқа мемлекеттік органдардан тартылатын мамандар мен сарапшылар мемлекеттік, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияны, сондай-ақ кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларға қатысты құпия ақпаратты жария етпеуге міндетті.

3. Басқа мемлекеттік органдардың мамандары мен сарапшыларын тартумен байланысты шығыстар, егер бұл жұмыс олардың қызметтік міндеттері шеңберіне кірмесе, осы Кодекстің 101-бабының 6-тармағымен айқындалған тәртіппен өтеледі.

103-бап. Кедендік шекарадағы кеден органдары мен бақылаушы мемлекеттік органдары арасындағы өзара іс-қимыл жасасу

1. Кедендік шекара арқылы өткізілетін және басқа бақылаушы мемлекеттік органдардың бақылауына жататын тауарларға кедендік бақылау жүргізу кезінде кеден органдары мұндай әрекеттерді жалпы үйлестіруді және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен айқындалған тәртіппен оларды бір уақытта өткізуді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

2. Кедендік шекара арқылы өткізілетін тауарларды бақылау нәтижелілігін көтеру мақсатында кеден органдары және бақылаушы мемлекеттік органдар ақпараттық жүйелер мен технологияларды пайдалана отырып, кедендік және мемлекеттік бақылаудың барлық түрлерін жүргізу үшін қажетті ақпаратпен (мәліметтермен) және (не м е с е) құ ж а т т а р м е н а л м а с а д ы .

3. Тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу кезінде мемлекеттік бақылау рәсімдерін жеделдету мақсатында кедендік тексеріп қарау кедендік шекарада бақылауды жүзеге асыратын барлық мемлекеттік органдардың қатысуымен жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте кедендік тексеріп қарау актісі жасалады.

104-бап. Кедендік бақылауды жүргізу кезінде заңсыз зиян келтіруге жол бермеу

1. Кедендік бақылауды жүргізу кезінде мүдделері кеден органдарының әрекеттерімен (әрекетсіздіктерімен) және шешімдерімен қозғалатын тасымалдаушыға, декларантқа, олардың өкілдеріне, уақытша сақтау қоймаларының, кеден қоймаларының , бажсыз сауда дүкендерінің иелеріне, сондай-ақ тауарлар мен көлік құралдарына кедендік бақылауды жүргізу кезінде заңсыз зиян келтіруге жол берілмейді.

2. Кедендік бақылауды жүргізу кезінде кеден органдарының не оның лауазымды тұлғаларының заңсыз шешімдерімен, әрекеттерімен (әрекетсіздіктерімен) келтірілген шығындар кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес толық к ө л е м д е ө т е у г е ж а т а д ы .

3. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден органдары лауазымды тұлғаларының заңды шешімдерімен, әрекеттерімен тұлғаға келтірілген шығындар өтеуге жатпайды.

105-бап. Кеден органдарының кедендік бақылаудың нақты нысандарын қолданудан босатылу

1. Кеден органдарының кедендік бақылаудың нақты нысандарын қолданудан босатылуы осы Кодекспен, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық келісімдерімен және өзге де халықаралық келісімдермен бекітіледі.

2. Кедендік қарап тексеруге жеке жүк жатпайды:

1) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің басшылары және олармен бірге отбасыларының мүшелері;

2) үкімет басшылары, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің үкіметтерінің мүшелері, егер көрсетілген тұлғалар кедендік шекарадан қызметтік міндеттерін орындауға байланысты өтсе;

3) кеден одағына қатысушы мемлекеттерге ресми іс сапармен келетін шетел мемлекеттерінің басшылары, шетел мемлекеттерінің үкімет басшылары, шетел істерінің министрлері;

4) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарына және өзге де халықаралық шарттарға сәйкес өзге де тұлғалар;

3. Кедендік қарап тексеруден босатылады:

1) шетел әскери кемелері, әскери әуе кемелері және өздігінен жүретін әскери техника;

2) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік органдарының арнайы арыздарына сәйкес кедендік шекара арқылы өткізілетін әскери мүлік;

3) Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық әуе жайларында кедендік бақылау аймағындағы тұрақ кезіндегі шетелдік әуе кемесі халықаралық әуе рейстерін орындаушылар;

106-бап. Кеден органдарының кедендік бақылау өткізу кезінде тұлғалар туралы ақпарат жинауы

1. Кедендік бақылауды өткізу мақсатында кеден органдары тауарлардың кедендік шекара арқылы өткізумен байланысты сыртқы экономикалық қызметті немесе мына мәліметтерді қосатын кедендік бақылаудағы тауарларға қатысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат жинауға құқылы:

1) мекемелердің құрылтайшылары туралы;

2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы немесе жеке кәсіпкер ретінде;

3) кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын мүлік құрамы туралы;

4) ашық банктік шоттар туралы;

5) сыртқы экономикалық қызмет саласындағы қызмет туралы;

6) мекеменің орналасқан жері туралы;

7) салық органында салық төлеуші ретінде есепке тұруы және салық төлеушінің бірдейлендіру (тіркеу, есептік) нөмірі туралы;

8) кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын тұлғалар реестріне енгізілген тұлғалардың төлеуге қабілеттілігі туралы;

9) жеке тұлғаларға қатысты - азаматтардың дербес деректері туралы (аты, тегі, әкесінің аты, туылған күні және орны, жынысы, тұрғылықты мекен-жайы, жеке тұлғалығын растайтын құжатының дерегі, салық төлеушінің бірдейлендіру (тіркеу, есептік) нөмірі, сондай-ақ олардың кедендік шекара арқылы тауарлар өткізу жиілігі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тұлғалар кеден органдарында бар өзі туралы құжаттамалық ақпаратпен танысуға және оның толықтығы және дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында осы ақпаратты анықтауға құқылы.

3. Кедендік шекара арқылы өткізілетін тауарларға қатысты кедендік операциялар жасау кезінде ақпарат жинау, сондай-ақ кеден одағына қатысушы басқа мемлекеттік органдардан аталмыш ақпаратты алу тәсілімен жүзеге асырылады.

107-бап. Техникалық құралдарды және кемелерді кедендік бақылауды жүргізу кезінде пайдалану

1. Кедендік бақылауды жүргізу уақытын қысқарту және оның нәтижелілігін көтеру мақсатында кеден органдары тізбесі мен қолданылу тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген кедендік бақылаудың техникалық құралдарын пайдалануы мүмкін.

Көрсетілген техникалық құралдар адамның өмірі мен денсаулығы, жануарлар мен өсімдіктер үшін қауіпсіз болуы тиіс және тұлғаларға, тауарлар мен көлік құралдарына зиян келтірмеуі тиіс.

2. Кедендік шекара арқылы өткізілетін тауарларға қатысты кедендік бақылау кеден органдарының теңіз (өзен) және әуе кемелерін пайдалана отырып, жүргізілуі мүмкін.

3. Кедендік бақылаудың мақсаттары үшін теңіз (өзен) және әуе кемелерін пайдалану тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленеді.

108-бап. Кедендік бақылау үшін қажетті тауарлар мен көлік құралдарына қатысты жүк және өзге де операциялар

1. Кеден органының талабы бойынша декларант, қойманың иесі, кеден өкілі және тауарларға қатысты өкілеттіктері бар өзге де тұлға тауарларды тасымалдауды, өлшеуді немесе оның санына өзге де анықтауды, тиеуді, түсіруді, қайта тиеуді, орамның зақымданған жерлерін жөндеуді, орамды ашуды, кедендік бақылауға жататын тауарларды орауды не қайта орауды, мұндай тауарлар болуы мүмкін үй-жайлар мен басқа да орындарды ашуды жүргізуге міндетті.

2. Тасымалдаушы ол тасымалдайтын тауарларға және мұндай тауарлар тасымалданатын көлік құралдарына қатысты жүк және өзге де операцияларды

жүргізуге ықпал етуге міндетті.

3. Тауарлар мен көлік құралдарына қатысты жүк және өзге операциялар кеден органы үшін қандай да бір шығындарға әкеп соқпауы тиіс.

109-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын, жайлар мен басқа да орындарды сәйкестендіру

1. Кедендік бақылаудағы тауарларды, көлік құралдарын, жайларды, ыдыстарды және онда кедендік бақылауға жататын тауарлар болуы мүмкін басқа да орындарды кеден органдары сәйкестендіруі мүмкін.

Сәйкестендіру пломбалар қою, мөр басу, санмен, әріппен және өзге де таңба қою, сәйкестендіру белгілерін салу, мөртабандар қою, сынамалар мен үлгілерді іріктеп алу, тауарларды егжей-тегжейлі сипаттап жазу, сызбалар жасау, масштабтық бейнелер, фотосуреттер, иллюстрациялар жасау, тауардың ілеспе құжатын және өзге де құжаттаманы пайдалану жолымен және өзге де тәсілдермен жүргізіледі.

2. Сәйкестендіру құралдарын қолдану және дайындау тәртібін, сондай-ақ олардың стандарттары кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленеді.

3. Кеден мақсаттары үшін сәйкестендіру құралдары ретінде пломбалар, мөрлер немесе шетел мемлекеттерінің кеден органдары, сондай-ақ тауарларды жіберушілер немесе тасымалдаушылар қолданатын сәйкестендірудің өзге де құралдары танылуы мүмкін.

4. Тауарлар мен көлік құралдары жойылуының, қайтарымсыз жоғалуының немесе елеулі түрде бүлінуінің нақты қаупі болу жағдайларын қоспағанда, сәйкестендіру құралдарын тек кеден органдары өзгертуі, алып тастауы немесе жоюы мүмкін немесе бұл олардың рұқсатымен ғана жүзеге асырылады. Кеден органына сәйкестендіру құралдарының өзгерістері, алынып тасталуы немесе жойылуы туралы тез арада хабарланады және аталған қатердің бар екендігіне дәлелдеме беріледі.

Сәйкестендіру құралдарының өзгеруі, алынып тасталуы, жойылуы немесе айырбасталуы туралы кеден органы кеден одағы Комиссиясының шешімімен белгіленетін нысан бойынша акті жасайды.

16-тарау

Кедендік бақылауды жүргізу нысандары мен тәртібі

110-бап. Кедендік бақылаудың нысандары

- Кедендік бақылау нысандары:
- 1) құжаттар мен мәліметтерді тексеру;
 - 2) ауызша пікір сұрау;
 - 3) түсіндірмелер алу;
 - 4) кедендік қадағалау;
 - 5) кедендік тексеру;

- 6) кедендік тексеріп қарау;
7) жеке кедендік тексеріп қарау;
8) тауарлардың арнайы маркалармен маркалануын, оларда сәйкестендіру белгілерінің болуын тексеру;
9) үй-жайлар мен аумақтарды тексеру;
10) кедендік бақылаудағы тауарларды есепке алу;
11) тауарларды есепке алу жүйесін және олар бойынша есептілікті тексеру;
12) кедендік тексеру болып табылады.

111-бап. Құжаттарды және мәліметтерді тексеру

1. Кеден органдары мәліметтердің дұрыстығын, құжаттардың түпнұсқалылығын және (немесе) оларды толтыру және (немесе) ресімдеу дұрыстығын анықтау мақсатында кедендік операцияларды жасау кезінде ұсынылған құжаттар мен мәліметтерді тексереді.

2. Кеден органдарына кедендік операцияларды жасау кезінде берілген мәліметтердің дұрыстығын тексеру оларды басқа дереккөздерден алынған ақпаратпен салыстыру, кедендік статистиканың мәліметтерін талдау, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып мәліметтерді өңдеу арқылы, сондай-ақ кеден одағының кеден заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да тәсілдермен жүзеге асырылады.

3. Кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде кеден органы кедендік құжаттардағы ақпараттарды тексеру мақсатында жазбаша түрде қосымша Құжаттар мен мәліметтерді сұратып алуға құқылы.

4. Осы баптың 3-тармағына сәйкес қосымша құжаттар мен мәліметтерді сұрату және егер осы Кодексте өзгеше тікелей көзделмесе, оларды тексеру тауарларды шығаруға кедергі жасамауы тиіс.

112-бап. Ауызша пікір сұрау

Осы Кодекске сәйкес кедендік операцияларды жасау кезінде кеден органдарының лауазымды тұлғалары жеке тұлғалардан, олардың өкілдерінен, кедендік шекара арқылы өткізілетін тауарларға қатысты өкілеттігі бар ұйымдардың өкілдері болып табылатын тұлғалардан жазбаша нысанда көрсетілген тұлғалардың түсініктемелерін ресімдеместен, пікір сұрауға құқылы.

113-бап. Түсіндірмелер алу

1. Түсіндірмелер алу - кеден органдары лауазымды адамдарының декларанттардан және кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді білетін өзге де адамдардан кеден ісі саласындағы қажетті ақпаратты алуы.

2. Түсіндірме Кеден одағы комиссиясының шешімімен белгіленген жазбаша нысанда ресімделеді.

3. Адамды түсіндірме алу үшін шақыру қажет болған жағдайда, кеден органы шақырылатын тұлғаға табыс етілетін жазбаша нысандағы хабарламаны ресімдейді.

114-бап. Кедендік қадағалау

Кедендік қадағалау - кеден органдары лауазымды адамдарының тауарлардың, соның ішінде кедендік бақылаудағы көлік құралдарының тасымалдануын, олармен жүк және өзге операциялардың жасалуын ашық, мақсатты, жүйелі немесе бір жолғы, тікелей немесе жанама түрде көзбен шолып, соның ішінде техникалық құралдарды қолдана отырып қадағалауы.

115-бап. Кедендік тексеру

1. Кедендік тексеру - көлік құралдарын, тауарлардың орамдарын ашпастан, тексерілетін объектілердің және олардың бөліктерінің бүтіндігін демонстрациялап және бұзбастан, тауарларды, соның ішінде көлік құралдарын, соның ішінде жеке тұлғалардың багажын, сондай-ақ кедендік ыдыстарды, кедендік пломбаларды, мөрлерді және өзге де сәйкестендіру құралдарын өзге де тәсілдермен тексеруі.

2. Кеден органы лауазымды адамдарының тауарларды, соның ішінде халықаралық почта жөнелтімдерін халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарын, жеке тұлғалардың багажын тексеруі кедендік бақылаудағы тауарлардың сипаты, шығарылған жері, жай-күйі, мөлшері туралы, тауарларда, көлік құралдарында және олардың жүк тиелетін жайларында кедендік пломбалардың, мөрлердің және басқа да қондырылған сәйкестендіру құралдарының бар екендігі туралы мәліметтерді растауды алу үшін жүзеге асырылады.

3. Кедендік бақылау аймағында кедендік тексеру декларант, тауарларға қатысты өкілеттіктері бар өзге де адамдар және олардың өкілдері тексеру кезінде қатысуға тілек білдіретін жағдайларды қоспағанда, аталған адамдардың қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін.

4. Кедендік тексеру тексерілетін объектінің ішкі құрылымын көзбен қарауды және мұндай объектінің физикалық ерекше сипаттамасының болуы туралы өзге тәсілмен қамтамасыз ететін техникалық құралдарды қолдана отырып жүргізілуі мүмкін.

5. Егер мұндай тексерудің нәтижелері кедендік мақсаттар үшін пайдаланылатын болса, тексеру нәтижесі бойынша кеден органдарының лауазымды тұлғалары Кеден одағы комиссиясының шешімімен белгіленген нысан бойынша акт жасайды.

Тауарларға қатысты өкілеттіктері бар тұлғаның талабы бойынша кеден органының лауазымды тұлғалары кедендік тексерудің жүргізілгені туралы акті жасауға не көліктік (тасымалдау), коммерциялық немесе кедендік құжатта белгі қоюға міндетті.

Кедендік тексерудің жүргізілгені туралы актінің екінші данасы тауарларға қатысты өкілеттіктері бар тұлғаға табыс етіледі.

116-бап. Кедендік тексеріп қарау

1. Кедендік тексеріп қарау - оларға салынған кедендік пломбаларды немесе өзге де сәйкестендіру құралдарын бұзу, бөлшектеу, демонстрациялау немесе тексерілетін объектілерді және олардың бөлшектерін өзге тәсілдермен бұзу арқылы кеден органдары лауазымды адамдарының тауарлардың орамаларын немесе көлік құралының жүк тиелетін жайларын не ыдыстарды, контейнерлерді және тауарлар бар немесе

болуы мүмкін өзге де орындарды ашумен байланысты іс-әрекеті.

2. Кедендік тексеріп қарауды жүргізуге өкілетті кеден органының лауазымды тұлғасы мұндай тұлғалар белгілі болса, декларантты немесе тауарларға қатысты өкілеттіктері бар өзге де тұлғаны кедендік қарап тексерудің жүргізілетін жері және уақыты туралы хабардар етеді.

Декларант, тауарларға қатысты өкілеттіктері бар өзге де тұлғалар және олардың өкілдері осы баптың 4-тармағымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз бастамасы бойынша кедендік тексеріп қарау кезінде қатысуға құқылы.

3. Жайлар мен аумақтарды кедендік тексеріп қарау барысында және (немесе) көшпелі кедендік тексеру барысында жүзеге асырылатын кедендік тексеріп қарау кедендік бақылау аймақтарын құрмастан жүргізілуі мүмкін.

4. Кеден органы лауазымды адамдарының талабы бойынша декларант немесе тауарларға қатысты өкілеттіктері бар өзге де тұлғалар және олардың өкілдері кедендік тексеріп қарау кезінде қатысуға және кеден органының лауазымды адамдарына қажетті жәрдем көрсетуге міндетті. Тасымалдаушы арнайы уәкілеттік берген өкіл болмаған жағдайда, көлік құралын жүргізетін жеке тұлға осы міндетті атқарушы болып табылады.

5. Кеден органы декларант, тауарларға қатысты өкілеттіктері бар өзге де тұлғалар және олардың өкілдері болмаған кезде, мынадай жағдайларда:

- 1) көрсетілген тұлғалар келмегенде не мұндай тұлғалар белгісіз болғанда;
- 2) ұлттық (мемлекеттік) қауіпсіздік, адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің ұлттық мәдени игілігін сақтауға қауіп болған кезде және кейінге қалдыруға болмайтын, соның ішінде егер тауарлар оңай жалындайтын заттар, қауіпті жарылғыш нәрселер, жарылғыш, уландырғыш, қауіпті химиялық және биологиялық заттар, есірткі құралдары, психотроптық, қатты әсер ететін улы токсинді, радиоактивті заттар, ядролық материалдар және басқа да ұқсас тауарлар болып табылатынына белгілер болған, егер тауарлар жағымсыз иіс шығаратын өзге де жағдайларда;
- 3) тауарларды халықаралық почта жөнелтілімдерінде жөнелту кезінде;
- 4) тауарларды кеден одағының кедендік аумағында олардың әкетілуін көздейтін кедендік режимді бұза отырып қалдыру кезінде кедендік тексеріп қарауды жүргізуге құқылы.

Кедендік тексеріп қарау көрсетілген жағдайларда екі куәгердің қатысуымен жүргізіледі.

6. Кедендік тексеріп қарау нәтижелері бойынша Кеден одағы комиссиясының шешімімен белгіленген нысан бойынша екі данада кедендік тексеріп қарау актісі жасалады. Кедендік тексеріп қарау актісінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) кедендік тексеріп қарау жүргізген кеден органының лауазымды тұлғалары және оны жүргізу кезінде қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;

- 2) декларант немесе тауарларға қатысты өкілеттіктері бар өзге де тұлғалар болмаған кезде кедендік тексеріп қарауды жүргізу себептері;
- 3) кедендік тексеріп қарау нәтижелері;
- 4) акті нысанымен көзделген өзге де мәліметтер.

Егер бұл тұлға анықталса, актінің екінші данасы тауарларға қатысты өкілеттіктері бар тұлғаға не оның өкіліне табыс етіледі (жіберіледі).

117-бап. Жеке кедендік тексеріп қарау

1. Жеке кедендік тексеріп қарау кедендік шекара арқылы өтетін не кедендік бақылау аймағындағы немесе халықаралық әуежайдың транзит аймағындағы жеке тұлғаның кеден одағының кеден заңнамасын бұза отырып өткізілетін тауарларды өзінде жасырып және ерікті түрде бермей тұр деп ойлауға жеткілікті негіздер болған кезде кеден органы басшысының (бастығының), оны алмастырушы тұлғаның жазбаша шешімі бойынша жүргізілетін кедендік бақылаудың ерекше нысаны болып табылады.

Жеке кедендік тексеріп қарауды жүргізу туралы шешім кеден органы лауазымды тұлғасының мәлімдемесінде бұрыштама қою арқылы жазбаша нысанда қабылданады не жеке құжатпен ресімделеді.

2. Жеке кедендік тексеріп қарау басталар алдында кеден органының лауазымды тұлғасы тексеріп қарауды жүргізу туралы шешімді көрсетуге, жеке тұлғаны мұндай тексеріп қарауды жүргізу кезіндегі құқықтарымен таныстыруға және жасырған тауарларын өз еркімен беру туралы ұсыныс жасауға міндетті.

Жеке тұлғаның жеке кедендік жеке тексеріп қарау туралы шешіммен танысу фактісін көрсетілген тұлға мұндай тексеріп қарауды жүргізу туралы шешімдегі тиісті жазбамен куәландырылады. Мұндай әрекеттерді жасаудан бас тартқан жағдайда бұл туралы жеке кедендік тексеріп қарауды жүргізу туралы шешімге мұндай тексеріп қарауды жүргізу туралы шешімді жариялаған кеден органының лауазымды тұлғаның қолымен куәландырылатын белгі жасалады.

3. Жеке кедендік тексеріп қарауды жүргізу кезінде кеден органы лауазымды тұлғасының әрекеті жеке тұлғаның ар-намысы мен абыройына нұқсан келтірмеуге, тексеріліп қаралатын тұлғаның денсаулығына құқыққа жатпайтын зиян және мүлкіне залал келтірмеуге тиіс.

4. Өзіне қатысты жеке кедендік тексеріп қарау жүргізіліп отырған жеке тұлғаның:

- 1) жеке кедендік тексеріп қарау жүргізу басталғанға дейін оны жүргізу тәртібімен және жеке кедендік тексеріп қарау жүргізу туралы шешіммен танысуға;
- 2) өз құқықтары мен міндеттерімен танысуға;
- 3) түсініктеме беруге және қолдаухат мәлімдеуге;
- 4) кеден одағының кеден заңнамасын бұза отырып өткізілетін, өзінде жасырған тауарларын өз еркімен беруге;

5) жеке кедендік тексеріп қарау жүргізетін кеден органы лауазымды адамының жеке кедендік тексеріп қарауды жүргізу туралы хаттамаға міндетті түрде енгізе отырып,

ө т і н і ш

ж а с а у ғ а ;

6) ана тілін пайдалануға, сондай-ақ аудармашының қызметтерін пайдалануға;

7) жеке кедендік тексеріп қарау жүргізетін кеден органы лауазымды адамдарының әрекеттеріне осы Кодекске сәйкес шағымдануға құқығы бар.

5. Жеке кедендік тексеріп қарау барысында тексеріліп қаралатын тұлға немесе оның заңды өкілі жеке кедендік тексеріп қарау жүргізетін кеден органы лауазымды адамының заңды талаптарын орындауға міндетті.

6. Жеке кедендік тексеріп қарауды тексеріліп қаралатын адаммен бір жыныстағы кеден органының лауазымды адамдары сол жыныстағы екі куәгердің қатысуымен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келетін оқшауланған үй-жайда жүргізеді. Бұл үй-жайға басқа жеке тұлғалардың енуіне және олардың тарапынан жеке кедендік тексеріп қараудың жүргізілуін қадағалау мүмкіндігіне жол берілмеуге тиіс. Тексеріп қаралатын адамның денесін тексеріп зерттеуді медицина қызметкері ғана, қажет болған жағдайда арнайы медициналық техниканы пайдалана отырып жүргізуге тиіс.

Медициналық қызметкер жеке кедендік тексеріп қарау туралы шешімді орындаудан жалтаруға құқылы емес.

Кәмелетке толмаған немесе қабілетсіз жеке тұлғаны жеке кедендік тексеріп қарау кезінде оның заңды өкілдері (ата-аналар, қамқоршылар, қорғауға алушылар) немесе оның алып жүретін тұлғалар қатысуға міндетті.

7. Жеке кедендік тексеріп қарауды жүргізу туралы Кеден одағы комиссиясының шешімімен бекітілетін нысан бойынша екі данада акті жасалады. Бұл акті жеке кедендік тексеріп қарау барысында не тікелей ол аяқталғаннан кейін жасалуға тиіс.

Актіге жеке кедендік тексеріп қарауды жүргізген кеден органының лауазымды тұлғасы, оған қатысты тексеріп қарау жүргізілген жеке тұлға не оның заңды өкілі немесе оны алып жүрген тұлға, куәгерлер, ал тексеріп зерттеу жүргізілген кезде - медициналық қызметкер қолдарын қояды.

Оған қатысты жеке кедендік тексеріп қарау жүргізілген жеке тұлғаға не оның заңды өкіліне немесе оны алып жүрген тұлғаға жеке кедендік тексеріп қарау туралы актінің екінші данасы ол жасалғаннан кейін дереу табыс етіледі.

118-бап. Тауарлардың арнайы маркалармен маркалануын, оларда сәйкестендіру белгілерінің болуын тексеру

1. Кеден органдары тауарларда немесе олардың орамдарында арнайы маркалардың, сәйкестендіру белгілерінің немесе кеден одағының кеден заңнамасымен көзделген жағдайларда, олардың кеден одағының кедендік аумағына әкеліну заңдылығын растау үшін пайдаланылатын өзге де тәсілдермен тауарларды белгілеулердің болуына тексеру жүргізеді.

2. Тауарларда арнайы маркалардың, сәйкестендіру белгілерінің және тауарларды белгілеудің өзге де тәсілдерінің болмауы, егер онда мұндай тауарлар табылған тұлға,

декларант не өзге де мүдделі тұлға керісінше дәлелдемесе, кеден одағының кедендік аумағына кедендік операцияларды жасамастан және тауарларды шығармастан жүзеге асырылған тауарларды әкелу ретінде қаралады.

119-бап. Үй-жайлар мен аумақтарды кедендік тексеру

1. Үй-жайлар мен аумақтарды кедендік тексеру кедендік бақылаудағы, соның ішінде шартты шығарылған, уақытша сақтау орындарындағы, кеден қоймаларындағы, бажсыз сауда дүкендеріндегі және кедендік бақылаудағы тауарлар болуы мүмкін өзге де жерлердегі, сондай-ақ оларда тауарлар осы Кодекспен көзделген кедендік рәсімдердің шарттарына сәйкес болуы тиіс тауарлардың болуын растау мақсатында жүргізіледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген үй-жайлар мен аумақтарды кедендік тексеруді кеден органдары осы тұлғалардың үй-жайларында немесе аумақтарында осы Кодекстің тәртібін бұзу арқылы кеден одағының кедендік аумағына әкелінген және (немесе) ондағы тауарлардың болуы туралы ақпарат болған кезде, мұндай ақпаратты тексеру үшін тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу орындарында, шекара аймағында, сондай-ақ тауарларды кедендік бақылау аймағы болып табылмайтын жерлерде сақтайтын, тауарларды көтерме немесе бөлшек саудалауды жүзеге асыратын тұлғаларда және тауарларға иелік ететін және (немесе) оларды пайдаланатын тұлғаларда жүргізуі мүмкін.

3. Кеден органдары үй-жайлар мен аумақтарды кедендік тексеруді осы үй-жайлар мен аумақтардың осы Кодекстің 24, 29, 34, 168, 233 және 304-баптарына сәйкес кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген талаптар мен шарттарға сәйкестігін тексеру мақсатында да жүзеге асыруы мүмкін.

4. Тұрғын үй-жайларға кедендік тексеру жүргізуге жол берілмейді.

5. Үй-жайлар мен аумақтарды кедендік тексеру нұсқаманы (нұсқауды) және кеден органы лауазымды тұлғасының қызметтік куәлігін көрсеткен кезде жүргізіледі.

Үй-жайлар мен аумақтарды тексеруге нұсқаманың (нұсқаудың) нысаны кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен айқындалады.

6. Аумаққа және үй-жайға кіргізуден бас тартқан жағдайда, кеден органдарының лауазымды тұлғалары аумаққа және үй-жайға екі куәгердің қатысуымен қарсылықтың жолын кесу және жабық үй-жайларды ашу арқылы кіруге құқылы.

Үй-жайларға қарсылықтың жолын кесу және жабық үй-жайларды ашу арқылы кірудің барлық жағдайлары туралы кеден органдары жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорды хабардар етеді. Кеден органдары лауазымды адамдарының аумақ пен үй-жайларға кіруіне қарсылық көрсеткен адамдар кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

7. Егер кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының жекелеген объектілерге

кіруінің арнайы тәртібі белгіленсе, онда мұндай кіру осы заң актілерінде айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

8. Үй-жайлар мен аумақтарды кедендік тексеру жүргізілуі үшін қажетті ең аз уақыт кезеңінде жүргізілуге тиіс және егер кеден одағына қатысушы мемлекеттердің өзгеше көзделмесе, бір жұмыс күнінен артық жалғасуы мүмкін емес.

9. Үй-жайлар мен аумақтарды кедендік тексеру нәтижелері бойынша Кеден одағы комиссиясының шешімімен бекітілген нысан бойынша акті жасалады. Үй-жайлар мен аумақтарды кедендік тексеру актісінің екінші данасы үй-жайлары немесе аумақтары тексерілген тұлғаға табыс етілуге (жіберілуге) жатады.

120-бап. Кедендік бақылаудағы тауарларды есепке алу

1. Кеден органдары кедендік бақылаудағы тауарлардың және соның ішінде ақпараттық жүйелер мен технологияны пайдалана отырып, олармен жасалатын кедендік операциялардың есебін жүргізеді.

2. Кедендік бақылаудағы тауарларды есепке алу тәртібі және нысаны кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен айқындалады.

121-бап. Тауарларды есепке алу жүйесін және олар бойынша есептілікті тексеру

1. Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын, арнайы оңайлатуларды пайдаланатын, сондай-ақ шетел тауарларын пайдаланатын және (немесе) иеленетін тұлғалар кеден органдарының талабы бойынша кеден органдарына сақталатын, тасымалданатын, сатылатын, қайта өңделетін және (немесе) пайдаланылатын тауарлар туралы есептілікті ұсынуға міндетті.

2. Есептілікті ұсыну нысаны және тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен айқындалады.

3. Кедендік бақылаудың нысаны ретінде тауарларды есепке алу жүйесін тексеру мынадай жағдайларда:

- 1) осы Кодекске сәйкес арнайы оңайландыруларды қолданған кезде;
- 2) тауарларды шартты шығарған кезде;
- 3) кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты;
- 4) мұндай тауарларды жүргізуді көздейтін кедендік рәсімдерде орналастырылған тауарларға қатысты жүргізіледі.

122-бап. Кедендік тексеру

1. Кеден органдары кедендік тексеруді тұлғалардың кеден одағының кеден заңнамасымен және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген талаптарды сақтауын тексеру мақсатында жүргізеді.

2. Кеден одағына қатысушы мемлекеттің кеден органы кедендік тексеруді осы кеден одағына қатысу мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған және (немесе) тіркелген, тексерілетін тұлғаларға қатысты жүргізеді. Тексерілетін тұлғалар деп:

1) д е к л а р а н т ;

2) к е д е н д і к ө к і л ;

3) тасымалдаушы, соның ішінде кедендік тасымалдаушы;

4) шығарылғаннан кейін тауарларға қатысты өкілеттіктері бар тұлға немесе оның ө к і л і ;

5) тауарларды уақытша сақтауды жүзеге асыратын тұлға;

6) бажсыз сауда дүкендерінің, кеден және өзге де қоймалардың иелері;

7) уәкілетті экономикалық оператор;

8) тиісті кеден рәсімдеріне орналастырылған тауарлармен жасалған мәмілелерге тікелей немесе жанама қатысқан өзге де тұлғалар;

9) оның иелігінде және (немесе) пайдалануында осы Кодекспен көзделген тәртіпті бұза отырып, соның ішінде кедендік шекара арқылы заңсыз өткізілген тауарлардың болуы туралы оған қатысты ақпарат бар тұлға түсіндіріледі.

3. Кедендік тексеру кезінде кеден органдары:

1) тауарлардың кедендік рәсімде орналасу фактісін;

2) кедендік декларацияда және тауарларды декларациялау кезінде ұсынылған өзге де құжаттарда мәлімделген, тауарларды шығару туралы шешім қабылдауға әсер еткен мәліметтердің дұрыстығын;

3) шартты шығарылған тауарларды пайдалану және оларға билік ету бойынша шектеулердің сақталуын;

4) кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға кеден одағының кеден заңнамасымен және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген талаптарды сақтауын;

5) тұлғалардың, соның ішінде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратындардың уәкілетті экономикалық оператор мәртебесін беру үшін қажетті белгіленген критерийлерге сәйкестігін;

6) кеден одағының кеден заңнамасымен және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталған өзге де бағыттарды тексереді.

4. Кедендік тексеру кедендік рәсімдегі тауарларды өткізу кезінде ұсынылған құжаттардағы мәліметтерді және кеден органында бар өзге де мәліметтерді бухгалтерлік есеп және есептілік деректерімен, шоттармен және кеден одағының кеден заңнамасымен және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген тәртіппен алынған басқа ақпаратпен салыстырып тексеру арқылы жүргізіледі.

5. Кедендік тексеру жүргізу кезінде осы Кодекстің 110-бабымен белгіленген кедендік бақылаудың өзге де нысандары пайдаланылуы мүмкін.

6. Кедендік тексеруді жүргізу алдында процесінде тексеруге жататын мәселелердің тізбесі анықталатын, қажет болғанда оны жүргізу бағдарламасы әзірленетін дайындық жұмысы болуға тиіс.

7. Кедендік тексеру камералдық кедендік тексеру немесе көшпелі кедендік тексеру нысанында жүзеге асырылады.

8. Кедендік тексеруге қатысу үшін кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кеден одағына қатысушы мемлекеттерден басқа да бақылаушы мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары тартылуы мүмкін.

9. Кедендік тексеру барысында әкімшілік құқық бұзушылық немесе қылмыс белгілері анықталған кезде кеден органдары кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шаралар қолданады.

10. Кедендік тексеру жүргізу тәртібі осы Кодекстің 19-тарауымен айқындалады.

11. Кедендік тексеру нәтижелері кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құжатпен ресімделеді.

12. Кедендік тексеру нәтижелері бойынша шешімдер қабылдау тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен айқындалады.

17-тарау

Кеден органдарының өзара әкімшілік көмегі

123-бап. Өзара әкімшілік көмек

1. Осы тараудың мақсаттары үшін өзара әкімшілік көмек деп кеден одағына қатысушы бір мемлекеттің кеден органының кеден одағының кеден заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету және кеден одағының кеден заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, олардың жолын кесу, оларды тергеу мақсатында кеден одағына қатысушы басқа мемлекеттің кеден органының тапсырмасы бойынша немесе онымен бірлескен әрекеттері түсіндіріледі.

2. Өзара әкімшілік көмек:

1) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдарының арасындағы ақпарат алмасуды;

2) кеден органдары қабылдайтын шешімдерді өзара тануды;

3) кеден одағына қатысушы мемлекеттер бірінің кеден органының кеден одағына қатысушы басқа мемлекеттің тапсырмасы бойынша осы Кодекспен белгіленген кедендік бақылаудың жекелеген нысандарын жүргізуді қамтиды.

Өзара әкімшілік көмек кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес кеден органдарының өзара іс-қимыл жасасуының өзге де түрлерін қамтуы мүмкін.

124-бап. Кеден органдары арасындағы ақпарат алмасу

Кеден органдары арасындағы ақпарат алмасу кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес, соның ішінде ақпараттық жүйелерді және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі.

125-бап. Кеден органдары қабылдаған шешімдерді өзара тану

Кедендік аумағына әкелінетін не одан тысқары жерлерге әкетілетін, кедендік бақылаудағы, кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес кеден одағының кедендік аумағы бойынша тасымалданатын, уақытша сақталатын тауарларға қатысты кедендік операцияларды жасау кезінде, сондай-ақ кедендік бақылауды жүргізу кезінде кеден одағының қабылдаған шешімдерін кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдары өзара таниды және кеден одағының кеден заңнамасымен белгіленген жағдайларда кеден одағының кедендік аумағында оның тең заң күші болады.

126-бап. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің бірінің кеден органының тапсырмасы бойынша кеден одағына қатысушы басқа мемлекеттің кеден органының кеден бақылаудың жекелеген нысандарын жүргізуі

Кеден одағының кеден заңнамасын қамтамасыз ету, сондай-ақ кеден одағының кеден заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу және олардың жолын кесу мақсатында кеден одағына қатысушы мемлекеттер бірінің кеден органы кеден одағына қатысушы басқа мемлекеттің кеден органына кедендік бақылаудың жекелеген нысандарын жүргізуді тапсыруға құқылы.

Кедендік бақылаудың жекелеген нысандарын жүргізу туралы тапсырманы жіберу және орындау негіздемелері, нысаны, тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарымен айқындалады.

18-тарау

Тәуекелдерді басқару жүйесі

127-бап. Осы тарауда пайдаланылатын терминдер

Осы тарауда мынадай терминдер және олардың анықтамалары пайдаланылады:

1) тәуекелді талдау - тәуекелдердің пайда болу жағдайларын және шарттарын анықтау, олардың сәйкестендіру және кеден одағының кеден заңнамасын сақтамаудың мүмкін болатын салдарын бағалау үшін кеден органдарында бар ақпаратты жүйелі пайдалану.

Тәуекелдер екіге бөлінеді:

1) анықталған және ықтимал;

2) анықталған тәуекел - кеден одағының кеден заңнамасын және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасын бұзушылықтың болғанын куәландыратын факті және кеден органдарының осы факті туралы ақпараты бар;

3) тәуекелдердің индикаторлары - олардан ауытқу немесе оларға сәйкестік бақылау объектісін таңдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін алдын ала белгіленген

параметрлері бар анықталған критерийлер;

4) ықтимал тәуекел - бұл анықталмаған тәуекел, бірақ оның пайда болуы үшін жағдайлар бар;

5) тәуекел профилі - тәуекелдердің саласы, тәуекелдердің индикаторлары туралы мәліметтердің жиынтығы, сондай-ақ тәуекелдердің алдын алу немесе азайту бойынша қажетті шаралар қолдану туралы нұсқаулар;

6) тәуекел саласы - оларға қатысты кедендік бақылаудың жекелеген нысандарын қолдану талап етілетін тәуекелді талдаудың жекелеген топтастырылған объектілері немесе олардың жиынтығы, сондай-ақ кедендік әкімшілендіруді жоғарылату;

7) тәуекелді бағалау - тәуекелдің пайда болу мүмкіндігін және ол пайда болған жағдайда, кеден одағының кеден заңнамасын бұзушылықтардың салдарын жүйелі анықтау;

8) тәуекел - кеден одағының кеден заңнамасын және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден заңнамасын сақтамау дәрежесі;

9) жасырын тауарлар - жеткілікті мүмкіндік дәрежесімен тәуекел тауарларының орнына декларациялануы мүмкін тауарлар;

10) тәуекел тауарлары - оларға қатысты тәуекелдер анықталған немесе ықтимал тәуекелдер бар, кедендік шекара арқылы өткізілетін тауарлар;

11) тәуекелдерді басқару - тәуекелдердің алдын алу және оларды азайту жөніндегі шараларды әзірлеу және практикалық іске асыру, олардың қолданылу нәтижелілігін бағалау, сондай-ақ кедендік операциялардың жасалуын бақылау бойынша үздіксіз жаңартуды, кеден органдарында бар ақпаратты талдау және қайта қарауды көздейтін жүйелі жұмыс;

12) тәуекелдің деңгейі - тәуекелдің пайда болу мүмкіндігіне және мүмкін болатын тәуекел салдарына байланысты айқындалады.

128-бап. Тәуекелдерді басқару жүйесінің қолданылу мақсаттары

1. Кеден органдары тәуекелдерді басқару жүйесін тауарларды, халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарын, кедендік бақылауға жататын құжаттар мен тұлғаларды, мұндай тауарларға, халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарына, құжаттар мен тұлғаларға қолданылатын кедендік бақылау нысандарын және кедендік бақылау дәрежесін айқындау үшін қолданады.

Тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану стратегиясы және тактикасы кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен айқындалады.

2. Тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану мақсаттары:

1) кеден органдарының құзыреті ішінде ұлттық (мемлекеттік) қауіпсіздікті, адам өмірі мен денсаулығын қорғау, қоршаған ортаны күзету бойынша шараларды қамтамасыз ету;

2) жоғары тәуекел салаларына назар қою және иелікте бар ресурстарды неғұрлым

тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

3) кеден одағының кеден заңнамасын және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасын: тұрақты сипаты бар;

елеулі көлемде кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуден жалтарумен байланысты;

кеден одағы тауарларының бәсекелестікке қабілеттілігіне нұқсан келтіретін; сақталуын қамтамасыз ету кеден органдарына жүктелген бақылаудың басқа түрлеріне байланысты бұзушылықтарды анықтау, болжау және олардың алдын алу болып табылады.

3. Кеден органдары тәуекелдерді азайту бойынша қолданылып жатқан шаралар туралы ақпаратпен, сондай-ақ кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарының тәртібімен кедендік бақылау жүргізу нәтижелілігін көтеруге ықпал ететін өзге де ақпаратпен өзара алмасуды жүзеге асырады.

129-бап. Тәуекелді талдаудың объектілері

Тәуекелді талдаудың объектілеріне жатады:

1) кедендік бақылаудағы немесе ішкі тұтыну үшін кедендік рәсімдегі тауарлар;

2) халықаралық тасымалдаудың көлік құралдары;

3) сатып алу-сату немесе айырбастаудың сыртқы экономикалық шарттарында (келісім-шарттарда), иелену, пайдалану және (немесе) тауарларға билік ету құқығына келісімдерде немесе өзге де құжаттарда құралатын мәліметтер;

4) көліктік (тасымалдық), коммерциялық, кедендік және өзге де құжаттарда құралатын мәліметтер;

5) декларанттардың және кедендік бақылаудағы тауарларға қатысты өкілеттіктерге ие өзге де тұлғалардың қызметі;

6) кедендік бақылау нысанын қолданудың нәтижелері.

130-бап. Тәуекелдерді бағалау және басқару бойынша кеден органдарының қызметі

1. Тәуекелдерді бағалау және басқару бойынша кеден органдарының қызметі мынадай тапсырмаларды орындауда:

1) кеден органдарының тәуекелдерін басқару жүйесінде мәліметтердің ақпараттық базасын құруда көрінеді;

2) өзіне жүйелік анықтауды қосатын тәуекелдерді талдау және бағалау: тәуекелдерді талдаудың объектілерін; тәуекелдердің алдын алу және мейлінше азайту бойынша шараларды қабылдаудың қажеттілігін анықтайтын тәуекелді талдаудың объектілері бойынша тәуекелдің индикаторларын;

тәуекел туындаған жағдайда мүмкін болатын зиянды бағалау;

3) тәуекелдерді басқару бойынша тәжірибелік шараларды жасау және жүзеге асыру

м ы н а л а р д ы ң :

тәуекелдер туындауының мүмкін болуы және мүмкіншілік салдары;
тәуекелдердің алдын алу және мейлінше азайту бойынша қолданылатын мүмкін
ш а р а л а р д ы т а л д а у е с е б і м е н .

2. Тәуекелдерді мейлінше азайту бойынша және нақты тауарларға және (немесе) көлік құралдарына кедендік бақылаудың жеке нысандарын қолданудың нәтижелері бойынша қабылданған шаралардың тиімділігі туралы ақпараттарды жинау, өңдеу және талдауды тұрақты негізде кеден органы жүзеге асырады.

3. Ақпараттарды жинау, өңдеу және талдаудың, тәуекелдерге талдау және бағалау жүргізудің, тәуекелдерді басқару бойынша шараларды жасау және жүзеге асырудың тәртібін кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасы белгілейді.

4. Белгіленген профильдердің және тәуекел индикаторларының мазмұны кеден органдарының пайдалануы үшін арналған құпиялы ақпарат болып табылады және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасы белгілеген жағдайларды қоспағанда өзге тұлғалардың жариялауына жатпайды.

131-бап. Камералдық кедендік тексеру

1. Камералдық кедендік тексеру кедендік декларацияларда, коммерциялық, көліктік (тасымалдық) және басқа да құжаттарда құралатын мәліметтерді, тексерілетін тұлға ұсынған кеден одағына қатысушы мемлекеттердің бақылаушы органдарының мәліметтерін, сондай-ақ, көрсетілген тұлғалардың қызметтері туралы кеден органдарында бар мәліметтерді зерделеу және талдау жолымен жүзеге асырылады.

2. Камералдық кедендік тексеруді тексерілетін тұлғаға шықпастан, сондай-ақ, нұсқаманы ресімдеместен (тексеруді белгілеу туралы актіні) кеден органының орналасқан жері бойынша кеден органы жүргізеді.

3. Камералдық кедендік тексерулер жүргізудің кезеңділігін шектеместен жүзеге асырылады.

132-бап. Көшпелі кедендік тексеру

1. Көшпелі кедендік тексеруді заңды тұлғаның орналасқан жеріне, жеке кәсіпкердің қызметін жүзеге асыратын жеріне және (немесе) олардың қызметтерін жүзеге асыруының фактілік орналасқан жеріне (бұдан әрі - тексерілетін тұлғаның объектілері) шығу арқылы кеден органы жүзеге асырады.

2. Көшпелі кедендік тексеру жоспарлы немесе жоспардан тыс болуы
м ү м к і н .

Жоспарлы көшпелі кедендік тексеру кеден органдары жасайтын тексеру жоспарларының негізінде жүзеге асырылады.

3. Көшпелі кедендік тексеру нысаны кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасында анықталған шешім негізінде (нұсқама, тексеруді белгілеу туралы акті) жүргізіледі.

4. Жоспардан тыс көшпелі кедендік тексерулерді белгілеу үшін:

1) кеден органдарының және кеден одағының кедендік заңнамасында және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің басқа да заңнамаларында мүмкін бұзушылықтар туралы дәлелдейтін кеден одағына қатысушы мемлекеттің бақылаушы органдарының мәліметтер базаларында құралатын ақпараттарды талдау нәтижесінде алынған мәліметтер ;

2) кеден одағының кедендік заңнамасындағы және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамаларындағы талаптарды мүмкін бұзушылығын дәлелдейтін мәліметтердің бар болуы ;

3) тұлғаның, соның ішінде өкілетті экономикалық оператор мәртебесін алуға кеден ісі саласында қызметті жүзеге асырушының өтініші;

4) осы баптың 4-тармағына сәйкес қарсы тексеру жүргізу қажеттілігі;

5) шетелдік ұйымдармен сыртқы экономикалық мәмілелер жасаған тұлғаға тексеру жүргізу туралы шетелдік мемлекеттің құзыретті органының өтініші (сұрау салу) ;

6) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасында қарастырылған өзге де негіздемелер негіз болып табылады.

5. Көшпелі кедендік тексеру кедендік бақылаудың басқа нысандарын қолданудың нәтижелері бойынша, сондай-ақ, камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша белгіленуі мүмкін.

6. Тексерілетін тұлға ұсынған мәліметтердің дұрыстығын растау қажеттілігі жағдайында кеден органы тауарлармен жасалған мәмілелер (операциялар) бойынша тексерілетін тұлғамен байланысты тұлғаларға қарсы көшпелі кедендік тексеру жүргізілуі мүмкін.

Қарсы көшпелі кедендік тексеру жоспардан тыс болып табылады.

7. Жоспарлы көшпелі кедендік тексерулер тексерілетін сол бір тұлғаға қатысты жылына бір реттен жиі емес жүргізіледі.

Уәкілетті экономикалық операторларға қатысты жоспарлы көшпелі кедендік тексерулерді кеден органдары үш жылда бір рет жүргізеді.

Жоспардан тыс көшпелі кедендік тексерулер олардың кезеңділігі бойынша шектеу қойылмастан жүзеге асырылады.

8. Жоспарлы көшпелі кедендік тексерулер үшін тексерілетін тұлғаларды іріктеп алу мына алынған ақпараттарды пайдалана отырып жүргізіледі:

1) кеден органдарының ақпараттық ресурстарын пайдалана отырып;

2) алдыңғы тексерулердің, соның ішінде камералдық тексерулердің нәтижелері бойынша ;

3) мемлекеттік органдардан ;

4) банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын банктерден және ұйымдардан ;

5) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік және (немесе) басқа да

бақылаушы мемлекеттік органдарынан;
6) бұқаралық ақпарат құралдарынан;
7) ресми жолмен өзге көздерден.

9. Жоспарлы көшпелі кедендік тексерулерді жүргізуді бастар алдында кеден органдары тексерілетін тұлғаға жоспарлы көшпелі кедендік тексеруді жүргізу туралы хабарламаны тапсырыстық пошталық жөнелту арқылы тапсыру туралы хабарламамен немесе оны алу фактісін растауға мүмкіндік беретін өзге тәсілдер арқылы мұндай х а б а р л а м а н ы ж і б е р е д і .

Орналасқан жері бойынша тексерілетін тұлғаның болмауына байланысты хатты ұсынбауын дәлелдейтін белгісімен пошталық жөнелтуді қайтару жоспарлы көшпелі кедендік тексеруді күшін жою үшін негіздеме болып табылмайды.

Жоспарлы көшпелі кедендік тексерулер тексерілетін тұлғаның хабарламаны алған кезеңінен бастап немесе адресатқа хатты тапсырмау туралы белгісімен кеден органына келіп түскен кезеңнен бастап он бес күнтізбелік күннен бұрын басталуы мүмкін емес.

10. Көшпелі кедендік тексерудің басталған күні тексерілетін тұлғаға кедендік тексеру туралы (тексеруді белгілеу туралы акт) шешімнің көшірмесін (нұсқама) т а п с ы р ғ а н к ү н е с е п т е л е д і .

Кедендік тексеру туралы (тексеруді белгілеу туралы акт) шешімнің көшірмесін (нұсқама) тексерілетін тұлғаға кеден органының лауазымды тұлғасы тапсырады, немесе тапсыру туралы хабарламамен тапсырыстық пошталық жөнелту арқылы жіберіледі.

Шешімнің көшірмесін (нұсқама, тексеруді белгілеу туралы акт) тапсыру кезінде тексерілетін тұлғаның басшысы немесе оның өкілі шешімнің түпнұсқасында (нұсқама, тексеруді белгілеу туралы акт) танысу туралы, сондай-ақ, шешімнің көшірмесін (нұсқама, тексеруді белгілеу туралы акт) алған күні және уақыты туралы белгі жасайды.

Шешімнің көшірмесін (нұсқама, тексеруді белгілеу туралы акт) алудан бас тартқан жағдайда кеден органының лауазымды тұлғасы шешімде (нұсқама, тексеруді белгілеу туралы акт) ол туралы тиісті жазба жасайды.

Тексерілетін тұлғаның жүргізілетін кедендік тексеру туралы (тексеруді белгілеу туралы акт) шешімнің көшірмесін (нұсқама) алудан бас тартуы, сондай-ақ, орналасқан жері бойынша тұлғаның болмауына байланысты адресатқа хатты тапсырмауын дәлелдейтін белгімен хабарламаны қайтару көшпелі кедендік тексеруді болдырмау үшін негіздеме болып табылмайды. Бұл жағдайда тексерудің басталар күні шешімде (нұсқама, тексеруді белгілеу туралы акт) шешімнің көшірмесін (нұсқама, тексеруді белгілеу туралы акт) алудан бас тарту туралы жазба күні, немесе адресатқа хатты тапсырмауы туралы белгімен хабарлама кеден органына келіп түскен күн есептеледі.

Көшпелі кедендік тексеруді жүргізуді бастар алдында тексерілетін тұлғаның объектісінде кеден органының лауазымды тұлғалары тексерілетін тұлғаның басшысына немесе оның өкіліне қызметтік куәліктерін көрсетуге міндетті.

10. Көшпелі кедендік тексеруді жүргізу кезеңінде тексерілетін тұлға оның

қызметімен байланысты тексерілетін құжаттарға өзгерістер және толықтырулар
енгізуге құқылы емес.

11. Көшпелі кедендік тексеруді жүргізу кезеңі екі айдан аспауы керек. Көрсетілген мерзімге тексерілетін тұлғаға құжаттар және мәліметтерді ұсыну туралы талаптарды тапсыру күні және мұндай құжаттар және мәліметтерді алу күні арасындағы уақыт кезеңі қосылмайды.

Тексеру жүзеге асыратын кеден органының шешімі бойынша көшпелі кедендік тексеруді жүргізу кезеңі тағы бір айға ұзартылуы мүмкін.

Зерттеулер немесе сараптамалар жүргізу қажеттілігі кезінде кеден одағына қатысушы мемлекеттердің немесе шетелдік мемлекеттердің құзырлы органдарына сұраулар жолдау, тексерілетін тұлғаның тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарын қалпына келтіруі, тексеру нәтижелері бойынша қорытындыға әсер ететін тексерілетін кезеңге қатысты қосымша құжаттар ұсыну, кеден органының басшысы немесе оған уәкілетті тұлғаның шешімі бойынша кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес тексеру жүргізу тоқтатылуы мүмкін.

Көшпелі кедендік тексеру мерзімін ұзарту туралы, сондай-ақ, кедендік тексеру жүргізу туралы (тексеруді белгілеу туралы акт) шешімде (нұсқама) оны жүргізуді тоқтату туралы тиісті жазба енгізіледі және тексерілетін тұлғаға хабар беріледі.

12. Көшпелі кедендік тексеруді жүргізген кеден органының лауазымды тұлғалары екі данада жасайтын және қол қойылатын, кедендік тексерудің нәтижелері бойынша ресімделген құжатты құрған күн көшпелі кедендік тексерудің аяқталу күні есептеледі.

Мұндай құжаттың бірінші данасы көшпелі кедендік тексерудің материалдарына қосылады, екінші данасы көшпелі кедендік тексеру аяқталған күннен бастап бес күннен кешіктірілмей тексерілетін тұлғаға тапсырылады немесе тапсыру туралы хабарламамен тапсырыстық пошталық жөнелтумен жіберіледі.

133-бап. Көшпелі кедендік тексеру жүргізу үшін тексерілетін тұлғаның объектісіне кеден органының лауазымды тұлғаларының қол жетімділігі

1. Тексерілетін тұлға кеден органының лауазымды тұлғалары кедендік тексеру жүргізу туралы (тексеруді белгілеу туралы акт) шешімді (нұсқама) және қызметтік куәліктерін көрсеткен кезде көшпелі кедендік тексеру жүргізу үшін тексерілетін тұлғаның объектісіне (тұрғын жайларды қоспағанда) көрсетілген тұлғалардың қол жетімділігін қамтамасыз етуге міндетті.

2. Егер, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасында жеке объектілерге мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары қол жетімділігінің арнайы тәртібін орнатса, онда мұндай қол жетімділік осы заңнамалық актілермен анықталатын тәртіпте жүргізіледі.

3. Тексерілетін тұлға кеден органдарының лауазымды тұлғаларының объектіге қол жетімділігіне мына жағдайларда бас тартуға құқылы, егер:

1) шешім (нұсқама, тексеруді белгілеу туралы акт) және (немесе) қызметтік куәліктері көрсетілмесе;

2) шешімде (нұсқама, тексеруді белгілеу туралы акт) кеден органының лауазымды тұлғалары көрсетілмесе;

3) лауазымды тұлғалардың объектіге қол жетімділігіне арнайы рұқсаты болмаса, егер мұндай рұқсат кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес келмесе.

4. Тексерілетін тұлға көшпелі кедендік тексеру жүргізетін кеден органдарының лауазымды тұлғаларының объектіге қол жетімділігінен бас тартқан кезде кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес хаттама жасалады.

Тексерілетін тұлға кеден органдарының лауазымды тұлғаларының қол жетімділігін қамтамасыз етуден негіздемесіз бас тартқан жағдайда, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кеден органдарының лауазымды тұлғаларының жеке объектілерге қол жетімділігінің басқа тәртібі белгіленген жағдайды қоспағанда, екі куәгердің қатысуымен қарсыласудың жолын кесе отырып және жабық жайларды ашу арқылы олар объектіге кіруге құқылы. Кеден органдары қарсыласудың жолын кесе отырып және жабық жайларды ашу арқылы объектіге кірудің барлық жағдайлары туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға хабарлайды.

134-бап. Кедендік тексеру жүргізу кезінде кеден органдарының лауазымды тұлғаларының құқықтары және міндеттері

1. Кеден органдарының лауазымды тұлғалары кедендік тексеру жүргізу кезінде:

1) тексерілетін тұлғадан коммерциялық, көліктік құжаттарын, бухгалтерлік есеп және есеп берушілік құжаттарын және өзге де, соның ішінде тексерілетін тауарларға қатысты электрондық тасымалдағыштағы ақпаратты талап етуге және алуға;

2) тексерілетін тұлғалардан көшпелі кедендік тексеру жүргізілетін тауарларға қатысты ұсынуды талап етуге;

3) кедендік бақылау мақсаттары үшін есеп берушілік ұсынымын талап етуге;

4) кедендік тексеру жүргізу үшін қажетті, ұйымдардың шоттары бойынша ақшалай қаражаттардың қозғалысына қатысты, соның ішінде банктік құпияны құрайтын ақпаратты банктерден және өзге де несиелік ұйымдардан талап етуге және алуға;

5) салық, басқа мемлекеттік органдардан, соның ішінде коммерциялық, банктік, салықтық және басқа заңнамамен қорғалатын құпияны құрайтын қажетті ақпаратты және құжаттарды сұрауға және алуға;

6) көшпелі кедендік тексерулер жүргізу кезінде тауарларға түгендеу жүргізуге (түгендеу жүргізуді талап етуге);

7) кедендік тексерулер жүргізуге байланысты халықаралық сұрау салуларды жіберуге;

8) кедендік тексеру жүргізу туралы (тексеруді белгілеу туралы акт) шешімді (нұсқама) және қызметтік куәліктерді көрсете отырып тексерілетін тұлғаның объектісіне қол жетімділігіне;

9) көшпелі кедендік тексеру жүргізу кезінде акт жасай отырып тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алуды жүзеге асыруға;

10) кедендік тексеру жүргізу кезінде алу актісін жасай отырып тексерілетін тұлғадан құжаттарды немесе олардың көшірмелерін алуға;

11) көшпелі кедендік тексеру жүргізілетін тауарларды иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілдермен иелік етуге бағытталған әрекеттердің жолын кесу үшін көшпелі кедендік тексеру жүргізу мерзіміне кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген тәртіпте тауарларға тыйым салуға немесе алуға;

12) тауарлар орналасқан үй-жайларды мөрлеуге;

13) кеден одағының заңнамасымен және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен қарастырылған өзге де әрекеттерді жүргізуге құқығы бар.

2. Кедендік тексерулер жүргізу кезінде кеден органдарының лауазымды тұлғалары:

1) тексерілетін тұлғаның құқықтарын және заңды мүдделерін сақтауға, заңсыз шешімдермен және әрекеттермен (әрекетсіздігімен) тексерілетін тұлғаларға залал келтіруге жол бермеуге;

2) көшпелі кедендік тексеру жүргізу кезеңінде тексерілетін тұлғаның белгіленген жұмыс режимін бұзбауға;

3) кедендік тексерулер барысында алынған кез келген ақпаратты тек кеден мақсаттары үшін пайдалануға;

4) кедендік тексеруді жүзеге асыру кезінде құпиялы мәліметтерді және белгілі болған салықтық, банктік және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламауға;

5) көшпелі кедендік тексеру жүргізу тәртібіне қатысты кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасының ережелері туралы қажетті ақпаратты тексерілетін тұлғаның талабы бойынша ұсынуға;

6) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен қарастырылған жағдайда қоспағанда, кедендік тексерулер жүргізу барысында алынған және жасалған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге, тексерілетін тұлғаның келісімінсіз олардың мазмұнын жарияламауға;

7) тауарларды шығарғаннан кейін кедендік бақылау жүргізу кезінде, соның ішінде сараптаманы (зерттеу) белгілеу және жүргізу кезінде, тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу кезінде тексерілетін тұлғаны оның құқықтары және міндеттері туралы ақпараттандыру;

8) кеден заңнамасымен және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

135-бап. Кедендік тексеру жүргізу кезінде тексерілетін тұлғаның құқықтары және міндеттері

1. Тексерілетін тұлға кедендік тексеру жүргізу кезінде:

1) кедендік тексеру жүргізу тәртібіне қатысты кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасының ережелері туралы ақпаратты кеден органдарынан сұрау
с а л у ғ а ж ә н е а л у ғ а ;

2) оның иелігіндегі тауарлардың шығу фактісін растайтын барлық бар құжаттарды және мәліметтерді ұсынуға, сондай-ақ, кеден одағының кеден заңнамасын және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасын сақтауға;

3) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген тәртіпте кеден органдарының шешімдерін және әрекеттерін (әрекетсіздіктерін) шағымдауға;

4) кеден одағының заңнамасымен және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен қарастырылған өзге де құқықтарды пайдалануға құқығы бар.

2. Тексерілетін тұлға кедендік тексеру жүргізу кезінде:

1) кедендік тексеру жүргізілуіне қатысты тауарларды көрсетуге;

2) қағаз тасымалдағышта қосымша беру арқылы, ол қандай ақпарат тасымалдағышта орналасқанынан тәуелсіз, кеден органының талабы бойынша белгіленген мерзімдерде мәліметтерді және құжаттарды ұсынуға;

3) тексерілетін тұлғаның объектісіне көшпелі кедендік тексеру жүргізетін лауазымды тұлғалардың кедергісіз қол жетімділігін қамтамасыз етуге және жұмыс
о р н ы н ұ с ы н у ғ а ;

4) кедендік тексеру жүргізу туралы (тексеруді белгілеу туралы акт) шешімнің (нұсқама) түпнұсқасында алу туралы белгі жасауға;

5) егер, кедендік тексеру мақсаттары үшін қажетті құжаттама кеден одағына қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік тілінен өзге тілде жасалса, кеден органының тексеруші лауазымды тұлғаларына аталмыш құжаттаманың аудармасын ұсынуға;

6) кедендік тексеру жүргізу туралы (тексеруді белгілеу туралы акт) шешімді (нұсқама) ұсынған күннен бастап екі күнтізбелік күннен кешіктірмей кеден органының тексеруші лауазымды тұлғаларына ақпаратты ұсынуға жауапты тұлғалар шеңберін
а н ы қ т а у д а ;

7) кеден одағының заңнамасымен және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттерді орындауға міндетті

136-бап. Кедендік тексеру мақсаттары үшін құжаттарды және мәліметтерді ұсыну

1. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің салық және өзге де мемлекеттік органдары кеден органдарының сұрау салуы бойынша заңды тұлғаларды тіркеу, салықтарды төлеу және есептеу, бухгалтерлік есеп берушілікке қатысты қажетті құжаттар және мәліметтерді, соның ішінде мемлекеттік, коммерциялық, банктік, салықтық қорғау бойынша кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасының

талаптарын және заңнамамен қорғалатын құпияны сақтау арқылы өзге де құжаттар
және мәліметтерді ұсынады.

2. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің банктік және өзге де несиелік ұйымдары кеден органының сұрау салуы бойынша кедендік тексеру жүргізу үшін ұйымдардың шоттары бойынша ақшалай қаражаттардың қозғалысына қатысты, соның ішінде банктік құпияны құрайтын құжаттарды және мәліметтерді ұсынады.

20-тарау

Кедендік бақылау жүргізу кезіндегі кедендік сараптама

137-бап. Осы тарауда пайдаланылатын терминдер

Осы тарауда мына терминдер және олардың анықтамалары пайдаланылады:

1) қорытынды - кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген тәртіпте ресімделген, жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін және кедендік сараптаманың қорытындыларын құрайтын құжат;

2) үлгі - тауардың (өнімнің) құрылымына, құрамына және барлық партияның қасиеттеріне, сериясына сәйкес келетін тауар (өнім) бірлігі, немесе белгіленген тәртіпте келешекте зерттеу мақсатында іріктеп алуы белгіленетін, көрінудің жазбаша және өзге де нысандарында ұсынылған ұқсас объект;

3) сынама - ұсынылатын және зерттелетін тауардың барлық көлемінің құрамын және қасиеттерін сипаттайтын, ықтимал қажетті, стандартизация бойынша құжаттамада белгіленген тауар немесе тауардың бөлігі;

4) кедендік сараптаушы - кедендік сараптамалар жүргізуге уәкілетті кеден органының лауазымды тұлғасы;

5) кедендік сараптама - кедендік реттеу саласында тапсырмаларды шешу үшін арнайы және (немесе) және ғылыми танымдарды пайдалану арқылы кедендік сараптаушылармен және (немесе) өзге де сараптаушылармен жүзеге асырылатын зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу.

138-бап. Кедендік сараптама тағайындау

1. Кедендік сараптама кедендік операциялар жасау кезінде арнайы танымдарды талап ететін пайда болушы мәселелерді түсіндіру үшін тағайындалады.

2. Кедендік сараптаманы кедендік органдар тағайындайды және кедендік сараптаушылар, сондай-ақ, кедендік органдар тағайындаған сараптаушылар немесе өзге де уәкілетті ұйымдардың мамандары жүргізеді.

Кедендік сараптаманы өзге уәкілетті ұйымдарға тағайындауды мұндай сараптаманы кедендік сараптаушылардың жүргізуіне мүмкіншілігі болмаған жағдайда ғана жүргізіледі.

Қорытынды беру үшін қажетті арнайы танымдарға ие кез келген тұлға сараптаушы ретінде бола алады.

Кеден органдарының лауазымды тұлғасы болып табылмайтын сарапшы кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес сараптау жүргізу үшін т а р т ы л а д ы .

3. Кедендік сараптама кедендік операциялар жүргізу және оларды сәйкестендіру құралдары үшін қажетті тауарларға қатысты, соның ішінде көлік құралдары, кедендік, көліктік (тасымалдаушы), коммерциялық және өзге де құжаттарға тағайындалады.

4. Кеден органының уәкілетті лауазымды тұлғасы сараптау жүргізу үшін негіздеме, кедендік сараптаушының (сараптаушының) тегі, аты және әкесінің аты немесе сараптама жүргізілетін ұйымның атауы, кедендік сараптаушының (сараптаушының) алдына қойылған мәселелері, кедендік сараптаушының иелік етуіне ұсынылған материалдардың және құжаттардың тізімі және сараптаманы жүргізу және кеден органына қорытындыны көрсетудің мерзімі көрсетілетін кедендік сараптаманы тағайындау туралы шешімді жазбаша нысанда қабылдайды.

Шешімде, сондай-ақ, біле тұра жалған қорытынды бергені үшін жауапкершілік туралы сараптаушыны ескерту жөнінде көрсетіледі.

5. Уәкілетті кеден органының, ұйымдардың басшысы немесе оны ауыстыратын тұлға, мына жағдайларда кедендік сараптаманы жүргізуден бас тартуға құқылы:

кедендік сараптама жүргізу үшін ақпараттың жеткіліксіздігі;
кедендік сараптаманы тағайындау туралы шешімді тиісті деңгейде ресімдемеу;
кедендік сараптаманы тағайындау туралы шешімде көрсетілген сынамалар немесе үлгілерді іріктеп алу орамының сақталуы сипатына сәйкес келмеуі;
уәкілетті кеден органының штатында талап етілетін білікті кедендік с а р а п т а у ш ы н ы ң б о л м а у ы ;

кедендік сараптама жүргізу үшін қажетті материалды-техникалық базаның, арнайы ш а р т т а р д ы ң б о л м а у ы .

Бас тартудың себептерін көрсету арқылы кедендік сараптаманы өткізуден бас тарту жазбаша түрде ресімделеді. Ұсынылған материалдар, құжаттар, сынамалар мен үлгілерді іріктеп алу кедендік сараптаманы тағайындаған кеден органына қайтарылады.

6. Кеден органы кедендік сараптаманы тағайындау туралы шешім қабылдау үшін күннен кейін келетін күннен кешіктірмей жазбаша түрде декларантты немесе кедендік сараптама тағайындау туралы тауарларға қатысты өкілеттіктерге ие тұлғаға жазбаша х а б а р л а й д ы .

7. Кедендік сараптаманы жүргізуге кеткен шығындар кеден одағына қатысушы мемлекеттердің, кедендік сараптама тағайындалған кеден органының бюджеті есебінен өтеледі.

139-бап. Кедендік сараптама жүргізудің тәртібі және мерзімі

1. Кедендік сараптама жүргізудің тәртібі Кеден одағы комиссиясының шешімімен б е л г і л е н е д і .

2. Кедендік сараптама өткізу мерзімі кеден сарапшысы өндіріске материал қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күнін құрайды.

Кедендік сараптаманы өткізу мерзімін, егер тауарды шығару сарапшы қорытындыны алғанға дейін жүзеге асырылмаса, тауарларды уақытша сақтау мерзімінен аспайтын мерзімге ұзарту себебін көрсете отырып, кеден органының басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғалардың жазбаша рұқсат арқылы ұзартуға болады.

Кедендік сараптаманы өзге уәкілетті мекемеде өткізген жағдайда кедендік сараптаманы өткізу мерзімі егер тауарды шығару сарапшы қорытындыны алғанға дейін жүзеге асырылмаса, тауарларды уақытша сақтау мерзімінен аспайтын мерзімге ұзарту себебін көрсете отырып, кедендік сараптаманы белгілеген кеден органының басшысының жазбаша рұқсаты арқылы ұзартылуы мүмкін.

3. Кедендік сараптаманы өткізу мерзімі мынадай жағдайларда тоқтатылады:

кедендік сарапшының (сарапшы) кедендік сараптаманы белгілеген кеден органдарына оған қосымша материалдар, сондай-ақ сынамалар мен үлгілер ұсыну туралы қолдау хатының болуы;

кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген өзге жағдайларда.

4. Кедендік сараптама нәтижесі бойынша кедендік сарапшының (сарапшының) қорытындысы беріледі.

140-бап. Кедендік сарапшының құқықтары мен міндеттері

1. Кедендік сарапшы құқылы:

1) кедендік сараптаманы өткізуге қатысты материалдармен танысуға;
2) кеден органының рұқсатымен кедендік сараптама өндірісіне өзге де сарапшыларды тартуға;

3) кедендік сараптама жүргізу үшін материалдарды алған кезден бастап бір күн ішінде егер қойылған сұрақтар өз құзыретінен шығатын болса немесе өз құзыретіне жатпайтын сұрақтардың жауаптарын ұсыну кедендік сараптамадан бас тартуға;

4) кедендік сараптама өткізу үшін материалдарды алған кезден бастап үш күннің ішінде жазбаша түрде кедендік сараптама өткізу үшін қосымша материалдарды сұрауға;

5) қорытынды беру үшін керекті материалдар мен құжаттарды алу, соның ішінде зерттеу үшін сынамалар мен үлгілерді алуға;

6) өзінің арнайы танымы және құзыретіне сәйкес оның алдына қойылған сұрақтарды анықтау;

7) арнайы және өзге де деректерде шығарылған ғылыми техникалық ақпараттарды пайдалануға;

8) өзінің сынаулары және зерттеулерінің нәтижелерін пайдалануға;

9) кедендік бақылауды өткізуге қатысуға;

2. Кедендік сарапшы міндетті:

1) кедендік сараптамаға қатысты материалдармен танысуға;

2) қорытындыға кедендік мақсаттар үшін маңызға ие, олар бойынша сұрақтар қойылмаған жағдайлар туралы тұжырымдама қосуға;

3) кедендік сараптамаға ұсынылған сынамалар мен үлгілерді рұқсат етілуі мен дұрыстығын сақтау кезінде зерттеулер жүргізуге, зерттеу нәтижесінің толық, жан-жақты және әділдігін бағалау негізінде қорытынды ұсынуға;

4) кедендік сараптаманы өткізу нәтижесінде алынған мәліметтерді жарияламауға, кеден одағының кедендік заңнамасымен көрсетілген жағдайлардан тыс өзге де мақсаттарда пайдаланбауға және үшінші тұлғаларға бермеуге ;

5) кедендік сараптаманы өткізудің белгіленген уақытын сақтауға.

3. Өзінің міндеттерін тиісті орындамау және тиіссіз орындау кезінде кедендік сарапшы кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

141-бап. Кедендік сараптама тағайындау және өткізу кезінде декларанттың, тауарларға қатысты уәкілетке ие өзге тұлғаның және олардың

өкілдерінің құқықтары

1. Кедендік сараптама тағайындау және өткізу кезде декларант, тауарларға қатысты уәкілетке ие өзге тұлға және олардың өкілдері құқылы:

1) олар бойынша қорытынды алу үшін сарапшыға қосымша сұрақтар қою туралы қ о л д а у х а т ұ с ы н у ғ а ;

2) сарапшының қорытындысымен танысуға және осындай қорытындының данасын а л у ғ а ;

3) кедендік сараптама жүргізу үшін кеден органдарының сынамалар мен үлгілерді і р і к т е п а л у ы н а қ а т ы с у ғ а ;

4) қосымша немесе қайтадан кедендік сараптама өткізуге қолдаухат жазуға.

2. Декларанттың, тауарларға қатысты уәкілетке ие өзге тұлғаның немесе олардың өкілдерінің қолдаухаты қанағаттандырылған жағдайда сараптама белгілеген кеден органының лауазымды тұлғасы тиісті шешім шығарады.

Қолдаухатты қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда кеден органының лауазымды тұлғасы бұл туралы қолдаухат берген тұлғаны жазбаша түрде хабардар етуге тиіс.

142-бап. Кедендік сарапшының (сарапшының) қорытындысы

1.Кедендік сарапшының (сарапшының) қорытындысында көрсетілуі тиіс:

1) кедендік сараптаманың басталуы мен аяқталуының орны, күні мен уақыты;

2) кедендік сараптама өткізу үшін негіздеме;

3) кедендік сараптаманы жүргізген кедендік сарапшының (сарапшының) аты жөні, тегі, біліктілігі және еңбек өтілі;

4) кедендік сарапшының (сарапшының) кедендік сараптама өткізген кезде біле тұра жалған қорытынды бергені үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік туралы ескертілгені туралы оның қолымен куәландырылған белгі;

5) кедендік сарапшыға қойылған сұрақтар. Кедендік сараптама жүргізу үшін кедендік сарапшыға (сарапшыға) ұсынылған құжаттардың, материалдардың тізімі, с ы н а м а л а р м е н ү л г і л е р ;

6) қолданылған әдістерді көрсете отырып зерттеулердің мағынасы және нәтижесі, зерттеулердің нәтижесін бағалау, қойылған сұрақтар бойынша қорытынды және о л а р д ы ң д ә л е л д е у і .

Сарапшының немесе бірнеше сарапшылардың қорытындысын бейнелейтін материалдар мен құжаттар қорытындыға қосымша ұсынылады және оның құрамдас б ө л і г і б о л ы п қ ы з м е т е т е д і .

Егер кедендік сараптама бірнеше сарапшының қатысуымен өткізілген болса, қорытындыға барлық сарапшылар қол қояды және егер кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес осындай ұйымның мөртаңбасы болуға тиісті болса, кедендік сараптаманы өткізген ұйымның мөртаңбасымен куәландырылады.

2. Сарапшының қорытындысы жазбаша түрде екі данада дайындалады, бір данасы кедендік сараптама өткізген ұйымда қалады, екінші дана кедендік сараптама тағайындаған кеден органына жіберіледі.

143-бап. Кедендік сараптама түрлері

1. Кедендік бақылау мақсаттары үшін мына кедендік сараптамалар жүргізіледі: сәйкестендіру, тауар танушылық, материал танушылық, технологиялық, қылмыстық және өндірісінде қажеттілік туындайтын өзге де сараптамалар.

2. Тартылатын сарапшылардың санына байланысты сарапшылар тағайындалады: дербес, комиссияндық және кешендік кедендік сараптама.

Дербес сараптама - кедендік сарапшысы (сарапшы) дербес жүргізетін сараптама.

Комиссияндық сараптама - бір мамандықтағы кедендік сарапшылардың (сарапшылардың) жүргізетін сараптамасы. Кедендік сарапшылардың (сарапшылардың) арасында келіспеушіліктер кезінде олардың әрқайсысы немесе сарапшылардың бөлігі жеке қорытынды беруге құқығы бар.

Комиссияндық сараптама - жұмыс үшін маңызға ие жағдайларды белгілеу үшін кедендік сарапшылардың (сарапшылардың) компетенциясы шегінде әр түрлі мамандықтағы білімдерді пайдалану негізінде зерттеуге қажетті кедендік сарапшылардың (сарапшылардың) комиссиясы жүргізетін сараптама. Әрбір кедендік сарапшы (сарапшы) өзі кедендік сараптама жүргізген бөлігі бойынша қорытынды ж а з а д ы .

3. Кедендік сараптама мынадай түрлерге бөлінеді: біріншілік,

қосымшалық және қайта тағайындалған.

Біріншілік сараптама - объектілерді, сынамаларды және үлгілерді іріктеп алуды зерделеу үшін кеден органының өтініші бойынша жүргізілетін сараптама.

Қосымша сараптама - жаңадан ашылған жағдайлар бойынша тағайындалатын сараптама. Қосымша сараптама өндірісі сол немесе басқа кедендік сарапшыға (сарапшыға) тапсырылады.

Қайта тағайындалған сараптама - декларант келіспеген жағдайда, сондай-ақ, біріншілік сараптама нәтижелері бойынша кедендік сарапшының (сарапшының) қорытындысымен кедендік сараптаманы тағайындаған кедендік орган жүргізетін сараптама.

Қайта тағайындалған сараптама біріншілік сараптаманы жүргізген (жүргізгендер) кедендік сарапшыны қоспағанда екі және одан көп кедендік сарапшылардың (сарапшылардың) санынан құралған комиссияға тапсырылады. Біріншілік сараптаманы жүргізген кедендік сарапшылар (сарапшылар) қайта тағайындалған сараптама жүргізу кезінде қатыса алады және комиссияға түсіндірме бере алады, дегенмен кедендік сарапшы қорытындысын зерттеуде және жасауда қатыспайды.

Кеден одағының кедендік аумағында қайта тағайындалған сараптаманы жүргізу тәртібі Кеден одағы комиссиясының шешімімен айқындалады.

Қосымша және қайта тағайындалған сараптаманы жүргізу кезінде кедендік сарапшы (сарапшы) міндетті түрде біріншілік сараптаманың нәтижелерін көрсетеді.

144-бап. Сынамалар мен үлгілер

1. Кеден органдарының лауазымды тұлғалары кедендік сараптама жүргізу үшін сынамалар мен үлгілерді алуға құқылы.

Арнайы тану және техникалық құралдарды пайдалану қажеттілігіне орай сынамалар мен үлгілерді алу кеден сарапшысының (сарапшы) қатысуымен жүргізілуі мүмкін.

2. Сынамалар мен үлгілер олардың зерттеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ең аз мөлшерде алынады. Тауарлардың сынамасы және үлгісін алу кезінде Кеден Одағы комиссиясының шешімімен бекітілген нысан бойынша екі данада акт жасалады.

Актінің екінші данасы тауарларға қатысты уәкілетке ие басқа тұлға, декларантқа немесе егер олар анықталған болса олардың өкіліне табыс етіледі.

3. Декларант, тауарларға қатысты уәкілеттілікке ие басқа тұлға немесе олардың өкілдері кеден органдарының лауазымды тұлғаларының сынамалар мен үлгілерді іріктеп алу кезіне қатысады. Көрсетілген тұлғалар кеден органдарының лауазымды тұлғаларына тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алуға көмек көрсетуге, соның ішінде өз есебінен қажетті жүктік және басқа да операцияларды жүзеге асыруға міндетті.

Кеден органдары тауарлардың сынамалары мен үлгілерін осы Кодекстің 116-бабының 4-тармағында көрсетілген жағдайларда декларант, тауарларға қатысты уәкілетке ие басқа тұлғалар немесе олардың өкілдері болмаған кезде іріктеліп алынуы

м ү м к і н .

Бұл жағдайларда тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу екі куәгердің қатысуымен жүзеге асырылады.

4. Кеден органдары декларанттың, тауарларға қатысты уәкілетке ие басқа тұлғаның немесе олардың өкілдерінің тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу нәтижесінде туындаған шығындарын өтемейді.

5. Кедендік сараптама аяқталғаннан кейін сынамалар мен үлгілер декларантқа, тауарларға қатысты уәкілетке ие басқа тұлғаға немесе олардың өкілдеріне немесе мұндай сынамалар мен үлгілер кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жою немесе кәдеге жаратуға жататын жағдайлардан тыс кедендік сараптаманы тағайындаған кеден органына қайтарылады.

21-тарау

Кедендік бақылау өткізу кезінде тауарлар және оларға арналған құжаттарды ұстау

145-бап. Кедендік бақылау өткізу кезінде ұстауға міндетті тауарлар мен құжаттар

1. Кедендік бақылау өткізу кезінде осы Кодекстің 152, 170, 185, 192, 208, 231, 234, 305 және 354-баптарымен бекітілген жағдайларда кеден органдарының лауазымды тұлғалары әкімшілік құқық бұзушылық немесе қылмыс мәні болып табылмайтын тауарларды және оларға арналған құжаттарды ұстайды.

2. Тауарлар және оларға арналған құжаттар ұсталған жағдайда кеден органы Кеден одағының шешімімен бекітілген нысан бойынша хаттама жасайды.

3. Ұсталған тауарлар және оларға арналған құжаттар алынады және кеден органдарында осы Кодекспен бекітілген мерзім ішінде сақталады.

Ұсталған тауарлар уақытша сақтау қоймаларында немесе кеден органы анықтаған басқа орындарға орналастырылады.

4. Кеден органдары тауарларды ұстаған кезде осы баптың 3-тармағына сәйкес ұсталған тауарларды сақтау бойынша шығындарды осы Кодекстің 147-бабында көрсетілген, тауарлар оларға қайтарылатын тұлғалар өтейді. Осы кодекстің 146-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген, мұндай тұлғалармен мерзімінде қажет етілмейтін ұсталған тауарларды сақтау бойынша шығындар осы Кодекстің 149-бабының 1-тармағының ережелерін ескере отырып, көрсетілген тауарларды іске асырудан алынған сома есебінен өтелінеді.

Ұсталған тауарларды сақтау бойынша шығындарды өтеу тәртібін кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасы, тауарларды ұстаған кеден органы анықтайды.

146-бап. Ұсталған тауарларды және оларға арналған құжаттарды сақтау мерзімі

1. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген тауарларды қоспағанда ұсталған тауарлар және оларға арналған құжаттарды кеден органдары бір ай ішінде, ал тез бұзылатын өнімдер - жиырма төрт сағат ішінде сақталады.

2. Кеден одағының кедендік аумағына әкелуге немесе мұндай аумақтан тыс әкетуге тыйым салынған тауарлар және оларға арналған құжаттар кеден органдарында үш тәулік ішінде сақталады.

3. Ұсталған тауарларды сақтау мерзімі оларды ұстаған күннен бастап есептелінеді.

147-бап. Ұсталған тауарларды және оларға арналған құжаттарды қайтару

1. Ұсталған тауарларды және оларға арналған құжаттарды қайтаруды декларант жүзеге асырады, ал егер тауарды декларациялау жүргізілмесе - тауардың меншік иесіне, ал егер шетел тұлғасы болса немесе кеден органында тауардың меншік иесі туралы мәлімет болмаса - осы бапта бекітілген ерекшеліктерді ескере отырып, ұстау кезінде тауарлар олардың иелігінде болған тұлғаларға (бұдан әрі осы тарауда - декларант немесе басқа тұлға) қайтарылады.

2. Кеден одағының кедендік аумағына әкелу кезінде ұсталған кедендік шекара арқылы өткізуге тыйым салынған тауарлар және оларға арналған құжаттар осы аумақтан тыс кері шығару үшін осындай тауарларды қайтаруға кеден органына бірінші болып жүгінген, осы баптың 1-тармағында көрсетілген тұлғалардың кез-келгеніне қайтарылады.

3. Кеден одағының кедендік аумағынан шығару кезінде ұсталған, кедендік шекара арқылы өткізуге тыйым және (немесе) шектеулер салынған тауарлар және оларға арналған құжаттар егер бұл тауарларды иеленуге кеден одағына қатысушы елдердің заңнамасы, тауарды ұстаған кеден органы рұқсат етсе декларантқа немесе кеден одағының кедендік аумағында пайдалану үшін басқа тұлғаға қайтарылады.

4. Кедендік шекара арқылы өткізуге тыйым салынған, кеден одағының кедендік аумағына әкелу кезінде ұсталған тауарлар және оларға арналған құжаттар кеден органына бекітілген шектеулерді сақтау және осы Кодекске сәйкес тауарларды кедендік рәсімдеуге орналастырудың құжаттамалық растамасын ұсыну шартымен декларантқа немесе басқа тұлғаларға осы аумақтан тыс кері шығаруға немесе кеден одағының кедендік аумағында пайдалануға қайтарылады.

5. Осы баптың 2 - 4-тармақтарында көрсетілмеген басқа жағдайларда, ұсталған тауарлар оларды кедендік рәсімдеудің біреуіне орналастырғаннан кейін оларды осы кедендік рәсімдеуге орналастырған тұлғаларға немесе олардың өкілдеріне қайтарылады.

6. Кеден органы тауарларды кедендік рәсімдеуге орналастырумен байланысты кедендік операцияларды жасауға құқылы тұлғаның сұрауы бойынша тауарларды кедендік рәсімдеуге орналастыру қажеттілігіне орай тауармен бірге ұсталған құжаттарды мұндай тұлғаға тауарларды шығарғанға дейін қайтарады.

148-бап. Сақтау мерзімі өткен ұсталған тауарлармен әрекет

1. Кеден органдары ұстаған және осы Кодекстің 147-бабында көрсетілген тұлғалардың осы Кодекстің 146-бабының 1 және 2-тармақтарында қарастырылған мерзім ішінде қажет етпейтін тауарлар іске асыруға жатады, ал осы баптың 3-тармағымен бекітілген жағдайда, тауарды ұстаған кеден органы мұндай тауарлар жоюға немесе кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес тауарларды басқаша пайдалануға жатады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларды іске асыру, жою немесе басқаша пайдалануды кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген тәртіппен тауарларды ұстаған кеден органы осы Кодекспен анықталған ерекшеліктерді ескере отырып, жүзеге асырады.

3. Сақтау және іске асыру бойынша шығындар олардың құнынан асатын тауарлар, сондай-ақ кеден органы тауарларды ұстаған кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасында көрсетілген басқа да жағдайларда, егер кеден одағына қатысушы осы мемлекеттің заңнамасымен бекітілмесе жоюға жатады.

Жою, сондай-ақ мұндай тауарларды сақтау және тасымалдаумен байланысты шығындар декларант немесе басқа тұлғаның, ал көрсетілген тұлғалар болмаса - егер тауарлардың жеке санатына қатысты өзге қарастырылмаса, кеден органы тауарды ұстаған кеден одағына қатысушы мемлекет бюджетінің есебінен жүзеге асырылады.

149-бап. Сақтау мерзімі өткен ұсталған тауарларды сатудан түскен сомаларға билік ету.

1. Осы кодекстің 148-бабының 1-тармағында көрсетілген тауарларды сатудан алынған сомалардан бірінші кезекте, ұсталған тауарларды ішкі пайдалануға арналған шығарудың кедендік рәсімдеуіне орналастыру кезінде бұл тауарларды ұстау күнінде саналған, кедендік төлемдер мен салықтар мөлшеріндегі сомалар, екінші кезекте - тауарды тасымалдау, сақтау бойынша шығындар және осы тауарларды сатумен байланысты басқа да шығындар ұсталынады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ұстауларды ескере отырып саналған тауарларды сатудан алынған сомалар декларанттарға, ал егер тауарларды декларациялау жүргізілмесе - кеден органында олар туралы мәліметтер болса, кеден органы тауарларды ұстаған кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасымен бекітілген тәртіппен оларды сатудан түскен ақшалай қаржы түскеннен кейінгі үш ай ішінде кеден органына жүгіну шартымен тауарлар меншік иесіне қайтарылады.

Кеден органдары осы тармақтың бірінші бөлімінде көрсетілген тұлғаларды тауарларды сатудан түскен сомалардың қайтаруға жататынын хабарлайды.

II. АРНАЙЫ БӨЛІМ 4 бөлім.

КЕДЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯНЫ ҰСЫНУДЫҢ АЛДЫНДАҒЫ КЕДЕНДІК

ОПЕРАЦИЯЛАР 22-тарау

Тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу туралы негізгі ережелер

150-бап. Тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу

1. Барлық тұлғалар мен негізде кеден одағының кеден заңнамасы және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген ережелерді сақтау арқылы тауарларды кедендік шекара арқылы өткізуге құқылы.

2. Тауарлар кедендік шекара арқылы кеден одағының кеден заңнамасымен бекітілген тәртіппен өткізіледі.

Тауарлардың жеке санаты, соның ішінде керек-жарақ, жеке қолдану үшін тауарлар, халықаралық тасымалдаудың көлік құралдары үшін осы Кодекспен және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарымен оларды кедендік шекара арқылы өткізу ерекшеліктері бекітілуі мүмкін.

3. Кедендік шекара арқылы өткізілетін тауарлар кеден одағының кеден заңнамасы және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген тәртіппен кедендік бақылауға жатады.

Кедендік бақылау кезінде кеден органдары және олардың лауазымды тұлғалары кеден одағының кеден заңнамасы және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасында қарастырылмаған талаптар мен шектеулерді орнатуға құқылы емес.

4. Апатты жағдайларды жою, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, бейбітшілікті сақтау және оқу-жаттығу өткізуге қажетті әскери бағыттағы өнімдер, сондай-ақ тез бұзылатын, тірі жануарлар, радиоактивті материалдар, жарылғыш заттар, халықаралық пошта жөнелтілімдері, гуманитарлық және техникалық көмектің жедел-жүктері, бұқаралық ақпарат құралдары үшін хабар және материалдар және осындай басқа да тауарларды кеден одағының кеден аумағына әкелу және осы аумақтан әкету кезінде кедендік декларация ұсынудың алдындағы кедендік операциялар бірінші кезекте жүргізіледі.

151-бап. Тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу орындары

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік (кедендік) шекаралары арқылы өткізу пункттері немесе кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталған өзге орындар тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу орындары болып табылады.

152-бап. Тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу кезінде тыйым салулар мен шектеулерді сақтау

1. Егер осы Кодекспен, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарымен, Кеден одағы комиссиясының шешімімен және осындай тыйым салулар мен шектеулер кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес шығарылған кеден одағына қатысушы мемлекеттердің нормативтік-құқықтық

актілерімен бекітілмесе, тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу тыйым салулар мен шектеулерді сақтау арқылы жүзеге асырылады.

2. Кеден одағының кеден аумағына әкелуге тыйым салынған, кеден одағының кеден аумағына әкелінген тауарлар егер өзгеше кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен және (немесе) халықаралық шарттарымен қарастырылмаса, кеден одағының кеден аумағынан тез арада әкетуге жатады.

Көрсетілген тауарларды әкету бойынша шаралар қабылдау тасымалдаушыға немесе олардың меншік иесіне, егер өзгеше кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен және (немесе) халықаралық шарттарымен қарастырылмаса жүктеледі.

3. Кеден одағының кеден аумағынан әкетуге тыйым салынған тауарлар, егер өзгеше кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен және (немесе) халықаралық шарттарымен қарастырылмаса кеден одағының кеден аумағынан әкетуге жатады.

4. Егер әкелу немесе әкетуге шектеу салынған тауарларды кеден одағының кеден аумағына әкелу немесе осындай аумақтан әкету кезінде шектеулерді сақтауды растайтын құжаттар ұсынылмаса, осы баптың 2 және 3-тармақтарының ережелері қолданылады.

5. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында көрсетілген тауарларды әкетуге мүмкін болмаған немесе оларды тез арада әкетуді жүзеге асырмау жағдайда бұл тауарлар осы Кодекстің 21-тарауына сәйкес ұстауға жатады.

153-бап. Кедендік шекара арқылы өтетін тауарларды пайдалану және (немесе) билік ету

1. Кедендік шекара арқылы өтетін тауарларды пайдалану және (немесе) билік ету оларды кеден органы шығарғанға дейін кеден одағының кеден заңнамасымен бекітілген тәртіппен және шартпен жүзеге асырылады.

2. Оларды шығарғаннан кейін тауарларды пайдалану және (немесе) билік етуді кеден органы ұсынылған кедендік рәсім шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

154-бап. Жарамсыз, бұзылған немесе зақымданған тауарлар

Кеден одағының кеден аумағына әкелінген жарамсыз, бұзылған немесе апат немесе оларды кедендік рәсімдеуге орналастырумен байланысты, соның ішінде оларды уақытша сақтау кезінде кедендік операциялар жасағанға дейін, сондай-ақ кедендік тасымалдаудың кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау кезінде зақымданған тауарлар одан әрі оларға қатысты кедендік операциялар жасау кезінде кеден одағына жарамсыз, бұзылған немесе зақымданған түрде әкелінген деп қарастырылады.

155-бап. Мүдделі тұлғалардың сынамалар мен үлгілерді алуы

1. Мүдделі тұлғалар, соның ішінде бақылаушы мемлекеттік органдар кеден органының рұқсатымен осы Кодекс және (немесе) Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілген жағдайларда тауарлардың сынамасы мен үлгілерін іріктеп алуға құқылы.

2. Кеден органы тауарлардан сынама мен үлгілерді алуға рұқсат береді, егер:
- 1) кедендік бақылауды өткізуге қиындық туғызбаса;
 - 2) тауарлардың сипаттарын өзгертпесе;
 - 3) кедендік төлемдер мен салықтар төлеуден бас тарту немесе тыйым салулар мен шектеулерді сақтамауға әкелмесе.
3. Сынамалар мен үлгілерге жеке кедендік декларация олар тауарға арналған декларацияда көрсетіледі деген шартпен берілмейді.

23-тарау

Тауарлардың кеден одағының кедендік аумағына келуі

156-бап. Тауарлардың кеден одағының кедендік аумағына келу орны және уақыты

1. Тауарлардың кеден одағының кедендік аумағына келуі тауарлардың кедендік шекара арқылы өткізу орындарында (бұдан әрі - келу орны) және кеден органдарының осы орындарды жұмыс істеуі кезінде жүзеге асырылады.

Тауарлардың жеке санаттары кеден одағының кеден аумағына кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталған келу орындарына ғана келуі мүмкін.

Тауарлар кеден одағының кеден аумағына кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталған жағдайлар және тәртіппен келу орны болып табылмайтын басқа да орындарға келуі мүмкін.

Кеден органы келу орнының тізбесін Кеден одағының комиссиясына жариялау үшін, соның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жіберіледі.

2. Кедендік шекарадан өткеннен кейін тасымалдаушы әкелінген тауарларды келу орнына немесе осы баптың 1-тармағында көрсетілген басқа орындарға жеткізіп, кеден органына ұсынуға тиіс. Бұл ретте тауарлардың жағдайын өзгертуге немесе олардың орамасын бұзуға, салынған пломбаларды, мөрлерді және өзге де сәйкестендіру құралдарын өзгерту, өшіру, жою немесе зақымдауға болмайды.

3. Кеден органдары келу орындары, бекітілген шектеулер және кеден органдарының жұмыс уақыты туралы ақпаратты, соның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ұсынуға міндетті.

4. Осы тараудың ережелері кеден одағының кедендік аумағында орналастырылған портқа немесе әуежайға тоқтамастан кеден одағының кедендік шекарасынан өтетін теңіз (көл), ауа кемелерімен өтетін, сондай-ақ құбыр тасымалы мен электр беру желілерімен өткізілетін тауарларға жатпайды.

157-бап. Авария немесе ырық бермес күштің әсері кезінде қолданылатын шаралар

1. Авария немесе ырық бермес күштің әсері жағдайларында, сондай-ақ теңіз, ішкі су не әуе кемесі кеден одағының кеден аумағында мәжбүрлі түрде аялдама жасаса немесе қонса, тасымалдаушы тауарлар мен көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдануға және ең жақын кеден органына осы мән-жайлар мен тауарлардың тұрған жері туралы дереу хабарлауға, сондай-ақ тауарларды жақын кеден органына немесе кеден органы көрсеткен басқа орынға апаруға (егер олардың халықаралық тасымалдау көлік құралы зақымданған болса) немесе оларды т а с ы м а л д а у ғ а м і н д е т т і .

2. Тасымалдаушыларда осы баптың талаптарын сақтауға байланысты туындаған шығыстарды кеден органдары өтемейді.

158-бап. Тауарлардың кеден одағының кеден аумағына келуі туралы хабарлама

1. Тасымалдаушы осы Кодекстің 159-бабында көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсыну арқылы тауарларды тасымалдау жүзеге асырылатын көліктің түріне байланысты кеден одағының кеден аумағына келу туралы хабарлауға міндетті.

Тасымалдаушының атынан құжаттарды кедендік өкіл немесе тасымалдаушы тапсырмасы бойынша әрекет ететін өзге де тұлға, егер бұл кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес рұқсат етілсе, ұсынуы мүмкін.

2. Егер кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен және (немесе) халықаралық шарттармен өзге де белгіленбесе, тасымалдаушы кеден органына тауарлар туралы алдын ала ақпаратты олардың кеден одағының кеден аумағына шындығында келуіне дейін беруге құқылы.

3. Тасымалдаушы құжаттарды электрондық түрде ұсынуға құқылы

4. Аумағына тауар келіп түскен Кеден одағына қатысушы мемлекеттің мемлекеттік тілі болып табылмайтын тілде құрастырылған құжаттарды ұсыну кезінде мұндай құжаттардағы мәліметтерді аудармашы немесе өзге мүдделі тұлға аудармамен қамтамасыз етеді.

159-бап. Тауарларды тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралына байланысты кеден органына ұсынылатын құжаттар мен мәліметтер

Кеден одағының кеден аумағына тауарлар келген кезде тасымалдаушы мына құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға тиіс:

1) автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдау кезінде:
қ ұ ж а т т а р :

халықаралық тасымалдау көлік құралының құжаттары;
көліктік (тасымалдау) құжаттары;

Бүкіл әлемдік пошта одағының актілерімен анықталған оларды тасымалдау кезінде халықаралық пошта жөнелтілімдерінің ілеспе құжаты;
тасымалдаушыда бар тасымалданушы тауарға коммерциялық құжаттар;

м ә л і м е т т е р :

халықаралық тасымалдау көлік құралының мемлекеттік тіркелуі туралы;
тауарларды тасымалдаушының атауы және мекен-жайы;
жіберуші елдің және тауарлардың межелі елінің атауы;
тауарларды жіберуші және алушының атауы және мекен-жайы;
тасымалдаушыда бар коммерциялық құжатқа сәйкес тауарларды сатушы және
алушы туралы;
жүк орнының саны, олардың таңбалануы және тауарлардың орамаларының түрлері
туралы ;

Тауарларды бейнелеу және кодтаудың Үйлестірілген жүйесіне немесе бірінші төрт
белгіден аз емес деңгейде сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай Тауарлық
номенклатурасына сәйкес тауарлардың атауы, сондай-ақ кодтары;

Тауарлардың брутто салмағы (кг), немесе ірі габариттік жүкті қоспағанда
тауарлардың көлемі (куб метрде);

Кеден одағының кеден аумағына әкелуге тыйым салынған немесе шектеу қойылған
тауарлардың болуы туралы ;

халықаралық автомобиль жүк құжаттамасын жасау орны және күні:

2) халықаралық ішкі кеме арқылы тасымалдау кезінде:

қ ұ ж а т т а р :

жалпы декларация ;

жүк туралы декларация ;

кеме керек-жарақтары туралы декларация ;

кеме экипажының жеке заттары туралы декларация ;

кеменің рөлі ;

жолаушылар тізімі ;

Бүкіл әлемдік пошта одағының актілерімен анықталған оларды тасымалдау кезінде
халықаралық пошта жөнелтілімдерінің ілеспе құжаты;

көліктік (тасымалдау) құжаттары;

тасымалдаушыда бар тасымданушы тауарға коммерциялық құжаттар;

м ә л і м е т т е р :

кеменің және оның ұлттық тиесілілігінің тіркелуі;

кеменің атауы және сипаттамасы;

капитанның аты, тегі, әкесінің аты;

кеме агентінің аты, тегі, әкесінің аты және мекен-жайы;

кемедегі жолаушылардың саны, олардың аты, тегі, азаматтығы (бодандығы), туған
күні және орны, портқа отырғызу және түсіру;

экипаж мүшелерінің саны және құрамы;

кеменің жөнелтілетін және кіретін портының атауы;

тауарлардың атауы, жалпы саны және сипаттамасы;

жүк орындарының саны, олардың таңбалануы және тауарлардың орамасының
т ү р л е р і т у р а л ы ;

тауарларды тиейтін және түсіретін порттың атауы;
аталмыш портта түсіруге жататын тауарларға теңіз (көл) шартының болуын және
мазмұнын растайтын коносаменттердің немесе өзге құжаттардың нөмірі;
бортта қалған тауарларды түсірген порттың атауы;
тауарларды жіберуші бірінші порттардың атауы;
кемедегі кеме керек-жарақтарының атауы, олардың санын көрсету;
тауарлардың кемеді орналасуын сипаттау;
кеме бортында халықаралық пошта жөнелтілімдерінің болуы (болмауы туралы);
кеме бортында кеден одағына қатысушы мемлекеттердің валютасын және экипаж
мүшелерінің валюталық құндылықтарын, құрамында есірткі, қатты әсер ететін заттар,
психотроптық және улы заттар бар дәрілік құралдарды қосқанда, кеден одағының кеден
аумағына әкелуге тыйым салынған немесе шектеу қойылған тауарлардың болуы (
б о л м а у ы) т у р а л ы ;

кеменің бортында қару-жарақ, оқ-дәріні қосқанда қауіпті тауарлардың болуы (
б о л м а у ы) т у р а л ы ;

3) әуе көлігімен халықаралық тасымалдау кезінде:
қ ұ ж а т т а р :

азаматтық авиация саласындағы (бас декларация) халықаралық шартпен
қарастырылған тасымалдаушының стандарттық құжаты;
әуе кемесінің бортында өткізілетін тауарлар туралы мәліметтерден тұратын құжат (
ж ү к қ ұ ж а т т а м а с ы) ;

борттық керек-жарақ туралы мәліметтерді құрайтын құжат;
көліктік (тасымалдау) құжаттары;
тасымалдаушының өткізілетін тауарға коммерциялық құжаттары;
бортта тасымалданатын жолаушылар және олардың жүгі туралы мәліметтерді
құрайтын құжат (жолаушы декларациясы);

Бүкіл әлемдік пошта одағының актілерімен анықталған оларды тасымалдау кезінде
халықаралық пошта жөнелтілімдерінің ілеспе құжаты;
м ә л і м е т т е р :

ұлттық тиесілік белгілері және кеменің тіркеу белгілерін көрсету;
рейстің нөмірі, ұшудың бағытын, ұшу пунктін, кеменің келу пунктін көрсету;
кеменің пайдаланушысының атауы;
экипаж мүшелерінің саны;
кемедегі жолаушылар саны, олардың аты, тегі, отырғызу және түсіру пункттерінің
а т а у ы ;

тауарлардың атауы ;
жүк құжаттамасының нөмірі, әр жүк құжаттамасы бойынша орындардың саны;

тауарларды тиеу және түсіру пунктінің атауы;
кемеге тиелген немесе одан түсірілген борттық керек-жарақтар туралы;
кемеде халықаралық пошта жөнелтілімдерінің болуы (болмауы) туралы;
кеме бортында кеден одағына қатысушы мемлекеттердің валютасын және экипаж мүшелерінің валюталық құндылықтарын, құрамында есірткі, қатты әсер ететін заттар, психотроптық және улы заттар бар дәрілік құралдарды қосқанда, кеден одағының кеден аумағына әкелуге тыйым салынған немесе шектеу қойылған тауарлардың болуы (б о л м а у ы) т у р а л ы ;

4) теміржол көлігі арқылы халықаралық тасымалдау кезінде:
қ ұ ж а т т а р :
көліктік (тасымалдау) құжаттары;
теміржол жылжыма құрамына тапсырылатын құжаттама;
оқ-дәрі туралы мәліметтерді құрайтын құжат;
Бүкіл әлемдік пошта одағының актілерімен анықталған оларды тасымалдау кезінде
халықаралық пошта жөнелтілімдерінің ілеспе құжаты;
тасымалдаушының өткізілетін тауарға коммерциялық құжаттары;
м ә л і м е т т е р :
тауарларды жіберушінің атауы және мекен-жайы;
тауарларды алушының атауы және мекен-жайы;
тауарды жіберуші станцияның және тауардың межелі станциясының атауы;
жүк орындарының саны, олардың таңбалануы және тауарлардың орамасының
т ү р л е р і т у р а л ы ;

Тауарларды бейнелеу және кодтаудың Үйлестірілген жүйесіне немесе бірінші төрт белгіден аз емес деңгейде сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай Тауарлық номенклатурасына сәйкес тауарлардың атауы, сондай-ақ кодтары;
Тауарлардың брутто салмағы (кг);
Контейнерлердің жеке нөмірі.

2. Тасымалдау жүргізілетін көлік құралының түріне қарамастан кеден органын кеден одағының кеден аумағына тауардың келуі туралы хабардар еткен кезде осы Кодекстің 152-бабының 1-тармағына сәйкес тарифтік емес реттеу шараларынан тыс тыйым салулар мен шектеулерді сақтауды растайтын құжаттар ұсынылады.

160-бап. Жеткізу орындарында жасалатын кедендік операциялар

1. Жеткізу орындарында тауарларды түсіру, қайта тиеу (ауыстырып тиеу), сонымен қатар тауарды кеден одағының кедендік аумағына, басқа көлік құралына жеткізген көлік құралын ауыстыру жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Тауарларды түсіру, қайта тиеу және ауыстырып тиеу, кеден одағының кедендік аумағына басқа көлік құралына жеткізген көлік құралын ауыстыру кеден органының жұмыс уақытында және мүдделі тұлғаның сұрауы бойынша берілген арнайы сол

мақсаттар үшін белгіленген жерлерде жүзеге асырылады.

3. Жеткізу орындарында тауарларды уақытша сақтау, оларды кедендік декларациялау және мәлімделген кедендік рәсімдеуге сәйкес шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасауға болады.

4. Тасымалдаушы және басқа да мүдделі тұлға уақытша сақтауға орналастыру немесе кедендік рәсімдеуге сәйкес оларды кедендік декларациялауға байланысты тауарларды кеден органына жеткізу орнына ұсынғаннан кейін үш сағат ішінде, егер кеден одағының кеден заңнамасымен немесе кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен теміржол немесе су көліктермен тасымалданатын тауарларға қатысты басқа мерзім белгіленбесе, кедендік операцияларды жасауға міндетті.

5. Тауарларды әкелу жерінен кеден органы белгілеген жерге жеткізу егер осындай тауарлар жеткізу орындарында өзге де кедендік рәсімдеуге орналастырылмаса немесе кеден одағының кеден заңнамасымен көзделген оларға қатысты басқа кедендік операциялар жасалмаса, кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес жүзеге асырылады.

161-бап. Әкелім кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттіліктің пайда болуы және тоқтатылуы және оларды тауарлардың кеден аумағына келуі кезінде төлеу мерзімі

1. Кеден одағының кеден аумағына тауарлар келген кезде әкелім кедендік баждарды , салықтарды төлеу бойынша міндеттілік тасымалдаушыда кедендік шекарадан өту кезінде т у ы н д а й д ы .

2. Кеден одағының кеден аумағына тауарлар келген кезде әкелім кедендік баждарды , салықтарды төлеу бойынша міндеттілік тасымалдаушыда тоқтатылады:

1) тауарларды келу орнына жеткізу және уақытша сақтау қоймасына немесе келу орнында кедендік рәсімдеуге орналастыру, сондай-ақ егер осы тауарлар кеден одағының кеден аумағына келгеннен кейін кедендік шекара арқылы тауарларды өткізу о р н ы н т а с т а м а с а ;

2) Осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағымен көрсетілген кездерде.

3. Тауарлар кеден одағының кеден аумағына келген кезде әкелім кедендік баждардың, салықтардың төлеу мерзімі есептеледі:

1) Тауарларды келетін жеріне әкелмеген кезде - тауарлардың кедендік шекарадан өтуі күні, ал сол күн анықталмаса - тауарлардың келетін жеріне жеткізілмеу фактісі а н ы қ т а л ғ а н к ү н і ;

2) келетін жерде тауарларды жоғалту кезінде, жою (біржола жоғалуы) не аварияның салдарынан болған немесе ырық бермес күш әсерін қоспағанда, немесе тасымалдаудың қалыпты жағдайында табиғи кемуге (тасымалдаудың) және сақтауға байланысты - тауарлардың шекарадан өту күні, ал егер де мұндай күн анықталмаса - тауарлардың жоғалу ф а к т і с і а н ы қ т а л ғ а н к ү н ;

3) уақытша сақтауға орналастырмастан немесе оларды жеткізу орнына кедендік рәсімдеуге қоймастан тауарларды Кеден одағының қалған бөлігіне жеткізу орындарынан әкету кезінде - тауарлардың кедендік шекарадан өту күні, ал егер де мұндай күн анықталмаса - тауарлар жоғалған фактісі анықталған күн;

4. Әкелінім кедендік баждар, салықтар кедендік баждардың, салықтардың ставкалары, кедендік құн, олардың табиғи көріністегі физикалық сипаты (мөлшері, массасы, көлемі немесе өзге де сипаттамасы) және кедендік баждар мен салықтарды төлеу жататын кеден одағына қатысушы мемлекеттің тауарларды кедендік шекарадан өткізу күні, егер бұл күн анықталмаса, тауарларды келу жеріне жеткізбеу, оларды келу жерінен жоғалту не уақытша сақтауға орналастырмастан немесе оларды келу жерінде кедендік рәсімге орналастырмастан, кеден одағының кедендік аумағына келу жерінен әкету фактісі анықталған күні қолданыста болған заңнамасына сәйкес белгіленетін валюта бағамы негізінен есептелетін, тауарларды ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсмінде орналастырған кезде төленуге тиіс әкелінім кедендік баждарының сомаларына сәйкес келетін көлемде төленуге тиіс.

24-тарау

Тауарлардың кеден одағының кедендік аумағынан шығуы

162-бап. Тауарлардың кеден одағының кедендік аумағынан шығу орны мен уақыты

1. Тауарлардың кеден одағының кедендік аумағынан шығуы тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу орындарында (бұдан әрі - шығу орындары) және кеден органдарының осы жерлерде жұмыс жасау кезінде жүзеге асырылады.

Тауарлардың жекелеген санаттары кеден одағының кедендік аумағынан тек қана кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамасымен айқындалған келу о р ы н д а р ы н д а ш ы ғ у ы м ү м к і н .

Тауарлар кеден одағының кедендік аумағынан келу орны болып табылмайтын басқа орындардан кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамасымен айқындалған жағдайлар мен тәртіпте шығуы мүмкін.

Шығу орындарының тізбесі кеден органдарымен жариялау үшін, оның ішінде ақпараттық технологияларды қолдана отырып, кеден одағының Комиссиясына ж о л д а н а д ы .

2. Кеден органдары шығу орындары, белгіленген шектеулер және кеден органдарының жұмыс уақыты туралы ақпаратты, оның ішінде ақпараттық технологияларды қолдана отырып, ұсынуға міндетті.

3. Осы тараудың ережелері теңіз (өзен), әуе кемелерімен тасымалданатын, кеден

одағының кедендік аумағын кеден одағының кедендік аумағында орналасқан портта немесе әуежайда тоқтамай кесіп өтетін, сондай-ақ құбыр тасымалымен және электр беру желілері арқылы өткізілетін тауарларға таралмайды.

163-бап. Шығу орындарында жасалатын кедендік операциялар

1. Тауарлардың кеден одағының кедендік аумағынан шығуы үшін тасымалдаушы кеден органына кедендік декларацияны не оларды кеден одағының кедендік аумағынан шығаруды рұқсат ететін басқа құжатты, сондай-ақ тауарлар тасымалы жүзеге асырылатын көлік түріне байланысты, егерде осы Кодекспен басқадай көзделмеген жағдайда, осы Кодекстің 159-бабында қарастырылған құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға міндетті.

Тауарлардың кеден одағының кедендік аумағынан шығуы үшін, тауарлар тасымалы жүзеге асырылатын көлік түріне қарамастан, кеден органына тыйымдар мен шектеулердің сақталуын растайтын құжаттар осы Кодекстің 152-бабының 1-тармағына с ә й к е с ұ с ы н ы л а д ы .

Кедендік декларация не тауарларды кеден одағының кедендік аумағынан шығаруды рұқсат ететін басқа құжат, егерде осы тауарлар кеден одағының кедендік аумағына келгеннен кейін кедендік шекара арқылы тауарларды өткізу орнынан кетпеген жағдайда, тауарлардың кеден одағының кедендік аумағынан шығуы үшін ұ с ы н ы л м а й д ы .

2. Тасымалдаушы құжаттарды электрондық құжат түрінде ұсынуға құқылы.

3. Тасымалдаушының атынан құжаттарды кедендік уәкіл не тасымалдаушының тапсырмасы бойынша әрекет ететін басқа тұлғалар, егерде бұл кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамасына сәйкес рұқсат етілген жағдайда, ұсынуы м ү м к і н .

4. Тауарлардың кеден одағының кедендік аумағынан шығуы кедендік бақылау жүргізілгеннен кейін кеден органының рұқсат етуімен жүзеге асырылады.

Тауарлардың кеден одағының кедендік аумағынан шығуын рұқсат ету кеден декларациясында, не олардың кеден одағының кедендік аумағынан шығуына рұқсат ететін басқа құжатта және көліктік (тасымал) құжаттарында кеден органының тиісті белгілерін қою арқылы ресімделеді.

164-бап. Тауарларға кеден одағының кедендік аумағынан шығатын кезде қойылатын талаптар

1. Тауарлар кеден одағының кедендік аумағынан олардың саны мен қалпының тасу, тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі табиғи тозу немесе табиғи кему салдарынан болатын өзгерістерді, сондай-ақ көлік құралында төгілмей қалатын қалдықтардың болуы салдарынан тауарлар мөлшерінің өзгеруін қоспағанда, олар белгілі бір кедендік рәсімге орналастырылған кездегі мөлшері мен қалпында нақты ә к е т і л у г е т и і с .

2. Тұлғалар, тауарлардың кемуі не қалпының өзгеруі, апаттың не ырық бермес

күштің әсері салдарынан болған жағдайда, ал кеден одағына қатысушы-мемлекеттерде әрекет ететін техникалық регламент пен стандарттарда қарастырылған - өлшеу әдістеріндегі олқылықтар салдарынан тауарлар саны туралы мәліметтер өзгерген жағдайда, осы баптың ережелері сақталмағаны үшін жауапты болмайды.

3. Кеден одағының тауарлары кеден одағының кедендік аумағынан олар белгілі бір кедендік рәсімге орналастырылған кезде мәлімделген мөлшерінен аз мөлшерде, тауарлар санының азаю себептеріне қарамастан, әкетілуі мүмкін.

**165-бап. Апаттың не ырық бермес күштің әсері
немесе басқа жағдайлар кезінде қолданылатын
шаралар**

1. Егерде тауарларды шығу орнынан кедендік шекараны нақты кесіп өткен жеріне дейін жеткізу апаттың, ырық бермес күштің не тауарды осылай жеткізуге кедергі келтіретін басқа жағдайлардың салдарынан тоқтап қалса, тасымалдаушы тауарлардың бүтіндігін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдануға, ол жағдайлар және тауарлардың тұрған орны туралы ең жақын кеден органына дереу хабарлауға, сондай-ақ тауарларды ең жақын кеден органына немесе кеден органы көрсеткен өзге орынға тасуға немесе тасымалдауды (егерде олардың халықаралық тасымалдау көлік құралы бұзылған жағдайда) қамтамасыз етуге міндетті.

2. Тасымалдаушыларда немесе басқа тұлғаларда осы баптың талаптарын сақтауға байланысты болған шығындар кеден органдарымен өтелмейді.

**166-бап. Шетелдік тауарлар кеден одағының кедендік
аумағынан шыққан кездегі кедендік әкелім
бажын, салықтарды төлеу бойынша міндеттемелердің
пайда болуы мен тоқтатылуы және оларды**

төлеу мерзімі

1. Шетелдік тауарлар кеден одағының кедендік аумағынан шыққан кезде тасымалдаушыда кедендік әкелім бажын, салықтарды төлеу бойынша міндеттеме кеден органы тауардың кеден одағының кедендік аумағынан шығуына рұқсат берген сәттен п а й д а б о л а д ы .

2. Шетелдік тауарлар кеден одағының кедендік аумағынан шыққан кезде тасымалдаушыда кедендік әкелім бажын, салықтарды төлеу бойынша міндеттеме мына жағдайларда т о қ т а т ы л а д ы :

- 1) тауарлар кедендік шекараны нақты кесіп өткен кезде;
- 2) осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайларда.

3. Шетелдік тауарлар кеден одағының кедендік аумағынан шыққан кезде, егерде кедендік шекараны нақты кесіп өткенге дейін тауарлар жоғалған болса, апаттың немесе ырық бермес күш әсерінің салдарынан жойылған (қайтарымсыз жоғалған), не тасу, тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі табиғи кему салдарынан жойылуын қоспағанда, тауар жоғалған күн - кедендік әкелім бажын, салықтарды төлеу

мерзімі болып есептеледі, ал егерде ол күн белгісіз болса - кеден одағының кедендік аумағынан тауардың шығуына рұқсат берген күн болып есептеледі.

4. Кедендік әкелім бажы, салықтар тауарды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімге орналастыру кезінде төленетін, кедендік баж алымдарының, салықтардың, кедендік құнның, олардың нақты сипаттамасын заттай тұлғалау (саны, массасы, көлемі немесе басқа сипаттамасы) және валюталар бағамы тұрғысынан есептелген кедендік әкелім бажының, салықтардың сомаларына сәйкес, кеден одағына қатысушы-мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленетін, тауар жоғалған күні, ал ол күн белгісіз болған жағдайда - тауардың кедендік аумақтан шығуына кеден органы рұқсат берген күні қолданыста болған мөлшерде төленуге тиіс.

25-тарау

Тауарларды уақытша сақтау

167-бап. Тауарларды уақытша сақтау туралы жалпы ережелер

1. Тауарларды уақытша сақтау - шетелдік тауарларды кедендік бақылауға алып, уақытша сақтау орындарында мәлімделген кедендік рәсімге сәйкес кеден органы шығарғанға дейін не кеден одағының кедендік заңнамасында көзделген басқа әрекеттерді жасағанға дейін кедендік баждар мен салықтарды төлеусіз сақтау.

2. Тауарларды уақытша сақтау құбыр тасымалымен және электр беру желілері арқылы тасымалданатын тауарларға қатысты, сондай-ақ кеден одағының кедендік заңнамасында көзделген басқа жағдайларда қолданылмайды.

3. Тауарларға қатысты уәкілеттілігі бар тұлғалардың, немесе олардың өкілдерінің уақытша сақтауда тұрған тауарларды қолдануға, оның ішінде оларды уақытша сақтау аумағынан мәлімделген кедендік рәсімге сәйкес шығарғанға дейін не осы Кодексте көзделген басқа әрекеттер жасалғанға дейін құқығы жоқ.

168-бап. Тауарларды уақытша сақтау орындары

1. Уақытша сақтау орындары болып уақытша сақтау қоймалары және кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамасына сәйкес басқа орындар болып табылады (бұдан әрі - уақытша сақтау орындары).

Уақытша сақтау орындары олардың орналасуы, жайғастырылуы және жабдыкталуы бойынша кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес болуы қажет.

2. Уақытша сақтау орындары кедендік бақылау аймағы болып табылады.

3. Басқа тауарларға зиян келтіруі мүмкін немесе ерекше сақтау жағдайын қажет ететін тауарлар, ондай тауарларды сақтауға арнайы бейімделген уақытша сақтау орындарында сақталуы қажет.

4. Тауарлардың уақытша сақтау орындарында орналасуы кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамасында айқындалған тәртіппен расталады.

169-бап. Тауарларды уақытша сақтауға орналастырумен байланысты кедендік операциялар

1. Тауарды уақытша сақтауға орналастыру үшін тасымалдаушы, тауарларға қатысты уәкілеттілігі бар тұлғалар, олардың өкілдері кеден органына көлік (тасымал), коммерциялық және (немесе) тауар, тауарды жөнелтуші (алушы), жөнелтуші (межелі) елі туралы мәліметтері бар кедендік құжаттарды ұсынады.

Мұндай құжаттар кеден органына электронды құжат түрінде ұсынылуы мүмкін.

2. Кеден органы тауарды уақытша сақтауға орналастыру үшін ұсынылған құжаттарды мұндай құжаттарды кеден органына тапсырғаннан кейін бір сағаттан аспайтын мерзімде тіркейді.

3. Кеден органы тауарды уақытша сақтауға орналастыру үшін ұсынылған құжаттарды тіркеген күннен бастап тауарлар Тауарларды уақытша сақтау мерзімі болып есептеледі.

170-бап. Тауарларды уақытша сақтау мерзімі

1. Тауарларды уақытша сақтау мерзімі 2 айды құрайды.

2. Тауарларға қатысты уәкілеттігі бар тұлғаның, немесе оның өкілінің жазбаша жүгінуі бойынша кеден органы көрсетілген мерзімді ұзартады.

Тауарларды уақытша сақтаудың шекті мерзімі төрт айдан аспауы тиіс.

3. Тауарларды уақытша сақтау мерзімі тауарды уақытша сақтауға орналастыру үшін ұсынылған құжаттарды тіркеген күннен кейінгі күннен бастап есептеледі.

4. Тауарларды уақытша сақтау мерзімі біткен соң кедендік рәсімге орналастырылмаған тауарлар осы Кодекстің 21-тарауына сәйкес кеден органымен кідіртіледі.

171-бап. Уақытша сақтауда тұрған тауарлармен жасалатын операциялар

1. Тауарларға қатысты уәкілеттілігі бар тұлғалар, немесе олардың өкілдері уақытша сақтауда тұрған тауарлармен оларды өзгермейтін қалпында сақталуын қамтамасыз ету үшін қажет кәдімгі операцияларды, оның ішінде тауарларды қарау, өлшеу, оларды уақытша сақтау орны шегінде ауыстыруды жасауға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген операциялар, оның ішінде тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу, бұзылған ораманы түзету, сондай-ақ тауарларды кейіннен тасымалдауға дайындау үшін қажет операциялар кеден органының рұқсатымен жүргізілуі мүмкін.

Кеден органы мұндай операцияларды жүргізуге рұқсат беруден бас тартады, егерде оларды жүзеге асыру тауарды жойылтуға немесе оның қалпын өзгертуге соқтыратын болса.

172-бап. Тауарларды уақытша сақтау кезінде кедендік әкелім бажын, салықтарды төлеу бойынша

міндеттемелердің пайда болуы мен тоқтатылуы және оларды төлеу мерзімі

1. Уақытша сақтауға орналастырылатын шетелдік тауарларға қатысты кедендік әкелім бажын, салықтарды төлеу бойынша міндеттеме:

1) тасымалдаушыда немесе тауарларды уақытша сақтау үшін ұсынылған құжаттарды тіркеген сәтте тауарларға қатысты уәкілеттігі бар басқа тұлғада - кеден органы бұл құжаттарды тіркеген сәттен бастап;

2) уақытша сақтау қоймасының иесінде - тауарларды уақытша сақтау қоймасында орналастырған сәттен бастап;

3) уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орындарда тауарларды уақытша сақтауды жүзеге асырушы тұлғада - кеден органы тауарды уақытша сақтауға орналастыру үшін ұсынылған құжаттарды тіркеген күннен бастап пайда болады.

2. Уақытша сақтауға орналастырылатын (орналастырылған) шетелдік тауарларға қатысты кедендік әкелім бажын, салықтарды төлеу бойынша міндеттеме тоқтатылады:

1) тасымалдаушыда немесе тауарларды уақытша сақтау үшін ұсынылған құжаттарды тіркеген сәтте тауарларға қатысты уәкілеттігі бар басқа тұлғада, - тауарларды уақытша сақтау қоймасында орналастырған кезде не уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орындарда уақытша сақтауға басқа тұлға қабылдағанда;

2) уақытша сақтау қоймасының иесінде - уақытша сақтау қоймасынан тауарды кедендік рәсімге орналастырылуына байланысты бергенде;

3) уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орындарда тауарларды уақытша сақтауды жүзеге асырушы тұлғада, - тауарды кедендік рәсімге орналастырғанда;

4) осы тармақтың 1) - 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларда - тауарлар осы Кодекстің 21-тарауына сәйкес, сондай-ақ осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайларда кідірітілгенде.

3. Тауарларды уақытша сақтаған кезде кедендік әкелім бажын, салықтарды төлеу мерзімі болып есептеледі:

1) тасымалдаушыда немесе тауарларды уақытша сақтау үшін ұсынылған құжаттарды тіркеген сәтте тауарларға қатысты уәкілеттігі бар басқа тұлғада - бұл құжаттарды тіркеген сәттен бастап:

уақытша сақтауға орналастырылған тауарлар оларды уақытша сақтау қоймасына орналастырғанға дейін жоғалған, не оларды тұлға уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында уақытша сақтауға алған жағдайда, апаттың немесе ырық бермес күш әсерінің салдарынан жойылған (қайтарымсыз жоғалған), не тасу, тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі табиғи кему салдарынан жойылуын қоспағанда, тауар жоғалған күн - кедендік әкелім бажын, салықтарды төлеу мерзімі болып есептеледі, ал егерде ол күн белгісіз болса - тауарларды уақытша сақтауға орналастыру үшін ұсынылған құжаттарды кеден органында тіркелген күн; уақытша сақтауға орналастырылған тауарлар алушыға немесе басқа тұлғаға кеден

органының рұқсатынсыз оларды уақытша сақтау қоймасында орналастырғанға дейін, не оларды тұлға уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында уақытша сақтауға алған жағдайда, - осы тапсырған күн, ал егерде ол күн белгісіз болса - тауарларды уақытша сақтауға орналастыру үшін ұсынылған құжаттарды кеден органында тіркелген күн;

2) уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орындарда тауарларды уақытша сақтауды жүзеге асырушы тұлғада:

уақытша сақтауға орналастырылған тауарлар оларды уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында орналастырғанға дейін жоғалған жағдайда, апаттың немесе ырық бермес күш әсерінің салдарынан жойылған (қайтарымсыз жоғалған), не тасу, тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі табиғи кему салдарынан жойылуын қоспағанда, тауар жоғалған күн, ал егерде ол күн белгісіз болса - тауарларды уақытша сақтауға орналастыру үшін ұсынылған құжаттарды кеден органында тіркелген күн;

уақытша сақтауға орналастырылған тауарлар алушыға немесе басқа тұлғаға кеден органының рұқсатынсыз оларды уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында уақытша сақтауға алған жағдайда, - осы тапсырған күн, ал егерде ол күн белгісіз болса - тауарларды уақытша сақтауға орналастыру үшін ұсынылған құжаттар кеден органында тіркелген күн;

3) уақытша сақтау қоймасының иесінде, не уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында тауарды уақытша сақтауды жүзеге асырушы тұлғада:

уақытша сақтау қоймасында, не уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында сақтаулы тұрған тауарлар жоғалған жағдайда, апаттың немесе ырық бермес күш әсерінің салдарынан жойылған (қайтарымсыз жоғалған), не тасу, тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі табиғи кему салдарынан жойылуын қоспағанда, тауар жоғалған күн, ал егерде ол күн белгісіз болса - тауарларды уақытша сақтау қоймасында, не уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында орналастырылған күн;

уақытша сақтауға орналастырылған тауарлар алушыға немесе басқа тұлғаға кеден органының рұқсатынсыз оларды уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында уақытша сақтауға берген жағдайда, - осы тапсырған күн, ал егерде ол күн белгісіз болса - тауарларды уақытша сақтау қоймасында, не уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында орналастырылған күн;

тауарларды алушының қоймасында сақталып тұрған тауарларды уақытша сақтау мақсатынан басқаша пайдаланған жағдайда - осылай қолданған күні, ал егерде ол күн белгісіз болса - тауарларды уақытша сақтауға орналастыру үшін ұсынылған құжаттар кеден органында тіркелген күн.

4. Кедендік әкелім бажы, салықтар, осы баптың 3-тармағында белгіленген жағдайларда, тауарды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімге орналастыру кезінде

төленетін, кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша тарифтік преференциялар мен жеңілдіктерді есепке алмастан, кедендік баж алымдарының, салықтардың, кедендік құнның, олардың нақты сипаттамасын заттай тұлғалау (саны, массасы, көлемі немесе басқа сипаттамасы) және валюталар бағамы тұрғысынан есептелген кедендік әкелім бажының, салықтардың сомаларына сәйкес, кеден одағына қатысушы-мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленетін, кедендік әкелім бажын, салықтарды төлеу мерзімінің күні қолданыста болған, сәйкесінше осы баптың 3-тармағында белгіленген мөлшерде төленуге тиіс.

5-бөлім.

ТАУАРЛАРДЫ КЕДЕНДІК РӘСІМГЕ ОРНАЛАСТЫРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ КЕДЕНДІК ОПЕРАЦИЯЛАР 26-тарау Тауарларды кедендік рәсімге орналастырумен байланысты кедендік операциялар туралы жалпы ережелер

173-бап. Тауарларды кедендік рәсімге орналастырумен байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі

1. Тауарларды кедендік рәсімге орналастырумен байланысты кедендік операциялар кеден одағының кедендік заңнамасында белгіленген тәртіпте және шарттарда жасалады .

2. Тауарларды кедендік рәсімге орналастырумен байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі мен технологиясы кедендік шекара арқылы өткізілетін тауардың түріне, мұндай алып өту үшін қолданылатын көлік түріне (автомобиль, әуе, теміржол, теңіз, өзен және т.б.), тауарларды алып өтуші тұлғалар санатына байланысты б е л г і л е н е д і .

3. Кеден органдары атынан тауарларды кедендік рәсімге орналастырумен байланысты кедендік операцияларды мұндай кедендік операцияларды жасауға уәкілетті кеден органдарының лауазымды тұлғалары, өздерінің лауазымдық міндеттеріне (функционалдық) сәйкес жасайды.

4. Кеден органдарының тауарларды кедендік рәсімге орналастырумен байланысты кедендік операцияларды жасау кезіндегі талаптары негізделген болуы және кеден одағының кедендік заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету үшін қажет талаптармен ш е к т е л у і т и і с .

5. Тауарларды кедендік рәсімге орналастырумен байланысты кедендік операциялар тауардың шыққан, жөнелткен, межелі еліне және арналуына қарамастан бірдей қолданылады.

174-бап. Тауарларды кедендік рәсімге орналастыру

1. Тауарларды кедендік рәсімге орналастыру кеден органына кедендік декларацияны және (немесе) осы Кодексте қарастырылған жағдайларда тауарларды кедендік рәсімге орналастыру үшін қажет құжаттарды тапсырған сәттен басталады.

2. Ветеринарлық, фитосанитарлық және мемлекеттік бақылаудың басқа түрлеріне жатқызылатын тауарлар тиісті бақылаудан өткен соң ғана кедендік рәсімге орналастырылады.

3. Тауарларды кедендік рәсімге орналастыру тауарларды мәлімделген кедендік рәсімге сәйкес шығарумен аяқталады.

175-бап. Тауарларды кедендік рәсімге орналастырумен байланысты кедендік

операцияларды жасау орны мен уақыты

1. Тауарларды кедендік рәсімге орналастырумен байланысты кедендік операциялар, кеден органдарының тұрған жерінде және олардың жұмыс кезінде жасалады.

2. Декларанттың, не кедендік өкілдің дәлелді сұранысы бойынша тауарларды кедендік рәсімге орналастырумен байланысты жекелеген кедендік операциялар кеден органдарының тұрған жері мен жұмыс кезінен тыс уақытта жасалуы мүмкін.

176-бап. Тауарларды кедендік рәсімге орналастыру үшін қажет құжаттар мен мәліметтер

1. Тауарларды кедендік рәсімге орналастыру кезінде осы Кодекспен белгіленген тұлғалар кеден органына тауарларды шығару үшін қажет құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға міндетті.

Тауарларды кедендік рәсімге орналастырумен байланысты кедендік операцияларды жасаған кезде, кеден органдары кеден одағының кедендік заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету үшін қажет және оларды ұсыну кеден одағының кедендік заңнамасында қарастырылған құжаттар мен мәліметтерді ғана ұсынуды талап етуге құқылы.

2. Тауарларды шығару үшін қажет құжаттар мен мәліметтер тізбесі, және оларды ұсыну мерзімі осы Кодекспен белгіленеді.

3. Кеден органдарының құжаттардағы кеден органының тауарларды шығару туралы шешім қабылдауына әсер ететін мәліметтерді өзгертпейтін, жаңылыс қателердің, техникалық немесе грамматикалық қателердің болуы себепті құжаттарды қабылдаудан бас тартуға құқы жоқ.

4. Тауарларды шығаруға қажетті құжаттар осы Кодекске сәйкес электронды құжат түрінде ұсынылуы мүмкін.

5. Кедендік құжаттар нысандары Кеден одағы комиссиясының шешімімен айқындалады.

Кедендік құжаттар, егерде басқадай осы Кодекске сәйкес белгіленбеген болса, орыс тілінде толтырылады.

6. Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің халықаралық келісімдеріне және кеден

одағына қатысушы-мемлекеттердің шетел мемлекеттерімен жасасқан халықаралық келісімдеріне сәйкес, тауарларды шығаруды оңайлату мен жеделдету мақсатында кедендік мақсатта қолданылатын басқа мемлекеттердің кедендік құжаттары қолданылуы мүмкін.

177-бап. Тауарларды кедендік рәсімге орналастырумен байланысты кедендік операцияларды жасау кезінде мүдделі тұлғалардың немесе олардың өкілдерінің қатысуы

1. Тауарларды кедендік рәсімге орналастырумен байланысты кедендік операцияларды жасау кезінде мүдделі тұлғалар немесе олардың өкілдері қатысуға қ ұ қ ы л ы .

2. Кеден органының талабы бойынша мүдделі тұлғалар немесе олардың өкілдері тауарларды кедендік рәсімге орналастырумен байланысты кедендік операцияларды жасау кезінде, кеден органына оны жасауда көмек көрсету үшін қатысуға міндетті.

178-бап. Тауарлардың жекелеген санаттарын кедендік рәсімге бірінші кезекте орналастыру тәртібі

Табиғи апаттар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар зардаптарын жоюға кажет тауарлар, бейбітшілікті қолдау акцияларын не оқыту-жаттығуларын өткізуге кажет әскери арналым өнімдері, сондай-ақ тез бұзылуға бейім тауарлар, тірі жануарлар, радиоактивті материалдар, жарылғыш заттар, халықаралық пошта жөнелтілімдері, экспресс-жүктер, гуманитарлық және техникалық көмек, бұқаралық ақпарат құралдары үшін хабарламалар мен материалдар және басқа ұқсас тауарлар кедендік рәсімге бірінші кезекте орналастырылады.

27-тарау

Тауарларды кедендік декларациялау

179-бап. Тауарларды кедендік декларациялау туралы жалпы ережелер

1. Тауарлар кедендік рәсімге орналастырылған кезде, не осы Кодекске сәйкес белгіленген басқа жағдайларда кедендік декларациялауға жатқызылады.

2. Тауарларды кедендік декларациялауды декларант, не декларанттың атынан және оның тапсыруымен әрекет ететін кедендік өкіл жүргізеді.

3. Кедендік декларациялау жазбаша және (немесе) электронды нысандарда кедендік декларацияны қолдана отырып жүргізіледі.

180-бап. Кедендік декларация

1. Тауарларды кедендік декларациялау кезінде тауарларды алып өтуші тұлғалар мен мәлімделген кедендік рәсімдерге байланысты кедендік декларацияның келесі түрлері қ о л д а н ы л а д ы :

- 1) тауарлар декларациясы;
- 2) транзиттік декларация;
- 3) жолаушы кедендік декларациясы;
- 4) көлік құралының декларациясы.

Кедендік декларацияны толтыру нысандары мен тәртібі Кедендік одақ комиссиясының шешімімен айқындалады.

2. Кедендік декларацияда көрсетілуге тиіс мәліметтер тізбесі кедендік төлемдерді есептеу мен өндіру, кедендік статистиканы қалыптастыру және кеден одағының кедендік заңнамасын және кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің басқа заңнамаларын қолдану мақсатында қажет мәліметтермен ғана шектеледі.

3. Тауарлар декларациясы мен транзиттік декларацияда көрсетілуге тиіс мәліметтер кедендік рәсімге, тауардың түріне, алып өту үшін қолданылатын көлік түріне, тауарларды алып өтуші тұлғалар санатына байланысты Кедендік одақ комиссиясының шешімімен қысқартылуы мүмкін.

Жолаушы кедендік декларациясында және көлік құралының декларациясында көрсетілуге тиіс мәліметтер Кедендік одақ комиссиясының шешімімен айқындалады.

4. Кедендік декларация ретінде көлік (тасымал), коммерциялық және (немесе) кедендік рәсімге сәйкес тауарды шығару үшін қажет мәліметтері бар басқа құжаттар, осы Кодекспен және Кедендік одақ комиссиясының шешімімен айқындалатын жағдайлар мен тәртіпте қолданылуы мүмкін.

5. Кедендік декларация осы Кодекске сәйкес электронды құжат түрінде ұсынылуы мүмкін.

Кедендік декларацияны электронды құжат түрінде ұсыну және қолдану тәртібі Кедендік одақ комиссиясының шешімімен айқындалады.

6. Кедендік декларацияны жазбаша нысанда тапсыру, егерде Кедендік одақ комиссиясының шешімімен басқадай белгіленбесе, кеден органына оның электронды нұсқасын ұсынумен ілесіп отыру қажет.

Кедендік декларацияның электронды құрылымы мен пішіні, сондай-ақ оны ұсыну және қолдану тәртібі Кедендік одақ комиссиясының шешімімен айқындалады.

181-бап. Тауарлар декларациясы

1. Кедендік рәсімдерге орналастырылған кезде, кедендік транзит рәсімін қоспағанда, кеден органына тауар декларациясы ұсынылады.

2. Тауарлар декларациясында келесі негізгі мәліметтер, оның ішінде кодталған түрде, көрсетіледі:

- 1) мәлімделетін кедендік рәсім;
- 2) декларант, кедендік өкіл, тауарды жөнелтуші және алушы туралы мәліметтер;
- 3) тауарларды халықаралық тасымалдауда қолданылатын көлік құралдары туралы және (немесе) оларды кеден одағының кедендік аумағында кедендік бақылаумен тасымалдау туралы мәліметтер;

3) тауарларды халықаралық тасымалдауда қолданылатын көлік құралдары туралы және (немесе) оларды кеден одағының кедендік аумағында кедендік бақылаумен тасымалдаған (тасымалданатын) көлік құралдары туралы мәліметтер;

4) тауарлар туралы мәліметтер:

а т а у ы ;

с и п а т т а м а с ы ;

сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасы бойынша тауарлардың ж і к т е у к о д ы ;

ш ы қ қ а н е л і н ің а т а у ы ;

ж ө н е л т к е н (м е ж е л і) е л а т а у ы ;

орама сипаттамасы (саны, түрі, таңбалау және реттік саны);

килограммға шаққанда саны (брутто салмағы және нетто салмағы) және де өзге ө л ш е у б і р л і к т е р і н д е ;

к е д е н д і к қ ұ н ;

с т а т и с т и к а л ы қ қ ұ н ы ;

5) кедендік төлемдердің есептелуі туралы мәліметтер:

Кедендік баж, салық, кедендік алым ставкалары;

кедендік төлемдерді төлеу бойынша жеңілдікті пайдалану;

кедендік бажды, салықты, кедендік алымдарды есептеу сомасы;

кедендік одақтың қатысушы-мемлекеттер заңнамасына сәйкес белгіленетін және осы Кодекске сәйкес кедендік төлемдерді есептеуде қолданылатын валюталар бағамы;

6) сыртқы экономикалық мәміле және оның негізгі шарттары туралы м ә л і м е т т е р ;

7) шектеулердің сақталуы туралы мәліметтер;

8) тауар өндіруші туралы мәліметтер;

9) тауарларды кедендік рәсімге орналастыру шарттарын сақтау туралы мәліметтер;

10) осы Кодекстің 183-бабына сәйкес ұсынылатын құжаттар туралы мәліметтер;

11) тауарлар декларациясын қалыптастырушы тұлға туралы мәліметтер;

12) тауарлар декларациясын қалыптастыру күні мен орны.

182-бап. Транзиттік декларация

1. Тауарды кедендік транзит кедендік рәсіміне орналастыру кезінде кеден органына транзиттік декларация ұсынылады.

2. Транзиттік декларация ретінде көлік (тасымал), коммерциялық және (немесе) халықаралық келісімдермен белгіленген, осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәліметтері бар басқа да құжаттар ұсынылуы мүмкін.

3. Транзиттік декларацияда келесі мәліметтер болуы тиіс:

1) көлік (тасымал) құжатына сәйкес тауарды жөнелтуші, алушы туралы;

2) жөнелтуші ел, тауардың межелі елі туралы;

3) дек л а р а н т т у р а л ы ;

4) т а с ы м а л д а у ш ы т у р а л ы ;

5) тауарлар тасымалданатын халықаралық тасымалдың көлік құралы туралы;

6) көлік (тасымал), коммерциялық құжаттарға сәйкес тауардың атауы, саны, құны
т у р а л ы ;

7) тауарларды кодтау және сипаттаудың Үйлестірілген жүйесіне немесе сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасының алғашқы алты белгісінен кем емес деңгейдегі тауар коды туралы ;

8) сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасының немесе тауарларды кодтау және сипаттаудың Үйлестірілген жүйесінің әрбір коды бойынша тауардың брутто салмағы немесе көлемі, сондай-ақ өзге өлшеу бірліктеріндегі тауар саны туралы (мұндай мәліметтер болған жағдайда);

9) жүк орындарының саны ;

10) көлік (тасымал) құжатына сәйкес тауардың межелі пункті туралы;

11) тауарлардың кеден шекарасы арқылы өтуімен байланысты шектеулердің сақталуын растайтын құжаттар туралы, егер мұндай алып өту осы құжаттар болған жағдайда рұқсат етілсе ;

12) жолда жоспарланған тауарларды қайта тиеу немесе жүк операциялары туралы.

4. Кедендік органның декларанттан осы баптың 3-тармағында көрсетілгендерден басқа мәліметтерді талап етуге құқы жоқ.

5. Егерде транзиттік декларация ретінде қабылданатын, халықаралық келісімдермен көзделген құжатта осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәліметтер болмаса, жетіспейтін мәліметтердің оған қоса жалғанатын не онымен бірге ілесіп жүретін, кеден органына ұсынылатын құжатта болуы тиіс.

6. Транзиттік декларация кеден органымен, оның ішінде кеден органдарында қолданылатын ақпараттық жүйелер мен ақпараттық технологияларды қолдана отырып, тіркеледі .

Транзиттік декларацияны ұсыну және тіркеу Кедендік одақ комиссиясының шешімімен айқындалады.

183-бап. Тауарларды кедендік декларациялау кезінде құжаттарды ұсыну

1. Кедендік декларацияны тапсыру, егерде осы Кодекспен басқадай белгіленбеген жағдайда, кеден органына солардың негізінде кедендік декларация толтырылған құжаттарды ұсынумен ілесіп отырылуы қажет.

О н д а й құ ж а т т а р :

1) кедендік декларацияны ұсынушы тұлғаның уәкілеттілігін растайтын құжаттар;

2) сыртқы экономикалық мәміленің жасалғанын растайтын құжат, не иелену, пайдалану, және (немесе) тауарларды сыртқы экономикалық мәміле шеңберінде емес жұмсалуды растайтын құжаттар ;

3) көлік (тасымал) құжаты ;

- 4) декларанттың билігіндегі коммерциялық құжаттар;
- 5) тыйымдар мен шектеулердің сақталуын растайтын құжат;
- 6) арнаулы қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шараларды қолданумен байланысты шектеулердің сақталуын растайтын құжат;
- 7) осы Кодекспен көзделген жағдайларда, тауарлардың шыққан елін растайтын құжат;
- 8) сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасы бойынша тауарды жіктеу коды мәлімделген құжаттар;
- 9) кедендік төлемдердің төленгенін және (немесе) қамтамасыз етілуін растайтын құжат;
- 10) кедендік төлемдерді төлеу бойынша жеңілдік құқығын, кедендік баждан, салықтардан толық немесе жартылай босатудың осы Кодекспен белгіленген кедендік рәсімдерге сәйкес, не кедендік баж, салықтарды есептеу үшін базаны (салық базасын) азайту қолданылғанын растайтын құжаттар;
- 11) кедендік баж, салықтарды төлеу мерзімінің өзгертілгенін растайтын құжаттар;
- 12) тауарлардың мәлімделген құнын және тауарлардың кедендік құнын анықтау үшін таңдалған әдісті растайтын құжаттар;
- 13) кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің валюталық заңнамасына сәйкес валюталық бақылау саласындағы талаптардың сақталуын растайтын құжат;
- 14) тауарларды автомобиль көлігімен кедендік транзит рәсімімен тасымалдаған жағдайда халықаралық тасымалдың көлік құралының тіркелуін және ұлттық тиесілілігін растайтын құжат.

Егерде осы тармақта көрсетілген құжаттарда кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтер болмаса, солардың негізінде кедендік декларация толтырылған құжаттар ұсынылады.

2. Тауарларды кедендік декларациялау кезінде ұсынылатын құжаттар тізбесі кедендік декларациялау нысанына (жазбаша, электрондық), кедендік декларацияның түріне, тауарлар мен тұлғалар санатына байланысты кеден одағының кедендік заңнамасына немесе кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамасына сәйкес қысқартылуы мүмкін.

3. Солардың негізінде кедендік декларация толтырылған жекелеген құжаттарды кедендік декларация ұсынылған сәтте тапсыру мүмкін болмаса, декларанттың дәлелді жүгінуі бойынша кеден органы мұндай құжаттардың тауар шығарылғанға дейін тапсыруды рұқсат етеді.

4. Тауарларды кедендік ресімдеу кезінде құжаттардың түпнұсқасы не олардың көшірмесі ұсынылады. Құжаттардың көшірмесі ұсынылған жағдайда, кеден органы құжат көшірмесінің түпнұсқасына сәйкестігін тексеруге құқылы.

Егер тауарларды кедендік декларациялау кезінде кеден органына кедендік декларациялауда қолданылатын құжаттар бұрын тапсырылған жағдайда, ол

құжаттардың көшірмесі ұсынылса, не мұндай құжаттардың кеден органына тапсырылғаны жөнінде мәліметтер көрсетілсе жеткілікті.

5. Тауарларды кедендік декларациялау кезінде құжаттар осы Кодекске сәйкес, электрондық құжат түрінде ұсынылуы мүмкін.

Электронды құжаттарды ұсыну және қолдану тәртібі Кедендік одақ комиссиясының ш е ш і м і м е н а й қ ы н д а л а д ы .

6. Кедендік декларацияны электронды нұсқада тапсырғанда кедендік декларацияны толтыруға негіз болған құжаттарды ұсынудың қажеті жоқ, оның ішінде осы Кодекстің 240, 253, 265, 294, 299, 308-баптарымен белгіленген құжаттарды, немесе олар кейіннен тапсырылуы мүмкін, кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамасына сәйкес.

7. Кеден органдары кедендік декларациялау кезінде кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің мемлекеттік тілінде немесе шет тілінде қалыптастырылған құжаттар мен мәліметтерді қолдану және қабылдауы мүмкін.

Кеден органы кеден одағына қатысушы-мемлекеттің мемлекеттік тілі болып табылмайтын тілде толтырылған құжаттардағы мәліметтерді аударып беруді талап етуге құқылы.

184-бап. Кедендік декларациялау кезінде кедендік рәсімдердің шарттарына сәйкес ұсынылатын

қосымша құжаттар

Кедендік декларациялау кезінде мәлімделген кедендік рәсімдердің шарттарына сәйкес осы Кодекстің 183-бабында аталған құжаттарға қосымша осы Кодекстің 240, 253, 265, 294, 299, 308-баптарында аталған құжаттар ұсынылады.

185-бап. Кедендік декларацияны ұсыну мерзімі

1. Кеден одағының кедендік аумағына әкелінген тауарға кедендік декларация егерде осы Кодекспен басқадай белгіленбесе, тауарларды уақытша сақтау мерзімі біткенге д е й і н т а п с ы р ы л а д ы .

2. Кеден одағының кедендік аумағынан әкетілетін тауарға кедендік декларация осы Кодекспен басқадай белгіленбесе, олардың кеден одағының кедендік аумағынан к е т к е н і н е д е й і н т а п с ы р ы л а д ы .

3. Әкімшілік құқық бұзушылық немесе қылмыс жасау заты болып, қаруы болып табылатын, және оларға қатысты қайтару жөнінде шешім қабылданған тауарларға қатысты кедендік декларация кедендік рәсімге орналастыру мақсатында заңды күшіне енген күннен бастап отыз күн ішінде ұсынылады:

1) қылмыстық (әкімшілік) жауапкершіліктен босату туралы шешім;
2) әкімшілік жауапкершіліктен босату туралы кеден органының шешімі (лауазымды т ұ л ғ а н ы ң) ;

3) қылмыстық (әкімшілік) істі тоқтату туралы соттың немесе кеден органының ш е ш і м і (л а у а з ы м д ы т ұ л ғ а н ы ң) ;

4) қылмыстық (әкімшілік) жауапкершілікке тарту туралы соттың немесе кеден

органының шешімі (лауазымды тұлғаның).

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тауарларға қатысты кедендік декларация белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда кеден органымен осы Кодекстің 21-тарауына сәйкес ұсталады.

186-бап. Декларант

Декларант бола алатындар:

1) кеден одағына қатысушы-мемлекеттің тұлғасы:

Сыртқы экономикалық мәмілені жасасқан не оның атынан (тапсыруымен) осы мәміле жасалған;

Сыртқы экономикалық мәміле жасалмаған жағдайда иелену, пайдалану, және (немесе) тауарларды билеу құқығы бар;

2) шетелдік тұлғалар:

Жеке пайдалану үшін тауарларды алып өтетін жеке тұлға;

Осы Кодекстің 45-тарауына сәйкес кедендік жеңілдіктерді пайдаланатын тұлға;

Кеден одағына қатысушы-мемлекеттің аумағында өкілдігі бар ұйым, белгіленген тәртіппен - уақытша әкелу, реэкспорт, сондай-ақ осы өкілдіктің жеке мұқтаждығы үшін әкелінетін тауарларға қатысты тек ішкі тұтынуға үшін шығару рәсімін мәлімдеген жағдайда;

Мәміле шеңберінде емес, билеу құқығы бар тұлға, бір тарапы болып кедендік одақтың қатысушы-мемлекетінің тұлғасы болады;

3) кедендік транзит рәсімін мәлімдеген кедендік одақтың қатысушы-мемлекетінің тұлғасы және шетелдік тұлғалар:

Тасымалдаушы, оның ішінде кедендік тасымалдаушы; экспедитор, егерде ол кедендік одақтың қатысушы-мемлекетінің тұлғасы болған жағдайда.

187-бап. Декларант құқықтары

Тауарларды кедендік декларациялау кезінде және тауарды кедендік рәсімге орналастыру үшін қажет кедендік операцияларды жасау кезінде декларант құқылы:

1) кедендік бақылаудағы тауарларды қарауға, өлшеуге және жүк операцияларын орындауға;

2) кедендік бақылаудағы тауарлардың сынамалары мен үлгілерін осы Кодекстің 155-бабында көзделген шарттар сақталған жағдайда кеден органының рұқсатымен алуға;

3) кеден органдарының лауазымды тұлғалары тауарларды кедендік тексермелеу мен қарауы кезінде және тауарлардың үлгілері мен сынамаларын алғанда қатысуға;

4) өздері декларациялайтын тауарлардың кеден органдарында бар үлгілері мен сынамаларының қорытындысымен;

5) осы Кодекске сәйкес құжаттар мен мәліметтерді электронды құжат түрінде ұсынуға;

6) кеден органдарының және лауазымды тұлғалардың әрекетін (әрекетсіздігіне)

ш а ғ ы м д а н у ғ а ;

7) өзі декларациялайтын тауары туралы мәліметтерді нақтылау үшін сарапшыларды т а р т у ғ а ;

8) осы Кодексте көзделген басқа да құқықтар мен құзыреттілікті пайдалануға.

188-бап. Декларант міндеттері

Тауарларды кедендік декларациялау кезінде және тауарды кедендік рәсімге орналастыру үшін қажет кедендік операцияларды жасау кезінде декларант міндетті:

1) тауарларды кедендік декларациялау жүргізуге;

2) кеден органына, солардың негізінде кедендік декларация толтырылған құжаттарды, егерде басқадай кеден одағының кедендік заңнамасымен белгіленбесе, ұ с ы н у ғ а ;

3) декларацияланатын тауарларды осы Кодексте көзделген жағдайларда, не кеден органының талабы бойынша ұсынуға;

4) осы Кодекске сәйкес кедендік төлемдерді төлеуге және (немесе) олардың төленуін қамтамасыз етуге;

5) тиісті кеден рәсiмiнде тауарларды қолдану шарты мен талаптарын сақтауға;

6) осы Кодекске сәйкес басқадай талаптарды орындауға.

189-бап. Декларант жауапкершілігі

Декларант кедендік декларацияда көрсетілген дұрыс емес мәліметтерді мәлімдегені үшін және осы Кодекстің 188-бабында қарастырылған міндеттерді орындамағаны үшін кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

190-бап. Кедендік декларацияны беру және тіркеу

1. Кедендік декларация декларантпен немесе кедендік өкілмен кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кедендік декларацияны тіркеуге құқылы кеден органына тапсырылады.

2. Кедендік декларацияны, оның электронды көшірмесін, қажетті құжаттарды тапсырған күні мен уақыты кеден органымен, оның ішінде ақпараттық технологияларды қолдана отырып тіркеледі.

3. Кедендік орган кедендік декларацияны Кеден одағының комиссиясы айқындайтын тәртіппен кедендік декларация ұсынылған сәттен бастап екі сағаттан аспайтын мерзімде тіркейді немесе тіркеуден бас тартады.

4. Кедендік орган кедендік декларацияны тіркеуден келесі жағдайда бас тартады:

1) кедендік декларация кедендік декларацияны тіркеуге құқылы кеден органына тапсырылған ;

2) кедендік декларация уәкілетті емес тұлғамен берілген;

3) кедендік декларацияда осы Кодекстің 180 - 182-баптарымен көзделген қажет мәліметтер көрсетілмеген ;

4) кедендік декларацияға қол қойылмаған не тиісінше ресімделмеген немесе куәландырылмаған ;

5) декларацияланатын тауарларға қатысты осы Кодекске сәйкес тапсырғанға дейін немесе декларацияны ұсынғанда жасалатын әрекеттер жасалмаған.

Кедендік декларацияны тіркеуден бас тарту кеден органының лауазымды тұлғасымен жазбаша нысанда бас тарту себебін көрсете отырып ресімделеді.

Кедендік декларацияны тіркеуден бас тартқан жағдайда, кедендік декларация және ұсынылған құжаттар декларантқа не кедендік өкілге қайтарылады.

5. Егерде кедендік декларация кеден органымен тіркелмесе ондай декларация кедендік мақсатта тапсырылмаған болып саналады.

6. Тіркелген сәттен бастап кедендік декларация заңды мағынасы бар фактілерді куәландыратын құжат болып саналады.

7. Осы баптың 2 - 3-тармақтарының ережелері кедендік транзит рәсіміне орналастырылатын тауарларды кедендік декларациялау кезінде қолданылмайды.

191-бап. Кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді өзгерту және толықтыру

1. Кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтер кеден органының рұқсаты бойынша декларанттың дәлелді жазбаша жүгінуі бойынша тауарлар шығарылғанға дейін келесі шарттар сақталғанда өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін:

Егерде енгізілген өзгертулер мен толықтырулар тауарды шығару туралы шешім қабылдауға әсер етпесе, және кедендік төлемдердің сомасын анықтауға әсер ететін мәліметтерді өзгертуге соқтырмаса, кедендік құнды түзетуді және тыйымдар мен шектеулерді сақтағанда ;

Декларант жүгінгенге дейін кеден органы оны кедендік тексермелеуді өткізу орны мен уақыты туралы хабардар етпесе, және (немесе) тауарға қатысты кедендік бақылаудың басқа нысандарын қолдану жөнінде шешім шығармаса.

Тіркелген кедендік декларациясындағы мәліметтерді өзгерту және толықтыру тіркелген кедендік декларациясында мәлімделген тауар туралы мәліметтерден басқа мәліметті мәлімдеуге жол бермейді.

2. Тауар шыққаннан кейін кедендік декларациясындағы мәліметтерді өзгерту және толықтыру Кеден одағының комиссиясының шешімі айқындайтын жағдайлар мен тәртіпте рұқсат етіледі.

3. Кеден органдарының өз бетінше, тұлғаның тапсырмасы немесе сұрауы бойынша кеден декларациясын толтыруға, онда көрсетілген мәліметтерді өзгертуге немесе толықтыруға, енгізуі кеден органдарының құзыретіне енетіндерді, сондай-ақ кедендік құнды түзетуді және тауарды шығарғаннан кейін кедендік төлемдердің сомасын анықтауға әсер ететін мәліметтерді өзгертуге, және кеден одағының кедендік заңнамасына сәйкес тыйымдар мен шектеулерді сақтауды қоспағанда, құқығы жоқ.

192-бап. Кедендік декларацияны кері шақыру

1. Декларанттың жазбаша жүгінуі бойынша тіркелген шетелдік тауарларға кедендік жүк декларациясы кеден органы тауарды шығару туралы шешім қабылдағанға дейін

кері шақырылуы мүмкін.

Кедендік декларацияны кері шақырған кезде жаңа декларация тауарларды уақытша сақтау мерзімі шегінде ұсынылуы қажет.

Кедендік декларацияны осы пункттің екінші бөлігінде көрсетілген мерзімде ұсынбаған жағдайда тауарлар осы Кодекстің 21-тарауына сәйкес кеден органымен ұсталады.

2. Декларанттың жазбаша жүгінуі бойынша кеден одағының тауарларының кедендік декларациясы тауарлардың кеден одағының кедендік аумағынан нақты шыққанға дейін кері шақырылуы мүмкін.

Кеден одағының тауарларына кедендік декларацияны кері шақыру үшін кері шақыру туралы өтініште тауардың тұрған жері көрсетілуі тиіс.

3. Кедендік декларацияны кері шақыруға кеден органының жазбаша жүгінуімен рұқсат етіледі, егерде декларанттың өтінішін алғанға дейін кеден органы оны кедендік тексермелеуді өткізу орны мен уақыты туралы хабардар етпесе, және (немесе) әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке соқтыратын кедендік заңнаманы бұзушылық анықталмаса.

Кедендік декларация тауарды кедендік тексермелеу жүргізгеннен кейін, егерде мұндай тексеру нәтижесінде әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке соқтыратын кедендік заңнаманы бұзушылық анықталмаса кері шақырылуы мүмкін.

193-бап. Тауарларды алдын ала кедендік декларациялау

1. Шетелдік тауарларға қатысты кедендік декларация оларды кеден одағының кедендік аумағына әкелгенге дейін берілуі мүмкін.

2. Егер кедендік мақсаттар үшін көліктік (тасымалдаушы) немесе тауарларды алдын ала кедендік декларациялау кезінде алып жүретін коммерциялық құжаттар пайдаланылатын болса кеден органы бұл құжаттардың декларантпен расталған көшірмелерін немесе осы құжаттардағы мәліметтерді электронды түрде қабылдауды және тауарларды кеден органдарына көрсеткеннен кейін аталған құжаттардың көшірмесіндегі мәліметтерді құжаттардың түпнұсқасындағы, соның ішінде электрондық құжаттарды мәліметтермен салыстырады.

3. Алдын ала кедендік декларациялау кезінде кедендік декларацияда мәні бойынша декларантқа кеден одағының кедендік аумағына әкелгенге және (немесе) оларды кеден органына көрсеткенге дейін белгісіз болатын мәліметтер жоқ болуы мүмкін.

Мұндай мәліметтер кедендік декларацияға тауарларды Кеден одағы комиссиясының шешімімен белгіленген тәртіппен шығару туралы шешім қабылданға дейін енгізілуі тиіс.

4. Құндық, сандық немесе салмақтық көрсеткіштер бұрын көліктік (тасымалдаушы) немесе коммерциялық құжаттар негізінде мәлімделгеннен мәліметтер өзгерген жағдайда құнының, санының немесе салмағының өзгергенін растайтын құжаттар міндетті түрде ұсынылады.

5. Егер тауарларды кеден одағының кедендік аумағына әкелгеннен кейін декларант құндық, сандық немесе салмақтық көрсеткіштердің сәйкессіздігін тапқан жағдайда декларант осы Кодекстің 192-бабында көзделген тәртіппен кедендік декларацияны кейін қайтарып алуға құқылы.

6. Егер тауарлар кедендік декларацияны тіркеген немесе кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленген өзге кеден органына оны тіркеген күннен кейінгі қырық бес күнтізбелік күн ішінде көрсетілмесе, немесе осы тауарларға қатысты төлеуге жататын кедендік баж ставкалары, салықтар өзгерсе кедендік декларация берілген жоқ деп есептеледі.

194-бап. Тауарларды кедендік декларациялау ерекшеліктері

Кеден одағының кедендік заңнамасына және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес тауарларды кедендік декларациялау ерекшеліктері белгіленуі, соның ішінде мына жағдайларда:

- 1) егер декларант кедендік декларациялау үшін қажетті нақты мәліметтерді білмесе;
- 2) белгілі уақыт кезеңінде бір тұлға үнемі кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізгенде;
- 3) тауарларды құбыр жолдары көлігімен және тоқ беру желісімен өткізгенде;
- 4) тауарларды жинақтаусыз, шашылған күйде, соның ішінде толық жиынтықсыз немесе аяқталмаған күйінде, белгіленген уақыт кезеңі ішінде өткізгенде.

28-тарау

Тауарларды шығару

195-бап. Тауарларды шығару үшін негіздеме және тауарларды шығару тәртібі

1. Тауарларды шығаруды кеден органдары мына жағдайлар сақталғанда жүзеге асырады:

- 1) кеден органына осы Кодекске және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес тауарларды шығаруға қажетті лицензиялар, сертификаттар, рұқсаттар және (немесе) өзге құжаттар ұсынылғанда;
- 2) тұлғалар тауарларды осы Кодекске сәйкес, ал кедендік рәсім белгіленген кезде осы Кодекстің 202-бабының 2-тармағына сәйкес кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарына және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес таңдап алынған кедендік рәсімге орналастыруға қажетті талаптарды сақтағанда;
- 3) тауарға қатысты кедендік баждар, салықтар төленгенде, немесе осы Кодекске сәйкес оларды төлеуді қамтамасыз ету ұсынылғанда.

2. Декларант ұсынылған ақпараттың дұрыстығына, оның ішінде кеден органдары тәуекелді басқару жүйесін қолдана отырып тауарларды шығару туралы шешім

қабылдағанда кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасында көзделген жауапкершілікті атқарады.

3. Кеден органдары тауарларды шығаруды осы Кодекстің 196-бабында көрсетілгеннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

4. Тауарды шығаруды кеден органының лауазымды тұлғасы кедендік декларацияға, коммерциялық, көліктік (тасымалдаушы) құжаттарға сәйкес белгілерді, сондай-ақ кеден органының ақпараттық жүйесіне сәйкес мәліметтерді енгізу жолымен жүргізеді.

196-бап. Тауарларды шығару мерзімі

1. Тауарларды шығару кедендік декларацияны тіркегеннен кейінгі екі күннен кешіктірмей, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, аяқталуы тиіс. Аталған мерзімге кедендік бақылауды жүргізу уақыты қосылады.

2. Тауарларды шығару мерзімі кеден органы басшысының (бастығының) немесе ол уәкілеттік берген лауазымды тұлғаның рұқсатымен ұзартылуы мүмкін және кедендік декларация тіркелгеннен кейінгі он жұмыс күнінен, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, аспауы тиіс.

3. Осы Кодекстің 193-бабына сәйкес тауарларды алдын ала декларациялауды қолданғанда тауарларды шығаруды кеден органдары тауар кедендік декларацияны тіркеген кеден органына көрсетілгеннен кейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірмей аяқталуы тиіс.

Аталған мерзім осы баптың 2-тармағымен белгіленген тәртіппен ұзартылуы мүмкін және тауарды кедендік декларацияны қабылдаған кеден органына көрсеткеннен кейінгі күннен он жұмыс күнінен аспайды.

197-бап. Кедендік декларация берілгенге дейін тауарларды шығару

1. Осы Кодекстің 178-бабында көрсетілген кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін (әкелінген) тауарлардың жекелеген санаттарын, кедендік транзит рәсімін қоспағанда, кедендік рәсімдерге орналастыру кезінде, сондай-ақ, осы Кодекстің 41-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті экономикалық операторларына қатысты арнайы оңайлатуларды қолдану кезінде тауарларды шығару, декларант мыналар ұсынылғанда жүзеге асырылуы мүмкін:

1) коммерциялық немесе тауарды жөнелтуші мен алушы туралы, жөнелтуші және межелі ел, атауы, суреттемесі, тауардың сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасы бойынша кемінде алғашқы төрт белгі деңгейіндегі жіктеу коды, саны, жалпы салмағы және тауардың фактуралы құны туралы мәліметтері бар өзге құжаттар;

2) оның кедендік декларацияны бергені және қажетті құжаттар мен тауарларды пайдалану мақсаттары мен тауарлар орналастырылған кедендік рәсім туралы мәліметтері бар мәліметтерді тауарларды шығарғаннан кейінгі айдың 10 күнінен кешіктірмей бергені туралы жазбаша міндеттемесі;

3) мұндай құжаттар мен мәліметтер кедендік декларацияны беру сәтіне ұсынылуы

мүмкін құжатта мен мәліметтерді қоспағанда, тыйым салулар мен шектеулердің сақталғанын растайтын құжаттар мен мәліметтер;

2. Тауарларды шығарғанда кедендік декларацияны бергенге дейін осы тауарларға қатысты әкелу кедендік баждары мен салықтарды төлеу бойынша міндетті:

1) декларантта осындай шығару сәтінде пайда болады;

2) осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағының 1)-7), 9) және 10) тармақшаларымен белгіленген және кедендік декларацияға(сына) тауарды шығару туралы белгі енгізу (қ о ю) к е з і н д е т о қ т а т ы л а д ы .

3) о р ы н д а л у ғ а ж а т а д ы :

осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мерзім өткенге дейін. Бұл ретте, әкелу кедендік бажын, салықтарды есептеу мақсаттары үшін кедендік баж, салық және кеден одағына қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленген, кедендік декларацияны тіркеу күніне қолданылатын валюта бағамы қолданылады.

егер осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мерзімде кедендік декларация берілгенге дейін шығарылған тауарларға қатысты мерзім ішінде кеден органы кедендік декларацияға(сына) тауарды шығарылғаны туралы белгі енгізілмеген (қойылмаған) жағдайда - осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мерзімнің соңғы күнінде; Бұл ретте әкелу кеденді баждарды, салықтарды есептеу мақсаттарында осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мерзімнің соңғы күніне қолданылатын, кеден одағына қатысушы мемлекеттік заңнамасына сәйкес белгіленген кедендік баж, салықтар ставкалары және валюта бағамы қолданылады.

3. Осы Кодекстің 178-бабында көрсетілген тауарларға қатысты, зілзала салдарларын , табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарларын жоюға қажетті, бейбітшілікті қолдау бойынша акцияларды атқару үшін қажетті, немесе оқытулар өткізу, сондай-ақ қайырымдылық және техникалық көмек көрсету үшін қажетті әскери тауарлар, оларды кедендік декларация берілгенге дейін шығарғанда кедендік баждарды , салықтарды төлеуді қамтамасыз етулер ұсынылады.

4. Декларанты уәкілетті экономикалық оператор болып табылатын тауарларды кедендік декларация берілгенге дейін шығару, сомасы әкелу кедендік баждарын, салықтарды төлеуге жататын сомадан аспайтын осы Кодекстің 39-бабына сәйкес уәкілетті экономикалық оператор ұсынған кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету сомасы, егер кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасында көзделсе.

198-бап. Құжаттарды, тауарлардың сынамалары мен үлгілерін зерттеу қажет болғанда, немесе сарапшының қорытындысын алу үшін

тауарларды шығару

1. Егер кеден органдары тауарлардың сынамалары мен үлгілерін, түпкілікті техникалық құжаттарды зерттеу қажеттілігі туралы немесе кедендік декларацияда

немесе кеден органына ұсынылған өзге құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын тексеру мақсатында шешім қабылдағанда тауарды шығару кедендік сараптама нәтижелерін алғанға дейін, егер декларант кедендік баждар мен салықтарды осындай сараптамалар мен зерттеулерді жүргізу нәтижесі бойынша қосымша тексерулер жүргізу мүмкін болған жағдайда төленетін кедендік баждардың, салықтардың сомаларын төлеуді қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда жүргізіледі.

2. Тауарларды шығару тек кеден органдары тауарларға тыйым салулар мен шектеулер қолданылуы мүмкіндігін көрсететін белгілерді тапқан жағдайда және декларант олардың сақталғаны жөнінде дәлелдеме берілмеген жағдайда жүргізілмейді.

199-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық немесе қылмыс анықталған кезде тауарларды шығару

1. Әкімшілік құқық бұзушылық немесе қылмыс анықталған жағдайда тауарларды шығару іс бойынша өндіріс аяқталғанға дейін немесе әкімшілік процесстің аяқталуына дейін, егер мұндай тауарлар алынбаған немесе оларға кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес тыйым салынбаған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен қосымша есептелуі мүмкін кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету қажеттілігі көзделуі мүмкін.

200-бап. Шартты түрде шығарылған тауарлар

1. Шартты жіберілген тауарлар деп, ішкі тұтынуға шығарылған кедендік процедураларға қойылған (Помещенные), оларға енгізілген кедендік баждарды төлеуден жеңілдіктер берілген, тауарларды қолдануда және (немесе) өкім етуде шектеулермен байланысты.

2. Шартты түрде жіберілген тауарлар тек тиісті жеңілдіктерді ұсынумен байланысты жағдайларда ғана қолданылады.

3. Шартты түрде жіберілген тауарлар шетелдік тауарлар статусына ие және кедендік бақылауда болады.

4. Тауарлар, ішкі қолдануға шығару кедендік процедурасына енгізілген, шартты түрде шығарылған болып есептеледі тиісті кедендік бажды, салықтарды төлеу міндеті тоқтағанға дейін, егер кедендік одақ мемлекет-қатысушыларының заңнамасында басқа жағдай қарастырылмаса.

Тиісті кедендік баж салықтарын төлеу міндеті тоқтатылғаннан кейін немесе халықаралық шарттарда және (немесе) кедендік одақ мемлекет-қатысушыларының заңнамасында қарастырылған басқа да жағдайлар туындағанда, шартты түрде шығарылған тауарлар кедендік одақ тауарлары статусына ие болады.

Шартты түрде шығарылған тауарлар, оларға қатысты кедендік баж, салықтарды төлеу міндеттері кедендік баж, салықтарды төлеумен тоқтатылады, ішкі қолдануға шығарылатын кедендік процедураларына енгізуге жатқызылмайды. Кедендік баж,

салықтарды төлеу ережелері бұл жағдайда кедендік одақ мемлекет-қатысушылары
з аң н а м а с ы м е н а н ы қ т а л а д ы .

5. Шартты түрде шығарылған тауарларға жатқызу тәртібі және өзге де жағдайлары
Кедендік одақ мемлекет-қатысушыларының заңнамасымен анықталады.

201-бап. Тауарларды шығарудан бас тарту

1. Осы Кодекстің 195-бабының 1-тармағымен белгіленген тауарларды шығару
шарттарын сақтамаған жағдайда, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында көрсетілген
жағдайларда кеден органы тауарларды шығару мерзімі өткенге дейін кешіктірмей
осындай бас тарту үшін негіз болған барлық себептерді және оларды жою жөніндегі
ұсынымдарды көрсете отырып жазбаша нысанда тауарларды шығарудан бас тартады.

Тауарларды шығарудан бас тартуды ресімдеу тәртібі Кеден одағы комиссиясының
ш е ш і м і м е н а й қ ы н д а л а д ы .

2 . К е д е н о р г а н ы м ы н а :
әкімшілік немесе қылмыстық істі қозғауға себеп болып табылмайтын анықталған
б ұ з у ш ы л ы қ т а р ж о й ы л ғ а н ;

анықталған бұзушылықтар жойылған, ал декларацияланатын тауарлар кеден
одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес алынбаған немесе оларға
тыйым салынбаған жағдайларды қоспағанда, егер тауарларды кедендік бақылау
жүргізу кезінде кеден органдары кеден одағының кеден заңнамасын бұзушылықтарды
анықтаған жағдайда тауарларды шығарудан бас тартады.

6-бөлім.

КЕДЕНДІК РӘСІМДЕР 29-тарау

Кедендік рәсімдер туралы жалпы ережелер

202-бап. Кедендік рәсімдердің түрлері

1. Кедендік реттеу мақсатында тауарларға қатысты кедендік рәсімдердің мынадай
т ү р л е р і б е л г і л е н е д і :

- 1) і ш к і т ұ т ы н у ү ш і н ш ы ғ а р у ;
- 2) э к с п о р т ;
- 3) к е д е н д і к т р а н з и т ;
- 4) к е д е н қ о й м а с ы ;
- 5) к е д е н д і к а у м а қ т а қ а й т а ө н д е у ;
- 6) к е д е н д і к а у м а қ т а н т ы с қ а й т а ө н д е у ;
- 7) і ш к і т ұ т ы н у ү ш і н қ а й т а ө н д е у ;
- 8) у а қ ы т ш а ә к е л у (ж і б е р у) ;
- 9) у а қ ы т ш а ә к е т у ;
- 1 0) к е р і и м п о р т ;
- 1 1) к е р і э к с п о р т ;

1 2) б а ж с ы з с а у д а ;
1 3) ж о ю ;
14) мемлекет пайдасына бас тарту;
15) е р к і н к е д е н а й м а ғы;
16) е р к і н қ о й м а ;

17) арнайы кедендік рәсім (кеден мақсаттары үшін кеден одағының кедендік аумағында немесе одан тысқары тауарлардың жекелеген санаттарын пайдалану және (немесе) иелік ету талаптары мен шарттарын айқындайтын кедендік рәсім).

2. Осы баптың 1-тармағының 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген кедендік рәсімдер кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарымен белгіленеді.

3. Осы баптың 1-тармағының 17) тармақшасында көрсетілген кедендік рәсімдер Кеден одағы комиссиясының шешімімен айқындалған тауарлар санаттарына қатысты кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленеді.

203-бап. Кедендік рәсімді таңдау және өзгерту

1. Тұлғаның таңдауы бойынша кедендік шекара арқылы өткізілетін тауарлар осы Кодекспен және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен көзделген тәртіппен және шарттарда белгілі бір кедендік рәсіммен орналастырылады.

2. Тұлға осы Кодекске сәйкес таңдап алынған кедендік рәсімді басқасына өзгертуге құқылы.

204-бап. Кедендік рәсіммен орналастыру

Тауарларды кедендік рәсіммен орналастыру күні болып осы Кодексте белгіленген тәртіппен кеден органының тауарды шығарған күні саналады.

205-бап. Тауарларды кедендік рәсіммен орналастыру шарттарын сақтауды растау міндеті

Тауарларды кедендік рәсіммен орналастыру шарттарын сақтауды растау міндеті декларантқа жүктеледі.

206-бап. Кедендік рәсімдердің шарттарын сақтаумен кедендік бақылау

1. Олармен орналастырған кезде тауарлар кеден одағының тауарлары мәртебесін алмайтын кедендік рәсімдердің шарттарын сақтауды кедендік бақылауды осы Кодексте белгіленген тәртіппен осындай кедендік рәсімге сәйкес аумағында тауарлар шығарылған кеден одағына қатысушы мемлекеттің кеден органдары жүргізеді.

2. Кеден органы тауарларды шығарған мемлекеттен өзге кеден одағына қатысушы мемлекеттің аумағындағы осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларға қатысты кедендік бақылау осы Кодекстің 17-тарауына сәйкес жүргізіледі.

207-бап. Кедендік рәсімдердің шарттары мен талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілік

Декларант кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кедендік рәсімдердің шарттары мен талаптарын орындамағаны үшін жауапкершілікте болады.

208-бап. Кедендік рәсіммен орналастырылған тауарларды алу (тыйым салу) салдары

1. Кедендік рәсіммен орналастырылған тауарларды кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес алу не мұндай тауарларға тыйым салынған жағдайда осы тауарларға қатысты кедендік рәсімнің қолданылуы тоқтатылады.

Егер тауарларды алу не оларға тыйым салудың күшін жою туралы шешім қабылданса, кедендік рәсімнің қолданылуы қайта жаңғыртылады.

Кедендік рәсімнің қолданылуын қайта жаңғыртқан кезде оларды есептеу және төлеу осы бөлімге сәйкес көзделген пайыздар, кедендік рәсімнің қолданылуын тоқтата тұру кезеңіне есептелмейді және төленбейді.

2. Кедендік рәсіммен орналастырылған тауарларды сот шешімі бойынша тәркілеу және мемлекет меншігіне айналдыру кезінде, осы тауарларға қатысты кедендік рәсімнің қолданылуы тоқтатылады, ал тәркіленген және мемлекет меншігіне айналдырылған тауарлар кеден одағының тауарлары мәртебесіне ие болады.

3. Егер кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес тұлғаны әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту оның кедендік рәсімді сақтамағандығына байланысты болса және жол берілген сақтамау аталған кедендік рәсімді одан әрі қолданудың мүмкін еместігіне әкеп соқтырса, кедендік рәсімнің қолданылуы тұлғаны жауапкершілікке тарту жөніндегі тиісті шешімнің күшіне енген күнінен кейінгі күннен бастап он бес күнтізбелік күннің ішінде аяқталуы тиіс.

Оларға қатысты осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес кедендік рәсімнің қолданылуы аяқталмаған тауарларды кеден органдары осы Кодекстің 21-тарауына сәйкес ұстайды.

30-тарау

Ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімі

209-бап. Ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімінің мазмұны

Ішкі тұтыну үшін шығару - егер, осы Кодекспен өзге белгіленбесе онымен орналастырғанда шетелдік тауарлар кеден одағының кедендік аумағында оларды пайдалану және иелік ету бойынша шектеулерсіз болатын кедендік рәсім.

210-бап. Тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастыру шарттары

1. Тауарлар мына шарттарды сақтаған кезде ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылады:

1) егер, тарифтік преференциялар, кедендік баждар, салықтарды төлеу жөнінде жеңілдіктер белгіленбесе әкелімдік кедендік баждарды, салықтарды төлеу;

2) шектеулер мен тыйым салуларды сақтау;

3) арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шараларды қолдануға байланысты шектеулерді сақтауды растайтын құжаттар.

2. Көрсетілген шарттарды орындаған кезде тауар кеден одағының тауарлары мәртебесін алады.

3. Тауарларды пайдалану және (немесе) иелік ету жөніндегі шектеулерге қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөнінде жеңілдіктер берілген кезде тауарлар осы Кодекстің 200-бабына сәйкес шартты шығарылуға жатады және шетелдік тауарлар мәртебесін сақтайды.

211-бап. Кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттердің туындауы, тоқтату және оларды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) тауарларға қатысты төлеу мерзімі

1. Ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылатын тауарларға қатысты әкелімдік кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттеме декларантта кеден органы кедендік декларацияны тіркеген сәттен бастап туындайды.

2. Әкелімдік кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттеме декларантта :

1) ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылатын тауарларға қатысты, - осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайларда;

2) осы тауарларды пайдалану және (немесе) иелік ету жөніндегі шектеулерге қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөнінде жеңілдіктерді пайдаланумен ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылатын тауарларға қатысты:

егер, тауарларды пайдалану және (немесе) иелік ету жөнінде шектеулердің өзге қолданылу мерзімі белгіленбесе, осы кезеңде осы баптың 3-тармағының 2) тармақшасымен белгіленген кедендік баждарды, салықтарды төлеудің мерзімі келмеуі шартымен ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды шығарған күннен бастап бес жыл өткеннен соң;

осы кезеңде осы баптың 3-тармағының 2) тармақшасымен белгіленген кедендік баждарды, салықтарды төлеудің мерзімі келмеуі шартымен тауарларды пайдалану және (немесе) иелік ету жөнінде шектеулердің өзге белгіленген қолданылу мерзімі өткен соң ;

мұндай тауарларды мемлекет пайдасына бас тарту немесе жою кедендік рәсімдерімен орналастыру кезінде ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды шығарған күннен бастап бес жылдың ішінде не жеңілдік қолданылуының өзге белгіленген мерзімі ішінде - тауарларды мемлекет меншігіне қабылдауды не оны

жоюды растайтын құжатты кеден органына ұсынған сәттен бастап; бес жылдың ішінде не ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды шығарған күннен бастап жеңілдік қолданылуының өзге белгіленген мерзімі ішінде болған осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағымен белгіленген жағдайларда;

осындай орналастыруға дейін осы баптың 3-тармағының 2) тармақшасымен белгіленген кедендік баждарды, салықтарды төлеу мерзімі келмеуі шартымен шартты шығарылған тауарларды кері экспорт кедендік рәсімімен орналастырған кезде.

3. Әкелімдік кедендік баждар, салықтар мынадай мерзімдерде төлеуге жатады:

1) ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылатын тауарларға қатысты, - ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды шығарғанға дейін ;

2) осы тауарларды пайдалану және (немесе) иелік ету жөніндегі шектеулерге қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөнінде жеңілдіктерді пайдаланумен ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылатын тауарларға қатысты:

мұндай жеңілдіктерді қолданудан бас тартқан жағдайда - тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастыру үшін берілген кедендік декларацияға жеңілдікті пайдаланудан бас тарту бөлігінде өзгерістер енгізгенге дейін;

мұндай жеңілдіктерді пайдалануға байланысты белгіленген осы тауарларды пайдалану және (немесе) иелік ету жөніндегі шектеулерді бұзатын немесе жеңілдіктер беру шарттарына сәйкес келетін мақсаттарды бұзатын тауарлармен іс-әрекеттер жасаған жағдайда, - көрсетілген іс-әрекеттерді жасаған бірінші күні, ал егер мұндай күн белгіленбесе - кеден органы тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастыру үшін берілген кедендік декларацияны тіркеген күні.

31-тарау

Экспорт кедендік рәсімі

212-бап. Экспорт кедендік рәсімінің мазмұны

1. Экспорт - кедендік рәсімі, тауарлар Кеден одағының кедендік аумағынан тысқары жерлерге осы аумақтан тыс жерде тұрақты болу немесе тұтынылу мақсатында тауарлар әкетілетін кедендік рәсім.

2. Экспорт кедендік рәсімімен орналастыруға бұрын уақытша әкелу немесе кедендік аумақтық тыс жерлерде қайта өңдеу кедендік рәсімдерімен орналастырылған тауарларға оларды кеден органдарына іс-жүзінде ұсынбастан жол беріледі.

213-бап. Тауарларды экспорт кедендік рәсімімен орналастыру шарттары

1. Тауарлар экспорт кедендік рәсімімен орналастыруға мынадай шарттарды сақтаған кезде жол беріледі:

1) егер, әкету кедендік бажын төлеу бойынша жеңілдіктер белгіленбесе, әкету

кедендік

бажын

төлеу ;

2) тыйым салулар мен шектеулер сақталған;

3) үшінші елдерге қатысты әкету кедендік бажын қолдану мәселесін реттейтін Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес Кеден одағы комиссиясы қалыптастырған тауарлардың ұқсас тізбесіне енгізілген тауарларға қатысты тауарлардың шығарылуы туралы сертификатты ұсыну.

2. Экспорт кедендік рәсімімен орналастырылған және іс-жүзінде кеден одағының кедендік аумағынан әкетілген тауарлар кеден одағының тауары мәртебесін жоғалтады.

3. Тауарлардың кеден одағының кедендік аумағынан тыс жерлерге әкетілгенін, экспорт кедендік рәсімімен орналастырылғандығын растау осы Кодекстің 124-бабына сәйкес кеден органдары арасында ақпараттар алмасу жолымен жүзеге асырылады.

214-бап. Экспорт кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға қатысты әкету кедендік баждарын төлеу және олардың мерзімі жөніндегі міндеттемелердің туындауы мен тоқтатылуы

1. Экспорт кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға қатысты әкету кедендік баждарын төлеу және олардың мерзімі жөніндегі міндеттемесі декларантта кедендік декларацияны кеден органдарында тіркеген сәттен бастап туындайды.

2. Экспорт кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға қатысты әкету кедендік баждарын төлеу және олардың мерзімі жөніндегі міндеттемесі декларантта осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағымен белгіленген жағдайларда тоқтатылады.

3. Егер, өзге мерзімі осы Кодекспен белгіленбесе, экспорт кедендік рәсіміне сәйкес тауар шығарылғанға дейін әкету кедендік баждарын төлеуге жатады.

32-тарау

Кедендік транзит кедендік рәсімі

215-бап. Кедендік транзит туралы жалпы ереже

1. Кедендік транзит - кедендік рәсімі, кеден одағының кедендік аумағы бойынша тауарлар кедендік бақылаумен, оның ішінде кеден одағына қатысушы болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы жөнелтуші кеден органынан межелі кеден органына дейін тарифтік емес реттеу мен техникалық реттеу шараларын қоспағанда тыйым салулар мен шектеулерді қолдана отырып кедендік баждарды, салықтарды төлеместен тасымалданады.

2. Тасымалдау кезінде кедендік транзит қолданылады:

1) кеден органының келетін орнынан кететін кеден органы орнына дейінгі шетелдік тауарлар ;

2) кеден органының келетін орнынан ішкі кеден органына дейінгі шетелдік тауарлар ;

3) шетелдік тауарлар, сондай-ақ ішкі кеден органынан кететін орындағы осы тармақтың 5) тармақшасына сәйкес тауарлар;
4) бір ішкі кеден органынан екінші ішкі кеден органына дейінгі шетелдік тауарлар;
5) кеден одағына қатысушы болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы кету орнындағы кеден органынан келу орнындағы кеден органына дейін кеден одағының тауарлары.

3. Кедендік транзит егер әуе кемесі аралық немесе мәжбүрлі (техникалық) қонған орнында тауарларды жартылай тиеу (түсіру) жасағанда әуе көлігімен тасымалданатын тауарларға қатысты қолданылмайды.

Халықаралық почта жөнелтілімдерімен, құбыр көлігімен және электр беру желісі бойынша тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік транзит осы Кодексте белгіленген ерекшеліктер негізінде жүргізіледі.

Кеден одағының кедендік аумағы бойынша теміржол көлігімен тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік транзит ерекшеліктері Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің халықаралық шарттарымен айқындалады.

4. Кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды кедендік декларациялауды осы Кодекстің 186-бабының 1 және 3-тармақтарында көрсетілген тұлғалар жүзеге асырады.

5. Кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды транзит кедендік рәсіміне орналастырылмастан егер, осы Кодекспен және (немесе) Кеден одағының комиссиясымен өзгедей көзделмесе, Кеден одағының кедендік аумағы бойынша тасымалданады.

6. Осы тарауды қолдану мақсаты үшін көлік құралдарын халықаралық тасымалдау деп Кеден одағының кедендік аумағы бойынша оның шегінен шықпастан тауарлар тасымалданатын көлік құралдары түсініледі.

216-бап. Тауарларды кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастыру шарттары

Тауарларды кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастыруға мынадай шарттар сақталған кезде жол беріледі:

1) Кеден одағының кедендік аумағы әкелуге немесе осындай аумақтан әкетуге тыйым салынбаған тауарларды;

2) егер мұндай өткізулер осы құжаттар бар болған кезде жол берілетін болса, тауарларды кедендік шекара арқылы өткізумен байланысты шектеулердің сақталғандығын растайтын құжаттар ұсынылғанда;

3) егер, тауарлар келу орнында мұндай бақылауға жататын болса, шекаралық бақылау және өзге мемлекеттік бақылау түрлері жүзеге асырылатын әкелінетін тауарларға қатысты;

4) транзиттік декларацияны ұсыну;

5) осы Кодекстің 217-бабына сәйкес кедендік транзиттің сақталуын қамтамасыз ету

шаралары қабылданған тауарларға қатысты;

6) осы Кодекстің 109-бабына сәйкес тауарларды сәйкестендіру қамтамасыз етілді;

7) егер тауар кедендік пломбамен және мөрмен жабылып тасымалданатын болса, халықаралық тасымалдау көлік құралы тиісті дәрежеде жабдықталған болуы тиіс.

217-бап. Кедендік транзиттің сақталуын қамтамасыз ету шаралары

1. Кедендік транзиттің сақталуын қамтамасыз ету шараларына мыналар жатады:

1) осы Кодекстің 12-тарауына сәйкес шетелдік тауарларға қатысты кедендік баждар, салықтар төлеуді қамтамасыз ету;

2) кедендік алып жүру;

3) тауарлардың тасымалдау бағытын белгілеу.

2. Кедендік транзит кезінде кеден органы осы баптың 1) тармақшасында көзделген кедендік баждар, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ұсынуды талап етпейді, егер:

1) декларант ретінде кедендік тасымалдаушы немесе уәкілетті экономикалық оператор түседі;

2) теміржол және құбыр көлігімен немесе электр беру желісі бойынша тасымалданатын;

3) бұл халықаралық шарттарда белгіленген;

4) тауарлар кедендік алып жүрулермен тасымалданады;

5) осы Кодекспен және (немесе) Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің халықаралық шарттарында белгіленген өзге жағдайларда.

3. Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген кедендік транзиттің сақталуын қамтамасыз ету шаралары тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде айқындалған жағдайларда кедендік транзиттің сақталуын қамтамасыз етудің өзге шаралары.

Жөнелтуші кеден органдарының бағыты көліктік (тасымалдау) құжаттарда көрсетілген мәліметтер негізінде айқындалады.

Жөнелтуші кеден органының жазбаша рұқсатымен не ол жүрер жол бойынша тұрған кез-келген кеден органының рұқсатымен бағытты өзгертуге жол беріледі.

218-бап. Кедендік алып жүру

1. Кедендік алып жүру кедендік транзиттің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес кеден органдарының лауазымды тұлғалары не өзге ұйымдар жүзеге асыратын кедендік транзит кедендік рәсімдерге сәйкес тасымалданатын тауарларды көлік құралдарының алып жүруі.

2. Кеден органы кедендік алып жүру туралы шешім қабылдауға мынадай жағдайларда құқылы:

1) тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде айқындалған;

2) осы Кодекстің 12-тарауына сәйкес кедендік баждарды, салықтарды төлеуді тиісті дәрежеде қамтамасыз етпеу және ұсынбау;

3) әкімшілік құқық бұзушылыққа тарту туралы қаулы заңды күшіне енуімен белгіленген кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау кезінде міндеттерді тасымалдаушылардың бірнеше рет орындамауы, егер кемінде көрсетілген қаулылардың біреуі орындалмаса;

4) осы Кодекстің 227-бабына сәйкес кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді тасымалдаушының орындамауы.

219-бап. Кедендік транзит мерзімі

1. Жіберетін кеден органынан межелі кеден органына дейінгі кедендік транзит мерзімін жіберетін кеден органы тасымалдаудың басқа шарттарында бағыты белгіленген көлік құралдарының түрлеріне қарай тауарларды тасымалдаудың әдеттегідей мерзіміне сәйкес, сондай-ақ халықаралық шарттарға сәйкес жүргізушінің еңбек режиміне және демалысын ескере отырып, кедендік режимнің шекті мерзімінен аспайтын мерзімді белгілейді.

2. Кедендік транзиттің шекті мерзімі бір айға екі мың километр есебінен белгіленген мерзімнен аспайды.

3. Декларанттың немесе тасымалдаушының дәлелді өтініші бойынша кеден органы белгілеген кедендік транзит мерзімі, егер тасымалдаушы кедендік транзиті кедендік рәсімінің декларанты болмаса, осы баптың 2-тармағымен белгіленген мерзім шегінде ұзартылуы мүмкін.

220-бап. Тауарларды жеткізу орны

1. Кедендік транзит кезінде тауарларды жеткізу орнын жіберу кеден органы көліктік (тасымалдау) құжаттарда көрсетілген межелі пункт туралы мәліметтер негізінде айқындайды.

Кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасымен белгіленген жағдайларда жіберуші кеден органы көліктік (тасымалдау) құжаттарда көрсетілген мәліметтерге қарамастан жеткізу орнын белгілеуге құқылы.

Тауарларды жеткізу орны межелі кеден органының қызметі өңіріндегі кедендік бақылау аймағы болып табылады. Бұл ретте, егер осы Кодексте өзгесі көзделмесе, тауарлар келген жерінен кеден органының тұрған жеріне жеткізіледі.

Темір жол көлігімен өткізілетін тауарларды жеткізу орны межелі станциядағы кедендік бақылау аймағы болып табылады (кіре беріс жолдары).

2. Егер көлік саласында кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасына сәйкес межелі пункттің кедендік транзиті өзгерсе, тасымалдаушы тауарларды жеткізу орнын өзгерту туралы өтінішпен кеден органына жүгінуге құқылы. Бұл ретте, тасымалдаушы жол бағытындағы кез-келген кеден органына еркін нысанда жазылған межелі пункттің өзгергені туралы өтінішті, межелі пункттің өзгергенін растайтын құжаттарды, сондай-ақ транзиттік декларацияны және тауардың өзге де құжаттарын ұсынады.

Межелі пункттің өзгергені туралы шешімді кеден органы осы тармақтың бірінші жолында көрсетілген өтініш пен құжаттарды алған күннен кешіктірмей қабылдайды.

Көрсетілген шешім жеткізу орны өзгерген және жаңа транзиттік декларациялармен ресімделген тауарларға қатысты кедендік транзиттің кедендік рәсімдерін аяқтау арқылы ресімделеді. Тауарлар кедендік транзиттің кедендік рәсімдеріне кеден органы тауарлардың жеткізу орны өзгергені туралы шешім қабылдаған күні орналастырылады.

**221-бап. Тауарларды кедендік пломбалар және
мөрлермен халықаралық тасымалдау кезіндегі
көлік құралдарының жабдықтары**

1. Кедендік пломбалар мен мөрлер басылған тауарларды халықаралық тасымалдау кезіндегі көлік құралдары мынадай талаптарды сақтай отырып, құрастырылған және ж а б д ы қ т а л ғ а н б о л у ы т и і с :

- 1) Кедендік пломбалар оңай және берік әдіспен салынған болуы қажет;
- 2) халықаралық тасымалдау көлік құралының жүк орналастыру бөлігіндегі және оларға ашқанда көрінетін із қалдырмай немесе кедендік пломбалар мен мөрлерді бүлдірместен салынған тауарлар алынбауы тиіс;
- 3) тауарларды жасырып қоятын орындар жоқ;
- 4) тауарлар тұрған орын тауарларға кедендік қарау үшін оңай қол жеткізіледі.

2. Халықаралық тасымалдау көлік құралдарының осы баптың 1-тармағымен белгіленген талаптарға сәйкестігі халықаралық тасымалдау көлік құралдарының кедендік пломбалар мен мөрлер салынған тауарларды тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік алу арқылы расталуы мүмкін.

3. Халықаралық тасымалдау көлік құралдарының кедендік пломбалар мен мөрлер салынған тауарларды тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлігі:
Д е р б е с т ә р т і п п е н ;

Көлік құралдары құрылыстарының түрі бойынша (сериялары) берілуі мүмкін.

Халықаралық тасымалдау көлік құралдарын кедендік пломбалар мен мөрлер салынған тауарларды тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлігін кеден органдары мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша көрсетілген өтінішті алған күннен бастап үш жұ м ы с кү н і н е н к е ш і к т і р м е й б е р е д і .

Көрсетілген куәлік халықаралық тасымалдау көлік құралдарының құрылысында өзгерістер болғанша қолданыста болады, бірақ екі жылдан кем емес.

Халықаралық тасымалдау көлік құралдарының кедендік пломбалар мен мөрлер салынған тауарларды тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлігін көлік құралын иелену құқығының басқа адамға өту кезінде де күші болады.

Халықаралық тасымалдау көлік құралдарының кедендік пломбалар мен мөрлер салынған тауарларды тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлігінің нысаны мен оны беру және пайдалану тәртібі Кеден одағы комиссиясының шешімімен белгіленеді.

4. Кеден органдары халықаралық тасымалдау көлік құралдарының кедендік пломбалар мен мөрлер салынған тауарларды тасымалдауға алдын ала рұқсат беру туралы талап етпейді, мына жағдайларды қоспағанда, егер:

Тауарларды тасымалдауды кедендік тасымалдаушылар жүзеге асырса;
Халықаралық шарттармен алдын ала рұқсат беру көзделсе.

222-бап. Тауарларды тиеу, қайта тиеу және өзге де жүк операциялары, сондай-ақ кедендік транзит кезінде халықаралық тасымалдау көлік құралдарын ауыстыру

Кедендік транзиттің кедендік рәсімдеріне сәйкес тасымалданатын тауарларды тиеу, қайта тиеу және өзге де жүк операциялары, сондай-ақ осындай тауарларды тасымалдайтын халықаралық тасымалдау көлік құралдарын ауыстыру жөнелту кеден органның немесе осы тармақтың екінші жолында көрсетілген жағдайларды қоспағанда тиісті жүк операцияларын жүзеге асыратын өңірлік кеден органының рұқсатымен іске асырылады.

Егер, осы баптың бірінші бөлімінде көрсетілген халықаралық тасымалдау көлік құралдарына қатысты операциялар салынған кедендік пломбалар мен мөрлерді бүлдірместен, немесе кедендік пломбалар мен мөрлер салынбаған тауарларға осындай операциялар кеден органының жазбаша және электронды нысанындағы хабарламасынан кейін рұқсат беріледі.

Кеден органы тауарлар мен жүк операцияларын жүзеге асыруға рұқсатты беруден егер, оларды жүзеге асыру тауарлардың жоғалуына немесе олардың қасиеттерінің өзгеруіне, не көліктің құжаттары бар болған кезде шектеулердің сақталуын растайтын құжаттар не мұндай операцияларды жүзеге асыруға тыйым салған бақылаушы мемлекеттік органдар берген өзге құжаттар.

Кеден органы тұлғасының өтініші бойынша кеден органының жұмыс уақытынан тыс кедендік бақылаудағы тауарлармен жүктік операцияларды жүргізуге рұқсат беріледі.

223-бап. Кедендік транзит кедендік рәсімі кезіндегі тасымалдаушының міндеті

Кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау кезінде тасымалдаушы осы кедендік рәсімінің декларанты болып табылады ма жоқ па қарамастан, міндетті:

1) жөнелтуші кеден органы белгілеген тауарларды егер ол белгіленсе белгіленген бағыт бойынша жүре отырып және олардың құжаттарын тауарларды жеткізу орнына мерзімінде жеткізуге;

2) тауарларды, егер олар қолданылған болса пломбалар мен мөрлердің, не өзге сәйкестендіру құралдарының сақталуын қамтамасыз етуге;

3) кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес тасымалдау түсіру, қайта тиеу (аудару) және тауарлармен өзге жүктік операцияларды жасауға, сондай-ақ осы Кодекстің 222-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда халықаралық көлік құралдарын ауыстыруға жол бермеуге.

224-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігі

1. Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес кедендік транзит кедендік рәсімін орналастырылған тауарларды межелі кеден органына тауарларды және олардың құжаттарын жеткізу кезінде тасымалдаушы жауапкершілікте болады.

2. Кедендік транзит кедендік рәсімін сәйкес тауарларды тасымалдау кезінде өз міндеттерін орындамағаны үшін Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес бұзушылықтар анықталған аумақта жауапкершілікте болады.

225-бап. Кедендік транзит кедендік рәсімін аяқтау

1. Кедендік транзит кедендік рәсімі жөнелтуші кеден органы белгілеген орынға тауарларды жеткізгеннен кейін аяқталады.

2. Кедендік транзит кедендік рәсімі аяқталғанға дейін тауарларды жеткізу орындарындағы кедендік бақылау аймағына орналастырылады.

Тауарларды кедендік бақылау аймағына орналастыру тәуліктің кез-келген уақытында рұқсат етіледі.

3. Кедендік транзит кедендік рәсімі аяқтау үшін тасымалдаушы межелі кеден органына транзиттік декларацияны, сондай-ақ өзінде бар өзге құжаттарды ұсынуға міндетті:

автомобиль көлігімен тасымалданатын тауарларға қатысты олар тауарларды жеткізу орнына келгеннен кейін бір сағаттың ішінде, ал тауар кеден органының жұмыс уақытынан тыс мезгілде келген жағдайда осы кеден органының жұмыс уақыты басталған сәттен бастап екі сағаттың ішінде;

су, әуе кемелерін және теміржол көліктерін пайдалана отырып тасымалданған тауарларға қатысты егер Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларына өзгеше белгіленбесе халықаралық тасымалдарды жүзеге асыру кезінде порттардың, әуежайлардың немесе теміржол станцияларының техникалық процесстерінде белгіленген уақыт ішінде.

Кеден органының талабы бойынша тасымалдаушы тауарды ұсынуға міндетті.

4. Межелі кеден органы осы баптың 3-тармағында көрсетілген құжаттарды тасымалдаушы ұсынған сәттен бастап бір сағаттың ішінде Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларымен белгіленген тәртіпте тіркеуді жүргізеді.

5. Межелі кеден органы кедендік транзит кедендік рәсімі мейлінше қысқа мерзімде, бірақ жиырма төрт сағаттан кешіктірмей, транзиттік декларацияға немесе транзиттік декларация деп танылатын кедендік транзит кедендік рәсімдерін аяқтайды.

Кеден органының кедендік транзит кедендік рәсімдерін аяқтауды ресімдеу тәртібі Кеден одағы комиссиясының шешімімен айқындалады.

Кедендік транзит кедендік рәсімдері аяқталғаннан кейін үш сағаттың ішінде тасымалдаушы теміржол немесе су көлігімен тасымалданған тауарларға қатысты кеден одағының кедендік заңнамасымен немесе Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларымен белгіленген немесе өзге мүдделі тұлға уақытша сақтаумен

байланысты кедендік операцияларды жасауға міндетті.

Осы тармақтың ережелері кеден одағының кедендік аумағынан әкетілген тауарларға қатысты кету орнындағы кедендік рәсімдерді аяқтау кезінде қолданылмайды.

**226-бап. Кеден транзитін кедендік рәсімі кезіндегі
апаттар, еңсере алмайтын күші бар әрекеттер
немесе басқа жағдайлар кезінде**

қолданылатын шаралар

1. Кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдауға тосқауыл болатын апаттар, еңсере алмайтын күші бар әрекеттер немесе басқа жағдайлар кезінде тасымалдаушы тауарлар мен көлік құралдарының сақғандығын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдануға, сол жағдайлар және тауарлардың орналасқан орны туралы жақын орналасқан кеден органына уақытты кешіктірмей хабарлауға, сондай-ақ тауарлардың орнын ауыстырып немесе (егер оның көлігі бұзылып қалса) ең жақын орналасқан кеден органына немесе кеден органы көрсеткен басқа орынға тауарларды жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

Осы жағдайлар туралы хабарламаны алған кеден органы кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдауға тосқауыл болатын туындаған жағдайлар туралы жіберуші кеден органына және межелі кеден органына хабарлауға міндетті.

2. Тасымалдаушының осы баптың 1-тармағының талаптарын сақтауға байланысты көтерген шығындарын кеден органдары төлемейді.

**227-бап. Кеден транзитінің кедендік рәсіміне
орналастырылған (орналастырылатын)
шет елдік тауарларға қатысты әкелу кеден
баждарын, салықтарды төлеу бойынша
міндеттерді тоқтату мен тудыру және оларды**

төлеу мерзімдері

1. Кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылатын шет елдік тауарларға қатысты әкелу кеден баждарын, салықтарды төлеу бойынша міндет мағлұмдама берушіде кеден органы транзит мағлұмдамасын тіркегеннен кейін туындайды.

2. Кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылатын (орнатылған) шет елдік тауарларға қатысты әкелу кеден баждарын, салықтарды төлеу бойынша міндет мағлұмдама берушіде тоқтатылады:

1) осы рәсімнің әрекет етуі кезінде әкелу кеден баждарын, салықтарды төлеу мерзімінің уақыты келген жағдайды есептемегенде, осы Кодекстің 225-бабының 6-тармағына сәйкес кеден транзитінің кедендік рәсімі аяқталған кезде;

2) осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағымен белгіленген жағдайларда.

3. Шет елдік тауарларды кеден органы белгілеген жеткізу орнына жеткізбеген жағдайда әкелу кеден баждарын, салықтарды төлеу мерзімі болып саналады:

1) егер, шетел тауарларын жеткізбеу тасымалдаушының алушыға немесе басқа тұлғаға кеден органының рұқсатынсыз тапсыру себебінен болса, егер күні белгіленбесе, - осы тапсырудың күні, - кеден органының транзитті мағлұмдаманы тіркеу күні;

2) егер, шетел тауарларын жеткізбеу апаттар, еңсере алмайтын күші бар әрекеттердің салдарынан, немесе сақтау мен тасымалдау шарттарының заңды азаю нәтижесінде жоюды (қайтарымсыз жоғалтуды) қоспағанда тауарларды жоғалту себебінен болса, - егер бұл күні белгіленбесе осындай жоғалтудың күні, - кеден органының транзитті мағлұмдаманы тіркеу күні;

3) егер, шетел тауарларын жеткізбеу басқа себептер бойынша болса, - кеден органының транзитті мағлұмдаманы тіркеу күні.

4. Әкелу кеден баждары, салықтар кеден органының транзитті мағлұмдаманы тіркеу күніне есептелген ішкі тұтынушы үшін тауарларды шығару кеден рәсіміне орналастыру кезінде төлеуге жатқызылуы мүмкін болатын әкелу кеден баждары, салықтардың сомаларына сәйкес келетін мөлшерде төлеуге жатады.

5. Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес осы баптың 3 және 4-тармақтарына сәйкес төлетілген немесе төленген әкелу кеден баждары мен салықтарды төлеу бойынша міндеттерді тоқтату кезінде әкелу кеден баждары, салықтар осы Кодекске сәйкес белгіленген тәртіпте қайтаруға (есепке алу) жатады.

6. Осы Кодекстің 85-бабының 3-тармағына сәйкес кеден баждары, салықтарды төлеуді кеден транзиті кеден рәсімінің мағлұмдама берушіден басқа тұлға берілген жағдайда, ал осы баптың 3-тармағында қарастырылған жағдайларда әкелу кеден баждарын, салықтарды төлеу бойынша міндет тұлғада мағлұмдама берушімен бірдей болады.

**228-бап. Кеден транзитінің кеден рәсіміне орнатылатын
(орнатылған) кеден одағының тауарларына
қатысты әкелу кеден баждарын төлеу және оларды
төлеудің мерзімі бойынша міндеттеменің**

туындауы және тоқтату

1. Мағлұмдама берушіде осы Кодекстің 215-баптың 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес кеден транзитінің кеден рәсіміне орнатылатын кеден одағының тауарларына қатысты әкелу кеден баждарын төлеу бойынша міндеттеме кеден органы транзит мағлұмдамасын тіркегеннен кейін туындайды.

2. Кеден транзитінің кеден рәсіміне орнатылатын (орнатылған) кеден одағының тауарларына қатысты әкелу кеден баждарын төлеу бойынша міндеттеме мағлұмдама берушіде тоқтатылады:

1) осы рәсімді жүргізу кезінде әкелу кеден баждарын төлеу мерзімі басталған жағдайды есептемегенде, осы Кодекстің 225-бабының 6-тармағына сәйкес кеден транзитінің кедендік рәсімі аяқталған кезде;

2) осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағымен белгіленген жағдайларда.

3. Кеден органы белгілеген жеткізілім орынына тауарларды жеткізбеген жағдайда әкету кеден баждарын төлеу мерзімі кеден органының транзит мағлұмдамасын тіркеу күні болып саналады.

4. Әкету кеден баждары кеден органының транзит мағлұмдамасын тіркеу күніне есептелген экспорттың кедендік рәсіміне тауарларды жатқызу кезінде төлеуге жатқызылуы мүмкін болатын әкету кеден баждарының сомаларына сәйкес келетін мөлшерде төлеуге жатады.

5. Осы баптың 3 және 4-тармақтарына сәйкес төленген және төлетілген әкету кеден баждарын төлеу бойынша осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес міндеттерді тоқтату кезінде әкету кеден баждары осы Кодекспен белгіленген тәртіпте қайтаруға (есепке алуға) жатады.

33-тарау

Кеден қоймасының кедендік рәсімі

229-бап. Кеден қоймасы кеден рәсімінің мағынасы

Кеден қоймасы - кеден баждарын, салықтарды төлеусіз және тарифті емес реттеудің шараларын қолданусыз белгіленген мерзім ішінде шетелдік тауарлар кеден қоймасында кедендік бақылауға алынып, сақталатын кедендік рәсім.

230-бап. Кеден қоймасы кеден режиміне тауарларды орналастыру шарттары

1. Кеден қоймасының кедендік рәсіміне кез келген шетелдік тауарлар орналастырыла алады, келесіні қоспағанда:

Кеден қоймасының кедендік рәсіміне сәйкес олардың кедендік мағлұмдау күніне оларды сату және (немесе) пайдалану мерзімі сексен күнтізбелік күнді құрайтын тауарлар;

Тізімі кеден одағының комиссиясының шешімімен анықталатын тауарлар.

2. Кеден қоймасының кедендік рәсіміне бұрын басқа кеден рәсімдеріне орналастырылған тауарлар жатқызыла алады.

3. Кеден қоймасының кедендік рәсіміне осы Кодексте қарастырылған жағдайларда кеден аумағында қайта өңдеу немесе уақытша әкелу кедендік рәсімдерінің әрекеттерін уақытша тоқтату мақсатында шетелдік тауарлар орналастырылуы мүмкін.

4. Кеден қоймасының кедендік рәсіміне кеден органының жазбаша нысандағы рұқсаты болған жағдайда кеден қоймасына өздерінің үлкен көлемінен орналастырыла алмайтын тауарларды кеден қоймасына нақты орналастырусыз жіберіледі.

Тауарларды кеден қоймасында нақты орналастырусыз осы кеден рәсіміне орналастыру кезінде кеден одағының қатысушы-мемлекеттерінің заңнамасымен кедендік баждар мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсыну жағдайлары анықтала алады.

231-бап. Кеден қоймасында тауарларды сақтау мерзімі

1. Кеден қоймасында тауарларды сақтау мерзімі тауарларды кеден қоймасының кедендік рәсіміне орналастыру күнінен бастап, үш жылдан аса алмайды.

2. Сақтау және (немесе) сату мерзімдері шектеулі тауарлар басқа кеден рәсіміне көрсетілген мерзімнің өтіп кетуіне дейін жүз сексен күнтізбелік күнге орналастырылуы к е р е к .

3. Кеден қоймасындағы сақтау мерзімдері өтіп кеткен тауарлар осы Кодекстің 21 бөліміне с ә й к е с ұ с т а л ы п қ а л а д ы .

4. Тауарларды бірнеше мәрте кеден қоймасының кедендік рәсіміне орналастыру, оған қоса осы рәсімнің мағлұмдама берушілері әртүрлі тұлғалар болса, кеден қоймасындағы тауарларды сақтаудың жалпы мерзімі осы баптың 1-тармағында қарастырылған мерзімнен аса алмайды.

232-бап. Кеден қоймасының кедендік рәсіміне орналастырылатын тауарлармен жасалатын

операциялар

1. Тауарларға қатысты құзыреті бар тұлғалар немесе олардың өкілдері кеден қоймасы кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлармен олардың сақтандығын қамтамасыз етуге қажет қарапайым операцияларды жүргізуге, оған қоса тауарларды карауға және өлшеуге, бұл операциялар бірдейлендіру құралдарын және (немесе) олардың орамаларының бұзылуына, тауарлардың жағдайын өзгеруіне әкелмейтін шартымен, оларды кеден қоймасының шегінде тасымалдауға құқылы.

2. Кеден органының рұқсатымен кеден қоймасының кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлармен қарапайым жинақтау операциялары жүргізіле алады, сондай-ақ келесі бойынша операциялар жасала алады: ү л г і л е р д і ж әне с ы н а м а л а р д ы і р і к т е у ;

тауардың сыртқы түрін жақсарту бойынша операциялар, маркировка, қайта орау, орау, іріктеу, жіберулерді қалыптастыру, партияларды ұсақтауды қосқанда тауарларды с а т у ғ а ж әне т а с ы м а л д а у ғ а д а й ы н д а у .

3. Кеден қоймасының кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлармен жасалатын барлық операциялар сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасы бойынша топтастыру кодының өзгеруіне байланысты сол тауарлардың сипаттамаларын ө з г е р т п е у і к е р е к .

4. Кеден қоймасының кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларға қатысты осы тауарларды пайдалану және (немесе) басқару, иелену құқығын тапсыруды қарастыратын келісім-шарттар жасалуы мүмкін.

233-бап. Кеден қоймалары және олардың типтері

1. Кеден қоймасы кеден қоймасының кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды сақтауға арналған арнайы бөлінген және жасақталған ғимарат, үй-жай және (немесе) ашық алаң б о л ы п т а н ы л а д ы .

2. Кеден қоймалары ашық немесе жабық типті бола алады.

Ашық типті кеден қоймалары кез келген тауарларды сақтауға болатын және тауарларға қатысты құзыреті бар кез келген тұлғаларға ашық қоймалар.

Жабық типті кеден қоймалары кеден қоймасы иесінің тауарларын сақтауға арналған қоймалар болып табылады.

Кеден одағы қатысушы мемлекеттерінің заңнамасымен жабық типті кеден қоймаларында сақтауға болатын тауарлардың жеке санаттары анықталуы мүмкін.

3. Кеден қоймаларын жабдықтау, жайғастыру және орналастыру бойынша талаптар, сондай-ақ олардың жұмыс істеуімен құру тәртібі Кеден одағы қатысушы мемлекеттерінің заңнамасымен анықталады.

4. Кеден органдары кеден қоймаларының тізімдемелерін жүргізеді және ақпараттық технологияларды пайдаланумен оларды мерзімдік жарыққа шығаруды қамтамасыз етеді.

5. Кеден қоймасының кедендік рәсіміне орналастырылған және кеден қоймаларында орналастырылған тауарларға қатысты есептілікті ұсыну және есепке алуды жүргізу тәртібі Кеден одағы қатысушы мемлекеттерінің заңнамасымен анықталады.

234-бап. Кеден қоймасында тауарларды сақтау

1. Басқа тауарларға зиян келтіретін тауарлар немесе сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін тауарлар сондай тауарларды сақтау жағдайларына сәйкес жабдықталған кеден қоймаларында орналастырылуы керек.

2. Кеден қоймасында алты ай мағдарында экспортын кеден рәсіміне орналастырылған тауарларды кеден одағының кеден қоймасында сақтауға болады.

3. Кеден қоймасының жұмыс істеуі тоқтатылған жағдайда кеден қоймасының кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлар осы қойманың жұмыс істеуінің тоқтатылуы туралы шешім қабылданғаннан кейінгі күннен бастап алпыс күнтізбелік күн мағдарында басқа кеден қоймасына тасымалдануы немесе осы Кодекске сәйкес басқа кеден рәсіміне жатқызылуы керек.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген алпыс күнтізбелік күн мағдарында әрекеттер жасамаған жағдайда, тауарлар осы Кодекстің 21-тарауына сәйкес кеден органдарымен ұсталады.

235-бап. Кеден қоймасында сақталу кезеңінде жарамсыз болған, бұзылған немесе зақымдалған тауарларды басқа кеден рәсіміне орналастыру

Кеден қоймасында сақталу кезеңінде еңсеруге келмейтін әрекеттердің нәтижесінде жарамсыз болған, бұзылған немесе зақымдалған тауарлар егер олар жарамсыз, бұзылған немесе зақымдалған түрде әкелінген жағдайдағыдай мағлұмдама беруші тандаған кеден рәсіміне орналастыруға жатады.

236-бап. Кеден қоймасы кеден рәсімінің әрекеттерінің аяқталуы

1. Кеден қоймасы кеден рәсімінің әрекет етуі тауарларды кеден қоймасындағы тауарларды сақтау мерзімінің аяқталуына дейін басқа кеден рәсіміне орналастыруымен а я қ т а л а д ы .

Кеден қоймасы кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлар басқа кеден рәсіміне толық немесе бөлшектеніп орналастырылуы мүмкін.

2. Тауарлар басқа кеден рәсіміне орналастырылғаннан кейін осы тауарлар кеден қоймасына оларды басқа кеден рәсіміне орналастырудан кейінгі күннен үш жұмыс күні ішінде шығарулыға жатады.

237-бап. Кеден қоймасының кеден рәсіміне орналастырылатын тауарларға қатысты әкелу кеден баждарын, салықтарды төлеу және төлеу мерзімі бойынша міндеттердің туындауы және тоқтатылуы

1. Кеден қоймасының кеден рәсіміне орналастырылатын шетелдік тауарларға қатысты әкелу кеден баждарын, салықтарды төлеу бойынша міндеттер туындайды:

1) мағлұмдама берушіде - кеден органының кеден мағлұмдамасын тіркеу кезінен б а с т а п ;

2) кеден қоймасының иесінде - тауарларды кеден қоймасына орналастыру кезінен б а с т а п .

2. Кеден қоймасының кеден рәсіміне орналастырылатын (орналастырылған) шетелдік тауарларға қатысты әкелу кеден баждарын, салықтарды төлеу бойынша м і н д е т т е р т о қ т а т ы л а д ы :

1) мағлұмдама берушіде - тауарларды кеден қоймасына орналастыру кезінде немесе егер тауарларды сақтау кеден қоймасында жүзеге асырылса тауарларды басқа кедендік рәсімдерге о р н а л а с т ы р у к е з і н д е ;

2) кеден қоймасының иесінде - тауарларды басқа кеден рәсіміне орналастыруға байланысты кеден қоймасынан тауарларды тапсыру кезінде;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларда - тауарлар осы Кодекстің 21-тарауына, сондай-ақ осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайларға сәйкес ұсталынған жағдайда.

3. Әкелу кеден баждарын, салықтарды төлеу мерзімі болып табылады:

1) м ағ л ұ м д а м а б е р у ш і д е :

Апаттар немесе еңсере алмайтын күші бар әрекеттердің нәтижесінде жойылғанды немесе дұрыс жағдайда сақтау мен тасымалдау кезінде табиғи жойылудың нәтижесінде (қайтарымсыз жоғалту) жоюды қоспағанда тауарларды кеден қоймасына орналастыруға дейін жоғалтқан жағдайда - осындай жоғалтудың күні, егер сол күн белгіленбеген болса, - кеден қоймасының кедендік рәсіміне тауарларды орналастыру үшін берілген кеден органының кедендік мағлұмдаманы тіркеу күні;

апаттар немесе еңсере алмайтын күші бар әрекеттердің нәтижесінде жойылғанды немесе дұрыс жағдайда сақтау мен тасымалдау кезінде табиғи жойылудың нәтижесінде (қайтарымсыз жоғалту) жоюды қоспағанда егер тауарларды сақтау кеден қоймасында жүзеге асырылмаса тауарларды басқа кеден рәсіміне орналастыруға дейін жоғалтқан немесе басқа тұлғаға тапсырған жағдайда, - кеден қоймасының кедендік рәсіміне тауарларды орналастыру үшін берілген кеден органының кедендік мағлұмдаманы тіркеу күні;

2) кеден қоймасының иесінде:

апаттар немесе еңсере алмайтын күші бар әрекеттердің нәтижесінде жойылғанды немесе дұрыс жағдайда сақтау мен тасымалдау кезінде табиғи жойылудың нәтижесінде (қайтарымсыз жоғалту) жоюды қоспағанда тауарларды жоғалту жағдайында, - егер күні белгіленбесе, тауарларды жоғалту күні, - кеден қоймасына тауарларды орналастыру күні;

кеден рәсіміне орналастыруды растайтын құжаттарды сондай тауарларға қатысты ұсынымсыз кеден қоймасынан тауарларды тапсыру жағдайында, - тапсыру күні, егер сол күн белгіленбеген болса, - кеден қоймасына тауарларды орналастыру күні;

4. Әкелу кеден баждары, салықтар кеден қоймасының кедендік рәсіміне тауарларды орналастыруға берілген кедендік мағлұмдамаларды кеден органының тіркеу күніне есептелген кеден баждарын, салықтарды төлеу бойынша тарифтік преференциялар мен жеңілдіктерді есепке алусыз ішкі тұтынуға шығарылған кедендік рәсіміне тауарларды орналастыру кезінде төлеуге жатқызуға болатын әкелу кеден баждарының, салықтардың сомаларына сәйкес келетін мөлшерде төлеуге жатқызылады.

238-бап. Кеден қоймасында сақталудан кейін ішкі тұтынуға шығару кеден рәсіміне тауарларды орналастыру кезінде кеден баждарын, салықтарды есептеу ерекшеліктері

Кеден баждарын есептеу мақсатында осы Кодекске сәйкес тауарларды кеден қоймасында сақтаудан кейін оларды ішкі тұтынуға шығару кеден рәсіміне орналастыру кезінде тауарлардың кедендік құны және (немесе) нақты көрсетілімдегі олардың сипаттамасы (саны, салмағы, көлемі немесе басқа сипаттамасы) егер олар кеден одағының кеден аумағына сол күні әкелінсе ішкі тұтынуға шығару кедендік рәсіміне тауарларды орналастыруға берілген кеден органының кедендік мағлұмдаманы тіркеу күніне анықталады.

34-тарау

Кеден аумағындағы қайта өңдеудің кедендік рәсімі

239-бап. Кеден аумағындағы қайта өңдеу кедендік рәсімінің мағынасы

1. Кеден аумағындағы қайта өңдеу - кеден одағының кеден аумағынан тыс қайта өңдеу өнімдерін кейін шығарумен тарифтік емес реттеу шараларын қолданусыз және әкелу кеден баждарын, салықтарды төлеуден толық шартты босатумен белгіленген мерзімде кеден одағының кеден аумағында қайта өңдеу бойынша операцияларды жасау мақсатында шетелдік тауарлар пайдаланылатын кедендік рәсім.

2. Кеден аумағындағы қайта өңдеудің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлар шетелдік тауарлардың мәртебесін сақтайды, ал тауарларды қайта өңдеу бойынша операциялардың нәтижесінде алынған тауарлар шетелдік тауарлар мәртебесін алады.

3. Шетелдік тауарларды қайта өңдеу бойынша операцияларды жасау кезінде кеден одағының тауарларын пайдалануға болады.

240-бап. Кеден аумағында қайта өңдеудің кедендік рәсімінде тауарларды орналастыру шарттары

1. Кеден аумағында қайта өңдеудің кедендік рәсіміне тауарларды орналастыру келесі шарттар бойынша жіберіледі:

1) кеден одағына кіретін қатысушы-мемлекетінің құзыретті органы тапсырған және осы Кодекстің 244-бабында белгіленген мәліметтері бар кеден аумағындағы тауарларды қайта өңдеу шарты туралы құжаттарды ұсыну.

Егер кеден аумағында қайта өңдеудің кедендік рәсіміне тауарларды орналастыру мақсаты оларды жөндеу болып табылады, осы тармақшаның бірінші азат жолында көрсетілген құжат ретінде кедендік мағлұмдама пайдаланылуы мүмкін;

2) кеден органдарының қайта өңдеу өнімдерінде шетелдік тауарларды бірдейлендіру мүмкіндігі осы Кодекстің 248-бабына сәйкес эквивалентті тауарларға ауыстыру жағдайын қоспағанда.

2. Кеден одағының комиссиясы кеден аумағында қайта өңдеу кедендік рәсіміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесін анықтауға құқылы.

241-бап. Кеден аумағында қайта өңдеу бойынша операциялар

1. Кеден аумағында қайта өңдеу кедендік рәсімінде тауарларды қайта өңдеу бойынша операциялар өзіне қосады:

1) өзінің жеке сипаттамаларын жоғалтатын шетелдік тауарларды қайта өңдеу немесе сұрыптау;

2) монтажды, жинауды, бөлшектеуді қоса тауарларды дайындау;

3) тауарды жөндеу, оны қайта орнына келтіруді, құрамдас бөліктерін қоса;

4) өңдеу процесінде толық немесе бөлшектеп қолданылатын тауарлар болса да қайта өңдеу өнімдерін шығаруға әрекет ететін немесе оны жеңілдететін тауарлардың шикі заты ретінде пайдалану. Осы операция осы тармақтың 1) - 3) тармақшаларында көрсетілген операциялардың ішінен біреуімен бір уақытта жасалуға тиіс операция.

2. Тауарларды қайта өңдеу бойынша операцияларға жатпайды:

2) шетелдік тауарлардың қалдықтарын басқарумен байланысты кеден операцияларын жасау және қайта өңдеу өнімдерін нақты шығару үшін қажет уақыт.

3. Тауарларды қайта өңдеу мерзімі келген аумағында осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім шеңберінде ұзартылуы мүмкін.

4. Кеден аумағындағы тауарларды қайта өңдеу мерзімін ұзарту және белгілеу тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекет заңнамасымен анықталады.

244-бап. Кеден аумағындағы тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы құжат

1. Кеден одағына қатысушы мемлекеттің құзыретті органы беретін кеден аумағында тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы құжатты тауарларды өңдеу бойынша операцияларды тікелей жүргізбейтін, аумағында рұқсат берілетін кеден одағына қатысушы мемлекеттің кез келген тұлғасы ала алады.

2. Кеден аумағында тауарларды қайта өңдеу шарты бойынша құжат келесі мәліметтерден тұруы керек:

1) құжат берілген тұлға;

2) қайта өңдеу операцияларын тікелей жасайтын тұлғалар;

3) СЭҚ ТН сәйкес қайта өңдеу өнімдерін және шетел тауарларын топтастыру атаулары, олардың саны және құны;

4) сыртқы экономикалық шарт жасауды растайтын құжаттар немесе сыртқы экономикалық шарт шеңберінде тауарларды басқару және пайдалану құқығын растайтын құжаттар;

5) қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормалары;

6) тауарларды қайта өңдеу бойынша операцияларды, оларды жасау әдістері;

7) тауарларды бірдейлендіру әдістері;

8) сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес қалдықтарды топтастыру атаулары, олардың саны мен құны;

9) кеден аумағында тауарларды қайта өңдеу мерзімі;

10) егер, ауыстыруға мүмкіндік берілсе, эквивалентті тауарлармен ауыстыру;

11) қалдықтарды коммерциялық пайдаланудың әрі қарай мүмкіндіктері;

12) кеден органында (кеден органдарында) кеден аумағында қайта өңдеу кедендік рәсіміне тауарларды орналастыру болжамдалған және кеден рәсімін аяқтау.

3. кеден аумағында тауарларды қайта өңдеудің шарттары туралы құжат кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен бекітілсе басқа да мәліметтерден тұруы мүмкін.

4. Кеден аумағында тауарларды қайта өңдеудің шарттары туралы құжаттарды тапсыру нысаны мен тәртібі, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ оның жойылуы кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамаларымен анықталады.

5. Қайта өңдеу кеден рәсіміне сәйкес шетелдік тауарларды шығару кеден аумағында одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдарымен, кеден аумағында тауарларды қайта өңдеу шарты туралы құжатты берген құзыретті органымен жүзеге асырылады.

245-бап. Кеден аумағында қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормалары

1. Қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормасы болып шетелдік тауарлардың белгілі санын қайта өңдеу нәтижесінде құралған қайта өңдеу өнімдерінің пайыздық құрамын немесе саны түсіндіріледі.

2. Егер, қайта өңдеу өнімдерін шығару стандартты нормалары белгіленуі мүмкін кеден одағына қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарымен сапалы қайта өңдеу өнімдерін алуға әкеледі және нақты белгілеген техникалық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады және олардың сипаттамалары тұрақты болып қалатын тауарларға қатысты кеден аумағында қайта өңдеу операциялары жасалады.

246-бап. Кеден аумағында қайта өңдеу нәтижесінде пайда болған қалдықтар және жүргізілген жоғалтулар

1. Кеден аумағында шетелдік тауарларды қайта өңдеу нәтижесінде пайда болған қалдықтар басқа кеден процедурасына орналастыруға жатады. Көрсетілген қалдықтар әрі коммерциялық пайдалануға жарамсыз жағдайында қайта өңделген.

2. Кеден мақсаттары үшін көрсетілген қалдықтар осы жағдайда кеден одағының кеден аумағына әкелінген тауарлар ретінде қарастырылады.

3. Қайта өңдеу бойынша операцияларды жасау нәтижесінде өтеусіз жоғалатын және пайда болатын өндірістік жоғалтулар басқа кеден процедурасына орналастыруға жатпайды.

247-бап. Кеден аумағында қайта өңдеу кеден рәсіміне орналастыратын тауарлардың қалдықтары

Қайта өңдеу бойынша операцияларды жасау нәтижесінде тауарлардың қалдықтары шығу нормасына сәйкес басқа кеден процедурасына орналастыруға жатады.

248-бап. Эквивалентті тауарлармен ауыстыру

1. Кеден органының рұқсатымен эквивалентті тауарлармен кеден аумағында қайта өңдеу кеден процедурасына орналастырылған шетелдік тауарларды ауыстыруға рұқсат беріледі.

2. Эквивалентті тауарлар түсінігінде өзінің сипаттамасымен, сапасымен және техникалық сипаттамасымен шетелдік тауарларға сәйкес келеді.

3. Эквивалентті тауарларлар қайта өңдеу нәтижесінде алынған тауарлар осы тараудың ережелеріне сәйкес шетелдік тауарларды қайта өңдеу өнімдерінің сапасында қарастырылады.

4. Эквивалентті тауарлар шетелдік тауар мәртебесін алады, ал олармен ауысқан тауарлар - кеден одағы тауарларының мәртебесін алады.

5. Егер шетелдік тауарларды эквивалентті тауарларға ауыстыруға рұқсат берілсе, эквивалентті тауарлардан алған қайта өңделген өнімдерін шығару кеден одағының кеден аумағына шетелдік тауарларды шығаруға дейін рұқсат беріледі. Оған қоса осындай ауыстырудың тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен анықталады.

249-бап. Кеден аумағында қайта өңдеу кеден рәсімі қызметінің аяқталуы

1. Кеден аумағында қайта өңдеу кеден рәсімі қызметі осы Кодексте қарастырылған шарттарда және тәртібінде кері экспорт кедендік процедурасына қайта өңдеу нәтижесінде пайда болған қалдықтарды қайта өңдеу бойынша операцияға шалдыққан шетелдік тауарларды, қайта өңдеу өнімдерін жатқызудың тауарларды қайта өңдеу мерзімінің өтіп кетуіне дейін аяқталады.

Кеден аумағында қайта өңдеу кеден рәсімі қызметі тауарларды қайта өңдеу мерзімінің өтіп кетуіне дейін аяқталуы мүмкін:

осы Кодексте қарастырылған шарттарда және тәртібінде кері экспорт кедендік процедурасына қайта өңдеу нәтижесінде пайда болған қалдықтарды қайта өңдеу бойынша операцияға шалдыққан шетелдік тауарларды, қайта өңдеу өнімдерін орналастыру. Оның ішінде қайта өңдеу өнімдеріне қатысты тарифті емес реттеу шаралары қолданылмайды;

кеден аумағында қайта өңдеу кедендік рәсіміне, қайта өңдеу нәтижесінде пайда болған қалдықтарды қайта өңдеу операцияларына шалдыққан шетелдік тауарларды орналастыру.

2. Тауарларды қайта өңдеу мерзімінің өтіп кетуіне дейін кеден рәсімінің процедурасының әрекеті кеден аумағында уақытша әкелу немесе кеден қоймасының кедендік рәсіміне қайта өңдеу өнімдерін орналастыру жағдайында тоқтатылу мүмкін. Тоқтатылу тәртібі және кеден аумағында қайта өңдеудің кедендік рәсімінің әрекеттерін жаңарту кеден одағының комиссияның шешімімен анықталады.

3. Қайта өңдеу өнімдері бір немесе бірнеше топтамалар басқа кеден процедураларына немесе кері экспорт кеден процедурасына орналастырылуы мүмкін.

Оның ішінде қайта өңдеу өнімдеріне қатысты тарифті емес реттеу шаралары қолданылмайды.

250-бап. Кеден аумағында қайта өңдеу кеден рәсіміне жатқызылатын тауарларға қатысты әкелу кеден баждарын, салықтарды төлеу бойынша және оларды уақытында төлеу міндетінің туындауы және тоқтатылуы

1. Кеден аумағында қайта өңдеу кеден рәсіміне жатқызылатын тауарларға қатысты әкелу кеден баждарын, салықтарды төлеу бойынша және оларды уақытында төлеу міндеті мағлұмдама берушіде кеден органы кедендік мағлұманы тіркеу кезінен

т у ы н д а й д ы .

2. Кеден аумағында қайта өңдеу кедендік процедурасына орналастырылған тауарларға қатысты әкелу кеден баждарын, салықтарды төлеу бойынша міндеттеме мағлұмдама берушіде тоқтатылады:

1) кезінде осы кодекстің 243-бабының 1-тармағына сәйкес белгіленген тауарларды қайта өңдеу мерзімінің өтуіне дейін кеден аумағында қайта өңдеу кедендік процедурасына әрекетінің аяқталу кезінде осы процедура кезінде әкелу кеден баждары, салықтарды төлеу мерзімі басталған жағдайды қоспағанда.

2) Осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағында көрсетілген жағдайлар бар.

3. Әкелу кеден баждары, салықтарды төлеу мерзімі болып табылады:

1) Кеден органдарының рұқсатынсыз қайта өңдеу бойынша операцияларды тікелей жүзеге асыратын тұлға болып және (немесе) кеден аумағында қайта өңдеу шарттары туралы құжат берілген тұлға болып табылмайтын тұлғаға шетел тауарларын тапсыру кезінде, - кеден аумағында қайта өңдеу кедендік рәсіміне тауарларды жатқызу үшін берілген кедендік мағлұмдамаларды кеден органының тіркеу күні, - егер ол күн анықталмаған болса, тауарларды тапсыру күні;

2) Тасымалдаудың және сақтаудың қалыпты жағдайы кезінде табиғи жоғалтудың апаттар немесе еңсеруге келмейтін әрекеттер нәтижесінде жойылуды (өтеусіз жоғалту) қоспағанда тауарларды қайта өңдеу мерзімінің өтіп кетуіне дейін шетелдік тауарларды жоғалту кезінде, - егер күн анықталмаса, тауарларды жоғалту күні, - кеден аумағында қайта өңдеу кеден рәсіміне орналастыру үшін берілген кедендік мағлұмдамаларды кеден органының тіркеген күні;

3) Осы кодекстің 243-бабының 1-тармағына сәйкес белгіленген тауарларды қайта мерзімінің өтіп кеткеніне дейін кеден аумағында қайта өңдеу кедендік рәсімін аяқтау кезінде - тауарларды қайта өңдеу мерзімнің аяқталатын күні.

4. Әкелу кеден баждары, салықтары кеден аумағында қайта өңдеу кеден рәсіміне орналастыру үшін берілген кедендік мағлұмдамаларды кеден органының тіркеген күніне есептелген кеден баждарын, салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктерді есепке алмай ішкі тұтыну үшін шығару кеден процедурасына тауарларды орналастырса кедендік төлеуге жатқызылатын әкелу кеден баждарын, салықтарын тиісті сомаларына төлеуге жатады.

5. Кеден одағының кеден аумағынан экспорттан тыс кеден процедураларына орналастырылатын қайта өңдеу өнімдерін шығармаған кезде осы кодекстің 300-бабының 4-тармағының 2 азат жолына сәйкес төлеуге жататын әкелу кеден баждарын, салықтарын сомаларын төлеуге жатады, осы баптың бірінші тармағында көрсетілген тұлға кеден одағының қатысушы мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес белгіленген тәртіпте есептелген әкелу кеден баждарын салықтарды төлеуге мерзімін ұзарту ұсынылған көрсетілген сомаларға қатысты болса, пайыздар төленеді.

Пайыздар кері экспорттық кеден процедурасына жатқызу үшін тапсырылған

кедендік мағлұмдамаларды кеден органының тіркеу күні, - егер ол күн анықталмаған болса, тауарларды тапсыру күні бойынша кеден аумағында қайта өңдеу кеден процедурасына жатқызу үшін берілген кеден мағлұмдамаларын кеден органы тіркеген күннен бастап есептеледі.

**251-бап. Ішкі қолданысқа арналған шетел тауарларының
кеден рәсіміне сәйкес орналастырудың
ерекшеліктері**

1. Ішкі қолданысқа арналған кеден рәсіміне сәйкес орналастыратын қайта өңдеу өнімдеріне әкелінген кеден баждары әрі салықтары төленеді бұл шетел тауарларын есепке алғанда, кеден аумағында кеден рәсіміне қайта өңделіп орналастырылған әрі шығу нормаларына сәйкес өнімдердің өндіріліп пайдаланылған.

2. Қайта өңдеу өнімдерін орналастыру кезде немесе қайта өңдеу операциялардан өтпеген шетел тауарлары кеден рәсіміне сәйкес ішкі қолданысқа арналып әкелінген кеден баждарының мөлшерлері, салықтары, валюталық бағамы кедендік одақтың қатысушы-мемлекеті заңнамасымен белгіленген кеден аумағында сол күні тіркеліп анықталған кеден мағлұмдамасында берілген кедендік рәсіміне тауарларды орналастыру үшін берілген.

3. Әкелінген кеден баждарының сомасынан, қайта өңдеу өнімдерін орналастыру кезінде немесе қайта өңдеу операцияларынан өтпеген шетел тауарлары кеден рәсіміне ішкі қолданысқа арналғандарға пайызы төленеді. Егер, мәселен аталмыш сомаға төлемді кейінге қалдыру, яғни тіркелген күннен бастап кеден органының кеден мағлұмдамасына берілген кедендік рәсіміне тауарларды орналастыру үшін берілген кедендік одаққа қатысушы-мемлекет заңнамасымен белгіленген тізімде есепке алу.

35-тарау

Кеден аумағында емес кеден рәсімдеуін қайта өңдеу

**252-бап. Кеден аумағында емес кедендік рәсімдеудің
мазмұны**

1. Кеден аумағында емес кедендік рәсімдеу - кедендік рәсімдеу, кедендік одақтың тауарлары кедендік аумақтан шығарылып, қайта өңдеу жұмыстарынан өткізіледі. Әрі бұл белгіленген уақыт ішінде, әкелінген кеден баждарынан толық босатылады, сонымен қатар тарифтік емес реттеуді қолданыссыз, кедендік одақ аумағына қайта өңдеу өнімдерін келесі кіргізу үшін.

2. Кедендік одақ аумағынан шығарылып, қайта өңдеу жұмыстарынан өткізіліп, кедендік рәсімдеуден өткен тауарлар Кедендік одақ тауары мәртебесін толық жоғалтады.

253-бап. Кедендік аумақтан тыс кедендік рәсімдеу тауарларын орналастыру шарттары

1. Кедендік аумақтан тыс кедендік рәсімдеу тауарларын орналастыруы төмендегідей шарттар қолданғанда ғана мүмкін:

1) Кедендік аумақтан тыс кедендік рәсімдеудің қайта өңдеу туралы құжаттың болғанында ғана, сонымен қатар бұл құжат кедендік одақтың қатысушы-мемлекеті осы Кодекстің 257-бабымен анықталған тұста ғана.

Егер, кедендік аумақтан тыс кедендік рәсімдеу тауарларын орналастыруы оның жөндеу жұмыстары болып көзделсе, осы тармақшаның бірінші азат жолында кедендік мағлұмдама орын алады.

2) Кедендік одақ тауарларын сәйкестендіруі кеден органының өнімдерді айырбастау шетел тауарларын қайта өңдеуі осы Кодекстің 256-бабына сәйкес.

2. Кедендік аумақтан тыс кедендік рәсімдеу тауарларын орналастыруына кедендік одақтың комиссия мүшелері тыйым сала алады.

3. Кедендік аумақтан тыс кедендік рәсімдеу тауарларын орналастыруына арналған тауарлар, кедендік баж, салық төлеуге жеңілдік, кедендік аумақтан тыс кедендік рәсімдеу тауарларын орналастыруына оларға жөндеу жасау операцияларына мүмкіндік алады.

254-бап. Кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу операциялар

Кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу операциялары мынаны қамтиды:

1) тауарларды қайта өңдеу немесе өңдеу кезде тауарлар өзінің жеке сипатын жоғалтады;

2) тауарларды жасау, монтаж, қайта жасау, жинақтау;

3) тауарды жөндеу, қайта өңдеуден өткізу, құрамдас бөліктерін айырбастау.

255-бап. Кедендік одақ тауарларының сәйкестендіруі қайта өңдеу өнімдерінде

Кедендік одақ тауарларының сәйкестендіруі қайта өңдеу өнімдерінде келесідей тәсілдер қолданылады:

1) кедендік одақтан шығу тауарларына мағлұмдама берушінің немесе қайта өңдеуді жасап жатқан, ия болмаса кеден органының лауазымды тұлғасының мөрі, штампы, цифрлік, басқа да маркировкалары болуы шарт.

2) Толық сипаттама, суреттеме, кедендік одақ тауарларының бейнесінің ауқымында;

3) Тексерістен өткен сынамаларды алдын-ала сәйкестендіру, кедендік одақ тауарларының үлгілері және қайта өңдеу өнімдері;

4) Қолданыстағы тауарлардың маркировкасы, сол тұста сериялы нөмірінің үлгісінде

5) басқа да тәсілдер, тауарлардың сипатына сәйкес қолданыла алатын және

тауарларды қайта өңдеуді жасау, сонымен қатар оларды толық зерттеу туралы толық ақпараттың ұсынысын кедендік одақтың техникалық жүйесінде тауарларды қайта өңдеу операциялары, сонымен қатар өнімдердің қайта өңдеуінің өндіріс технологиясы;

256-бап. Кедендік аумақтан тыс тауарларды қайта өңдеу мерзімі

1. Кедендік аумақтан тыс тауарларды қайта өңдеу мерзімін 2 жылдан аспауы керек.

Мерзімнің аяқталуына тауарлардың қайта өңдеуі кедендік аумақтан тыс тауарларды қайта өңдеу мерзімінен бастау алады, ал тауарлардың кедендік мағлұмдамасы жеке топтармен (бірнеше топ) - осы кедендік рәсімдемеге сол күннен бастаған бірінші тауар т о б ы н а н б а с т а л а д ы .

2. Уақыты, кедендік рәсімдеуге немесе олардың, өнімдердің қайта өңдеуі орналасуы нақты әкелудің, кедендік рәсімдеу аумағында аяқтайтын әрекеттер:

1) тауарлардың қайта өңдеу өндірістік процесінің мерзімділігі;

2) әкетілген қайта өңдеу өнімдерінің уақыты.

3. Кедендік аумағынан тыс қайта өңдеудің мерзімі осы баптың 1 тармағына сәйкес о р н а т ы л а д ы .

4. Мерзімнің орналасу мерзімі мен мерзімнің ұзартуы кедендік аумақтан тыс қайта өңдеуі кедендік одақ қатысушы-мемлекет заңнамасымен анықталады.

257-бап. Кедендік аумақтан тыс тауарлардың қайта өңдеу туралы құжаттың шарттары

1. Кедендік аумақтан тыс тауарлардың қайта өңдеу туралы құжаттың шарттары кедендік одақтың қатысушы-мемлекет құзыреті органымен берілетін құжатты кедендік одаққа кіретін және оның аумағында берілетін кез-келген қатысушы-мемлекет ала а л а д ы .

2. Кедендік аумақтан тыс тауарлардың қайта өңдеу туралы құжатты келесі а қ п а р а т т ы қ а м т у к е р е к :

1) құжат берілген тұлға туралы толық мәлімет;

2) қайта өңдеу операцияларын жүзеге асыратын тұлға туралы;

3) атауы, кедендік одақ тауарларының топтастыруы, сыртқы экономикалық қызметке қатысушы Тауар нomenclатурасына сәйкес олардың саны мен бағасы;

4) құжаттар, сыртқы экономикалық келісім негізінде жасалынған немесе басқа да құжаттар сыртқы экономикалық келісім негізінде жасалынған емес иелену құқығы, та у а р л а р д ы қ о л д а н у құ қ ы ғ ы ;

5) қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормалары;

6) қайта өңдеу өнімдерінің операциялары мен оларды жүзеге асыру тәсілдері;

7) тауарларды сәйкестендіру тәсілдері;

8) кедендік аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу мерзімі;

9) ауыстыру жағдай туған кезде, қайта өңдеу өнімдерін шетел тауарларына а у ы с т ы р у ;

10) кедендік аумағынан тыс кедендік рәсімдерді қайта өңдеу үй-жай қарастырылған кезде тауарларды сақтауға арналған және кедендік рәсімдеуді аяқтау рәсімі.

3. Кедендік одаққа қатысушы-мемлекет заңнамасында қарастырылған болса, онда кедендік аумақтан тыс құжат басқа да ақпаратты сақтай алады.

4. Құжаттың берілуі мен тәртібі кедендік аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу шарттары оған енгізулер мен толықтыруларды, сонымен қатар оны қайта шақырту (күшін жою) кедендік одаққа қатысушы-мемлекет заңнамасымен анықталады.

5. Кедендік аумағынан тыс қайта өңдеу шарттары туралы кедендік одақ тауарларының шығуы кедендік рәсімдеу аумағынан тыс, кедендік одақ қатысушы-мемлекет құжат берілген құзыретті орган атынан жүзеге асады.

258-бап. Кедендік аумағынан тыс қайта тұтыну өнімдерінің шығу нормалары

1. Өнімдердің шығуы деп - өнімдердің қайта өңдеудің саны немесе пайыздық өнімнің қайта өңдеуі мазмұнын білдіреді. Кедендік одақ нәтижесінде анықталған тауар санының қайта өңдеу пайда болды.

2. Егер қайта өңдеу операциялары кедендік аумағынан тыс тауарларға қатысты жасалса, олардың сипаттары үнемі сол күйінде қалады және әрдайым техникалық талаптарға сай жасалады және өнімдердің қайта өңдеудің өзгермеген сапасына әкеледі. Кедендік одақ қатысушы-мемлекет құзыретті органдарымен өнімдердің қайта өңдеудің стандартты шығу нормалары орнатылады.

259-бап. Өнімдердің қайта өңдеуін шетел тауарларымен алмастыру

1. Кеден органының рұқсатымен, өнімдердің қайта өңдеуін шетел тауарларымен алмастыруға рұқсат етіледі. Егер олар өзінің сипаты жағынан және сапасымен, техникалық сипаттамасымен қайта өңдеу өнімдерімен ұқсас келетін болса. Егер қайта өңдеу операцияларымен кепілді жөндеу болатын болса, сонымен қатар тауарлардың орын ауыстыруы құбырқондырғыш транспортымен.

2. Егер қайта өңдеу өнімдерімен ұқсас-шетел тауарлары рұқсат болса, онда осы шетел тауарларының енгізілуі кедендік одақ кедендік аумағынан тыс шығаруға рұқсат етіледі. Осы тұста осындай алмастыру тәртібі кедендік одаққа қатысушы-мемлекет заңнамасымен іске асады.

260-бап. Кедендік аумағынан тыс кедендік рәсімдерді қайта өңдеу аяқтау әрекеті

1. Кедендік аумағынан тыс кедендік қайта өңдеу рәсімдерінің қызметінің аяқталуы мерзімнің аяқталуына дейін реимпорт кедендік рәсімдеу өнімдерінің қайта өңдеуі және ішкі тұтынуға қолдану тәртібі мен шарттары бойынша осы Кодекс көздеген тұрғыда жүзеге асады.

Кедендік аумағынан тыс кедендік қайта өңдеу рәсімдерінің қызметінің аяқталуы мерзімнің аяқталуына дейін реимпорт кедендік рәсімдеу өнімдерінің қайта өңдеуі

операцияларынан өтпеген реимпорт және экспорт тәртібі мен шарттары бойынша осы Кодекс көздеген тұрғыда жүзеге асады.

Кедендік аумағынан тыс кедендік рәсімдеуі экспорттық кедендік рәсімдеумен аяқталмайды, егер кедендік одақтың, яғни қатысушы-мемлекет аумағына өнімдер мен оларды қайта өңдеу қайта әкелінбесе.

3. Қайта өңдеу өнімдері кедендік рәсімдеудің реимпорт болып орналастырылады және ішкі тұтынуға бір немесе бірнеше топтармен (жіберілгенде).

261-бап. Кедендік рәсімдеу кедендік аумағынан тыс тауарларды орналастыру кезінде әкетілген кеден баждарын және олардың мерзімі мен төлемдерін

аяқтау

1. Әкетілген кеден баждарын төлеу міндеттерін тауарларға қатысты, кедендік аумағынан тыс кедендік рәсімдеуге орналастырылған кезде мағлұмдама беруші тіркелген кезден бастап кеден органдарына кеден мағлұмдамасы пайда болады.

Бажсыз сауда кедендік рәсімі

302-бап. Бажсыз сауда кедендік рәсімінің мазмұны

Бажсыз сауда - тауарлар кеден одағының кедендік аумағынан кететін адамдарға бажсыз сауда дүкендерінде бөлшек саудада кедендік бажды, салықтарды төлеусіз және тарифтік емес шараларды қолданбай сатылатын кедендік рәсім.

303-бап. Тауарларды бажсыз сауда кедендік рәсіміне орналастыру шарттары

1. Бажсыз сауда кедендік рәсіміне, кеден одағының кедендік аумағына әкелуге, кеден одағының кедендік аумағынан тыс жерлерге әкетуге тыйым салынған, сондай-ақ кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында айналдыруға тыйым салынған кез келген тауарлар орналастырылуы мүмкін.

Кеден одағының комиссиясы бажсыз сауда кедендік рәсіміне орналастырылуға жатпайтын өзге тауарлар тізбесін белгілеуі мүмкін.

2. Бажсыз сауда кедендік рәсіміне орналастырылатын тауарлардың Декларанты ретінде тек осы тауарлардың сатылуы жүзеге асырылатын бажсыз сауда дүкендерінің

3. Бажсыз сауда дүкендері жұмысын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын тауарлар бажсыз сауда кедендік рәсіміне орналастырылмайды.

4. Кеден одағының тауарлары бажсыз сауда кедендік рәсіміне кедендік декларацияны беру жолмен орналастырылады.

304-бап. Бажсыз сауда дүкендері

1. Бажсыз сауда дүкендерінің жұмыс тәртібі, оларды орналастыру, абаттандыру және жабдықтау талаптары, аталған дүкендерде тауарларды сату ережелерін кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленеді.

2. Бажсыз сауда кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларға қатысты есеп жүргізу және есеп беру тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен белгіленеді.

305-бап. Бажсыз сауда кедендік рәсімін аяқтау

1. Бажсыз сауда кедендік рәсімінің әрекеті осы кедендік рәсімге орналастырылған тауарларды бажсыз сауда дүкендерінде кеден одағының кедендік аумағынан кететін адамдарға бажсыз сауда дүкендерінде бөлшек саудада сатумен немесе осы Кодекске сәйкес өзге кедендік рәсімдерге орналастырумен аяқталады.

2. Бажсыз сауда дүкендері қызметін тоқтатқан жағдайда бажсыз сауда кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлар, аталған дүкен қызметін тоқтатқан күннен бір ай ішінде өзге кедендік рәсімге орналастыруға жатады.

Осы тармақтың 1 бөлігінде көрсетілген әрекеттер жасалмаған жағдайда тауарлар осы Кодекстің 21-тарауына сәйкес кеден органдары кідіртеді.

306-бап. Бажсыз сауда кеден рәсімдерімен орналастырылатын (орналастырылған) шетелдік тауарларға қатысты әкету кедендік бажын төлеу және оларды төлеу мерзімі жөніндегі міндеттемелердің

туындауы және тоқтауы

1. Бажсыз сауда кедендік рәсімдерімен орналастырылатын шетелдік тауарларға қатысты әкелу кедендік баждар мен салықтарды төлеу міндеттемесі декларантта кедендік декларацияны кеден органдарында тіркеген сәттен бастап туындайды.

2. Бажсыз сауда кедендік рәсімдерімен орналастырылатын (орналастырылған) шетелдік тауарларға қатысты әкелу кедендік баждар мен салықтарды төлеу міндеттемесі декларантта, мынадай:

1) бұл тауарларды кеден одағының кедендік аумағынан шығатын жеке тұлғаларға с а т у к е з і н д е ;

2) бұл тауарларды өзге кедендік рәсімдерге орналастыру кезінде;

3) осы Кодекстің 21-тарауына сәйкес кеден органдары тауарларды ұстаған кезде;

4) осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағымен белгіленген жағдайларда тоқтатылады.

3. Әкелу кедендік баждар мен салықтарды төлеу мерзімі:

1) белгіленген талаптар мен шарттарды бұзатын - іс-қимыл жасау күні, ал егер бұл күн белгіленбесе - бажсыз сауда кедендік рәсімдерінің талаптары мен шарттарын бұза отырып шетелдік тауарларды пайдалану және иелік ету кезінде тауарларды бажсыз сауда кедендік рәсімдерімен орналастыру үшін берілген кедендік декларацияны кеден органдарында тіркеген күні;

2) апат немесе еңсерілмейтін күш салдарынан не тасымалдаудың (көлікпен тасымалдаудың) қалыпты жағдай және сақтау кезінде табиғи тозу нәтижесінде олардың жойылуын (өтеусіз жоғалтуды) қоспағанда, шетелдік тауарларды жоғалтқан жағдайда - тауарларды жоғалту күні, ал егер бұл күндер белгіленбесе - тауарларды бажсыз сауда кедендік рәсімдерімен орналастыру үшін берілген кедендік декларацияны кеден органдарында тіркеген күні саналады.

4. Осы баптың 3-тармағында белгіленген жағдайларда әкелу кедендік баждары, салықтары бажсыз сауда кедендік рәсімдерімен орналастырылған тауарларына сәйкес кедендік декларацияны кеден органдарында тіркеген күні есептелген кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша тарифтік преференциялар мен жеңілдіктерді есептеместен ішкі тұтынуға шығару кедендік рәсімімен тауарларды орналастыру кезінде төлеуге жататын әкелу кедендік баждарының, салықтарының тиісті сомалары мөлшерінде төлеуге жатады.

42-тарау

Жою кедендік рәсімі

307-бап. Жою кедендік рәсімінің мазмұны

Жою - кедендік рәсімі, бұл ретте, шетелдік тауарлар әкелу кедендік баждарын, салықтарын төлеместен және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан кедендік бақылаумен жойылады.

Тауарларды жою деп тауарларды зиянсыз ету немесе олар жартылай немесе толығымен өзінің тұтыну және (немесе) өзге қасиеттерін жоғалтатын және экономикалық тиімді тәсілмен бастапқы қалпына келуі мүмкін емес жағдайға келтіру түсініледі.

Жою кедендік рәсімі апат немесе еңсерілмейтін күш әрекеттерінің салдарынан жойылған, өтеусіз жоғалған тауарларға қатысты қолданылуы мүмкін.

308-бап. Тауарларды жою кедендік рәсімімен орналастыру шарттары

1. Тауарларды жою кедендік рәсімімен орналастыруға Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар берілетін жою мүмкіндігі туралы қорытынды негізінде жол беріледі, онда жою тәсілі мен орны көрсетіледі.

Тауар апат немесе еңсерілмейтін күш әрекеттерінің салдарынан өтеусіз жоғалған

жағдайда қорытынды талап етілмейді. Мұндай тауарларды жою кедендік рәсімдеріне орналастыру үшін тауарларды апат немесе еңсерілмейтін күш әрекеттерінің салдарынан өтеусіз жоғалту фактілерін растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

2. Жою кедендік рәсімдеріне мынадай санаттағы тауарлар орналастырылмайды:

1) мәдени, археологиялық, тарихи құндылықтар;

2) эпидемия мен эпизоотия және карантинді объектілердің таралуының жолын кесу мақсатында оларды жою талап етілетін жағдайларды қоспағанда, Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларына және (немесе) халықаралық шарттарға сәйкес қорғалатын түрлерге жататын жануарлар мен өсімдіктер олардың бөліктері мен т у ы н д ы л а р ы ;

3) кепілдік қарым-қатынастар тоқтағанға дейін кепілдік заты ретінде кеден органдары қабылдаған тауарлар;

4) алынған немесе тыйым салынған тауарлар, оның ішінде Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес заттық дәлелдемелер болып табылатын тауарлар;

5) тізбесін Кеден одағының Комиссиясы айқындайтын өзге тауарлар.

3. Тауарларды жоюға жол берілмейді, егер мұндай жоюлар:

1) қоршаған ортаға зиян келтіруі немесе адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіп төндіруі мүмкін;

2) оларды қалыпты жаратылуына сәйкес тауарларды тұтыну жолымен өндіру;

3) Кеден одағына қатысушы-мемлекеттер үшін шығыстар әкелуі мүмкін.

4. Тауарларды жою жою кедендік рәсімі декларанттарының есебінен жүргізіледі.

5. Тауарларды жою оларды жою тәсілі мен орны мұндай тауарларды іс-жүзінде жою үшін қажетті уақыттан туындайтын кеден органдары белгілеген мерзімде жүргізіледі.

309-бап. Жою кедендік режимін қолданудың ерекшелігі

1. Тауарларды жою тәртібі Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларымен айқындалады.

2. Тауарларды жою нәтижесінде қалыптасқан қалдықтар, оларды одан әрі пайдалану мүмкін болған кезде тиісті кедендік рәсімге орналастырылуы тиіс және осы күйінде әкелу кедендік баждары мен салықтарын алу мақсаты үшін Кеден одағының кедендік аумағына әкелінген шетелдік тауар ретінде қаралады.

Жою нәтижесінде қалыптасқан қалдықтар Кеден одағының кедендік аумағында оларды одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз күйде болса және экономикалық тиімді тәсілмен бастапқы қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда олар Кеден одағының тауары ретінде қаралады.

43-тарау

Мемлекет пайдасына бас тарту кедендік рәсімі

310-бап. Мемлекет пайдасына бас тарту кедендік рәсімінің мазмұны

1. Мемлекет пайдасына бас тарту - кедендік рәсімі бұл ретте, шетелдік тауарлар кедендік төлемдерді төлеместен және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің меншігіне өтеусіз беріледі.

2. Мемлекет пайдасына бас тарту кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар Кеден одағы тауарының мәртебесін алады.

311-бап. Тауарларды мемлекет пайдасына бас тарту кедендік рәсімімен орналастыру шарттары

1. Кеден одағының кедендік аумағына әкелуге тыйым салынған, сондай-ақ Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің аумағында айналымға тыйым салынған тауарларды қоспағанда, шетелдік тауарлар мемлекет пайдасына бас тарту кедендік рәсімімен о р н а л а с т ы р ы л у ы м ү м к і н .

Кеден одағы Комиссиясының Шешімімен мемлекет пайдасына бас тарту кедендік рәсімімен орналастыруға жатпайтын өзге тауарлар тізбесі белгіленуі мүмкін.

2. Мемлекет пайдасына **тауарлардан бас тарту тәртібі** Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларымен айқындалады.

7-бөлім.

КЕДЕНДІК ШЕКАРА АРҚЫЛЫ ӨТКІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

МЕН ТАУАРЛАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНА

ҚАТЫСТЫ КЕДЕНДІК ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ 44-тарау

Халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберілетін тауарларға қатысты кедендік операцияларды жетілдіру ерекшеліктері

312-бап. Халықаралық почта жөнелтілімдері

1. Халықаралық почта жөнелтілімдеріне посылкалар және Дүниежүзілік почта одағының актілеріне сәйкес почта алмасу объектілері болып табылатын жазбаша х а т - х а б а р л а р ж а т а д ы .

2. Халықаралық почта жөнелтілімдерін жіберу Дүниежүзілік почта одағының актілерімен көзделген құжаттармен қоса жіберілуге тиіс.

3. Халықаралық почта жөнелтілімдерін кеден органының рұқсатынсыз почта байланысы операторының беруі, олардың алушыларына не Кеден одағының кедендік аумағынан тыс жерлерге жөнелтуі мүмкін емес.

313-бап. Халықаралық почта жөнелтіліміндегі тауарларды жіберу ерекшеліктері

1. Халықаралық почта жөнелтіліміндегі мынадай тауарларды жіберуге жол берілмейді :

1) Кеден одағының кедендік аумағына әкелуге немесе осы аумақтан әкетуге тыйым салынған ;

2) Дүниежүзілік почта одағының актілеріне сәйкес жіберуге тыйым салынған;

3) оларға қатысты шектеулер қолданылатын, егер мұндай тауарлар Кеден одағы Комиссиясының Шешіміне сәйкес халықаралық почта жөнелтілімімен жіберуге тыйым салынған тауарлар .

2. Жеке тұлғаның атына халықаралық почта жөнелтіліміндерімен жіберілетін жеке пайдалануына арналған тауарларға қатысты, сондай-ақ Кеден одағы Комиссиясының Шешіміне айқындалған өзге жағдайларда тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмайды .

3. Халықаралық почта жөнелтіліміндерімен жіберуге тыйым салынған және (немесе) шектеулер қойылған тауарларға билік ету Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес жүргізіледі.

314-бап. Халықаралық почта жөнелтіліміндерімен жіберілетін тауарларға қатысты кедендік операцияларды жетілдіру ерекшеліктері

1. Халықаралық почта жөнелтіліміндерімен жіберілетін тауарларға қатысты кедендік операциялар халықаралық почта алмасу орындарында (мекемелерінде) не кеден органы айқындаған өзге орындарда кеден органдары жүргізеді .

Халықаралық почта алмасу орындары (мекемелері) Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларымен айқындалады.

2. Халықаралық почта жөнелтіліміндерімен жіберілетін тауарларды кедендік декларациялау халықаралық почта жөнелтіліміндерін алып жүретін Дүниежүзілік почта одағының актілерімен көзделген құжаттарды не тауар декларацияларын пайдалана отырып жүргізіледі .

3. Жеке тұлғаның жеке пайдалануына арналған тауарларды қоспағанда, халықаралық почта жөнелтіліміндерімен жіберілетін тауарлар мынадай жағдайларда тауар декларацияларын пайдалана отырып кедендік декларациялауға жатады, егер:

1) кедендік баждарды, салықтарды төлеуге жатса;

2) тауарларға қатысты арнайы қорғаулар, антидемпингтік және өтеу шаралары қолданылса және тыйым салулар мен шектеулер сақталса;

3) Кеден одағының кедендік аумағынан тауарларды іс-жүзінде әкету тауарларды жөнелтуші кеден және (немесе) салық органдарымен расталған болуы тиіс;

4) тауарлар ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімінен өзге кедендік рәсімімен орналастырылады .

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілмеген жағдайларда кедендік декларациялау

Дүниежүзілік почта одағының актілерімен көзделген халықаралық почта жөнелтілімдерін алып жүру және мәлімделген кедендік рәсімдерге сәйкес тауарларды шығару үшін қажетті мәліметтері бар құжаттарды пайдалана отырып жүргізіледі.

5. Халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберілетін, кеден одағының кедендік аумағынан шығарылатын тауарларды кедендік декларациялау оларды жөнелту үшін почта байланыс операторына бергенге дейін жүзеге асырылады.

6. Дүниежүзілік почта одағының актілерімен көзделген жағдайларда жөнелтушіге қайтаруға жататын тауарларды кедендік декларациялау кеден органына жазбаша өтініш және Дүниежүзілік почта одағының актілерімен көзделген халықаралық почта жөнелтілімдерін алып жүру құжаттарын беру жолымен почта байланыс операторы жүзеге асырылады.

315-бап. Халықаралық почта жөнелтілімдерін кедендік бақылау

1. Почта байланыс операторы кеден органының талабы бойынша кедендік қарауды және кедендік тексеріп қарауды жүргізу үшін халықаралық почта жөнелтілімдерін ұсынады. Мұндай ұсынулардың тәсілін кеден органдары айқындайды.

2. Кеден органдары олардан почта жөнелтілімдерімен әкелінетін мынадай түрлерді ұсыну

талап

етпейді:

аэрограмм;

почталық карточкалар мен хаттарды;

секкограмм.

Көрсетілген почта жөнелтілімдерінде Кеден одағының кедендік аумағына әкелуге тыйым салынған немесе шектелген тауарлар бар деп болжауға жеткілікті негіз бар болған кезде, сондай-ақ іріктеу немесе кездейсоқ негізде кедендік қарауды және кедендік тексеріп қарауды жүргізу кезінде кеден органы көрсетілген почта жөнелтілімдерін ұсынуды талап етуге құқылы.

3. Кеден органы почта байланыс операторынан әкетілетін халықаралық почта жөнелтілімдерін ұсынуды талап етуге, оларға қатысты іріктеу немесе кездейсоқ негізде кедендік қарауды және кедендік тексеріп қарауды жүргізуге құқылы.

4. Халықаралық почта алмасу орындарына (мекемелеріне) бүлінген түрде, салмағы сәйкес келмей, салымдары бұзылған немесе қажетті ілеспе құжаттарсыз түскен халықаралық почта жөнелтілімдері почта байланыс операторы ресімдеген актімен қоса кеден органына ұсынылады.

5. Халықаралық почта жөнелтілімдерін кедендік тексеріп қарау кезінде Мөлшерінде айырмашылықтар болған кезде және салынымдар сәйкес келмеген кезде почта байланыс операторы кеден органының лауазымды тұлғасымен бірлесіп кедендік тексеріп қарау актіне қол қояды.

6. Халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберілетін тауарларға кедендік қарау немесе кедендік тексеріп қарауды жүргізу кезінде кеден органы кедендік бақылаудың техникалық құралдарын пайдаланады.

316-бап. Халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберілетін тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды қолдану

1. Егер, халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберілетін тауарларға қатысты декларация беру талап етілмесе, нысаны мен толтыру тәртібі Кеден одағы Комиссиясының шешімімен айқындалатын кедендік кіріс ордерін пайдалана отырып, халықаралық почта алмасу орындарында (мекемелерінде) кедендік операцияларды жүзеге асырушы кеден органы тауарларға кедендік баждарды, салықтарды есептейді ж ә н е е с е п т е н ш ы ғ а р а д ы .

Дүниежүзілік почта одағының актілерімен көзделген кедендік мақсаттар үшін пайдаланылатын құжаттарда көрсетілген тауарлардың құны туралы мәліметтер негізінде кедендік баждардың, салықтардың сомасын есептен шығару жүргізіледі.

Халықаралық почта жөнелтілімдеріне қатысты кедендік баждардың, салықтардың жарияланған құн сомасы егер, ол кедендік мақсаттар үшін пайдаланылатын құжаттарда көрсетілген құннан асқан жағдайда осы жарияланған құн сомасы есептен шығарылады.

2. Почта байланыс операторы осы халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберілетін тауарларға қатысты кедендік төлемдерді төлеу шарттары кезінде халықаралық почта жөнелтілімдерін оларды алушыларға береді.

3. Халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберілетін тауарларға қатысты кедендік баждар, салықтар осы Кодекспен және Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің халықаралық шарттарымен белгіленген мөлшерде төлеуге жатады.

4. Халықаралық почта жөнелтілімдері жоғалған кезде оларды алушыға кеден органының рұқсатынсыз беруде көрсетілген почта жөнелтілімдерін жоғалтқан немесе берген кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттемелерді атқарады.

45-тарау

Тауарларды шетелдік тұлғалардың жекелеген санаттарының өткізу ерекшеліктері

317-бап. Осы тарауды пайдалану саласы

1. Осы тараудың ережелері кедендік шекара арқылы дипломатиялық өкілдіктер, консулдық мекемелер, өзге шетелдік мемлекеттердің ресми өкілдері, халықаралық ұйымдар, сондай-ақ халықаралық шарттарға сәйкес артықшылықтарды, басымдылықтарды және (немесе) иммунитеттерді пайдаланатын шетелдік тұлғалардың жекелеген санаттарының дербес пайдалануы үшін көзделген тауарларға қатысты қ о л д а н ы л а д ы .

2. Кеден одағы Комиссиясының Шешімімен тауарларды кедендік декларациялау ерекшеліктері, дипломатиялық өкілдіктер, консулдық мекемелер, өзге шетелдік мемлекеттердің ресми өкілдері, халықаралық ұйымдар, осындай өкілдіктердің, мекемелер мен ұйымдардың персоналдарының ресми және жеке пайдаланулары үшін өткізілетін тауарлардың жекелеген санаттарын тасымалдау нормалары, тауарларды кедендік декларациялау ерекшеліктері айқындалуы мүмкін.

318-бап. Шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктерімен тауарларды өткізу

Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің аумағында орналасқан шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктері кедендік баждарды, салықтарды төлеуден босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан дипломатиялық өкілдердің жеке пайдалануы үшін көзделген тауарларды Кеден одағының кедендік аумағына әкелуге және осы аумақтан тауарларды әкетуі мүмкін.

319-бап. Шетел мемлекеттерінің бас дипломатиялық өкілдері мен шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдері персоналдарының мүшелерінің тауарларды өткізуі

1. Шетел мемлекеттерінің бас дипломатиялық өкілдері мен шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдері персоналдарының мүшелерінің тауарларды өткізуі, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелері, егер олар келген мемлекеттерінде тұрақты тұрмайтын болса, келген мемлекетінің азаматы болып табылмаса, кедендік баждарды, салықтарды төлеуден босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан алғашқы керек-жарақ заттарымен қоса, жеке пайдалануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік аумағына әкелуге және осы аумақтық әкетуі мүмкін.

2. Шетел мемлекеттерінің бас дипломатиялық өкілдері мен шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдері персоналдарының мүшелерінің тауарларды өткізуі, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелері, егер олар келген мемлекеттерінде тұрақты тұрмайтын болса, келген мемлекетінің азаматы болып табылмаса, кедендік баждарды, салықтарды төлеуден босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан алғашқы керек-жарақ заттарымен қоса, жеке пайдалануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік аумағына әкелуге және осы аумақтық әкетуі мүмкін. Мұндай тауарларға кедендік тексеру көрсетілген тұлғалардың қатысуымен жүргізілуі тиіс.

320-бап. Шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдері әкімшілік-техникалық персоналдары мүшелері тауарларды өткізуі

Шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдері әкімшілік-техникалық персоналдары мүшелері, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелері, егер олар

келген мемлекеттерінде тұрақты тұрмайтын болса, келген мемлекетінің азаматы болып табылмаса, кедендік баждарды, салықтарды төлеуден босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан алғашқы керек-жарақ заттарымен қоса, жеке пайдалануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік аумағына әкелуге және осы аумақтық әкетуі мүмкін.

**321-бап. Шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдері
әкімшілік-техникалық және қызмет көрсету
персоналдары мүшелері кедендік**

жеңілдіктерді тарату

Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің халықаралық шарттары негізінде Шетел мемлекеттерінің дипломатиялық персоналдарға осы Кодекспен кедендік жеңілдіктер шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдері әкімшілік-техникалық және қызмет көрсету персоналдары мүшелері кедендік жеңілдіктерді таратуы, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелері, егер олар келген мемлекеттерінде тұрақты тұрмайтын болса, келген мемлекетінің азаматы болып табылмаса, кедендік баждарды, салықтарды төлеуден босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан алғашқы керек-жарақ заттарымен қоса, жеке пайдалануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік аумағына әкелуге және осы аумақтық әкетуі мүмкін.

**322-бап. Шетел мемлекеттерінің консулдық мекемелері
мен олардың жұмысшыларының тауарларды**

өткізуі

1. Шетел мемлекеттерінің консулдық мекемелері шетел мемлекеттерінің бас консулдық мекемелері қоса шетел мемлекеттерінің консулдық қызметкерлері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдері немесе шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдерінің тиісті персоналдары үшін осы Кодекспен көзделген ж е ң і л д і к т е р ұ с ы ы л а д ы .

2. Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің халықаралық шарттары негізінде шетел мемлекеттерінің консулдық мекемелерінің қызмет көрсету жұмысшылары әкімшілік-техникалық және қызмет көрсету персоналдары мүшелері кедендік жеңілдіктерді таратуы, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелері, егер олар келген мемлекеттерінде тұрақты тұрмайтын болса, келген мемлекетінің азаматы болып табылмаса, кедендік баждарды, салықтарды төлеуден босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан алғашқы керек-жарақ заттарымен қоса, жеке пайдалануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік аумағына әкелуге және осы аумақтық әкетуі мүмкін.

**323-бап. Кедендік шекара арқылы шетел мемлекеттерінің
дипломатиялық және консулдық почталарды өткізу**

1. Кедендік шекара арқылы өткізілетін шетел мемлекеттерінің дипломатиялық почта және консулдық вализдары не ашуға, не кідіртуге жатпайды.

Маңызды негіз болған кезде консулдық вализдарда құжаттар және (немесе) тауарлар болады, кеден органдары ресми пайдаланулар үшін көзделмеген тауарларды кеден органдарының лауазымды тұлғасының қатысуымен және шетел мемлекеті ұсынған уәкілетті тұлғаның қатысуымен ашуға құқылы.

2. Дипломатиялық почта және консулдық вализдардың барлық орындарында осы орындарды сипаттауды көрсететін көрінетін сыртқы белгісі болуға тиіс.

3. Дипломатиялық почтада ресми пайдалануға арнап көзделген тек дипломатиялық құжаттарды және тауарлар болады, ал консулдық вализа - тек ресми пайдалануға арнап көзделген дипломатиялық хат-хабарлар, құжаттарды және тауарлар болады.

324-бап. Шетелдік дипломатиялық және консулдық курьерлер үшін кедендік жеңілдіктер

1. Шетелдік дипломатиялық және консулдық курьерлер өздерінің жеке пайдалануына арналған тауарларды кедендік тексеруден, кедендік баждарды және салықтарды төлеуден босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан, әрбір жеке шетел мемлекетіне қатысты өзара принциптерін негізге ала отырып, кеден одағының кедендік аумағына әкеле алады және осы аумақтан әкете алады.

2. Шетелдік дипломатиялық және консулдық курьерлерге олардың мәртебесін және дипломатиялық почта мен консулдық сағдиянды құрайтын орындарының саны көрсетілген ресми курьерлік парағы берілуге тиіс. Курьерлік паракқа дипломатиялық почта мен консулдық сағдиянды жіберген мекеме қол қойып, мөр басады.

3. Дипломатиялық почта мен консулдық сағдиян осы дипломатиялық почта немесе консулдық сағдиянды тасымалдауға белгіленген және курьерлік ресми паракпен қамтамасыз етілген уақытша дипломатиялық немесе консулдық курьерге сеніп тапсырылуы мүмкін.

325-бап. Шетел мемлекеттері өкілдері мен делегация мүшелері үшін кедендік жеңілдіктер

Шетел мемлекеттерінің өкілдеріне, парламент және үкімет делегацияларының мүшелеріне, сондай-ақ халықаралық келіссөздер, халықаралық конференциялар мен кеңестерге қатысу үшін немесе басқа да ресми тапсырмалармен кеден одағына қатысушы мемлекетке келетін шетел мемлекеттері делегация мүшелеріне өзара сыйластық негізінде шетел мемлекеті өкілдігінің дипломатиялық жеке құрамының мүшелеріне осы Кодексте көзделген кедендік жеңілдіктер ұсынылады. Осындай жеңілдіктер көрсетілген адамдарға еріп жүрген отбасы мүшелеріне де беріледі.

326-бап. Кеден одағының кедендік аумағы арқылы транзитпен өтетін шетел мемлекеттері дипломатиялық жеке құрамы мүшелерінің,

консулдық лауазымды адамдарының, делегация өкілдері мен мүшелерінің тауарларды өткізуі

Шетел мемлекеті дипломатиялық өкілдігінің дипломатиялық жеке құрамы мүшелеріне және шетел мемлекеті консулдық мекемелерінің консулдық лауазымдық адамдарына, олардың отбасы мүшелеріне, кеден одағының кедендік аумағы арқылы өтетін адамдарға, осы Кодекстің 325-бабында көрсетілген адамдарға дипломатиялық өкілдіктің дипломатиялық жеке құрамы мүшелері үшін осы Кодексте көзделген кедендік жеңілдіктер ұсынылады.

327-бап. Халықаралық, мемлекетаралық және үкіметаралық ұйымдарға, олардың жанындағы шетел мемлекеттері өкілдіктеріне, сондай-ақ осы ұйымдар мен өкілдіктер жеке құрамы үшін арналған кедендік жеңілдіктер

Халықаралық мемлекетаралық және үкіметаралық ұйымдарға, олардың жанындағы шетел мемлекеттері өкілдіктеріне, сондай-ақ осы ұйымдар жеке құрамы мен өкілдіктері және олардың отбасы мүшелері үшін кедендік жеңілдіктер тиісті халықаралық шарттармен белгіленеді.

46-тарау

Зияткерлік меншік объектілері бар тауарларға қатысты кедендік операциялар жасаудың ерекшеліктері

328-бап. Кеден органдары қабылдайтын зияткерлік меншік объектілеріне құқықты қорғау бойынша шаралар

1. Кеден органдары құқық иеленушілерінің зияткерлік меншік объектілеріне құқығын өз құзыреті шегінде, осы тараумен белгіленген тәртіппен қорғау жөнінде шаралар қабылдайды.

2. Кеден органдары зияткерлік меншік объектілеріне құқықты қорғау жөніндегі шараларды кедендік шекара арқылы:

1) жеке тұлғалардың жеке пайдалануы үшін, оның ішінде олардың мекенжайына халықаралық почта жөнелтімдерімен жіберілетін;

2) кедендік транзиті кедендік рәсімдеріне сәйкес;

3) шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктері, консулдық мекемелер, басқа да арнайы өкілдіктер, халықаралық ұйымдармен, осы өкілдіктердің, мекемелер мен ұйымдар жеке құрамының ресми және жеке пайдалануы үшін өткізілетін тауарларға қ а т ы с т ы қ о л д а н б а й д ы .

3. Кеден органдары қабылдайтын зияткерлік меншік объектілеріне құқығын қорғау жөніндегі шаралар құқық иеленушінің кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасына сәйкес өз құқығын қорғаудың кез-келген амалын қолдануына кедергі

к е л т і р м е й д і .

4. Кеден органдары зияткерлік меншік объектілеріне құқығын қорғау жөнінде шаралар қабылдайды, онда кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасына сәйкес, сондай-ақ мұндай кедендік тізілімге енгізілмеген зияткерлік меншік объектілеріне қатысты кедендік тізілімді кеден одағына қатысушы мемлекеттің аталған кеден органы және кеден одағына қатысушы мемлекеттің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне енгізілген зияткерлік меншік объектілері жүргізеді.

329-бап. Кеден органдары зияткерлік меншік объектілеріне құқығын қорғау мерзімі

Зияткерлік жеке меншік объектілерін кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдары жүргізетін кедендік тізілімге және кеден одағына қатысушы мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілері кедендік тізіліміне енгізген кезде, құқық иеленушінің зияткерлік меншік объектілерінің құқығын қорғау мерзімін құқық иеленушінің өтінішінде көрсеткен мерзімін ескере отырып, бірақ осындай тізілімге енгізілген күннен бастап екі жылдан аспайтын мерзімге белгілейді.

Көрсетілген мерзімді құқық иеленушінің өтініші негізінде шектеусіз ұзартуға болады, бірақ осы тарауда көзделген талаптар сақталған жағдайда екі жылдан артық емес мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Құқық иеленушінің зияткерлік меншік объектілеріне құқығын қорғау мерзімі құқық иеленушінің тиісті зияткерлік меншік объектісіне құқығының қолданылу мерзімінен аспауы тиіс.

330-бап. Зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімі

1. Кеден органдары зияткерлік меншік объектілерін құқық иеленушінің өтініші негізінде кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамалармен белгіленген тәртіппен және шарттарда кеден одағына қатысушы мемлекеттерінің кеден органында жүргізілетін зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізеді.

2. Кеден органдары кеден одағына қатысушы мемлекеттер аумағында қорғауға жататын зияткерлік меншік объектілерін сол мемлекеттің заңнамасына сәйкес кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органында жүргізілетін зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізеді.

3. Зияткерлік меншік объектілерін кеден одағына қатысушы мемлекеттер зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне енгізу шарттары және оны енгізу тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шарттарымен айқындалады.

331-бап. Зияткерлік меншік объектілері бар тауарларды шығаруды тоқтата тұру

1. Егер кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органы жүргізетін кедендік тізілімге немесе кеден одағына қатысушы мемлекеттер зияткерлік меншік

объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне енгізілген зияткерлік меншік объектілері бар тауарларды кедендік рәсімдерге орналастырумен байланысты кедендік рәсімдерді жасаған кезде кеден органдары зияткерлік меншік құқығын бұзушылық белгілерін тапса, онда мұндай тауарларды шығаруды он жұмыс күніне дейінгі мерзімде тоқтата т ұ р а д ы .

Кеден органы құқық иеленушінің немесе оның мүддесін ұсынатын тұлғаның сұрау салуы бойынша көрсетілген мерзімді ұзартуы мүмкін, бірақ көрсетілген тұлға уәкілетті органға кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасына сәйкес құқық иеленушінің құқығын қорғау үшін жүгінсе, ол он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Тауарларды шығаруды тоқтата тұру туралы және тауарларды шығаруды тоқтата тұру мерзімін ұзарту туралы шешімді кеден органының басшысы немесе уәкілетті тұлға ж а з б а ш а түрде қабылдайды.

2. Кеден органы зияткерлік меншік объектілері бар тауарларды шығаруды тоқтата тұру туралы шешім қабылдағаннан кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей тоқтата тұру, себептері және тоқтата тұру мерзімі туралы декларантты және құқық иеленушіні немесе оның мүддесін білдіретін тұлғаны хабардар етеді, сондай-ақ декларантқа құқық иеленушінің немесе оның мүддесін білдіретін тұлғаның атын (аты-жөні, тегі) және орналасқан жерін (мекенжайын), құқық иеленушіге немесе оның мүддесін білдіретін тұлғаға декларанттың атын (аты-жөні, тегі) және орналасқан жерін (мекенжайын) х а б а р д а р е т е д і .

3. Зияткерлік меншік объектілері бар тауарларды шығару мерзімі өткеннен кейін ондай тауарларды шығару, егер кеден органына тауарларды алып қоюды, оларға арест салынғанын немесе оларды тәркілеуді растайтын құжаттарды, не кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарды ұсынған жағдайларды қоспағанда осы Кодекспен белгіленген тәртіппен жаңартылып, жүргізіледі.

4. Кеден органдары құқық иеленушінің өтінішінсіз кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасымен белгіленген тәртіпте кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органы жүргізетін кедендік тізілімге және кеден одағына қатысушы мемлекеттер зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне енгізілмеген зияткерлік меншік объектілері бар тауарларды шығаруды тоқтата тұруға қ ұ қ ы л ы .

5. Құқық иеленуші кеден одағына қатысушы мемлекеттер азаматтық заңнамасына сәйкес декларантқа, меншік иесіне, зияткерлік меншік объектілері бар тауарларды алушыға мүліктік зиян (шығын) келтіргені үшін, нәтижесінде құқық иеленуші құқығын бұзушылық айқындалмаса, осы тарауға сәйкес тауарларды шығару тоқтатылғаны үшін жауапкершілікте болады.

332-бап. Зияткерлік меншік объектілері бар тауарларды шығаруды тоқтата тұру туралы шешімнің күшін жою

1. Егер шығаруды тоқтата тұру туралы шешімнің қолданылу мерзімі ішінде:
 - 1) кеден органына осы шешімді жою туралы құқық иеленушіден немесе оның мүддесін білдіретін адамнан өтініш түссе;
 - 2) зияткерлік меншік объектісі әрбір кеден одағына қатысушы мемлекеттер зияткерлік меншік объектісінен және кеден одағына қатысушы мемлекеттер зияткерлік меншік объектілері бірыңғай кедендік тізілімінен алынып тасталса;
 - 3) өзге жағдайлар кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасымен белгіленген.
2. Шығаруды тоқтата тұру туралы шешімнің күшін жоюды кеден органының басшысы немесе уәкілетті адам жазбаша нысанда ресімдейді.
3. Шығаруды тоқтата тұру туралы шешім күшін жойғаннан кейін мұндай тауарларды шығару, егер өзгесі кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасымен көзделмесе, осы Кодекске сәйкес жаңартылып, жүргізіледі.

333-бап. Ақпараттар беру, сынамалар мен үлгілерді алу

1. Кеден органы шығаруды тоқтата тұру туралы шешім қабылданған тауарлар туралы ақпаратты декларантқа, құқық иеленушіге немесе оның мүддесін білдіретін адамға береді.
2. Осы бапқа сәйкес декларант, құқық иеленуші немесе оның мүддесін білдіретін адам алған ақпарат құпия болып табылады және кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, олар мұны жария етпеуге, үшінші тұлғаға, сондай-ақ мемлекеттік органдарға бермеуге тиіс.
3. Кеден органының жазбаша рұқсатымен құқық иеленуші немесе оның мүддесін білдіретін адам шығаруды тоқтата тұру туралы шешім қабылданған тауарлардың сынамалары мен үлгілерін кедендік бақылаумен алуға және зерттеулер жүргізуге, сондай-ақ ондай тауарларды қарап шығуға, суретке түсіруге немесе белгілеп қоюға құқылы.

47-тарау

Тауарларды құбыр көлігі және электр беру желілерімен өткізу

334-бап. Осы тарауды қолдану саласы

- Осы Кодекстің басқа ережелерімен айқындалмаған осы тарауда тауарларды кедендік шекара арқылы құбыр көлігі мен электр беру желілері бойынша өткізудің ерекшеліктері айқындалады.
- Осы Кодекспен реттелмейтін бөлігіндегі тауарларды кедендік шекара арқылы құбыр көлігі мен электр беру желілері бойынша өткізудің тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасымен және (немесе) халықаралық шарттармен айқындалады.

**335-бап. Құбыр көлігімен өткізілетін тауарларды әкелу,
әкету және кедендік декларациялаудың
ерекшеліктері**

1. Құбыр көлігімен өткізілетін тауарларды кеден одағының кедендік аумағына әкелуге және осы аумақтан әкетуге мәлімделген кедендік рәсімге сәйкес тауарларды шығарғаннан кейін жол беріледі.

2. Кедендік декларацияны ұсынған кезде кеден органы құбыр көлігімен өткізілетін тауарларды нақты көрсетуді талап етпейді.

3. Құбыр көлігімен өткізілетін тауарларды кеден одағының кедендік аумағына әкелу және осы аумақтан әкету кезінде тауарларды араластыруға, сондай-ақ тауарлар санын және тасымалдаудың технологиялық салдарынан болған тауарлардың жағдайын (сапасын) және кеден одағына қатысушы мемлекеттер қолданысындағы техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттарға сәйкес тауарлардың ерекше сипаттамаларын өзгертуге жол беріледі.

4. Құбыр көлігімен өткізілетін тауарларды кедендік декларациялаудың ерекшеліктері осы Кодекстің 194-бабына сәйкес айқындалады.

5. Құбыр көлігімен өткізілетін тауарлардың саны осы кодекстің 337-бабына сәйкес технологиялық қамтамасыз етілген орындарда орнатылған коммерциялық есеп құралдары көрсеткішінің, тиісті сыртқы сауда шарттары бойынша тауарларды нақты жеткізу туралы актілер, тапсыру-қабылдау актілері, тауарлардың сапа сертификаттары және кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамаларына сәйкес айқындалатын есепті кезеңде құбыр көлігімен өткізілетін тауарлардың өндірілген, жеткізілген және пайдаланылған көлемдерін белгілі орындарға бөлуді растайтын осыған ұқсас құжаттардың негізінде айқындалады.

Кеден одағының кеден аумағынан шығарылатын құбыр көлігімен өткізілетін тауарларды кедендік декларациялау кезінде осы Кодекстің 337-бабының 1-тармағына сәйкес осы тауарларды жіберетін мемлекет аумағында орналасқан коммерциялық есеп құралдарының немесе шектес мемлекет аумағындағы коммерциялық есеп құралдарының көрсеткіші пайдаланылады.

**336-бап. Электр беру желісі бойынша тауарларды әкелу,
әкету және кедендік декларациялаудың
ерекшеліктері**

1. Электр беру желісі бойынша (бұдан әрі осы тарауда - электр энергиясы) өткізілетін тауарларды кеден одағының кедендік аумағына әкелуге және осы аумақтан әкетуге кеден органына кедендік декларацияны ұсынғанға дейін жол беріледі. Декларациялау электр энергиясын ішкі қолдану мен экспорт үшін шығару кедендік рәсімдеріне орналастырудың кедендік декларациясын кейіннен ұсынумен, соған байланысты оны нақты жеткізудің келесі календарлық айдың жиырмамынан кешіктірмей жүзеге асырылады.

2. Кедендік декларацияны ұсынған кезде кеден органы электр беру желісі бойынша өткізілетін тауарларды нақты көрсетуді талап етпейді.

3. Электр энергиясының әкелінген және әкетілген нақты саны декларациялауға жатады. Электр энергиясының саны технологиялық қамтамасыз етілген орындарда орнатылған және электр энергиясының өткізілуін белгілейтін коммерциялық есеп құралдарының, көрсеткіштері, тиісті сыртқы сауда шарттары бойынша электр энергиясының нақты жеткізілуі туралы актілердің, қабылдау-тапсырудың және сальдо-переток электр энергиясы ретінде электр энергиясын нақты өткізуді растайтын өзге құжаттардың (жұмыстағы жоғары тоқ кернеуінің барлық кластарын электр беру мемлекетаралық желісі бойынша электр энергиясы перетоктарының алгебралық сомасы) негізінде әрбір календарлық ай үшін, егер электр энергиясының санын айқындаудың өзге тәртібі кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасымен белгіленбеген жағдайда айқындалады.

Сальдо-перетоктың есептелген мәні кеден одағына қатысушы мемлекеттер қолданысындағы техникалық регламенттерге және ұлттық стандарттарға сәйкес электр энергиясын өткізу кезінде желілерде жоғалған электр энергиясының шамасымен р е т т е л е д і .

4. Кеден одағының кедендік аумағынан әкетілген электр энергиясын кедендік декларациялау кезінде осы электр энергиясын жіберген мемлекет аумағында орналасқан есеп құралының, немесе осы Кодекстің 337-бабының 1-тармағына сәйкес шектес мемлекеттер аумағындағы есеп құралдарының көрсеткіші пайдаланылады.

5. Электр беру желісі бойынша өткізілетін тауарларды кедендік декларациялаудың ерекшеліктері осы Кодекстің 194-бабына сәйкес айқындалады.

337-бап. Құбыр көлігі мен электр беру желілері бойынша өткізетін тауарларды есепке алу

құралдарын орнату орындары

1. Құбыр көлігі мен электр беру желілері бойынша өткізетін тауарларды есепке алу құралдарын кеден одағының кедендік аумағында орналастырады.

Кедендік шекара арқылы құбыр көлігі мен электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды есепке алу құралдарының орны кеден органдары лауазымды тұлғаларының жұмысын және қол жеткізу тәртібін айқындайтын кеден одағына қатысушы мемлекет және шектес мемлекет халықаралық шарттары болған жағдайда, осы аумақтан тыс жерде болуы мүмкін.

2. Кеден шекарасынан өту кезіндегі құбыр көлігі мен электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды есепке алу құралдарының орны кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамасына сәйкес бекітіледі.

3. Рұқсатсыз қол жеткізу және құбыр көлігі мен электр беру желілері бойынша

өткізілетін тауарларды есепке алу құралдарының көрсеткішіндегі ақпараттарды өзгертуді болдырмау мақсатында, осындай құралдарды үйлестіретін кеден органдарының құралдары бар.

338-бап. Құбыр көлігі мен электр беру желілері бойынша өткізетін тауарларды үйлестіру

Құбыр көлігі мен электр беру желілері бойынша өткізетін тауарларды үйлестіру жүзеге асырылмайды, ол кеден органдарына кеден мақсатында есептеуіш және басқа да өлшеуіш құралдарындағы көрсеткіштері бар құжаттардағы мәліметтерді пайдалана отырып, тауарлардың санын, сапасын және басқа да сипаттамаларын белгілеуге қиындықтар туғызбайды.

339-бап. Құбыр көлігі мен электр беру желілері бойынша өткізетін тауарлар транзитін кедендік декларациялау

1. Кеден одағының кедендік аумағы бойынша және (немесе) коммерциялық есеп құралдарын орнататын жерде орналасқан екі бекет аралығындағы кеден одағына қатысушы болып табылмайтын мемлекет аумағы бойынша құбыр көлігімен өткізілетін шетел тауарларының кедендік транзиті халықаралық шарттарға және (немесе) кеден одағына қатысушы мемлекеттер заңнамаларына сәйкес қолданылады.

2. Энергия жүйесінің салыстырмалы жағдайында кеден одағының кедендік аумағы арқылы электр беру желілері бойынша өткізілетін электр энергиясы кедендік транзиттің кедендік рәсімдеріне жатпайды. Бұл ретте, әрбір келесі календарлық айдың жиыrmасынан кешіктірмей электр энергиясын нақты өткізу бойынша кеден органына есептесу кезеңіндегі электр энергиясы шартты құнының көлемі туралы және өзге де белгіленген мәліметтерді көрсете отырып, жазбаша өтініш ұсыну қажет.

3. Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде қолданылатын техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттарға сәйкес тасымалдаудың технологиялық ерекшеліктері салдарынан кеден одағының кедендік аумағы бойынша құбыр көлігімен өткізілетін транзиттік тауарлардың сипаттамалық ерекшеліктерін өзгертуге жол беріледі.

48-тарау

Тауарлардың, жолаушылардың және жүктердің халықаралық тасымалдауын жүзеге асыруда халықаралық тасымалдау көлік құралдарының өтуі

340-бап. Осы баптың қолдану саласы

1. Осы бөлім, көлік құралдарын қоспағанда, жеке пайдалануға арналған кеден одағының қатысушы-мемлекеттерінде тіркелген (бос көліктерді қосқанда), халықаралық тасымалдау көлік құралдарының (бос көліктерді қосқанда) кеден

аумағында немесе соның шегінен тыс халықаралық тасымалдауды аяқтауға және бастауға кеден одағының кедендік аумағына уақытша әкелу тәртібін реттейді.

2. Осы бөлімнің ережелері, сондай-ақ кеден аумағынан уақытша әкету және осындай аумаққа қайта әкелуге қатысты қолданылады:

балық аулау, барлау, минералды және басқа да теңіз түбінің жансыз ресурстары мен оның қойнаулары үшін қолданылатын су кемелерінде, лоцмандық және мұз ойғыш желісін, іздеу, құтқару және тіркеуге алу операцияларында, теңізде батып қалған мүлікті көтеруде, гидротехникалық, су асты-техникалық және басқа да осындай санитарлық, карантинді және басқа бақылау жұмыстарында, теңіз ортасын қорғау мен сақтауда, теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізуде, оқыту, спорттық және мәдени мақсаттарда, сонымен қатар теңізде жүру саудасына байланысты басқа мақсаттарда да қолданылады;

азаматтық және мемлекеттік әуе кемелерінде, эксперименттік авиациясында қолданылатын әуе кемелерінде (эксперименттік ұшуларды жүзеге асыратын), тауарлар мен жолаушыларды халықаралық тасымалдауда қолданылмайтындарда; кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес қалпына келтіру-жөндеу және басқа жұмыстар жүргізу үшін қолданылатын темір жол жылжымалы составта.

341-бап. Халықаралық тасымалдау көлік құралдарының өту тәртібі

1. Кеден шекарасынан өтетін халықаралық тасымалдау көлік құралдары осы Кодексте қарастырылған кеден операцияларын жүргізу үшін тауарлардың кеден шекарасы арқылы өту орындарында тұрақ пен аялдамаға жатады.

2. Кеден операцияларын жүргізу үшін қажетті уақытты алғанда, халықаралық тасымалдау көлік құралдары тұрағының ұзақтығы әуе, темір жол және автомобильді көлігі үшін үш сағаттан аспауы тиіс, ал су көлігі үшін келесі жағдайларды қоспағанда сегіз сағат:

1) кеден операцияларының басталуы мен аяқталуы кеден органдарына қатысы жоқ себептері бойынша жүзеге асырыла алмайды.

2) халықаралық тасымалдаудың осы көлік құралдарында таситын тауарлардың кедендік рәсімі үшін бөлме тауарлардың тура кеден шекарасы арқылы қозғалу орындарында іске асырылады;

3) халықаралық тасымалдаудың осы көлік құралдарында таситын тауарларға қатысты кеден транзитін қамтамасыз ету шаралары ретінде кедендік алып жүру қолданылады;

4) халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарын уақытша сақтау кеден шекарасы арқылы тауарлардың қозғалу орындарының аумағында орналасқан уақытша сақтау орындарында жүзеге асырылады;

3. Кеден шекарасы арқылы тауарлардың қозғалу орындарында олардың тұрақ орындарынан халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарын жіберу осы Кодекстің 23

және 24-бөлімдерінде қарастырылған тауарлар кеден одағының кедендік аумағына келгеннен кейін жүргізілетін кедендік операцияларды аяқтағаннан соң жүргізіледі;

4. Халықаралық тасымалдаудың көлік құралдары кедендік рәсімдерге орналастырмастан осы Кодекстің 350-бабына сәйкес кедендік беруге жатады.

5. Халықаралық тасымалдаудың көлік құралдары кеден шекарасы арқылы тарифтік емес және техникалық реттеу шараларын қолданудан тыс өтеді.

342-бап. Халықаралық тасымалдау көлік құралдарын уақытша әкелу

1. Халықаралық тасымалдау көлік құралдары кеден одағының кедендік аумағына кеден баждары мен салықтарын төлемей уақытша әкелу келесі шарттарды бір уақытта сақтағанда жол беріледі:

1) халықаралық тасымалдау көлік құралы шетелдік тұлғаның атына шетел мемлекетінің аумағында тіркелген болғанда;

2) жүктерді, жолаушыларды және (немесе) багажды халықаралық тасымалдаудың басталуы мен аяқталуына кеден одағының кедендік аумағына немесе оның шегіне тыс әкелінгенде және қатысушы-мемлекеттің тұлғасымен осыған уәкілетті шетелдік тұлға пайдаланған жағдайдан басқа, жағдайларда халықаралық тасымалдау көлік құралы кеден одағының кедендік аумағына әкелінсе және шетелдік тұлғамен пайдаланса;

2. Кеден одағының кедендік аумағына уақытша әкелінген халықаралық тасымалдау көлік құралдары шетелдік тауарлар мәртебесіне ие болады.

3. Халықаралық тасымалдау көлік құралдарын уақытша әкелу кеден транзитінің кедендік рәсімін қоспағанда, осы Кодекстің 343-бабымен қарастырылған мерзімдерде оларды кеден одағының кедендік аумағынан әкетумен немесе кедендік рәсімдерге орналастырумен аяқталады.

4. Уақытша әкелінген халықаралық тасымалдау көлік құралдарын кеден одағының кедендік аумағынан әкету кез келген кеден органы арқылы жүзеге асырылады.

343-бап. Халықаралық тасымалдау көлік құралдарын уақытша әкелу мерзімдері

1. Кеден одағының кедендік аумағына уақытша әкелінген халықаралық тасымалдау көлік құралдары бұл аумақтан тасымалдау операциясы аяқталғаннан кейін, оған байланысты осы Кодекстің 219-бабының ережелерінің есебімен саналатын мерзімдерде, егер басқасы халықаралық шарттармен белгіленбесе, кеден одағының кедендік аумағына осындай көлік құралдары әкелінген.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімдерде халықаралық тасымалдау көлік құралдарын әкету мүмкіндігі болмағанда мүдделі тұлғаның дәлелді сұрауы бойынша кеден органы халықаралық тасымалдау көлік құралдарын әкету мүмкіндігі жоқ себептерін жою үшін қажетті мерзімге халықаралық тасымалдау көлік құралын уақытша әкелу мерзімін ұзартады.

344-бап. Уақытша әкелінген халықаралық тасымалдау көлік құралдарымен жүргізілетін операциялар

1. Кеден одағының кедендік аумағына жүргенде немесе белгіленген аумақта болғанда қажет болған оларды жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету жөнінде уақытша әкелінген халықаралық тасымалдау көлік құралдарымен әдеттегі операцияларды жүргізуге жол беріледі.

2. Кеден одағының кедендік аумағында жол берілмейді: кеден одағының кедендік аумағында басталатын және аяқталатын жүктерді, багажды және (немесе) жолаушыларды тасу үшін уақытша әкелінген халықаралық тасымалдау көлік құралдарын пайдалану (бұдан әрі осы бөлімде қолдану мақсаты үшін - кеден одағының кедендік аумағы бойынша ішкі тасымалдау); халықаралық тасымалдау көлік құралын дереу әкету жолымен тасымалдау операциясын аяқтау мақсатында немесе оларды жөндеу, техникалық қызмет көрсету және сақтау үшін беруді қоспағанда, уақытша әкелінген халықаралық тасымалдау көлік құралдарын басқа тұлғаға беру, сонымен қатар жалға беру (қосалқы жалға беру).

Жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын халықаралық тасымал көлік құралдарын пайдалану ерекшеліктері, сонымен қатар кеден одағының кедендік аумағы бойынша ішкі тасымалдау үшін жүктердің және (немесе) багаждың тасымалын жүзеге асыратын жалпы пайдалану темір жол жылжымалы составының ерекшеліктері кеден одағының қатысушы-мемлекеттерінің халықаралық шартымен анықталады.

3. Уақытша әкелінген халықаралық тасымалдау көлік құралдарын пайдалану немесе осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген жағдайларда оларды басқа тұлғаларға беру осы көлік құралдарын кедендік рәсімдерге орналастырған жағдайда ж о л б е р і л е д і .

Уақытша әкелінген халықаралық тасымалдау көлік құралдарын кедендік рәсімдерге орналастырусыз белгіленген әрекеттер жасалған жағдайда тарифтік преференцияларын есептемегенде ішкі тұтыну және көлік құралына кедендік декларациясын тіркеу күнін есептегенде кеден баждарын, салықтарын төлеу жеңілдіктері үшін осындай халықаралық тасымалдау көлік құралдарын кедендік рәсімге орналастырғанда төлеуге жататын әкелу кедендік баждарына, салықтарына сәйкес сомалар көлемдерінде кедендік баждарын, салықтарын төлеуге жатады. Осымен қатар кедендік баждар мен салықтарын төлеу мерзімі болып, белгіленген әрекеттерді жасаудың бірінші күні, ал егер ол күн белгіленбесе, - кеден органының көлік құралына кедендік декларациясын тіркеу күні саналады.

345-бап. Халықаралық тасымалдау көлік құралдарын уақытша әкету

1. Халықаралық тасымалдау көлік құралын уақытша әкетуге, осы халықаралық тасымалдау көлік құралы кеден одағының тауары болып табылғанда және осы баптың 4-тармағында қарастырылған жағдайды қоспағанда, кеден одағының

қатысушы-мемлекет тұлғасы атында кеден одағының қатысушы-мемлекет аумағында
тіркелген жағдайда жол беріледі.

2. Кеден одағынан кедендік аумағынан уақытша әкететін, кеден одағының тауарлары болып табылатын халықаралық тасымалдау көлік құралдарын осы аумақтан іс жүзінде әкетуде кеден одағы тауарлары мәртебесін сақтайды, ал осы баптың 4-тармағында көрсетілген халықаралық тасымалдау көлік құралдары шетелдік тауарлар мәртебесін сақтайды.

3. Халықаралық тасымалдау көлік құралдары кеден одағының кедендік аумағынан әкету кедендік баждарын төлемей уақытша әкетіледі.

4. Уақытша әкелу (рұқсат беру) кедендік рәсіміне ертерек орналастырылған немесе осы Кодекстің 200-бабына сәйкес шартты түрде шығарылған тауарлар болып табылатын халықаралық тасымалдау көлік құралдарын уақытша әкетуге жол беріледі.

5. Қандай тұлғамен және қандай мақсаттарда ол кеден одағының кедендік аумағы шегінен тыс қолданылатынына қарамастан халықаралық тасымалдау көлік құралын уақытша әкетуге жол беріледі.

346-бап. Халықаралық тасымалдау көлік құралдарын уақытша әкету мерзімдері

Халықаралық тасымалдау көлік құралдарын уақытша әкету мерзіміне шек қойылмайды.

347-бап. Уақытша әкету халықаралық тасымалдау көліктерімен жүргізілетін операциялар

1. Уақытша әкету халықаралық тасымалдау көлік құралдарымен келесі операцияларды жүргізуге жол беріледі:

1) халықаралық тасымалдауда халықаралық тасымал көлік құралдарын пайдалану кезінде, оны әкету күніндегі жағдайда ұстау, оның сақталуын және пайдалануын қамтамасыз ету үшін қажетті техникалық қызмет көрсету және (немесе) ағымдағы жөндеу жұмыстары жөніндегі операцияларды;

2) өтеусіз жөндеу жұмыстары жөніндегі операцияларда;

3) кеден одағының кедендік аумағы шегінен тыс жерде орын алған апаттың немесе еңсерусіз күш әрекеті салдарынан бұзылған халықаралық тасымал көлік құралын қалпына келтіру үшін жүзеге асырылатын күрделі жөндеу жұмыстарын қосқанда жөндеу жұмыстары жөніндегі операциялар.

2. Уақытша әкеткен халықаралық тасымалдау көлік құралдарына қатысты осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген жөндеу жөніндегі және (немесе) басқа да операциялар кедендік аумақтан тыс осы көлік құралдарын қайта өңдеуге кедендік рәсіміне орналастырған жағдайда жол беріледі.

Уақытша әкету халықаралық тасымалдау көлік құралдарын кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу кедендік рәсіміне орналастырмай, көрсетілген операцияларды жүргізген

жағдайда, осындай халықаралық тасымалдау көлік құралдарын әкелгенде осы Кодекстің 262-бабына сәйкес кедендік баждар мен салықтарды төлеуге жатады.

348-бап. Уақытша әкетілген халықаралық тасымалдау көлік құралдарын әкелу

1. Халықаралық тасымалдау көлік құралдарын уақытша әкету, оларды кеден одағының кедендік аумағына әкелумен немесе кеден одағының тауарлары болып табылатын халықаралық тасымалдау көлік құралдарын экспорттың кедендік рәсіміне орналастырумен немесе кедендік аумақтан тыс қайта өңдеумен, ал осы Кодекстің 345-бабының 4-тармағында көрсетілген халықаралық тасымалдау көлік құралдары реэкспорттың кедендік рәсіміне орналастырумен аяқталады.

Уақытша әкету халықаралық тасымалдау көлік құралына меншік иесін шетелдік тұлғаға берген жағдайда, осындай халықаралық тасымалдау көлік құралын әкеткен тұлға кеден одағының тауары болып табылатын халықаралық тасымалдау көлік құралын экспорттың кедендік рәсіміне, ал осы баптың 4-тармағында көрсетілген халықаралық тасымалдау көлік құралын әкету халықаралық тасымалдау көлік құралын меншік құқығына беру күнінен бастап 30 күннің ішінде реэкспорттың кедендік рәсіміне орналастыруға міндетті.

Осындай тауарларды, оларды кеден органдарына іс жүзінде ұсынусыз кедендік декларациялауға жол беріледі.

2. Халықаралық тасымалдау көлік құралдарын уақытша әкету, оларды кеден органының кедендік аумағына әкелумен аяқталғанда, осындай халықаралық тасымалдау көлік құралдары кедендік баждар мен салықтарды төлеусіз кеден одағының кедендік аумағына әкелінеді.

3. Уақытша әкетілген халықаралық тасымалдау көлік құралдарын кеден одағының кедендік аумағына әкелу кез келген кеден органы арқылы жүзеге асырылады.

349-бап. Жабдықтау мен қосалқы бөлшектерді уақытша әкелу және әкету

1. Халықаралық тасымалдау көлік құралымен уақытша әкелінетін жүктерді тиеуге, түсіруге, өңдеуге немесе жолаушыларға қызмет көрсету және (немесе) осы халықаралық тасымалдау көлік құралымен қозғалатын багажға арналған арнайы жабдықтау халықаралық тасымалдау көлік құралынан бөлек қолданыла алатын алмайтынына қарамастан кеден одағының кедендік аумағына кедендік баждарды, салықтарды төлемей және тарифті емес және техникалық реттеу шараларын қолданусыз әкелінеді.

2. Халықаралық тасымалдау көлік құралдарына арналған қосалқы бөлшектер мен жабдықтау кеден одағының кедендік аумағына кедендік баждар мен салықтарды төлемей, тарифсіз және техникалық реттеу шараларын қолданбай әкеледі.

3. Уақытша әкету халықаралық тасымалдау көлік құралына қоса салынған бөлшектер мен жабдықтауды ауыстыру мақсатында әкету халықаралық тасымалдау

көлік құралын жөндегенде немесе техникалық қызмет көрсетуге пайдалануға арналған қосалқы бөлшектер, оларды кеден одағының кедендік аумағынан әкеткенде кеден одағының кедендік аумағынан әкету кедендік баждарын төлемей және тарифтік емес және техникалық реттеу шараларын қолданбай әкетіледі.

Кеден одағының кедендік аумағына ауыстырылған бөлшектер мен жабдықтауды әкелу реимпорт кедендік рәсіміне қатысты кедендік баждар мен салықтарды төлемей ж о л б е р і л е д і .

4. Кеден одағының қатысушы-мемлекеттерінің халықаралық шартымен және (немесе) кеден одағының қатысушы-мемлекеттер заңнамасымен кеден одағының кедендік аумағына әкелудің басқа ерекшеліктері немесе осындай аумақтан халықаралық тасымалдау көлік құралынан, оны пайдалану үрдісінде ауыстыру мақсатымен алынған қосалқы бөлшектер мен жабдықтауды әкету ерекшеліктерінің анықталуы мүмкін.

350-бап. Халықаралық тасымалдау көлік құралдардың, қосалқы бөлшектердің және жабдықтаудың кедендік декларациялары

1. Халықаралық тасымалдау көлік құралдарын кедендік декларациялау халықаралық тасымалдау көлік құралдарын кеден одағының кедендік аумағына уақытша әкелуде және осындай уақытша әкелінген көлік құралдарын осындай аумақтан уақытша әкету, сонымен қатар кеден одағының кедендік аумағынан халықаралық тасымалдау көлік құралдарын уақытша әкетуде және осындай аумаққа халықаралық тасымалдау көлік құралдарын уақытша әкеткендерді тасымалдаушымен кеден органына көлік құралына кедендік декларациясын тапсыру арқылы іске а с ы р ы л а д ы .

2. Көлік құралына кедендік декларация ретінде көлік саласында халықаралық шарттармен қарастырылған тасымалдаушының стандартты құжаттары қолданылады, кеден одағының қатысушы-мемлекеттері, егер олардың өзінде халықаралық тасымалдау көлік құралы оның маршруты, жүгі, экипажы және жолаушылары туралы мәліметтері болса, халықаралық тасымалдау көлік құралын әкелу (әкету) мақсаты туралы мәліметі болса, және (немесе) көлік түріне байланысты осы Кодекстің 159-бабында көрсетілген халықаралық тасымалдау көлік құралдарын жөндеу және пайдалану үшін ауыстырылатын олардың қатысушылары.

Егер, тасымалдаушы ұсынған стандартты құжаттарда барлық қажетті мәліметтер болмаса, халықаралық тасымалдау көлік құралдарын кедендік декларациялау көлік құралына бекітілген түрдегі кедендік декларациясын тапсыру арқылы жүзеге асырылады. Онымен қатар тасымалдаушының ұсынған стандартты құжаттары көлік құралына кедендік декларациясының ажырамас бөлігі ретінде қаралады.

Кеден одағының кедендік аумағынан уақытша әкелу халықаралық тасымалдау көлік құралдарын әкетуде және кеден органына уақытша әкеткен халықаралық тасымалдау

көлік құралдарын осындай аумаққа көлік құралдарына кедендік декларация ретінде әкелгенде тиісінше, уақытша әкелу және әкету халықаралық тасымалдау көлік құралдарын кедендік декларациялағанда ұсынылған көлік құралы кедендік декларациясын қолдануға рұқсат етіледі.

Халықаралық тасымалдау көлік құралдарын кедендік декларациялағанда басқа мәліметтерді талап етуге кедендік органның құқы жоқ.

3. Егер қосалқы бөлшектер мен жабдықтау осы Кодекстің 349-бабына сәйкес халықаралық тасымалдау көлік құралымен кеден шекарасы арқылы бір уақытта қозғалса, көлік құралына кеден декларациясында ол туралы мәлімдеуге рұқсат етіледі.

4. Көлік құралына тапсырылған кедендік декларациясы кеден органымен тіркеледі.

5. Көлік құралы кедендік декларациясын тексеру нәтижелері бойынша кеден органы халықаралық тасымалдау көлік құралын уақытша әкелуді немесе уақытша әкетуді немесе Кеден одағы комиссиясының шешімімен анықталатын форма және тәртіп бойынша көлік құралы кедендік декларациясына белгілер қою арқылы халықаралық тасымалдау көлік құралдарын уақытша әкелудің немесе әкетудің аяқталуын рәсімдейді.

6. Пайдаланған және қайта әкетілмеген қосалқы бөлшектер мен жабдықтау осы Кодексте белгіленген талаптар мен шарттарды сақтаумен кедендік рәсімдерге орналастыруға жатады.

49-тарау

Жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізу ерекшеліктері

351-бап. Осы бапта қолданылатын терминдер

Осы бапта келесі терминдер және олардың анықтамалары қолданылады:

1) Алып жүрмейтін жүк - жеке тұлғаның кеден одағы аумағына келуіне немесе оның кеден одағының кедендік аумағынан кетуіне байланысты кеден шекарасы арқылы өту үшін халықаралық тасымалдау (көлік экспедициясының) шарты бойынша тасымалдаушыға беріп жіберген немесе беріп жіберілетін жеке тұлғаның жеке пайдалануына арналған тауарлар;

2) Алып жүру жүгі - кедендік шекарасын өтіп жатқан, тура жеке тұлғамен жүретін қол жүгін қосқанда жеке пайдалануға арналған тауарлар;

3) тасымалдаушы әкелетін жеке пайдалануға арналған тауарлар - кеден шекарасынан өтпеген жеке тұлғаның атына немесе жеке тұлғаның атынан іс жүзінде кеден шекарасы арқылы өту мақсаты үшін халықаралық тасымалдау шарты бойынша (жүккұжат, коносамент және басқа да құжаттар бойынша) тасымалдаушыға тапсырылған немесе тапсырылатын жеке пайдалануға арналған тауарлар;

4) жеке пайдалануға арналған көлік құралы - авто-, мото құралы, тіркеу, қосылған қосалқы бөлшектері бар және өзінің құралдары мен жабдықтауы бар, оның бағында жанар-жағар майы мен материалдары бар, осы көлік құралдарын тұлғаларды ақысы

үшін тасымалдау, ақы үшін немесе тегін өнеркәсіптік немесе коммерциялық тасымалдау үшін емес, тек өзінің жеке мақсатында кеден шекарасы арқылы өткізетін жеке тұлғаның жеке меншігіндегі су немесе әуе кемесі.

352-бап. Жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізу туралы жалпы ережелер

1. Жеке пайдалануға арналған тауарлар осы бөлімнің ережелеріне сәйкес кеден шекарасы арқылы, ал осы бөліммен реттелмеген бөлігінде кеден одағының кедендік заңнамамен белгіленген тәртіпке сәйкес өтеді.

2. Кеден шекарасы арқылы өтетін жеке пайдалануға арналған тауарларға тарифті емес және реттеу шаралары қолданбайды.

3. Жеке пайдалануға арналған тауарларға кеден шекарасы арқылы өтетін тауарларды жатқызу өлшемдері, кеден төлемдерінен босатылған жеке пайдалануға арналған бағалық, сандық және салмақтық өту нормалары, жеке пайдалануға арналған жеке өлшем тауарларының кедендік төлемдерінен босату жағдайлары, сонымен қатар кедендік баждар мен салықтарды қолдану тәртібі кеден одағының қатысушы-мемлекеттерінің халықаралық шартымен белгіленеді.

353-бап. Жеке пайдалануға арналған тауарлардың өту әдістері

Жеке пайдалануға арналған тауарлар кеден шекарасы арқылы алып жүру немесе алып жүрмейтін жүк тасымалдаушы жеткізетін тауарлар ретінде, сондай-ақ осы Кодекстің 44-бөліміне сәйкес халықаралық почта жөнелтімдерінде жүре алады.

354-бап. Жеке пайдалануға арналған тауарларға қатысты жүргізілетін кедендік операциялар

1. Кеден шекарасы арқылы өтетін жеке пайдалануға арналған тауарларға қатысты кедендік операциялары осы Кодекспен және (немесе) кеден одағының қатысушы-мемлекеттерінің халықаралық шартымен анықталатын тәртіпте жасалады.

2. Жеке пайдалануға арналған тауарларға қатысты кедендік операциялар кеден одағының кедендік аумағына келу орындарында өту әдістеріне байланысты және осы аумақтан немесе кеден одағының аумағында тұрақты (немесе) уақытша тұратын, осындай тауарлардың декларанты ретінде сөз сөйлеуге құқылы жеке тұлға қатысушы-мемлекетінің кеден органынан кету арқылы жүргізіледі.

3. Жеке тұлғалармен жеке пайдалануға арналған тауарлар өткенде, кеден одағының кеден заңнамасын сақтау үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, осындай көлік құралдарын тастамай, кеден органдары бұл тұлғаларға кеден операцияларын жүргізуге мүмкіндік береді.

4. Кеден шекарасы арқылы өту кезінде жеке пайдалануға арналған тауарлар осы Кодекстің 355-бабына сәйкес кедендік декларациялауға және осы Кодекспен қарастырылған кедендік рәсімдерге орналастырусыз жеке пайдалану үшін және шығаруға жатады. Жеке пайдалануға арналған тауарларды шығаруға байланысты

кедендік операцияларды жүргізу тәртібі кеден одағының кедендік заңнамасымен анықталады.

Жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізетін тұлғаның қалауы бойынша, осындай тауарларға қатысты, оларды уақытша сақтауға орналастырумен, осы Кодекске сәйкес кедендік рәсімдерге орналастыруға, сонымен қатар, келген орындарынан кетіп қалса, кеден одағының кедендік аумағынан әкетуге байланысты кеден операцияларының жасалуы мүмкін.

Осы тармақтың бірінші және екінші абзацтарында көрсетілген кедендік операцияларын жүргізбеген жағдайда осы Кодекстің 21-бабына сәйкес тауарлар ұстауға жатады.

5. Кеден шекарасы арқылы өтетін жеке пайдалануға арналған тауарларға қатысты кедендік бақылау осы Кодекске және (немесе) кеден одағының қатысушы-мемлекеттерінің халықаралық шартына сәйкес жүргізіледі.

355-бап. Жеке пайдалануға арналған тауарларды кедендік декларациялау

1. Жеке пайдалануға арналған тауарларды кедендік декларациялауды жеке тұлғалар олар кедендік шекарадан өтуі барысында кеден органына тауарларды көрсетумен бір мезгілде жүзеге асырады.

2. Жазбаша түрде кедендік декларациялауға жататын тауарлар:

1) иесімен бірге жөнелтілмейтін багажда немесе тасымалдаушымен жеке тұлғаның мекенжайына жеткізілетін жеке қолдануға арналған тауарлар;

2) кез келген әдіспен өткізілетін жеке қолдануға арналған тауарлар, оларға қатысты тыйым немесе шектеулер қолданылатын болса, тарифтік емес және техникалық реттеу шараларынан басқа;

3) кез келген әдіспен әкелінетін жеке қолдануға арналған тауарлар, соның ішінде Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шартымен бекітілген кедендік төлемдерден босатылу мен құны және (немесе) саны осындай тауарлардың өткізу мөлшерінен асатын уақытша әкелінетін тауарлар;

4) кез келген әдіспен әкелінетін жеке қолдануға арналған көлік құралдары, кеден одағының кедендік аумағынан уақытша шығарылатын және сондай аумаққа қайта енгізілетін Кеден одағына қатысушы мемлекеттер аумақтарында тіркелген жеке қолдануға арналған көлік құралдарынан басқалары;

5) кеден одағының қатысушы-мемлекеттерінің халықаралық шартымен және (немесе) кеден заңнамасымен бекітілген жағдайларда, Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің валютасы, бағалы қағаздар және (немесе) валюталық құндылықтар;

6) мәдени құндылықтар;

7) иесімен бірге жөнелтілмейтін багажда әкелінетін жеке қолдануға арналған тауарлар, егер оларды өткізетін жеке тұлғаның өзімен бірге жөнелтілмейтін жүгі болса;

8) кеден одағының кеден заңнамасымен бекітілген басқа тауарлар.

3. Жеке қолдануға арналған тауарлардың кедендік декларациялауы жазбаша түрде жолаушының кедендік декларациясын қолданумен жүргізіледі.

Жолаушының кедендік декларациясының нысаны, оның толтыру тәртібі, тапсырылуы және тіркелуі кеден одағының Комиссия шешімімен айқындалады.

4. Жеке тұлға жазбаша түрдегі кедендік декларациялауға жатпайтын жеке қолдануға арналған тауарлардың кедендік декларациялауын өз еркімен жолаушының кедендік декларациясын қолданумен өткізуге құқылы.

5. Он алты жасқа толмаған жеке тұлғаның жеке қолдануына арналған тауарлардың кедендік декларациялауы оны ертіп жүретін тұлғамен жүргізіледі (ата-анасының біреуі, асырап алушысы, қамқоршысы немесе тәрбиешісі, басқа да оны ертіп жүрген тұлғамен немесе ертіп жүруші тұлғаның болмаған жағдайында, тасымалдаушының өкілі, ал кәмелетке толмаған тұлғалар тобының ата-аналарысыз, асырап алушыларысыз, қамқоршы немесе тәрбиешілерісіз ұйымдастырылған шығу/кіру жағдайында, топ жетекшісімен немесе тасымалдаушының өкілімен).

6. Кедендік шекарадан өлген адамның мәйіті (сүйектері) салынған табыттарды және өртелген өлік сүйегінің күлі салынған сауыттарды өткізгенде, кедендік декларациялау өлген адамның мәйіті (сүйектері) салынған табыттарды және өртелген өлік сүйегінің күлі салынған сауыттарды алып жүрген тұлғамен осы тармақтың екінші және үшінші бөлімдерінде көрсетілген құжаттарды тапсырумен, еркін түрде өтініш беру жолымен і с к е а с ы р ы л а д ы .

Кеден одағының кедендік аумағынан өлген адамның мәйіті (сүйектері) салынған табыттарды және өртелген өлік сүйегінің күлі салынған сауыттарды шығару үшін к е л е с і қ ұ ж а т т а р т а п с ы р ы л а д ы :

1) Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде азаматтық жағдайды тіркеу актілері үшін бекітілген тәртібімен азаматтық жағдай актілерін жазу бөлімдерімен берілетін өлу туралы куәлік, немесе өлу туралы медициналық куәлік, немесе көрсетілген құжаттардың нотариалды түрде расталған көшірмелері;

2) жергілікті мемлекеттік санитарлық бақылау органдарының қайта жерлеу жағдайында эксгумация жасау мүмкіндігі жөніндегі еркін түрдегі қорытындысы;

3) мырыш табыттарын дәнекерлеу бойынша жерлеу рәсімі қызметтерін жүргізген арнайы ұйымның табытта басқа салымдардың жоқтығы көрсетілген, өлген адамның мәйітімен қоса жіберілген жағдайда өлген адамның заттары мен құндылықтарының тізімін қоса беруімен, еркін түрде жазылған акті (анықтамасы).

Кеден одағының кедендік аумағына өлген адамның мәйіті (сүйектері) салынған табыттарды және өртелген өлік сүйегінің күлі салынған сауыттарды әкелгенде келесі қ ұ ж а т т а р т а п с ы р ы л а д ы :

1) жіберуші елдің өкілетті мекемесімен берілген өлу туралы куәлік, немесе өлу туралы медициналық куәлік, немесе осы құжаттардың көшірмелері;

2) мырыш табыттарын дәнекерлеу бойынша жерлеу рәсімі қызметтерін жүргізген

ұйымның табытта басқа салымдардың жоқтығы көрсетілген, өлген адамның мәйітімен қоса жіберілген жағдайда өлген адамның заттары мен құндылықтарының тізімін қоса беруімен, еркін түрде жазылған акті (анықтамасы).

356-бап. Жеке пайдалануға арналған тауарларды кедендік декларациялау барысында құжаттарды тапсыру

1. Жолаушының кедендік декларациясын беру кеден органына онда берілген мәліметтерді растайтын құжаттарды тапсыруымен қатар жүргізілуге тиіс.

М ұ н д а й қ ұ ж а т т а р ғ а :

1) жеке басты куәландыратын құжаттар (оның ішінде кәмелет жасқа толмаған т ұ л ғ а н ы ң д а) ;

2) кәмелет жасқа толмаған тұлғаны асырап алуды, қамқорлық жасауды, тәрбиеге алынғанды растайтын құжаттар;

3) жеке қолдану үшін декларацияланатын тауарлардың бағасын растайтын құжаттар

4) көлік (тасымал) құжаттары;

5) кедендік төлемдерге берілетін жеңілдіктерге құқығын растайтын құжаттар, соның ішінде жеке тұлғамен жеке қолдануға арналған тауарлардың уақытша әкелінуін (шығарылуын) растайтын құжаттар, сонымен қатар жеке тұлғаны босқын, амалсыз қоныс аударушы екенін немесе кеден одағының қатысушы-мемлекеттерінің заңнамасымен бекітілген тәртіппен тұрақты мекен жайға қоныс аударушы екенін
р а с т а й т ы н к ұ ж а т т а р :

б) тарифтік емес және техникалық реттеу шараларынан басқа тыйымдар мен шектеулердің сақталуын растайтын құжаттар;

7) жеке қолдануға арналған көлік құралын сәйкестендіруге мүмкіндік беруші
м ә л і м е т т е р б а р к ү ж а т т а р ;

8) жеке қолдануға арналған көлік құралына ие болу, қолдану және (немесе) иелік ету құқығын растайтын құжаттар;

9) кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес тапсыруы көзделген басқа да құжаттар мен мәліметтер жатады.

2. Иесімен бірге жөнелтілмейтін багада тасымалданатын жеке қолдануға арналған тауарлардың кедендік декларациялауында осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша, жеке тұлғаға оның кедендік шекарадан өту барысында берілген кеден органымен рәсімделген жолаушының кедендік декларациясының данасы беріледі

Осындай жолаушының кедендік декларациясын жоғалу немесе басқа себептерден бермеген жағдайда, иесімен бірге жөнелтілмейтін багада әкелінген жеке қолдануға арналған тауарлар, жеке тұлға керісін дәлелдей алмаса, кедендік төлемдерден босатылатын тауарлардың құндылық, сандық, салмақтық мөлшерлерінен асырып әкелінген тауарлар ретінде қарастырылады.

**357-бап. Жеке пайдалануға арналған тауарларды
кедендік декларациялау барысында қос дәліз**

жүйесін қолдану

1. Кеден одағының кедендік аумағына келу немесе осы аумақтан кету орындарында жеке қолдануға арналған тауарларды декларациялау үшін қос дәліз жүйесі қолданылуы м ү м к і н .

2. Қос дәліз жүйесінің қолданылуы кедендік шекарадан өтіп бара жатқан жеке тұлғаға өз бетімен жеке қолдануға арналған тауарларды жазбаша түрде кедендік декларациялауға және кедендік операцияларды жүргізу үшін тиісті дәлізді («жасыл» немесе «қызыл») таңдауды көздейді.

3. Кеден одағының кедендік аумағына келу немесе осы аумақтан кету орындарында қос дәліз жүйесін орналастыруға қолданылатын талаптар кеден одағының Комиссия шешімімен айқындалады.

**358-бап. Жеке пайдалануға арналған тауарларды уақытша
әкелу**

1. Шетелдік жеке тұлғалар Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің халықаралық шартымен айқындалған тізімі бойынша өздерінің осы аумақта болу мерзіміне кедендік төлемдерден босатылумен жеке қолдануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік аумағына уақытша әкелуге құқылы, көлік құралдарынан басқа .

Егер әкелінетін жеке қолдануға арналған тауарлар жазбаша түрде кедендік декларациялауға жатса, мұндай тауарлардың уақытша әкеліну мерзімі кеден органымен шетелдік жеке тұлғаның өтінішіне сүйене, оның кеден одағының кедендік аумағында болу уақытын ескере бекітіледі.

2. Шетелдік жеке тұлғалар кеден одағының кедендік аумағына жеке қолданыс үшін өздерінің уақытша болу мерзіміне шетел мемлекеттер аумағында тіркелген көлік құралдарын кедендік төлемдерден босатылумен уақытша әкелуге құқылы, бірақ бір жылдан астам емес .

Шетелдік жеке тұлғаның уәжделенген өтініші бойынша жеке қолданыс үшін көлік құралдарын уақытша әкелудің мерзімі, кеден органдарымен осындай көлік құралдарын уақытша әкелу күнінен бастап бір жыл шегінде ұзартылуы мүмкін.

3. Кеден одағының кедендік аумағында жеке қолданыс үшін уақытша әкелінген тауарлармен пайдалану және (немесе) иелік ету құқығын басқа тұлғаға беру кедендік декларациялау және кеден одағының кеден заңнамасымен белгіленген тәртіппен кедендік төлемдерді төлеген жағдайда болады.

4. Кеден одағының кедендік аумағынан жеке қолданыс үшін уақытша әкелінген тауарлар қайта кез келген кеден органы арқылы шығарыла алады.

5. Жеке қолданыс үшін уақытша әкелінген тауарлар белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін қайта әкетпеу себебінен кеден одағының кедендік аумағында

қалған жағдайда, мұндай тауарларға қатысты кеден одағының кеден заңнамасымен белгіленген тәртіппен кедендік баж бен салықтар төлетіледі.

6. Жол апаты немесе жеңілмейтін күш әрекетінің салдарынан жеке қолданыс үшін уақытша әкелінген тауарлар қайтарылмайтын шығынға ұшыраған жағдайда, кеден органдары жол апаты немесе жеңілмейтін күш әрекетінің болу фактіні мойындаса, мұндай тауарлардың шетке қайта шығаруын жүргізбеуге болады.

359-бап. Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларды уақытша әкетуі

1. Кеден одағына қатысушы-мемлекеттің жеке тұлғалары кеден одағының кедендік аумағынан жеке пайдалануға арналған тауарларды шетел мемлекетінің аумағында өзінің уақытша болу мерзімінде уақытша әкетуге және кедендік баждар мен салықтарды төлеуден босатыла отырып, кері әкелуге құқылы.

2. Жеке тұлғаның өтініші бойынша, егер бұндай сәйкестендіру әкелімдік кедендік баждар мен салықтардан босатылуымен кері әкелінуге алып келсе, кеден органы жеке пайдалануға арналған уақытша әкетілген тауарлардың сәйкестендіруді жүргізеді. Тауарларды сәйкестендіру туралы жолаушының кедендік декларацияда көрсетіледі, бір данасы тауарды әкетуші жеке тұлғаға ұсынылады.

Бұндай сәйкестендірудің болмауы, кеден одағының кедендік заңнамасымен белгіленген тәртіппен кеден одағының кедендік аумағынан уақытша әкетуден кейін тауарлар кері әкелінетіні кеден органына расталған жағдайда, әкелімдік кедендік баждар, салықтардан босатылуымен жеке пайдалануға арналған тауарлардың жеке тұлғалармен кері әкелінуіне кедергі келтірмейді.

3. Жеке пайдалануға арналған уақытша әкетілген көлік құралдарына кеден одағының кедендік аумағынан тыс жерлерде болғанда қажет етілетін техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу бойынша операцияларды жасауға болады.

4. Тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарда есепке (тіркеуге) жататын, көлік құралдарының бөлшектерін ауыстырумен байланысты, жеке пайдалануға арналған уақытша әкетілген көлік құралдарын жөндегенде, ауыстырылған бөлшегі кеден одағына қатысушы-мемлекеттің азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған шарттың жағдайларына сай кепілдік жөндеу немесе қызмет көрсетуді жүзеге асыру жағдайларын, апат немесе ырық бермес күштің әрекеті салдарынан болған зақымнан кейін жеке пайдалануға арналған көлік құралын қалпына келтіруге қажетті жөндеуді жүзеге асыруды қоспағанда, кедендік декларациялауға жатады.

360-бап. Жеке пайдалануға арналған тауарларға қатысты кедендік төлемдер мен салықтардың төленуі

1. Кедендік баждар, салықтар жеке тұлғалармен жеке пайдалануға арналған тауарларды кедендік декларациялау кезінде кедендік кіріс ордері негізінде жазбаша нысанда төленеді, оның нысаны мен толтыру тәртібі кеден одағы Комиссиясының ш е ш і м і м е н а н ы қ т а л а д ы .

Кедендік кіріс ордерінің бір данасы кедендік баждар, салықтар төлеген тұлғаға тапсырылады.

Кедендік кіріс ордерінің толтырылуын және кеден шекарасы арқылы өтетін жеке пайдалануға арналған тауарларға қатысты кедендік баждар, салықтар есептелуін кеден органының лауазымды тұлғасы жүзеге асырады.

2. Кеден шекарасынан өтетін, жеке пайдалануға арналған тауарларға қатысты кедендік баждар, салықтар жеке тұлғалар арқылы кедендік баждардың бірыңғай ставкасы немесе осы Кодекстің 77-бабына сәйкес қолданылатын кедендік баждар, салықтар ставкасы бойынша есептелген кедендік баждар, салықтар сомасына тең, жиынтық кедендік төлем түрінде төленеді.

3. Кедендік баждар, салықтардың бірыңғай ставкасы кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің халықаралық шарттарымен анықталады.

4. Кедендік баждар, салықтар, жиынтық кедендік төлемдердің бірыңғай ставкасын қолдану тәртібі, жеке пайдалануға арналған тауарларға қатысты кедендік баждар, салықтарды төлеу бойынша міндеттердің тоқтатылуы, сонымен қатар, оларды төлеу мерзімі кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің халықаралық шарттарымен анықталады.

361-бап. Жеке пайдалануға арналған тауарлардың кедендік құны

1. Жеке пайдалануға арналған тауарлардың кедендік құны, жеке пайдалануға арналған тауарлардың құны туралы мәліметі бар құжаттардың түпнұсқасымен расталған, жеке тұлғамен мәлімделген тауарлардың құны негізінде анықталады.

Кеден одағының кедендік аумағына жеке тұлғалармен жеке пайдалануға арналған тауарлардың әкелінуі кезінде, тауарлардың кедендік құнына, кеден одағының кедендік аумағына келгенге дейін және келгеннен кейінгі тауарлардың тасымалы және сақтандыруы бойынша шығындар кірмейді.

2. Жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізуші жеке тұлғада қажетті құжаттар не (немесе) құны туралы мәліметтер, немесе тұлғамен ұсынылған құжат не (немесе) мәліметтердің анық еместігінің негізді себептері болса, кеден органының лауазымды тұлғасы кеден органның билігінде бар ұқсас тауарлардың бағалық ақпараты, соның ішінде ұқсас тауарлардың бөлшек саудасын жүзеге асыратын шетел фирмаларының каталогтарында көрсетілген деректер негізінде тауарлардың кедендік құнын анықтайды.

Жеке тұлға кедендік құнын анықтауға ұсынған мәліметтердің анықтығын дәлелдеуге құқылы.

Осы бапты пайдалану мақсаты үшін, ұқсас тауарлар деп әкелінген тауардың сипаттамасына жақын сипаттамасы бар, яғни әкелінген тауарлармен өзіндік белгілері, қолдануы, сапасы, техникалық және өзге де сипаттамасы бойынша салыстыратын деп түсіндіріледі.

362-бап. Жеке тұлғалармен өткізілетін жеке пайдалануға арналған көлік құралдары үшін қосалқы бөлшектер мен отын

1. Жеке тұлғалармен кеден одағының кедендік шекарасына уақытша әкелінген, жеке пайдалануға арналған көлік құралдарын жөндеуге қажетті қосалқы бөлшектер осындай көлік құралдарының уақытша әкелу мерзімінен аспайтын мерзімде кедендік баждар, салықтар төлеуден босатылумен уақытша әкеліне алады.

2. Жеке тұлғалармен кеден шекарасы арқылы өтетін жеке пайдалануға арналған көлік құралдарының конструкциясымен қаралған бактардағы отын кедендік бажда, салықтар төленбей, кеден одағының кедендік аумағына әкеліне немесе сәйкесінше осы аумақтан әкетіле алынады.

50-тарау

Керек-жарақтарға қатысты кедендік операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері

363-бап. Осы тараудың қолданылу аясы

1. Кеден шекарасы арқылы керек-жарақтардың өтуі осы тараудың ережелеріне, кей жағдайларда осы тараумен реттелмеген, - кеден одағының кеден заңнамасымен анықталған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

2. Кеден шекарасы арқылы керек-жарақтардың өтуі кедендік баждар, салықтар төленбей және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай жүзеге асырылады.

3. Осы тараудың ережелері жеке тұлғалармен пайдаланылатын, жеке пайдалануға арналған көлік құралдарындағы тауарларға қолданылмайды.

364-бап. Керек-жарақтарға қатысты жүргізілетін кедендік операциялардың ерекшеліктері

1. Кеден одағының кедендік аумағына керек-жарақтарды әкелгенде оларға қатысты кедендік операциялар келу орнында, кеден одағының кедендік аумағынан шығарда, - халықаралық тасымалдың басталу орындарында немесе аттану орындарында жүзеге асырылады.

2. Керек-жарақтар кедендік рәсімдерге тауарларды орналастырмай кедендік декларациялауға жатады.

Керек-жарақтарды кедендік декларациялағанда кедендік декларация ретінде тауарларға арналған декларация, көліктік (тасымалды), коммерциялық не (немесе) өзге де құжаттар пайдаланылуы мүмкін.

Керек-жарақтарды кедендік декларациялауда кедендік декларацияда көрсетілген мәліметтердің тізімі Кеден одағы комиссиясының шешімімен анықталады.

3. Керек-жарақтарға қатысты кедендік операциялар тіркеу еліне немесе су кемелерінің, әуе кемелерінің немесе пойыздардың ұлтына қарамастан жүзеге асырылады.

365-бап. Керек-жарақтарды пайдалану

1. Су кемелері жолаушыларының пайдалануына арналған үшін керек-жарақтар, осы кемелердің қалыпты жұмыс істеуі мен техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге қажетті керек-жарақтар осы кемелерде кеден одағының кедендік аумағында, жолаушылар және экипаж мүшелерінің санына сәйкес мөлшерде, сонымен қатар, егер экипаж осы уақыт ішінде кемеден кетпесе, тұрақтың ұзақтығы, соның ішінде док, верф немесе кеме жөндеу зауытында су кемесін жөндеу уақытында пайдаланыла алады.

2. Кеден одағының кедендік аумағында орналасқан бір немесе бірнеше әуежайларда әуе кемелерінің жоспарлы қонуын жүзеге асыруда, осы кемелердің қалыпты жұмыс істеуін және техникалық қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге арналған керек-жарақтар, әуе кемелерінің қону пункттерінде және ұшу кезінде олардың арасында болу уақытында экипаж мүшелері мен жолаушылар пайдалануға арналған керек-жарақтар, әуе кемелерінің қону пункттерінде және ұшу кезінде олардың арасында болу у а қ ы т ы н д а п а й д а л а н ы л а а л а д ы .

3. Әуе кемесінің жолаушылары мен экипаж мүшелеріне осы кемелердің бортында мақсатсыз пайдаланылатын, сатуға арналған керек-жарақтар, оларды сату кеме бортында жүзеге асырылған жағдайда, әуе кемесі кеден одағының кедендік аумағында болған у а қ ы т т а с а т ы л у ы м ү м к і н .

4. Пойыздардың жолаушылары және пойыз бригадаларының жұмысшыларына пайдалануға арналған керек-жарақтар, осы пойыздардың қалыпты жұмыс істеуі және техникалық қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге қажетті керек-жарақтар осы пойыздардың жүру жолында немесе аралық аялдамаларда не кеден одағының кедендік аумағындағы тұрақтарда жолаушылар мен пойыз бригадаларының жұмысшыларының санына сәйкес мөлшерде, сонымен қатар, тұрақтың ұзақтығы мен жолда жүру у а қ ы т ы н а п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

5. Кеден органдары кеден одағының кедендік аумағында су кемелері, әуе кемелері немесе пойыздардың болу уақытында осы тарауда қаралған керек-жарақтарды қолдану жағдайын сақтауды қамтамасыз етуге қажетті шараларды қабылдауды тасымалдаушыға міндеттеуге құқылы. Кеден органының шешімі бойынша керек-жарақтар сақталатын орынға кедендік пломба мен мөр қойылады.

6. Керек-жарақтар кеден органының рұқсатымен халықаралық жүк, жолаушылар не (немесе) қол жүгі тасымалын жүзеге асыратын, егер осы тарауда қаралған жағдайлар сақталса, уақытша түсірілуі, өзге кемелерге немесе пойыздарға берілуі мүмкін.

7. Керек-жарақтарды осы тарауда қаралмаған мақсаттарда пайдалану ішкі тұтыну немесе экспортқа шығару үшін кедендік рәсімдерге орналастырғанда ғана жол беріледі.

8 бөлім.

ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

366-бап. Жалпы өтпелі ережелер

1. Осы Кодекс кеден одағының кеден заңнамасымен реттелетін және оның күшіне енген күннен бастап пайда болған жағдайларға қолданылады.

2. Осы кодекстің күшіне енгенге дейін пайда болған дейінгі Кеден одағының кеден заңнамасымен реттелетін қатынастар бойынша, осы кодекстің 367-372-баптарымен қарастырылған ережелердің ескерілуімен, кодекстің күшіне енген күннен бастап туындайтын құқықтар мен міндеттерге қолданылады.

3. Егерде осы кодекспен қарастырылған кеден одағының қатысушы мемлекеттерінің халықаралық шарттары, осы кодекстің күші енгенге дейін еңбесе, онда оның күші енгенге дейін қолданылған, кеден одағының мемлекет-қатысушыларының құқықтық қатынастарын реттейтін заңнама қолданылады.

367-бап. Кеден ісі саласында қызметтерін жүзеге асыратын тұлғаларға және де басқа тұлғаларға қатысты өтпелі ереже

1. Кедендік агенттер (уәкілдер) Беларусь Республикасында, кедендік брокерлер Қазақстан Республикасында және кедендік брокерлер (уәкілдер) Ресей Федерациясында, кедендік тасымалдаушылар, уақытша сақтау қоймалары, кеден қоймалары және бажсыз сауда дүкендер иелері, осы кодекстің күші енгенге дейін құрылған, кеден саласындағы өз қызметтерін осы Кодекстің күші енген күннен бастап алты ай бойы жүргізуге құқылы.

2. Кедендік агенттер (уәкілдер) Беларусь Республикасында, кедендік брокерлер Қазақстан Республикасында және кедендік брокерлер (уәкілдер) Ресей Федерациясында кедендік уәкілдермен осы баптың 1-тармағында көрсетілген мерзімде т а н ы л а д ы .

3. Кедендік тасымалдаушылар, осы Кодекстің күшіне енгенге дейін құрылған, кеден одағының кеден аймағы бойынша, кеден одағының кеден заңнамасымен белгіленген жағдайлар мен шарттарда, осы Кодекстің күші енген күннен бастап алты ай бойы, осы Кодекстің 18-бабының 4-тармағына сәйкес өз статусын растамай, кедендік бақылаудағы тауарларды тасымалдауға құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлім ережесі кедендік тасымалдаушыларды кеден одағының комиссиясымен жасалатын кедендік тасымалдаушылардың жалпы тізіліміне кіргізу туралы мәлімет, кедендік тасымалдаушы ретінде қызметін жүзеге асыратын құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері болған жағдайда қолданылады.

Кеден органдары осы Кодекстің күші енгенге дейін, осы Кодекстің 18-бабы 3 тармағының екінші бөліміне сәйкес кедендік тасымалдаушылардың жалпы тізілімін жасақтау үшін, кеден одағының комиссиясына кедендік тасымалдаушылардың тізілімін

4. Кеден уәкілінің тізіліміне заңды тұлғаларды енгізу жағдайы ретінде, осындай қамтуды енгізу күніне, кеден одағына қатысушы-мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленген валюта курсы бойынша бір миллион еуродан кем емес эквиваленттік сомаға кедендік баждар, салықтар төлеуді қамтамасыз етуді ұсыну жағынан, егер кеден уәкілінің кеденді баждар, салықтар төлеу міндеті кедендік баждар, салықтар төлеушінің ынтымақтастығынан туындайтыны елдің заңнамасында қаралған болса, осы Кодекстің 13-бабының ережелері кеден одағына қатысушы-мемлекеттерде қ о л д а н ы л а д ы .

Кеден одағының қатысушы-мемлекеттері, осы кодекстің күші енгізілу күніне заңнамаларымен кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуде ынтымақтастық міндеттері қарастырылмаса, өз заңнамаларында кедендік уәкіл кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуде кедендік баж, салық төлеушімен ынтымақтастығы туралы ережені бір жыл ішінде қарастыруға міндетті.

5. Заңды тұлғаларға уәкілетті экономикалық оператор мәртебесін тағайындау жағдайы ретінде осындай қамтуды енгізу күніне, кеден одағына қатысушы-мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленген валюта курсы бойынша бір миллион еуродан кем емес эквиваленттік сомаға кедендік баждар, салықтар төлеуді қамтамасыз етуді ұсыну жағынан, Беларусь Республикасы үшін осы Кодекстің 39-бабының ережелері осы Кодекс күшіне енген күннен бастап он сегіз ай өткеннен кейін күшіне енеді.

6. «Сыртқы экономикалық қызметке адал қатысушы» статусына ие тұлғалар, Беларусь Республикасында, ең аз тәуекел санатына жататын қатысушы Қазақстан Республикасында, және кедендік рәсімдеуде жеңілдетілген тәртіп белгіленген тұлғалар Ресей Федерациясында осы Кодекстің күшіне енген күннен бастап алты ай бойы, осы Кодекстің күші енгенге дейін кеден одағының мемлекет-қатысушыларымен осындай тұлғалар үшін анықталған жеңілдіктер көлемінде, осы Кодекстің 41-бабына сәйкес уәкілетті экономикалық операторға берілетін арнайы жеңілдіктермен қолданады.

368-бап. Кедендік операцияларды жасайтын ерекшеліктер туралы өтпелі ережелер

1. Кеден одағының қатысушы мемлекеттерінің халықаралық шарты күшіне енгенге дейін, кеден одағының кеден аймағында әр тауарға декларацияларын ұсынуға жол беретін:

Тауарға декларация, заңнамаға сәйкес құрылған, тіркелген немесе тұлға тұрақты тұратын, тауардың декларанты болып табылатын, осы Кодекстің 186-бабы 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, кеден одағының қатысушы-мемлекет кеден органына беріледі;

Кеден одағының қатысушы-мемлекеттерінің дипломатиялық уәкілеттері, консулдық мекемелері, басқа да ресми уәкілдіктері және халықаралық ұйымдары өздері тұрған кеден одағының қатысушы-мемлекеттің кеден органына тауарларға

д е к л а р а ц и я н ы

ұ с ы н а д ы .

2. Кедендік бақылауда тұрған тауарларға, осы Кодекс күшіне енген күнге дейін, осы бөлімнің екінші тармағын ескере отырып, Кодекстің 25-бөлім ережесі қолданылады.

Уақытша сақтауда тұрған, уақытша сақтау мерзімімен тауарлар осы Кодекстің күші енген күнге дейін, сақталуы жүзеге асырылатын, кеден одағы қатысушы-мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес осы тауарлардың уақытша сақтауға қойылған күнінен есептеледі.

3. Осы Кодекстің күші енген күнге, кедендік бақылаудағы уақытша сақтауда тұрған тауарларға қатысты декларация, сақталуы жүзеге асырылатын кеден одағы қатысушы-мемлекетінің заңнамасына сәйкес, тауарды уақытша сақтауға қою мерзімін есепке ала отырып, сақталу мерзімі аяқталмай кеден органына ұсынуылуы қажет.

4. Осы Кодекстің күші енгенге дейін, кеден органымен қабылданып, (тіркелген) тауарлар, кедендік декларация, кеден одағы қатысушы-мемлекеттің заңнамасымен белгіленген тәртіпте және шартта, мәлімделген кеден режимге орналастыруға жатады.

369-бап. Кедендік бақылаудағы тауарларды тасымалдау ерекшеліктері туралы өтпелі ережелер

1. Осы Кодекс күшіне енгенге дейін кеден органымен транзиттік декларация (кеден транзитінің құжаты, тауардың жеткізілуін бақылау құжаты) қабылданған (тіркелген) тауарларға қатысты, осы транзиттік декларацияны (кеден транзитінің құжаты, тауардың жеткізілуін бақылау құжаты) кеден органымен қабылданған (тіркелген) күніне кеден одағына қатысушы-мемлекеттің заңнамасымен белгіленген тәртіп және жағдайда, кедендік транзитке (тауардың жеткізілуін бақылау құжатын ресімдеу) рұқсат беріледі, ал кедендік бақылаумен кеден одағының аумағында тасымал жүзеге асырылады.

2. Осы Кодекс күшіне енгенге дейін кеден органымен кедендік транзитке (тауардың жеткізілуін бақылау құжаты ресімдеу) рұқсат берілген, кеден одағының аумағы бойынша кедендік бақылаумен тауарларды тасымалдау кедендік транзитке (тауардың жеткізілуін бақылау құжаты ресімдеу) рұқсат берілген күніне кеден одағына қатысушы-мемлекеттің заңнамасымен бекітілген тәртіп және жағдайда жүзеге асырылып, аяқталады.

370-бап. Тауарлар мен кедендік рәсімдер туралы өтпелі ережелер

1. Кеден одағының кедендік аумағында орналасып, осы Кодекс күшіне енгенге дейін кедендік режимдермен орналастырылған тауарлардың:

Беларусь Республикасында еркін айналысы, кері импорты және мемлекет пайдасына бас тарту;

Қазақстан Республикасында еркін айналыс үшін шығарылуы, кері импорты және мемлекет пайдасына бас тарту;

Ресей Федерациясында ішкі тұтыну үшін шығару, кері импорты және мемлекет

п а й д а с ы н а

б а с

т а р т у ;

осы Кодекс күшіне енген күннен бастап, ішкі тұтыну үшін шығару, кері импорт және мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік рәсімдеріне сәйкес орналастырылды деп танылады және оларға қатысты осы Кодекстің ережелері және кеден одағының өзге де актілері қолданылады.

2. Осы баптың 1-тармағында орналасқан кедендік мақсат үшін осы Кодекс күшіне енген күніне Беларусь Республикасында отандық тауарлар, Қазақстан Республикасында қазақстандық тауарлар және Ресей Федерациясында ресейлік тауарлар мәртебесін иеленген тауарлар кеден одағының тауарлары болып танылады.

3. Осы Кодекс күшіне енгенге дейін Беларусь Республикасы және Ресей Федерациясында экспорт кедендік режимінде, Қазақстан Республикасында тауарлардың экспорты кедендік режимінде орналастырылған тауарлар осы Кодекс күшіне енген күннен бастап экспорт кедендік рәсіміне орналастырылды деп танылады және оларға қатысты осы Кодекстің ережелері және кеден одағының өзге де актілері қолданылады.

4. Осы Кодекс күшіне енгенге дейінгі кедендік режимдерге орналастырылған тауарлар :

